Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 94(574)"07/12":39

Қолжазба құқығында

САГИНАЕВА АЙНАГУЛЬ НУРГАЛИЕВНА

VIII - XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары

6D020300 – Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Отандық ғылыми кеңесші:
Г.Б. Хабижанова
тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессоры

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Муалла Уйду Южел
тарих ғылымдарының докторы,
Стамбұл университетінің
профессоры, Түркия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 3

КІРІСПЕ..... 4

1 ҚОМАН-ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ ІРГЕЛЕС ХАЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Көрші халықтардың қарым-қатынасын зерттеудің пәнаралық тұрғылары мен түсініктері: қоман-қыпшақтарының тарихы мысалында..... 23

1.2 Қоман-қыпшақтарының батысқа қоныс аударуы және этникалық атауының орныгуы: деректер мен зерттеулерге жаңаша көзқарас 37

2 ҰЛЫ ДАЛА АУМАҒЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АЙМАҚТАРДАҒЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚОМАН-ҚЫПШАҚТАРЫМЕН ЭТНО-ТАРИХИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

2.1 Оңтүстік Оралда қоныстанған қоман-қыпшақтарының түркі тілдес халықтармен этникалық байланысқа түсуі..... 54

2.2 Қоман-қыпшақтарының Еділ-Орал аумағындағы халықтардың этно-тарихындағы орны 67

2.3 Кавказ жеріндегі халықтармен саяси және этникалық байланыстар орнату..... 80

3 ҚОМАН-ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ ҚАРА ТЕҢІЗДІҢ ТЕРІСТІГІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫ МЕКЕНДЕГЕН ХАЛЫҚТАР ТАҒДЫРЫНДАҒЫ ОРНЫ

3.1 Русь княздіктерімен қарым-қатынастар: қақтығыстан одақтастыққа ұмтылу 93

3.2 Византиямен саяси және экономикалық байланыстардың орнауы 108

3.3 Венгрия королдігінде: қоныс аударудың алғышарттары және нәтижелері 119

ҚОРЫТЫНДЫ..... 134

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 138

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АзФАН – Азербайджанский филиал Академии наук
АН РБ – Академия наук Республики Башкортостан
АН СССР – Академия наук Союза Советских социалистических республик
AÜDTCFD – Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Cografa Fakültesi Dergisi
БашГУ – Башкирский государственный университет
БЭИП – Бюллетень этногеномико-исторического проекта
ГИГЛ – Государственное издательство географической литературы
ИВГУ – Издательство Воронежского государственного университета
ИВЛ – Издательство восточной литературы
ИИГТУ – Издательство Иркутского государственного технического университета
ИИ им. Ш.Марджани АН РТ – Институт истории имени Ш. Марджани Академия наук Республики Татарстан
ИИЯЛ УНЦРАН – Институт истории, языка и литературы Уфимский Научный центр Российская Академия Наук
ИЭА РАН – институт этнологии и антропологии российской академии наук
IÜEFTD – Istanbul Üniversitersi Edebiyat Fakültesi Dergisi
КНЦ – Казанский научный центр
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚазҰУ Хабаршысы – Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы
ҚР – Қазақстан Республикасы
ЛНУ – Луганский национальный университет
М – Москва
МГУ – Московский государственный университет
МИА – Материалы и исследования по археологии
МИКК – Материалы по истории киргизов и Киргизии
МИТТ – Материалы по истории туркмен и Туркмении
М-Л – Москва-Ленинград
ОГИЗ – Объединение государственных книжно-журнальных издательств
ПГПИ – Павлодарский государственный педагогический университет
РАН – Российская Академия Наук
РИЦ – Редакционно-издательский центр
СПб – Санкт-Петербург
ТГУ – Томский государственный университет
TTK-Turk tarih kurumu
УГУ – Удмуртский государственный университет
ЦИТЦ – Центр исследований тюркской цивилизации

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Диссертациялық жұмыста VIII ғасырда Солтүстік Алтай жерлерін қоныстанып, көші-қон үдерісі нәтижесінде XIII ғасырда Дунайға дейін жеткен коман-қыпшақтарының, тарихтың әр кезеңінде Еуразия аумағында түркі тілдес көшпелілер және отырықшы халықтармен іргелес қоныстанып, олармен саяси, этникалық, сауда, мәдени байланыстарға түскен тарихы зерттеледі. Сондай-ақ жұмыста қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен қарым-қатынасы пәнаралық байланыстар тұрғысында қарастырылып, жаңа ғылыми зерттеулер, жазба деректер, лингвистикалық, археологиялық, этнографиялық материалдар, ауыз әдебиеті үлгілері, генетикалық сараптамалар нәтижелері салыстырылып талданады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Тақырыптың маңыздылығы қыпшақ этникалық қауымдастығының түркі тілдес халықтардың қалыптасу тарихында маңызды рөл атқаруымен сипатталады.

Қазақ халқының этногенезі және олардың этникалық байланыстары ерте кезеңнен басталады. Қыпшақ этникалық қауымдастығы еуразияның далалық аймағында бір жарым мыңжылдан астам уақыт тарихи оқиғалардың барысын анықтаған орта ғасырлардағы ірі тайпалық бірлестіктердің бірі болып табылады. Осыған орай қоман-қыпшақтарының ортасында жүрген этникалық үдерісті зерттеу, олардың этно-тарихи байланыстарын, көрші халықтар тарихындағы орынын анықтау ғалымдар мен жас зерттеушілер назарында қала беруде.

Сонымен қатар, аталған тақырып көшпелілер өркениеті, солардың ішінен Ұлы дала аумағы шегінен асып, тарих сахнасына шыққан қоман-қыпшақтарының қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу бойынша да қызығушылық тудырып отыр. Әр түрлі тарихи деректерде олардың өзіндік атау алғаны тегін емес, бұл факті қалыптасқан көшпелілер, сондай-ақ отырықшылардың да ықпалдастығының жоғары деңгейде тарихқа енгенін көрсетеді. Бірақ, диссертациялық жұмыста қарастырылып отырған тарихи кезеңде көптеген мәселелердің шешім таппағаны байқалады, солардың қатарында диссертациялық жұмыстың тақырыбын да атауға болады.

VIII-XIII ғасырлар аралығында Еуразияның далалық аумағында қоныстанған түркі тілдес халықтардың, солардың ішінде қоман-қыпшақтарының шығыстан батыс бағытындағы көші-қон үдерісіне қатысуы нәтижесінде туындаған этносаралық байланыстарын және тарихи-мәдени ықпалдастықтарын зерттеу қазіргі кездегі тарих ғылымында аса маңызды. Өйткені, ортағасырлық көшпелілер қоғамының экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани салаларының дамуының барлық аспектілері көші-қон үдерісі мен этникалық фактормен тығыз байланыста дамыды.

Орта ғасырларда көшпелі қоныс аударушы халықтардың ықпалымен қоныс аударып келген аумақтағы жергілікті халықтардың да этникалық құрамы

өзгеріске ұшырап отырды. Дәл осындай факторлардың қоман-қыпшақтарының этникалық қалыптасуы мен өзіндік танымына, рухани өміріне де өзіндік ықпалы болғаны анық. Сондықтан да, қоман-қыпшақтарының этникалық шығу тегі, көрші халықтармен саяси, этно-тарихи байланысы мәселелерін зерттеу өте маңызды деп есептейміз. Өйткені, бүгінгі таңда ортағасырлық Қазақстан тарихы бойынша зерттеулер қатарында тақырып аса маңызды болса да, қыпшақтану саласында біраз еңбектер жазылғанымен біз қарастырып отырған тақырып бойынша кешенді зерттеулер жоқ.

Бүгінгі таңда «қоман», «половцы» және «қыпшақ» атауларын сәйкестендіру мәселесі пікірталасты болып отыр. Ортағасырлық деректерде нақтылықтың жоқтығынан әлі күнге түркітанушы ғалымдар үшін «қоман», «половцы» және «қыпшақ» атаулары - бұл бір этникалық топтың деректерде әр түрлі аталуы ма, әлде әр қайсысы жеке-жеке этникалық қауымдастыққа жатқан ба соны да анықтау өзекті болып қала беруде.

Осыған орай зерттеудің маңызды бір міндеті қоман-қыпшақтарын кимек-қыпшақ бірлестігіндегі жеке этникалық топ ретінде негіздеу болып табылады.

Қазіргі кезде осы бағытта іргелі зерттеулер жүргізіп жүрген академик Б.Е. Көмеков араб деректері негізінде қомандарды қыпшақтармен тең дәрежедегі тайпа ретінде қарастырып жүр [1]. Академик Б.Е. Көмековтың пікірінше, қомандар бастапқыда қыпшақ тайпалары сияқты Кимек қағанатына тәуелді болған, ал XI ғасырда қыпшақтардың билікке келуіне байланысты кимек тайпаларымен бірге қыпшақтарға тәуелді болған. Б.Е. Көмеков араб деректері бойынша әр тайпаның өзіндік орналасу аумағының болғанын жазады. Соған сәйкес қимектер Ертіс, Шығыс Қазақстан жері мен Батыс Алтайда, қыпшақтар Орталық Қазақстан жерінде, ал қомандар қыпшақ тайпалық бірлестігінің батыс тармағын құрап, Аралдың солтүстігі мен Оңтүстік Орал тауларына дейінгі аралықтағы жерлерде қоныстанғанын айтады[1, с.14-17]. Сондықтанда, Б.Е. Көмековтың бұл пікірін негізге алып, диссертациялық зерттеуімізде тарихи деректерді салыстыра талдау және ғылыми зерттеулердің барынша дамытып, толықтырдық тақырыбын, ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан қыпшақ атауынан бөліп алмай қоман-қыпшақтары деп алдық.

Сондай-ақ, кезінде кеңестік тарих ғылымында ру-тайпалардың қарым-қатынасы маңызы болмағандықтан қоман-қыпшақтарының этникалық байланыстары тарихи зерттеулерде екінші қатарда қалып қойды. Мұның өзі біз қарастырып отырған тақырыптың өзектілігін, мазмұнының тың сипатын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының нысаны. VIII - XIII ғғ. коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысын кешенді қарастыру.

Зерттеу жұмысының пәні. VIII - XIII ғасырларда коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этникалық, саяси, мәдени, діни, сауда-экономикалық салалардағы өзара ықпалдастық үдерісін зерттеу.

Диссертация тақырыбын зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмысының негізгі **мақсаты** соңғы тәуелсіздік жылдары тарихи ой жүйесіндегі өзгерістер мен жаңа көзқарастар тұрғысынан VIII - XIII

ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысын анықтау болып табылады.

Алдымызға қойылған мақсатымызға қол жеткізу үшін зерттеу жұмысында төмендегідей **міндеттерді** жүзеге асырамыз:

- қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен қарым-қатынасы тарихын зерттеу бойынша пәнаралық тұрғылар мен түсініктерді қарастыру;
- қоман-қыпшақтарының батысқа қоныс аударуы және этникалық атауының орнығуына байланысты деректер мен зерттеулердегі жаңа көзқарастарды саралау;
- Оңтүстік Орал маңын қоныстанған кезеңде қоман-қыпшақтарының түркі тілдес халықтармен этникалық байланысқа түсуінің нәтижелерін зерделеу;
- қоман-қыпшақтарының Еділ-Орал бойы халықтарының этно-тарихында алатын орынын анықтау;
- қоман-қыпшақтарының ортағасырлық Кавказ жеріндегі халықтармен саяси және этникалық байланыстары тарихын зерттеу;
- қоман-қыпшақтарының Русь княздіктерімен қарым-қатынасы тарихын жаңа ғылыми зерттеулер мен деректер негізінде қарастыру;
- Византия империясының қоман-қыпшақтарымен саяси және экономикалық байланыстар орнатуының басты себебін анықтау;
- Қоман-қыпшақтарының Венгрия королдігінде қоныс аударуының алғышарттары мен нәтижелерін саралау.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері

Зерттеу жұмысының хронологиялық шегі VIII-XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Бастапқы шегінің VIII ғасырдан басталуының себебі, VIII ғасырдан бастап бұрын сірлер немесе оғыздар деп аталып келген тайпалар қауымдастығы енді қыпшақ-оғыз немесе қыпшақ атауымен тарих сахнасына шықты. Сонымен қатар, дәл осы тарихи кезеңде қоман-қыпшақтары Алтайдың солтүстігіндегі байырғы, атамекен қоныстарынан, бүгінгі Орталық Қазақстан жеріне, Кимек қағанаты аймағына қоныс аударып келген. VIII ғасырдан басталған қоман-қыпшақтарының көші-қон үдерісі XIII ғасырда Шығыс Еуропа жерінде моңғол шапқыншылығының салдарынан тоқтады. Бұдан кейінгі кезеңде қоман-қыпшақтарының Еуразия аумағында халықаралық қатынаста жеке субъект ретінде әрекет жасауы шектелгенімен, олар XIV ғасырға дейін Шығыс Еуропа жерінде өз ықпалдарын сақтап қалды. Қоман-қыпшақтарының осы қоныс аударуы көшпелі халықтардың этникалық құрамына әсер етті.

Сонымен қатар, XIII ғасырдың соңында қоман-қыпшақтарының қоныстанған аумағында балбал тастардан мүсін қою дәстүрі жоғалып, оның орнына жерлеу кешендерінің жаңа түрлері мен дәстүрлері көбейді. Солтүстік Алтайдан басталып Шығыс Еуропа, Венгрия жерлерінде аяқталатын қоман-қыпшақтарының алты ғасырлық көшпелі тарихының кезеңдерін генетикалық сараптамалар қорытындылары мен археологиялық материалдар дәлелдеп отыр. Қоман-қыпшақтары қоныстанған даланың батыс аумағында тастан немесе ағаштан мүсін жасап, қорғандар тұрғызу дәстүрінің жойылуын археологтар қоман-қыпшақтарының ақсүйектерінің әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне

байланысты деп есептейді. Осы аталғандар негізінде тақырыптың хронологиялық шегін VIII-XIII ғасырлар деп алдық.

Зерттеу жұмысының аумақтық шеңбері

Диссертациялық жұмыс қоман-қыпшақтарының алғашқы қоныстанған аймағы Солтүстік Алтайдан басталып, көші-қон үдерісі барысында IX-XI ғасырларда қоныстанған территориялары, атап айтқанда Ертіс пен Еділ арасындағы жерлерді және XI-XIII ғасырларда олардың Шығыс Еуропа, Қара теңіздің солтүстігіндегі жерлерге жетіп, қоныстануына байланысты осы аралықтағы территорияларды қамтиды. Қолда бар тарихи деректер осы географиялық аумақта қыпшақтардың басқа халықтарға этно-тарихи ықпалы айқын болғанын растайды.

Зерттеу жұмысының теориялық-методологиялық негіздері

Зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері қазіргі заманғы қыпшақ тілдес халықтар мен ұлттардың ежелгі және орта ғасырлардағы этникалық тарихи тамырларының теориялық бастауларын іздестірумен тығыз байланысты. Яғни, теориялық-методологиялық мәселелер ретроспективті талдаулар жасауларға негізделеді.

Қыпшақ тілдес халықтар тарихындағы әр түрлі тарихи кезеңдердің этникалық үдерістерінің этно-тарихи теориялық және методологиялық себептерін айқындау қажеттігі біздің дисертациялық еңбегімізде басты теориялық ұстаным болды. Сонымен бірге, зерттеудің теориялық базасын этнос, этникалық үдерістер, этникалық тарих, көрші тайпалар мен халықтар байланысы мәселелері бойынша маңызды тұжырымдар жасаған отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық-методологиялық еңбектеріндегі ой-пікірлер мен тұжырымдар құрады. Бұл еңбектерде қоман-қыпшақтарының тарихын зерттеуге байланысты әр түрлі теориялық-методологиялық ұстанымдар жасалғандықтан оларды өзара тарихи-салыстырмалы әдіспен қарастыру қажет болды. Мұның өзі зерттеліп отырған мәселеге байланысты көптеген теориялық тұжырымдарды зерттеу айналымына қосуды қажет етті. Теориялық тұрғыдан айқын бағдар ұстану үшін біз мынадай методологиялық принципті басшылыққа алдық: «бүгінгі қыпшақ тілдес халықтар тарихы-VIII-XIII ғасырлардағы қыпшақ бірлестіктерінің басқа халықтармен этно-тарихи байланыстарының нәтижесі». Теориялық тұрғыдан біздің көзқарасымызды қыпшақтар туралы жазылған көптеген зерттеулер толықтыра түсті. Бұл еңбектерде біз қарастырып отырған қоман-қыпшақтарының этно-тарихи байланыстары арнайы қарастырылмаса да, қыпшақтардың этно-тарихына байланысты көптеген теориялық ұстанымдар айтылған. Бұл еңбектерді біз диссертациялық жұмысымыздың бірінші тарауының алғашқы тараушасында қарастырдық, маңызды тұжырымдарын зерттеу барысында басшылыққа алдық. Әсіресе, орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының мәселелері бойынша жаңа бағыттағы ғылыми көзқарастар мен тұжырымдар жасап жүрген тарихшы ғалымдардың (Б.Е. Көмеков [2], Т.О. Омарбеков [3], Қ.Т. Жұмағұлов [4], Ә.Дәулетхан [5], Т.З. Қайыркен [6], Г.Б. Хабижанова [7] және т.б.) еңбектеріндегі этникалық тарих, мәдениеттер сабақтастығы, көшпелілік, діни-рухани таным бойынша зерттеу

жүргізуге байланысты көзқарастарына сүйендік. Сол арқылы біз қоман-қыпшақтарының қарастырып отырған кезең аралығында отырықшы және көшпелі көрші халықтармен өзара бірлесіп, этникалық-саяси және мәдени ықпалдастыққа түскеніне ерекше назар аудардық.

Жалпы этникалық тарих жазба деректер, ауыз әдебиеті үлгілері, материалдық мәдениет және археологиялық материалдар, кейде пәнаралық байланыстар (лингвистика, генетика, антропология) негізінде зерттеледі. Этникалық тарих бұл белгілі бір этникалық топтың шоғырлану және жіктелу үдерісі болып табылатын этникалық үдерістерінің жиынтығы. Этникалық тарихты зерттеуде нысанаға алынған этникалық топтың тілі, рухани дүниетанымы, соның ішінде діни сенімі, саяси-территориялық құрылымы, көрші халықтармен байланысы, этникалық дүниетанымы басшылыққа алынады. Этникалық тарих ғылыми пән ретінде адамзат дамуының белгілі бір кезеңімен шектелмейді, ол үздіксіз үдеріс ретінде этникалық топтардың қалыптасуы, дамуы, таралуы, ассимиляциялануы және жойылып кету тарихын сабақтастықта қарастырады [8, 63 б.].

Олай болса осы ұстаным бойынша біз қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысын ғылыми зерттеулердегі жаңа көзқарастар тұрғысынан және этникалық топтардың қалыптасуы, дамуы, таралуы мен ассимиляциялануын үздіксіз үдеріс ретінде пәнаралық байланыста қарастырып, олардың Еуразияның далалық аумағының басым бөлігінде мықты күшке ие болған, бүгінгі түркі тілдес қазақ, қырғыз, башқұрт, әзірбайжан және т.б. халықтардың этногенезіне ықпалын анықтаймыз.

Зерттеліп отырған үдерістер мен құбылыстардың кеңістік-уақыттық байланыстарын ескере отырып, нақты тарихи жағдайда этно-тарихи үдерістерді және тарихи шындықты анықтауға көмектесетін тарихилық қағидасы диссертацияның методологиялық негізі болып табылады.

Зерттеу жұмысының методологиялық негізінде шығу тегі, діни ұстанымдары мен шаруашылық жүргізу жағдайына қарамастан, барлық мәдениеттердің теңдігін алдыңғы орынға қоятын өркениеттілік тұрғысы да назардан тыс қалмады. Бұл қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен өзара байланысын зерттеуді жаңа деңгейге шығарады, атап айтқанда этникалық үдерістер, мәдениеттердің ықпалдастығы, мемлекеттік құрылымдар, қағанаттар, хандықтар мен тайпалар тарихының сабақтастығы мәселелерін объективті қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, зерттеудің теориялық жағын қарастырғанда ғылыми тұжырымдарға талдау жасауға емес, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысы тарихының заңдылығын анықтау бағытында жұмыс жасадық.

Зерттеудің мақсатына жету үшін тарих ғылымында кең таралған жалпы ғылыми әдістерден: тарихи-салыстырмалық, талдау, жинақтау, кезеңдеу, жүйелеу, нақтылы-проблемалық, объективтілік әдістерін қолдандық.

Ортағасырларда Еуразия аумағында көшпелі және отырықшы халықтармен үздіксіз қарым-қатынасқа түсе отырып, сол халықтардың

этникалық, мәдени және саяси дамуына ықпал еткен қоман-қыпшақтардың этно-тарихын қарастырғанда ғылыми тарихи зерттеудің негізгі қағидалары объективтілік пен жүйелілікке сүйендік. Сол арқылы көші-қон үдерістерінің этникалық тарихына ықпалы анықталды. Зерттеліп отырған тақырыпты кезеңдерге бөліп проблемалық тұрғыда жүйелі түрде баяндау, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен саяси, мәдени, экономикалық байланысын орта ғасырлардағы халықаралық қатынастардың аймақтық байланыстардың бір бөлшегі ретінде зерттеуге мүмкіндік берді. Пәнаралық байланыстар тұрғысы аясында жазбаша деректерді археологиялық, лингвистикалық, ауыз әдебиеті, генетикалық сараптама материалдарымен сыни тұрғыда талқыға салып және салыстыра отырып қарастырдық.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Қарастырылып отырған мәселе Қазақстан тарихында да, дүние жүзі тарихында да зерттелмеген тақырыптар қатарында. Тек кейбір аспектілері ғана жанама түрде орта ғасырлардағы қыпшақтар тарихын қарастырған ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл зерттеулердің басым көпшілігінде қомандар мен қыпшақтар синоним ретінде қолданылған, яғни қыпшақтардың батысеуропалық, византиялық деректердегі атауы «қоман» болған деп қабылданған.

Біз, диссертациялық жұмысымызда қомандарды кимек-қыпшақ бірлестіктері құрамында болған этникалық топ ретінде қарастыратын болғандықтан, қыпшақтар тарихын қарастырған еңбектерді ішінара зерттеуіміздің мазмұнына сәйкес хронологиялық-проблемалық тұрғыда, зерттеліп отырған мәселелер бойынша топтастырып қарастырамыз:

Қоман-қыпшақтарын қыпшақтардан алғашқылардың бірі болып ажыратып жазған қазақтың тұңғыш ағартушысы, этнолог-тарихшысы, шығыстанушы ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов (1835-1865) болды. Ол, XIX ғасырдың 50-ші жылдары деректер мен ауыз әдебиеті үлгілері негізінде жазған «Қазақ шежіресінде»: «Қыпшақтар Оғыз заманынан Шыңғысхан дәуіріне дейін 400 жыл бойы Дон, Еділ мен Орал аралығындағы жерде мекендеген, сондықтан ол жерлер Дешті Қыпшақ аталған. Константин Багрянородный түркі халқын Атиль, Гейк және Танаис өзендері бойындағы ежелгі тұрғындарды пацинактар деп атайды; жалпы пацинактар, қыпшақтар, қомандар, уздар тайпасы – бір туыстас халықтар, византиялықтарға VII ғасырдан-ақ мәлім болған, ал көптеген ғалымдар қыпшақтар деп танығанқоман-қыпшақтар туралы 1078 жылдан бері кездесіп келеді»,- деп атап көрсеткен [9, б.164]. Бірақ бұдан кейінгі кезеңдерде патшалық Ресей ғалымдарының бұратана халықтардың тарихын отар елдің тарихы шеңберінде шектеп қарастыруының нәтижесінде, зерттеулерде орыс жылнамаларының негізінде қыпшақ атауының орнына «половцы» этнонимі қолданылып кете барды.

Орыс тарихшылары мен ориенталистерінің половцылар мен ертедегі орыс княздіктерінің қарым-қатынасына арналған зерттеулері XVIII ғасырдан басталады. Зерттеулерін орта ғасырлардағы орыс жылнамалары негізінде жазған тарихшылар мен шығыстанушылардың қатарында В.Н. Татищев [10],

Н.М. Карамзин [11], С.М. Соловьев [12], П.В. Голубовский [13], В.В.Бартольд [14] сияқты белгілі орыс ғалымдары болды. Аталған тарихшылар қыпшақтардың тарихын Киев Русінің тарихымен тікелей саяси, экономикалық, мәдени байланыс тұрғысынан қарастырған.

В.Н. Татищев өзінің «История Российская» атты еңбегін тарихи еңбектер мен деректер негізінде жазған. Ол половцылар (қыпшақтар) мен қомандарды пешенегтермен бір халық ретінде «Половцы те же по сути печенеги. Имя это у русских, может, им от пространных полей или степей данное. Сами они звались команами или куманами [10, с.184], - дей келе - Команы, куманы – половцы и печенеги, у турок – маджары, магиары, мазары, греки их именовали, как пацинаки, пеуцины или певкины и черные, у венгров – хунеры, у татар – каракипчаки»,- деп көрсеткен [10, с.163].

Н.М. Карамзинде В.Н. Татищев сияқты пешенегтер мен половцылар (қыпшақтар) бір халық деген көзқарасты ұстанған [11, с.40]. Дегенмен, Н.М. Карамзиннің еңбегі хронологиялық тұрғыдан тарихи оқиғаларды жүйелеп жазғандығымен ерекшеленеді.

С.М. Соловьев өзінің «История России с древнейших времен» деген еңбегінде орыс жылнамаларындағы деректерді талдай келе, Киев Русі мен қоман-қыпшақтардың қарым-қатынасының бастамасы орыстар мен қыпшақ тайпалық бірлестігінің географиялық орналасу аумағының жақын болғандығынан деген тұжырым жасаған. С.М. Соловьевтің пікірінше қыпшақ тайпалық бірлестігі орыс княздарының бірігуіне, орыстардың бос жатқан жерлерге қоныстануына ықпал еткен, нәтижесінде Мәскеу жеріне қоныстану тезірек жүріп, мемлекеттің орталығы Киевтен Мәскеуге көшуіне септігін тигізгенін мойындаған [12, с.650].

1884 жылы жарық көрген П.В. Голубовскийдің «Печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар» деген еңбегінде орыстар мен половецтер (қыпшақтар) арасындағы әскери жорықтарды жазады. Қыпшақтардың этникалық тарихы туралы жазғанда олардың қаңлылармен бір тайпанының, оғыздардың құрамында Арал-Каспийдің далалық аймағын қоныстанғанын - айта келе П.В. Голубовский - кейін олар бірнеше тайпаларға: ұздар немесе ғұздардың ескі тайпалық атауын сақтаған торктарға, пешенег-қаңлыларға және қоман-қыпшақтарға бөлінген деп көрсеткен [13, с.126].

Академик В.В. Бартольд тарихи еңбектерінде қыпшақтар тарихын арнайы зерттеу тақырыбы ретінде нысанаға алып қарастырмағанымен, қыпшақтардың этногенезі, территориясы, мәдениеті, көрші халықтармен байланысы туралы жазған. Атап айтқанда, Орта Азиядағы геосаяси жағдайға ықпал еткен қыпшақ-хорезм қарым-қатынастарының мәселелерін алғашқылардың бірі болып қарастырған. В.В. Бартольд Хорезм мемлекетіндегі қыпшақтардың рөлін объективті түрде анықтаумен қатар, еңбегінде қыпшақтардың түркі тілдес халық екенін және олардың кимек, қоман тайпаларымен этникалық шығу тегі бір екенін жазған [14, с.413-415].

Сонымен қатар, XVIII-XIX ғғ. қазақ даласына патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының аясында зерттеу жүргізу мен ақпараттар жинақтау

экспедициялары жасақталғаны белгілі. Соның ішінде П.И. Рычков [15], А.И. Левшин [16], Н.А. Аристовтардың [17] және т.б. зерттеушілердің жазған этнографиялық еңбектері [18, б.40] бүгінгі таңда да қыпшақтардың ру-тайпалық құрамын анықтауда бағалы зерттеулер болып қала беруде.

Шетел ғалымдарынан алғашқылардың бірі болып XX ғасырдың бас кезінде көрнекті шығыстанушы неміс ғалымы И. Маркварт Шығыс Еуропа елдеріндегі мұсылман деректері, орыс жылнамалары мен венгриялық хроникалар негізінде «О происхождении народа куманов» [19] атты монографиялық еңбегін жазады. Монографияда қыпшақтар және олардың көрші елдермен байланыстары, тілі, жазбаша деректері зерттеледі. И. Марквартта қомандар мен қыпшақтарды деректерде әр түрлі аталған бір тайпаның аты деп есептеген.

И. Марквартан кейін қыпшақтар тарихын жүйелі зерттеген белгілі қазақ ғалымы С.М. Ақынжанов [20] болды. С.М. Ақынжанов «қыпшақ» этнонимінің шығу тарихын деректер мен зерттеулер негізінде жан-жақты қарастырып, Гардизи шығармасындағы ақпараттар мен Й.Маркварт зерттеуін салыстыра отырып шығу тегі түркілік деген тұжырым жасайды да, бірақ қыпшақ қоман, қимақ бір тайпаға кірген бе, әлде жеке болған ба деген сұраққа жауап бермеген. С.М. Ақынжанов өзінің еңбегінде орыс этнографы Н.А. Аристовтың қимақтар қомандардың өзі болмаса да, тегінде олар қыпшақ рулық одағына кірген тайпалар болған [20, с.99] деген көзқарасын жазған, бірақ ары қарай дамытып, зерттемеген. Оған себеп ғалым оларды деректерде әр түрлі аталған бір тайпаның аты деп қабылдағандығынан болар деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде кешенді қыпшақтанулық зерттеулердің авторы, академик Б.Е. Көмеков қоман-қыпшақтарының этникалық тарихына қатысты мәселеге нүкте қойылмай тұрғанының себебін, негізгі деректерде: араб, парсы, грузин, армян, орыс, венгр, византиялық және т.б. деректерде олардың әр түрлі аталуында деп есептейді [21, с.43-45].

Орта ғасырлардағы араб деректерін жан-жақты зерттей келе, Б.Е.Көмеков қыпшақ бірлестігінің Шығыс және Батыс этно-саяси бірлестікке бөлінетінін және олардың құрамына қыпшақ, кимектермен қатар қомандар да кіргенін алғашқылардың бірі болып жазып, қазірде осы бағытта зерттеу жұмысын жалғастыруда [2, с.125.].

Қоман-қыпшақтарының бүгінгі Қазақстанның батыс аумағын қоныстанған кезеңінде көрші халықтармен этникалық, саяси, мәдени, экономикалық қарым-қатынасқа түскенін зерттеуде қазіргі кезде түркі халықтарының орта ғасырлардағы этникалық тарихын, көші-қон үдерісін, мәдениетін қарастырып жүрген қазақ ғалымдары Т.О. Омарбеков [3], Б.Е. Кумеков [22], Ә.Т. Төлеубаев [23], С.Е. Ажигали [24], А.Б. Қалыш [25], К.Р. Аманжолов [26], Хабижанова [27], шетелдік ғалымдар: венгриялық И. Вашари [28], К. Лублянович [29], ресейлік С.Г. Кляшторный [30],А.С.Шабалов [31], В.Я. Бутанаев [32], Б.А. Муратов [33], С.Г. Комаров пен Е.П. Китов [34], В.Г. Волков [35], Л.Р. Кызласов [36], С.А. Плетнева [37] және т.б. ғалымдар еңбектерінің қоман-қыпшақтарының түркі тілдес халықтармен байланысының сипатын ашуда және

қоныстанған аймақтарын анықтауда маңызды тұжырымдарымен зерттеуіміздің нәтижелі болуына септігін тигізді.

Еділ-Орал аумағын қоныстанған башқұрт, бұлғарлардың этникалық тарихына қоман-қыпшақтарының ықпалын зерттеуде аймақ халықтарының тарихын қарастырған зерттеушілер Р.П. Храпачевский [38], А.В. Тоган [39], Р.Г. Кузеев [40], Д.Исхаков [41], И.А. Гагин [42], В. Иванов [43], М.Ф. Кырзыоглы [44], еңбектерімен қатар, С.Г.Боталов [45], Г.Н. Гарустович [46] және А.М. Илюшиннің [47] археологиялық, Н.И. Шатинованың [48] этнографиялық, М.Е. Әлімбаевтың [49] филологиялық зерттеулері де маңызды ақпараттарымен құнды болды.

Еділ-Орал өңірінде қоман-қыпшақтары келгенге дейін башқұрт, оғыр, бұлғарлар қоныстанған болатын, қоман-қыпшақтарының шекаралас қоныстануы аймақ халқының дүниетанымына, сеніміне, тіліне, материалдық мәдениетіне ықпал еткен. Мәселен, Оңтүстік Сібір, Орталық Азия көшпелілеріне тән болған тастан мүсін жасау дәстүрі қоман-қыпшақтарының батысқа қоныс аударуына баланысты, XI ғасырларда Еділ-Орал өңіріне келіп, кейін қоман-қыпшақтарымен бірге XIII ғасырда Дунайға дейінгі аймаққа таралған [50, с.7].

Қоман-қыпшақтарының Солтүстік Кавказ жеріне қоныс аударуына байланысты жергілікті халықтармен саяси және этникалық байланыстарға түсуі мәселелерін А.Ш. Қадырбаев [51], В.Я. Петрухин [52], А. Крымский [53], М. Сафран [54], Г.А. Гейбуллаев [55], Т.Х. Кумыков [56], С.М. Броневский [57], Гусейн-заде Рауф [58], С.Г. Агаджанов [59], И. Бенце [60], Ю.В. Зеленский [61], З.В. Анчабадзе [62] еңбектерін негізге алсақ, ал, армян-қыпшақ жазба мұраларын зерттеп жүрген ғалымдар филолог А.Н. Гаркавец [63; 64; 65] пен түркітанушы С.Ж. Құдасовтардың [66] зерттеу еңбектері қоман-қыпшақтарының Кавказ жеріне алғашқы келген кезеңін, қоныстанған аймағын, олардың қалдырған рухани мәдени ескерткіштерін анықтауда мәліметтерінің ауқымдылығымен ерекшеленді. Мәселен, С.Ж. Құдасов жазба деректер негізінде Кавказ жеріне алғаш келген қоман-қыпшақтарын «бұнтүріктер» деп атағанын айтса, ұзақ жылдардан бері армян-қыпшақ жазбаларын зерттеп жүрген ғалым А.Н. Гаркавец жазба ескерткіштерді бес топқа жіктеп, қоман-қыпшақтарының да бұл тарихи мұраларға да қатысы бар екенін атап көрсеткен.

Кавказ тарихын зерттеуші әзірбайжан ғалымы Р.А. Гусейн-заде сириялық деректер бойынша XII ғасырда қоман-қыпшақтары Дербенд өткелі мен Дариял шатқалы арқылы Орталық Кавказға дейін жетіп, онда мықты әскери-саяси ықпалға ие болған деп көрсетеді [58, с. 58-59].

Қоман-қыпшақтарының Русь княздіктерімен қарым-қатынасы тарихын қарастырған зерттеулердің біразын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Аталған зерттеулердің басым көпшілігінде қоман-қыпшақтары орыс жылнамалары негізінде половцы аталып, екі халықтың арасындағы байланыстар тек бір бағытта көшпелі қыпшақтардың тонаушылық соғыстар жүргізуі негізінде сипатталған болатын.

Қоман-қыпшақтарының Русьпен арадағы байланыстары тек қақтығыстық

сипатта ғана емес, сонымен қатар олардың арасында некелік одақтардың болғанын, қомандардың Русь княздіктерінің бір орталыққа бірігуіне ықпал еткенін, шаруашылық жүргізу және мәдени өміріне де әсері болғанын азда болса қарастырған зерттеушілер бар. Сондай еңбектердің авторларынан А.А. Инков [67], Е.Г. Ковалевскаяның [68], В.Л. Егоровтың [69], Т.В. Любчанскаяның [70], О.В. Твороговтың [71], Н.М. Дылевскийдің [72], Б.А. Рыбаковтың [73] және т.б. еңбектерін атауға болады. Ал, тілдік ықпалдастықтың орын алғанын «Игор жасағы туралы жырдың» негізінде зерттеген қазақ ғалымдары О. Сүлейменов [74], Г. Көбденова [75], Н.Ж. Шаймерденовалардың [76] еңбектерінде көрініс тапқан.

Сонымен қатар, еңбектерінде орыстар мен қыпшақтардың тарихын қарастырған шетелдік ғалымдар, чех ғалымы Й. Пайскердің [77], американдық түркітанушы П.Б. Голден [78], түрік тарихшысы М.У. Южель [79-81], А.Н. Курат [82] және т.б. қоман-қыпшақтарының этногенезі өте күрделі мәселе екенін мойындайды және де қомандардың қыпшақ бірлестігіндегі жеке этникалық топ болуы мүмкін деген ойды жоққа шығармайды.

Қоман-қыпшақтарының Византиямен саяси және экономикалық байланыстар орнатуын қарастырған еңбектердің қатарында Г.Г. Литавриннің «Византия, Болгария, Древняя Русь (IX-начало XII в.)» [83] еңбегін айтуға болады. Онда, қоман-қыпшақтарының Шығыс Еуропа жеріне қоныс аударып келуімен, жергілікті халықтың қоныстану аумағы өзгерген, Екінші Бұлғария патшалығы тәуелсіздігін жариялаған және де ерте Русь мемлекетінің ыдырауы сияқты маңызды саяси оқиғалардың орын алғаны қарастырылған.

Византиялық деректер негізінде Византия мен пешенегтер тарихын жазған ресейлік тарихшы В.Г. Василевский [84] өзінің еңбегінде қоман-қыпшақтарының да тарихына тоқталған болатын. Сонымен қатар, Византия мен қоман-қыпшақтарының қарым-қатынасын қарастырған ғалымдар, ресейлік М.В. Бибиков [85], А.Н. Слядзь [86], түркиялық И. Кафесоғлы [87], венгриялық С. Ковач [88], бұлғариялық В. Йотов [89], француз тарихшысы Л. Мюссе [90], румыния ғалымдары В. Дримба [91], археолог П.Диакону [92] және т.б. еңбектерінен қоман этимологиясы, олардың қоныстану аумағы, кезеңі, материалдық мәдениеті туралы ақпараттар алуға болады.

Венгриядағы қоман-қыпшақтарының тарихын алғашқылардың бірі болып 1889 жылдары П. Голубовский қарастырып, «Половцы в Венгрии» [93] атты еңбегін жариялаған. Бұдан кейінгі кезеңдерде мәселенің венгрлер тарихына қатысты тұсын Венгрияның Д. Немет [94], А. Палоци-Хорват [95], И. Вашари [28], Қоңыр Мандоки [96], Й. Торма [97], В. Спиней [98] сияқты түркітанушы ғалымдары қарастырған.

Қоман-қыпшақтарының Венгрия королдігіне қоныс аударуының себеп-салдарын және нәтижелерін қарастырған еңбектер қатарында Д.А. Расовскийдің [99], И.О. Князькиннің [100], В.Т. Пашутоның [101], В.П. Шушариннің [102], Н.А. Моховтың [103], С. Екердің [104], А.Л. Осипянның [105], М. Юрасовтың [106], Р. Хауталаның [107] және т.б. зерттеулерін атауға болады.

Сонымен қатар, қоман-қыпшақтары тілінің Венгрия жеріндегі халықтарға ықпалы туралы Й. Торма [97], А.А. Чеченов [108] және Н.А. Баскаков [109] сияқты тіл мамандары өз зерттеулерінде жазған.

Сонымен, зерттеліп отырған тақырыптың кейбір тұстары қарастырлған еңбектердің тарихнамалық сипаты жоғарыдағыдай. Зерттеулердің басым көпшілігінде қыпшақтар, половцылар тарихы қарастырылады және еңбектердің барлығында кеңестік зерттеулердегі көшпелілерге негативті баға беру сарыны, қоман-қыпшақтарының бір орталыққа бағынбағаны, оларда ортақ билеушінің болмағаны, тек жекеленген ордалары болғанына басымдық бере отырып қарастырған. Мәселеге қатысты зерттеушілер саны аз болмаса да, біз көтеріп отырған этно-тарихи мәселе арнайы зерттеле қойған жоқ. Аталған зерттеулерге тән мынадай ортақ кемшіліктер мен олқылықтар бар:

Зерттеушілер «қыпшақ» этнонимінің кейбір халықтар тағдырында күні бүгінге дейін жойылмағанын ескермеген. Керісінше, «қоман», «половцы», «кимек» атаулары келмеске кеткен атаулар. Осыны ескеріп, зерттеушілер «қыпшақ» атауының этникалық тарихына баса мән берулері керек еді.

Ежелгі түркілердің рухани тарихында, әсіресе тіл мәселесінде түркітанушы Н.Баскаков қарастырғандай түркілердің қыпшақ тілдес, оғыз тілдес болып бөліну тарихының тамырлары, біз зерттеп отырған кезеңмен тікелей байланысты екендігін аталған зерттеушілер ескермеген. Яғни, тарих толқынында өміршең атау «қыпшақ» атауы болып табылатынын зерттеушілер басшылыққа алулары керек еді.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда қыпшақ тарихының көп халықтардың, әсіресе, Кавказ халықтарының қалыптасу тарихында да маңызды орын алғаны зерттеулерде ескеріле қоймаған.

Қыпшақтар тарихына арналған зерттеулерді саралай келе, қоман-қыпшақтарының этникалық тарихы, саяси халықаралық және мәдени байланыстары мәселелерін зерттеу қажеттігіне көз жеткіздік.

Диссертацияның деректік негіздері.

Қоман-қыпшақтарының саяси тарихы қысқа мерзімді қамтиды. Тарихи қоныстану аумағы белгілі болғанымен, көрші халықтармен байланысы деректердің жеткіліксіздігінен зерттелмеген. Сондықтанда мәселеге тың сипат беріп осы күнге дейін белгілі тарихи деректермен қатар, қосалқы салалар бойынша елеусіз болып келген мәліметтерге жаңаша түсіндірме беру арқылы тақырыпты басқа қырынан ашуға болады.

Белгілі ресейлік ғалым Л.Н. Гумилев танымал деректен жаңа ақпараттар таба білу туралы: «...ғылымның міндеті белгілі деректерді анықтау ғана емес, сонымен қатар талдау мен синтез арқылы деректерде жасырылып тұрған фактілерді таба білуі керек»,-деген екен [110, с.7-8].

Біздің де зерттеу жұмысымыздың деректік қорында көпшілікке белгілі деректермен қатар, жаңадан табылған материалдар, қосалқы салалар бойынша ақпараттар жан-жақты, көлемді болып келеді. Сондықтанда орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеп жүрген отандық ғалымдардың деректерді «сыртқы» (ортағасырлық жазба деректер) және «жергілікті» (ішкі) деректер (ауызша

деректер: аңыздар, жырлар, шежірелер және т.б.) [111, с.15]. деп жіктеу қағидасын ұстана отырып, дерек көздерін келесідей топтарға жіктеп беріп отырмыз:

Деректердің бірінші тобына мұсылмандық (түркі, араб, парсы) және сириялық жазба деректер жатады.

Қоман-қыпшақтарының этникалық тарихы, қоныстану аумағы, көрші халықтармен байланысын зерттеу үшін түркі тілінде жазылған М. Қашқаридың «Диуани луғат ат-турк»[112], араб тіліндегі Ибн Хордадбехтің «Китаб ал-Месалик ва-л-Мемалик» [113], ал-Идрисидің «ал-Китаб ар-Руджжари» [114], Әл-Якубидің «Китаб ал-Булдан» [115], ал-Истахридың «Китаб масалик ал-мамалик» [116], Абу Хамид ал-Гарнатидің «Мурибан бад Аджаиб аль-Магриб» [117], Ибн ал-Асирдің «Тарих-ал-камиль» [118], Ибн Баттутаның[119-121], Ахмад ибн-Фадланның[122], Марвазидың[123], парсы тіліндегі «Худуд ал-алам» [124] географиялық шығармасы, парсы тарихшылары Джувейнидің «Тарих-и жаһангушай» [125], Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» [126-127] шығармаларының мәліметтері зерттеуімізді ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Ал-Идрисидің еңбегінен қоман-қыпшақтарының қоныстану аумағы, ордалары мен қалалары, этникалық құрамы және тілі туралы ақпараттар алсақ. Ал, Ибн Батутта шығармасында қоман-қыпшақтарының Қара теңіз жағалауын қоныстанған кезеңі туралы мәліметтер берілген.

Қыпшақтардың этникалық тарихы бойынша көп мәселелерді араб-парсы тарихи-географиялық деректері негізінде зерттеген қазақ ғалымдары С.М. Ақынжанов пен Б.Е. Көмековтардың жоғарыда аталған еңбектері біздің зерттеу жұмысымыздың деректік негізін анықтауда үлкен көмегі тигенін атап өткеніміз жөн болар. Бірақ, бұл ғалымдарда шетелдік саяхатшылардың және авторлардың еңбектерінен келтірілген үзінділер біз қарастырып отырған қоман-қыпшақтарының этно-тарихын жүйелі түрде зерттеуге жеткіліксіздеу болып шықты. Сондықтан да, басқа деректерді тарихи-салыстырмалы түрде қарастырдық.

Парсы тарихшыларының еңбектерінен де қомандардың IX ғасырда Арал маңында оғыз, пешенег, мажарлармен көрші, ал XI ғасырда Днепр жағалауындағы жерлерге қоныс аударғаны туралы ақпарат алдық.

Рашид ад-Диннің (1247-1319) «Жамиғ ат-тауарих» [126] шығармасында қоман-қыпшақтарының шығу тегіне байланысты аңыздық деректер мен қыпшақтардың қалыптасу тарихы туралы ақпарат бар. Рашид ад-Диннің еңбегін кеңестік ғалымдар ұжымы аударған нұсқасы мен «Түркітану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері З.Ж. Оразбайдың аудармасын [127] салыстыра қарастырып қолдандық. Дегенмен, академик Б.Е.Көмеков атап көрсеткендей, бұл еңбектегі Орталық Азия халықтары мен тайпалары туралы ақпараттар әлі де зерттеуді қажет етеді [128, с.22].

Қоман-қыпшақтарының Византиямен байланысы сириялық Михаил Бар-Сауманның (Сириец) «Хроника»[129] атты шығармасында жазылған. Онда сонымен қатар, қомандардың сенімі, тілі, қоныстану аймағы туралы ақпараттар сақталған. Жоғарыда аталған деректер негізінен алғанда шетелдіктердің қоман-

қыпшақтар туралы субъективті көзқарастарын бейнелейді. Сондықтан да, бұл деректерді басқа да деректер тобымен салыстыра қарағанда ғана тарихи шындықты объективті түрде көрсетуге болады.

Деректердің екінші тобын, Қоман-қыпшақтарының солтүстік Кавказ бен Оңтүстік орыс далаларын қоныстанған кезеңінен мағлұмат беретін ортағасырлық грузин, армян деректері және орыс жылнамалары құрайды.

Қоман-қыпшақтарының Грузия жеріне келуі «Патшалардың тарихы мен дәріптелуі» [130] атты шығармада баяндалған. Сонымен қатар, орта ғасырлық грузиялық деректерде балқар және қарашай халықтарының этникалық тарихының, тілінің қалыптасуында қоман-қыпшақтарының ықпалы болғаны да жазылған.

Армян тіліндегі деректерден [131] қоман-қыпшақтарының грузиндермен соғысып, нәтижесінде қоман-қыпшақтарының Ганзак жеріне қоныстанғаны туралы мәліметтер сақталған. Ал, армян тарихшысы Матфей Эдесскийдің «Хронографиясы» [132] негізінде қоман-қыпшақтарының батысқа 1051 жылдары қоныс аударғанын көреміз.

Қыпшақтардың славян халықтарымен арасындағы қарым-қатынастары жорық жырларында, орыс жылнамаларында [133-134] көрініс тапқан. Өкініштісі, жылнамаларда «половецтер» терминінің қолданылуы аясы, оны қомандарды білдіретін нақты бір немесе бүкіл қыпшақ тайпалары бірлестігіне қолданылуы тиіс екендігі анықталмаған. Дегенмен, жылнамаларда екі халықтың арасындағы қақтығыстарды баяндаумен қатар, біздің зерттеуіміз үшін қоман-қыпшақтарының орыс княздіктерімен байланысының басталуы, сипаты, оңтүстік орыс далаларындағы қоман-қыпшақтарының орадалары, қоныстанған териториясы туралы ақпараттардың болуымен маңызды. Мысалы, жылнамада қоман-қыпшақтарының орыстармен алғашқы бейбіт қарым-қатынасының басталған уақытын 1055 жыл деп көрсетеді [133, с.314; 134, с.5].

Деректердің үшінші тобын қытай тілінде жазылған деректердің жарияланған аудармалары құрайды. Атап айтқанда, Р.П. Храпачевский аударған «Юань ши» (Юань әулетінің ресми хроникасы) [38] және орыс қытайтанушысы Н.Я. Бичуриннің «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» [135] еңбектерінің құндылығы әлі күнге жойылмаған, сондықтан да бізде зерттеуімізде қоман-қыпшақтарының шығу тегі, қоныстанған аумағы туралы ақпараттарды негіздеу барысында қолдандық. Қазақстан тәуелсіздік алған соң шетелдік деректердің жаңа тобы пайда болды. Олардың ішінен, Қытайдағы ШҰАР қоғамдық ғылымдар академиясы дайындаған «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» [136] ежелгі дәуірден IX ғасырдың ортасына дейінгі Орталық Азиядағы түркі халықтарының тарихынан мол мәліметтер береді. Бұл жылнамаларда қоман-қыпшақтарының бабаларының, Түрік және Сір-енда (Сеянто) қағанаттарының құрамындағы тағдырлары баяндалған [136, б.248-249].

Деректердің төртінші тобына венгриялық, латын тіліндегі және византиялық деректерді жатқызамыз.

Қоман-қыпшақтарының Венгрияға келуі «Деяние венгров» [137] хроникасында баяндалған, онда сондай-ақ қоныстану аумағы да көрсетілген.

Ортағасырлық Византиялық деректерде, олар XI ғасырда өздерінің солтүстік-шығыстағы көршілерін «қомандар» деп атап, бұл атауды Дешті Қыпшақтың барлық түрік тайпаларына қолданған және бұл дәстүр деректерде XIV ғасырға дейін сақталған.

Латын тілінде жазылған тарихшы Ян Длугоштың хроникасы [138], қоман-қыпшақтарын Венгрия мен Византияға қарсы соғысуға шақырған, 1063-1074 жылдары Венгрия королі болған Шаламон туралы, оның отбасы мен анасы, орыс князінің қызы Анастасия жөнінде жазған жалғыз дерек болып табылады.

Біздің зерттеуімізге қажетті кейбір Византиялық деректерді ресей ғалым М.В. Бибиковтың [139] аударма жасағаны зерттеу жұмысымызды біршама жеңілдетті. Византиялық тарихшылар Иоанн Киннам мен Никита Хониат еңбектерінде баяндалған қоман-қыпшақтарының Византиямен, Венгриямен қарым-қатынасы туралы ақпараттық деректер бұл қарым-қатынастардың сипатын, ауқымын және нәтижесін анықтауға септігін тигізді.

Қоман-қыпшақтарының Византиямен қарым-қатынасының тарихы Византиялық ханшайым Анна Комнинаның «Алексиада» [140] шығармасында баяндалған. Сондай-ақ, шығармада қоман-қыпшақтарының византиялықтармен бейбіт қарым-қатынасқа түсіп, қалаларда отырықшы шаруашылық түрін де жүргізгені туралы ақпарат сақталған.

Батысеуропалық деректерге Г.Рубрук пен П. Карпинидің [141] саяхатнамалық еңбектері, француз тарихшылары Жан де Жуанвиль [142] мен Жак де Витри [143] шығармалары, ағылшын хронисі Матвей Парижскийдің «Ұлы хроникасы» [144] жатады. Аталған шығармаларда қоман-қыпшақтарының Венгрия, Византиямен қарым-қатынасының сипаты көрініс береді. Сол арқылы Венгрия королдері мен Византия василевстерінің қоман-қыпшақтарының көмегімен мемлекеттегі ішкі және сыртқы саяси жағдайды тұрақтандыру мақсатында одақтастыққа барғанын анықтадық.

Деректердің келесі бесінші тобын археологиялық, этнографиялық материалдар құрайды. Сондай-ақ, этно-тарихи және этногенетикалық байланыстарды зерттеу үшін диссертациялық жұмыста «ішкі» деректерге жатқызылатын ауыз әдебиеті үлгілерін, аңыздар мен шежірелерді тарихи ақпараты ауқымды және қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен байланысын салыстыра қарастыруда маңызды дерек ретінде пайдаландық.

Қарастырылып отырған мәселелерге жауапты зерттеулерден емес, деректердегі фактілер мен құбылыстарды салыстыра отырып іздеп, табу қажет. Тарих жалпы деректер негізінде ғана емес, болған нақты құбылыстар мен фактілерге негізделіп жазылатындықтан, қазіргі кезде фактілер біршама жинақталған, кейбір ғылыми болжамдар археологиялық деректермен расталып толықтырылды да. Бізде диссертациямызда көрші қоныстанған халықтар байланысын қарастырғандықтанда тарихи-этнографиялық, тарихи-мәдени мәселелерді шешуде деректер кешеніне кіретін археологиялық, этнографиялық материалдар мен топонимикалық ақпараттарды қолданамыз.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері мен материалдары қоман-қыпшақтарының мәдениетінен хабар беріп қана қоймай, сонымен қатар қоныстану аймағын анықтауда да септігін тигізді. Сондай қоман-қыпшақтарының археологиялық жәдігерлерін ашып, ғылыми айналымға енгізіп жүрген ғалымдардан А.Х. Халиковтың [145], С.Г. Боталовтың [45], Г.Н. Гарустовичтің [46], А.М. Илюшин [47] және т.б. археолог ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Деректерге негізделген тарихи зерттеулерден этнографиялық зерттеулердің ерекшелігі сонда, олар монографиялардағы тарихи сынан өткен шынайы деректер мен халық арасында ауызша таралып келе жатқан шежірелерге, аңыздарға және т.б. негізделеді. Сондай мазмұны салмақты этнографиялық еңбек Н.А. Аристовтың еңбегі, онда қомандардың шығу тегі, алғашқы қоныстану аймағы туралы ақпараттар бар. Сол мәліметтерге сәйкес қоман-қыпшақтарының алғашқы қоныстанған жері Солтүстік Алтайдағы Со аймағы болып табылады [17, с.279].

Сонымен қатар, жекеленген халықтар: қазақ, алтай-құманды, башқұрт, бұлғар және т.б. тарихы бойынша жарық көрген этнографиялық материалдар [146] мен жинақтар ауыз әдебиеті үлгілері, жырлары [147], дастандары [148-149], аңыздарының [150] біздің зерттеуімізге қажетті ақпараттарының сақталуымен маңызды болды. Сондай-ақ, зерттеуімізде жеке зерттеушілердің, Н.М. Киндикованың [151], А.И.-М. Сикалиевтің[147], А.А. Ярлыкаповтың[148], Н.И. Шатинованың [152] этнографиялық еңбектері мен Әбілғазының «Түрік шежіресі» [153], Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» [154], С.Толыбековтің «Қазақ шежіресі» [155], А. Сейдембектің «Қазақтың ауызша тарихы» [156], «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» [157] және т.б. деректерді пайдаландық. Әсіресе соңғы жылдары жарық көрген «Бабалар сөзі» [158] атты жүз томдық деректер жинағында қыпшақтардың өткені мен бүгінгісінен мәліметтер беретін әр түрлі аңыздар, фольклорлық шығармалар зерттеу жұмысы үшін өте құнды екенін атап көрсетеміз.

Шежіре – көшпелілердің ауызша тарихы, онда халықтың шығу тегі, тұрмысы, наным-сенімі, тілі, көрші халықтар туралы құнды ақпараттар сақталады. Шежіренің біздің зерттеуіміздегі деректік маңыздылығы қомандарды қыпшақтардан бөлек деп көрсетуінде, шежіреге сәйкес, XII ғасырда қомандар оңтүстік орыс далаларында, половцылар қоныстанған аймақта орналастырылған, қыпшақтардан бөлек тайпа деп көрсетілген [155, б.74].

Деректердің соңғы алтыншы тобына генетикалық сараптама нәтижелерін жатқызамыз. Зерттеу жұмысымызда қоман-қыпшақтарының жеке этникалық топ болғанын дәлелдеу үшін генетик ғалымдардың ДНК сараптамаларының нәтижелерін қолдандық. Атап айтқанда, генетикалық шежіретанумен айналысып жүрген т.ғ.д. Ж.Сабитов [159], Б.А. Муратов пен Р.Р. Суюнов [160] зерттеулері қоман-қыпшақтарының Алтайдан басталған көші-қон үдерісінің Дунайға дейін жалғасқанын, олардың тарихтың әр кезеңінде түрлі аймақтарда қоныстанып, көрші халықтармен байланысқа түсіп,

этникалық тарихына ықпалы болғанын анықтауда пайдасы болды. Генетик ғалымдардың пікірінше, ортағасырлық деректер негізінде қоман, половцы (сары), құн (тоқсоба), қимақтар деректерде әр түрлі аталған бір халықтың атауы деген пікір жаңсақ болып табылады. Бұл тайпаларды біріктіретін ортақ белгісі, бұл – Дешті-Қыпшақтың тайпалары болғандығы. Сондықтан оларды қыпшақтар деп атауға да болады. Бірақ, олардың шығу тарихы мен қалыптасуының әр түрлі болғанын ескеру керек [160, с.1198].

Сонымен қатар, Дунай маңын қоныстанған қоман-қыпшақтарының шығу тарихы IX-XI ғасырларда бүгінгі Қазақстанның батыс аймағын қоныстанған Кимек қағанаты құрамындағы қоман тайпаларымен байланысты екенін генетик ғалымдардың генетикалық сараптамалар нәтижелері де растап отыр. Солтүстік Алтай халықтары құмандылар, тубалар және шелқандықтардың этникалық тарихына қоман-қыпшақтарының ықпалы болғанын В.Н.Харьков, В.А. Степанов, О.Ф. Медведева, М.Г. Спиридонова, М.И. Воевода, В.Н. Тадинова және В.П. Пузыревтардың ұжымдық генетикалық зерттеулерінің нәтижесімен дәлелденіп отыр [161, с.675].

Қорыта айтқанда, зерттеу жұмысының деректік негізінің сипаты жоғарыдағыдай, қоман-қыпшақтары біз атап өткеніміздей кимек-қыпшақ конфедерациясына кірген тайпа болғандықтан зерттеуіміздің кимек, қыпшақ тарихына қатысты тұстарында қосымша жанама ақпараттарға да жүгінуімізге тура келді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы

Қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысы кешенді түрде қарастырып, зерттеу нәтижесінде төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткіздік:

- Пәнаралық байланыстар тұрғысы мен салыстырмалық талдау әдістері негізінде қоман-қыпшақтарының ерте ортағасырлық этно-тарихи үдерістердегі алатын орны мен рөлі анықталды;
- Қоман-қыпшақтарының батысқа көші-қон үдерісі, этникааралық байланыстардың табиғаты туралы теориялық ұстанымдарды талдау негізінде аталған этникалық бірлестіктің қоныс аударуының себебі мен қоныстанған аумақтары нақтыланды;
- генетикалық зерттеулер нәтижелерін (Ж. Сабитов, Б.А. Мұратов, Р.Р. Сүйінов, В.Г. Волков), жазбаша деректерді, халық ауыз әдебиеті үлгілерін салыстыра талдау негізінде қоман-қыпшақтарының Еділ-Орал аумағындағы қыпшақ тілді халықтар – башқұрт және қыпшақ-бұлғар қауымдастығының этникалық келбетінің қалыптасуына ықпалы анықталды;
- Қоман-қыпшақтарының Солтүстік Кавказ халықтарымен (алан, адыгей, қарашай, балқар, қарайым, құмық) этно-генетикалық және этно-мәдени байланыстары деректер мен зерттеулерді талдау негізінде нақтыланды;
- Киев Русі тарихындағы қоман-қыпшақтарының саяси және мәдени ықпалы туралы ұстаным негізделді;

- Қоман-қыпшақтарының Оңтүстік Орал жерлерін қоныстанған кезеңі мен XII ғасырлардағы Венгрия Королдігі аумағындағы венгрлермен өзара ықпалдастығы анықталды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік құндылықтары

Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдарды, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстарының нәтижелерін, орта ғасырлардағы түркі халықтарының қарым-қатынасы тарихын қарастырған зерттеулерде қолдануға болады. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеудің материалдары мен түйіндері түркі тілдес халықтардың этникалық тарихы бойынша ЖОО-да арнайы курстар мен дәрістер оқу үшін, оқу құралдары мен бағдарламаларын, оқулықтарын әзірлеуде, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен байланысы бойынша ғылыми еңбектерді жазуда қолданылуы мүмкін. Диссертацияның тарихнамалық, деректанулық бөлімдері қоман, кимек, қыпшақтану бойынша қажетті материалдарды іздеуде зерттеушілердің жұмысын жеңілдетеді. Диссертация нәтижелері қоман-қыпшақтарының іргелес халықтармен этно-тарихи байланысы бойынша жаңа зерттеулердің туындауына септігін тигізуі мүмкін.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша мынадай ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылады:

1. Этностың рухани дамуы мен артта қалуының мәнін ашу үшін оны зерттегенде ішкі құрылымындағы әлеуметтік, генетикалық, рухани-материалдық қайшылықтарға мән беру керек. Тарихи кезеңдерде этникалық қауымдастықтардың қоныс аударуы нәтижесінде олардың іштей шоғырлану үдерісі өтеді. Осы жағдайда рухани дамуы мен этникалық мәнінен айырылған қауымдастық өзінің тарихи тамырынан ажыратылады. Ал, тарихтың төзіне төтеп беріп, өзінің табиғи-тарихи негізін сақтап қалған халықтың бірегейлігі әлеуметтік, генетикалық, рухани және материалдық мәдениетінің тұтастығы негізінде анықталады. Осы тұрғыдан алғанда қоман-қыпшақтарының көші-қон үдерісін басынан өткергеніне, жаңа жерлерге қоныстанғанына қарамастан этникалық бірегейлігін сақтап қалған деп есептеуге негіз бар. Бұл олардың қоныс аударып келген аймақтарға өздерінің мәдени-этникалық ерекшелігінің белгісі, айрықша маркері болған жерлеу дәстүрін алып келуі, яғни биік қорымдар мен тас мүсіндерді тұрғызуы, құрбандық шалу дәстүрін сақтауы және осы ата-бабаларынан келе жатқан салт-дәстүрін, наным-сенімдерін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз сабақтастықта жеткізіп отырғанымен түсіндіріледі.

2. Көшпелі мал шаруашылығы негізгі тіршілік көзі болғандықтан климаттың өзгеруі, табиғат апаттары, жайылымдық жерлер үшін қақтығыстар нәтижесінде қоман-қыпшақтары қоныстану аумағын бірнеше рет өзгертуге мәжбүр болған. IX ғасырларда олар бүгінгі Орталық Қазақстан аумағына қоныс аударған. Ал, IX-XIII ғасырлар аралығында қоман-қыпшақтары кимек-қыпшақ конфедерациялары құрамында, Қазақстан аумағын қоныстанған пешенег, оғыз, қаңлы халықтарымен байланысқа түскен. Бұл байланыстар этникалық

қауымдастықтардың шығу тегінің, тарихи бастауларының ортақтығы мен территориялық жағынан шекаралас орналасуы, шаруашылық және мәдени өмір сүру салтының ұқсастығы, сонымен қатар, этникалық өзіндік танымының бірегейлігі негізінде жүзеге асқандығын көрсетеді.

Қоман-қыпшақтарының шығыстан батысқа қарай бағытталған көші-қон үдерісінің бүгінгі Қазақстан территориясы арқылы өткені туралы кешенді зерттеулер жоқ. Көші-қон үдерісінің қай аймақтан басталғанын анықтау үшін, қоман-қыпшақтарының бастапқы орналасқан жерін анықтау қажет болды. Зерттеу барысында қоман-қыпшақтарының алғашқы қоныстанған жері Солтүстік Алтайдағы Со аймағы болғанын ортағасырлық жазба деректер, археологиялық, этнографиялық, материалдар, генетикалық зерттеу нәтижелерінің қорытындылары мен халық ауыз әдебиеті үлгілері негізінде дәлелдедік.

3. XI ғасырдың бірінші жартысында Еділ-Орал өңірінде бұлғар, башқұрт, чуваш және фин-угорлық тайпалармен қоман-қыпшақтары арасында этно-тарихи ықпалдастық орын алғанын жазба деректермен қатар, қазіргі генетикалық, археологиялық, лингвистикалық және мәдениеттанулық зерттеулер нәтижелері де анықтап беріп отыр. Әскери-саяси күшінің артуына байланысты қоман-қыпшақтары аймақта беделді болды да, нәтижесінде қыпшақ тілдік тобына жататын түрлі тайпалық бірлестіктер қалыптасып, бүгінгі башқұрт халқының этникалық сипатына негіз болған этно-мәдени белгілері орныққан.

4. XI ғасырдың ортасында қоман-қыпшақтары қыпшақ бірлестігінің алдыңғы авангарды ретінде батысқа қоныс аударып, Қырым, солтүстік Кавказ, Оңтүстік орыс далаларын қоныстанған. Дәл осы кезден бастап олар орыс жылнамаларында «половцы», ал батысеуропалық, византиялық деректерде «қоман» атымен танылған.

Қоман-қыпшақтары солтүстік Кавказ жерінде мықты әскери-саяси ықпалға ие болған. Жергілікті халықтармен тығыз байланыс орнатуы нәтижесінде, қарашай, балқар және құмық халықтарының этникалық қалыптасу тарихында аса маңызды орынды иеленген. Сондықтан да, құмықтар өздерін қоман-қыпшақтарының бір тармағы ретінде санаған.

5. Осы күнге дейін зерттеулердің басым көпшілігі орыс жылнамалары бойынша XI ғасырдың ортасында Оңтүстік орыс далаларына келген қоман-қыпшақтарының жергілікті халықпен қарым-қатынасын тек бір жақты қақтығыстық сипатта өрбіген деп қарастырып келген болатын.

Зерттеу барысында қосымша деректер мәліметтері негізінде екі халықтың арасындағы байланыс бастапқыда бейбіт келісіммен басталған, бірақ кейін геосаяси жағдайларға байланысты олардың арасында соғыс жағдайы орын алғанын анықтадық. Сонымен қатар, екі халық арасында бейбіт жағдайда мәдениеттердің алмасуы мен некелік одақтар да болған. Қоман-қыпшақтарының аймақтағы саяси ықпалының жоғары болғандығынан, Ерте орыс мемлекетінің ыдырауы және кейіннен орыс княздіктерінің бір орталыққа

бағыну үдерісінде олардың айтарлықтай маңызды рөл атқарғанын атап көрсету қажет.

6. Қоман-қыпшақтарының XI-XIII ғасырларда Шығыс Еуропа жеріндегі саяси оқиғаларға Венгрия және Византиямен одақтастығы негізінде қатысуы, аталған тайпалардың батысқа көші-қон үдерісін жалғастырды және көшпелілер қоныстанған жаңа жерлердегі халықтардың саяси, этникалық тарихына ықпалын тигізді. Қоман-қыпшақтарының отырықшы халықтармен этникалық, мәдени, әлеуметтік өзара байланыстарының нәтижесінде жаңа мәдени орта, жаңа этникалық топтар қалыптасты.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасында талқылаудан өтті.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 14 мақала негізінде жарық көрді. Соның ішінде 7 мақала ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында, 6 отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында және 1 мақала Scopus базасында тіркелген журналда сыннан өтті. Оларда жұмыстың теориялық принциптері мен нәтижелері сипатталды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 158 бет.

1 ҚОМАН-ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ КӨРШІ ХАЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Көрші халықтардың қарым-қатынасын зерттеудің пәнаралық тұрғылары мен түсініктері: қоман-қыпшақтарының тарихы мысалында

Этникалық тарих мәселелерін қарастырғанда ғылыми әдбиеттерде «тайпа», «этнос», «этникалық қауымдастық», «этникалық үдерістер», «этникааралық байланыстар» түсініктерімен жиі кездесеміз. Зерттеу жұмысымыз VIII-XIII ғасырларда қазіргі Қазақстанның территориясын қоныстанып, бастапқыда басқа мемлекеттік құрылымдар құрамында болып, кейіннен өзіндік этникалық атымен танылған, мемлекеттік бірлестіктер құрған қоман-қыпшақтарының этно-тарихына арналғандықтан, бізде жоғарыда аталған терминдерді өз диссертациямызда қолданамыз. Шығыстан батысқа қарай жүрген қоман-қыпшақтарының көші қон үдерісі барысындағы көрші халықтармен этно-тарихи байланысын зерделеуде біз келесідей мәселелерге назар аударамыз:

- отандық және әлемдік ғылыми әдебиеттердегі этникалық топтардың қауымдастықтарға бірігуі, дамуының тарихи кезеңдеріне арналған еңбектердегі көзқарастарды саралау;
- этникалық тарихты зерттеуде «этнос», «этникалық қауымдар», «этникалық үдеріс» терминдерінің ғылыми әдебеттердегі қолданылу аясына талдау жасап, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен байланысын қарастырған да аталған түсініктердің алатын орнын ашып көрсету;
- этникалық өзіндік таным, этникалық бірегейлік мәселелерінің теориялық-методологиялық негіздерін қарастыру арқылы қоман-қыпшақтарының құрамындағы этникалық компоненттерді анықтау. Бұл жерде бір ескеретін мәселе қыпшақтардың этникалық топ ретінде шығу тарихына емес, олардың VIII ғасырдан басталатын басқа халықтармен этникалық қарым-қатынасына назар аударамыз. Сондықтан да, біз этногенездің жалпы мәселелеріне емес, этникалық топтар, этникалық үдерістер, этникалық қауымдастық тәрізді мәселелерді ғана қарастырдық.

Этникалық тарихтың теориялық, методологиялық аспектісін анықтау үшін этностың құрылымы, көрші халықтармен байланысы, мәдениеті, тілі, діні және т.б. арналған зерттеулер талданады. Сол арқылы этникалық қауымдастықтың логикалық-методологиялық құрылымы бүтін бір жүйе ретінде көрінеді. Бірегейлігін сақтай отырып этнос субстанция ретінде көп қырлы жүйе және бірегей ақпараттық алаң болып табылады. Көп қырлы жүйе ретінде этнос әлеуметтік, генетикалық, рухани деңгейлерге бөлінсе, ал бірегей ақпараттық алаң ретінде бір тарихи кезең мен ортақ территорияда өмір сүру негізінде сипатталады. Бұл жағдайда этностың бірегейлігі тілдік, территориялық, материалдық және рухани мәдениетінің ұқсастығы арқылы сақталады.

Қоман-қыпшақтарының этникалық тарихын зерттеу қазақ ру-тайпаларының өткен тарихын, олардың өзара қалай біріккендігі этникалық үдерісін анықтауға жол ашады. Сонымен қатар, ерте орта ғасырларда

әлеуметтік, саяси, табиғи жағдайларға, яғни қоршаған ортаға бейімделу барысында Еуразия аумағын қоныстанған көшпелілер бірігуге және келісіп әрекет жасауға мәжбүр болған. Осындай бірігулер нәтижесінде жаңа этностар, мәдениеттер пайда болып, өркениеттің негізіне айналған мықты этникалық топтар қалыптасқан.

Зерттеушілер өткен ғасырдың ортасына дейін барлық гуманитарлық ғылым салаларында этникалық топтарды, мәдениеттерді эмпирикалық тұрғыда уақыт және географиялық өлшем кеңістігінде қарастырып келді [162, p.97]. Сондықтан да этникалық топтардың дәстүрлері, мінез-құлықтары, шығу тегі, мәдениеті ерекшеліктері туралы зерттеулер болмады. Ал жарияланған аздаған зерттеулер тарихи үдерістің қосымша бөлімі ретінде немесе табылған археологиялық ескеткіштерді кезеңдеу мен түсіндіру аясында қарастырылды. Бұл зерттеулерде нәсілдік детерминизм кең етек жайып, теорияларда биологиялық және мәдени мүмкіндіктерге баса мән берілді.

Ал, соңғы жиырма жылда ғылымда этникалық топтар, тарихы шектеулі, территориялық бағытталған болды деген көзқарастың орнына, этно-тарихты зерттеуде, этникалық қатыстылық, мәдени бірегейлік, әлеуметтік өзара ықпалдастық контекстінде түрлі өзгерістерге ұшырауы мүмкін динамикалық үдеріс ретінде анықталады [163, p.75; 164, p. 107]. Қыпшақтарға келетін болсақ, олар о баста Сір-енда (Сеянто) бірлестігінен бөлініп шығып, батысқа жылжу барысында этникалық топ ретінде қалыптаса бастады деп ойлаймыз. Бұл, әрине, біз әңгіме етіп отырған тарихи кезеңге сәйкес келеді.

Осы айтылған көзқарасқа сай қоман-қыпшақтарының этникалық тарихын, бізде динамикалық үдеріс ретінде қарастырсақ болады, өйткені этникалық қатыстылық, мәдени бірегейлік, әлеуметтік өзара ықпалдастық мәселесі, бүгінгі Қазақстан территориясында болған түркі тайпалары, қағанаттары мен хандықтарының барлығына тән десек қателеспеген болармыз. Өйткені, VIII-XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының, оғыз, кимек, қаңлы және т.б. түркі тілдес халықтардың этникалық тарихын қарастырғанда, олардың Еуразияның далалық аймағын игеру, табиғатты пайдалану және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу барысында көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, бірегей мәдени орта қалыптастырғанын аңғарамыз. Көшпелілік бірнеше ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бойы Қазақстан территориясын қоныстанған халықтардың негізгі өмір салты болған, себебі табиғат жағдайы бәріне бірдей егіншілікпен айналысып, отырықшы өмір кешуге мүмкіндік бермеген. Сондықтан да, егіншілік қосымша тіршілік көзі болған. Осылай тарих сахнасында бірін-бірі алмастырған қағанаттар мен хандықтар бір территорияда қоныстанып, тайпалық ықпалдылықпен басымдылыққа ие болып, әр түрлі атаумен билік құрғанымен, олардың бәріне ортақ мәдениет, шаруашылық, тіл, дәстүр мен дүниетаным тән болды.

Этникалық үдерістерді зерттейтін ғалымдардың пікірінше этникалық қоғамның жоғары түрі ретінде территориясы мен тілі бір, мәдениеті мен психологиялық ерекшеліктері ұқсас және экономикалық байланыстары

негізінде сатылы түрде тарихи кезеңде қалыптасқан қоғамды айтуға болады [165, с.29].

Этнологиялық әдебиеттерде «этникалық үдерістер» деп белгілі бір себептерге (бейімделу, құндылықтық және т.б.) байланысты этностың трансформациялануы айтылады. Кез-келген этникалық үдеріс нақты тарихи контексте іске асады. Сондықтанда тарихи жағдайлардың ықпалымен этникалық қауымдастықтардың құрылуы, дамуы, өзгеріске ұшырауы этно-тарихи үдеріс болып табылады. Ерте түрік дәуірінің соңына қарай, яғни, YIII ғасырдан бастап қыпшақ атанғандар Орта Түрік дәуірінде X ғасырға қарай әр түрлі этникалық топтарға (қыпшақ-бұлғар, қоман-қыпшақ, қыпшақ-половец) бөлшектене бастады. Мұның өзі қыпшақтардың үздіксіз қоныс ауыстырған этникалық үдерістерінің әр түрлі кезеңдеріне сәйкес келеді. Мұны біз зерттеу жұмысымызда ескердік.

Ал, этникалық үдерістердің зерттеу аясына этникалық қауымдастықтардың қалыптасуы мәселері жатады. Дүние жүзінде халықтар үнемі өзара байланыс барысында қосылып, әр түрлі қауымдастықтарға: биологиялық, мәдени, әлеуметтік жағынан бірігеді. Осы аталғандардың ішінен мәдени жағынан жақын, тарихи тұрақты қауымдастықтарды ғылыми әдебиеттерде «этникалық қауымдастық» немесе «этнос», -деп атайды [166, с.33].

Осы тұрғыдан алғанда мәдениет жетістіктері бойынша және археологиялық деректер негізінде этникалық қатыстылықты анықтауға болады.

«Этнос» түсінігі басқа концептермен өзгертіліп, басқаша аталғанымен де, бұрынғысынша анықталмаған күйінде қалуда. Қазіргі таңда жалпы қабылданған ғылыми анықтама бойынша «этнос» (грек тілінде ethnos – халық) бұл өзіндік жалпы белгілері мен ерекше мәдениеті, психологиясы, тілі, сонымен қатар өз қауымы мен атауын сезінетін белгілі бір аумақта тарихи тұрғыда қалыптасқан адамдардың тұрақты био-әлеуметтік қауымдастығы болып табылады [167, 402 б.].

Этнос теориясының негізін салушы, орыс этнологы С.М. Широкогоровтың пікірінше, этнос - бұл бір тілде сөйлейтін, өздерінің шығу тегінің бір екенін мойындайтын, басқалардан өздерін бөліп тұратын кешенді дәстүрлері мен өмір сүру салты бар адамдар тобы болып табылады [168, с. 13]. Яғни, этнос - шығу тегі мен тарихының бірлігі негізінде қалыптасады. Сонымен қатар, этнос бұл өз бетімен дамушы, қозғалушы, бір ақпараттық алаңда бірегейлігін сақтаушы көп деңгейлі жүйе.

Түркі тайпаларының этногенезіне байланысты іргелі еңбектер жазған Л.Н. Гумилевтің пікірінше, этнос - бұл табиғи жағдайда сәйкестігі бойынша және энергетикалық құрылым ретінде шынайы мінез-құлық стереотипі негізінде қалыптасып, өздерін басқа ұжымдарға қарсы қоятын адамдар ұжымы [110, с.508].

Л.Н. Гумилев өзінің Еуразия тарихы бойынша еңбектерінде этностардың, қоршаған ортаның және ғаламның үйлесімді қарым-қатынасы нәтижесінде жаңа мәдени орта қалыптасады деп қарастырады. Л.Н. Гумилевтің пікірінше этностар өздерінің тарихи бастауларын ғарыштан алады. Яғни, жаңа

халықтардың қалыптасуы табиғи құбылыс, ал пассионарлық өрлеу үдерісі кезінде этностар өзіне тән мәдениеттің ерекше түрін – адамзаттың ақыл-ойы мен қолымен жасаған туындысын жасайды. Кез-келген мәдениет жаңаша ойлау мен мінез-құлық дағдысын қалыптастырған кезде бастапқы мәдениеттер мен дәстүрлермен генетикалық байланысын сақтайды. Әр бір этнос өзінің мәдени дәстүрін дамытады, кейін онда жаңа пассионарлар пайда болып, соның ықпалымен жаңа этнос қалыптасады [110, с.51-53]. Этногенез және мәдениеттің дамуына географиялық орта ықпал етеді деп есептеген ғалымның пікірі кейбір мамандардың қарсы дау айтқандарына қарамастан бүгінгі таңда еуразиялану идеясында көрініс тауып отыр.

Этносты зерттеу объектісі ретінде алып қарастырғанда этностың ішкі құрылымындағы генетикалық, әлеуметтік, рухани және материалдық қарама-қайшылықтарды көруге болады. Бұл этностың рухани дамуы мен артта қалуының мәнін ашады. Тарихи кезеңдердің, территориялық кеңістіктің ауысуы нәтижесінде жекеленген этникалық қауымдастықтардың жіктелу үдерісі жүреді. Осындай сәттерде рухани дамуын тоқтатқан, мәнінен айырылған этнос өзінің табиғи-тарихи негізінен айырылады. Өзін сақтап қалған этностың бірегейлігі рухани, материалдық, генетикалық және әлеуметтік бірлігі бойынша анықталады [169, с. 14]. Ерте орта ғасырлардың соңына таман Қазақстан аумағында сондай бір мықты этникалық қауымдастық қоман-қыпшақтары тарих сахнасына шықты. Яғни, тарихта XI-XIII ғасырдың бас кезі қыпшақ этникалық бірлестігінің, соның ішінде күшті әулеттік елбөрілі руының билікті өз қолында шоғырландырып, туыс түркі тілдес тайпаларды қуатты Қыпшақ хандығы төңірегінде топтастырып, Дешті Қыпшақ жерінде хандық құрған кезеңі ретінде сипатталады.

XI-XIII ғасырлар аралығында түркі тайпалары мен этникалық топтары қыпшақтардың саяси аренадағы беделін мойындап, өздерінің бір этникалық қауымдастыққа жататынын саналы түрде сезіне отырып, ортақ «қыпшақ» этникалық атауын алған [170, б.155]. Дегенмен әр ру-тайпалардың өзіндік қоныстану аумағы болған. Мәселен, бүгінгі Батыс Қазақстан жерінде сол кезеңде қоман-қыпшақтарымен бірге оғыз және печенег тайпалары өмір сүрген. Ал, қоман-қыпшақтары қонысының шығысында қаңлы, найман, керей тайпалары көрші болса, оңтүстігінде кимек, қарлұқ, жікіл, ұран, қай тайпалары қоныстанған еді. Яғни, бұл кезеңде қыпшақтарға қолданылған географиялық ареал солтүстікте Батыс Сібірдің орманды далалық өлкесімен, солтүстік-шығысында Енесай қырғыздары мен хакастары, солтүстік-батыста Еділ бойы мен Орал өңірі тұрғындары бұлғарлар мен башқұрттармен, оңтүстікте Хорезм мемлекетімен шектесіп, олармен этникалық-саяси, мәдени байланыс жасағанына көз жеткізуге болады. Яғни, XI-XIII ғасырлардың бас кезіне дейін Ертістен бастап, Дон мен Дунайға дейінгі аймақта қыпшақ мәдениеті үстем болып, күшті қыпшақ бірлестігі хандық құрған.

Қыпшақ бірлестігі құрамында, Дешті Қыпшақтың батысында қоныстанған қомандар жеке этникалық топ ретінде айтылады [141, с. 94].

Қомандар кимек-қыпшақ конфедерациясына енген, Арал теңізі мен Оңтүстік Орал тауларының арасындағы кеңістікте қоныстанған жеке тайпа ретінде аталады және олар пешенег, кимек, оғыз, қыпшақ, бұлғарлардан бөлек аталады. Қомандар туралы алғашқы деректер IX ғасырға жатады. Қомандардың оңтүстігіндегі көршісі оғыздар және ал-Идрисидің кіші картасы бойынша осы жерде кимектерде көрсетілген, бұлғарлар солтүстік-батысында, батыста пешенегтер, ал қыпшақтар солтүстік-шығысында орналасқан [171, 43 б.].

VIII-XIII ғасырларда бүгінгі қазақ даласында қоныстанған қағанаттар мен ру-тайпалар арасында табиғи-географиялық жағдайға байланысты орналасу емес, нақты саяси бірлестіктердің шекараларымен айқындалған рухани-мәдени тұтастық жарқын көрініс тапты [172, с.66]. Бұл саяси бірлестіктердің қатарында жетекші орынды түркі тілдес тайпалар қатарынан шыққан көшпелілер, атап айтқанда оғыз, кимек, қыпшақтар алды. Этникалық бірлестіктер шығу тегі, мәдени, тілдік жағынан ұқсастығы және территориялық шекараларының жақындығы бойынша біріккен болатын.

Отандық этнология ғылымында этникалық топтардың ерекшеліктерін немесе бірегейліктерін ашып көрсету үшін «этникалық» және «этнос» түсініктерінің қолданылатынын айтып өткен едік. Бұл түсінік қауымдастықтардың полиэтникалық сипатына байланысты анықталады.

Тарихтың қай кезеңінде болсын этникааралық байланыстар әлеуметтік-саяси үдерістерге ықпал ететін полиэтникалық қоғамның өмір сүру қызметінің маңызды факторы болды. Сондықтанда этникааралық байланыстарды зерттеуге ғалымдар әрқашан қызығушылық танытып отырды. Нәтижесінде этно-тарихи үдерістерді ғылыми тұрғыда талдау мен бағалаудың методологиялық негіздері қалыптасты. Кез-келген ғылыми зерттеуде, нақты объектіні қарастыруда барлық салалардағы білім жетістіктерін қолданғанда ғана нәтижелі болады.

Белгілі ғалым, тарихшы Х.М. Абжанов атап өткендей «...бұрындары тарихи үдерістерді формациялық тұрғыда қарастырған болсақ, енді, халықтар, тұлғалар, билік қызметі тұрғысынан қарастыру керек. Өйткені зерттеудің ғылыми-теориялық, методологиялық негізі жаңарды. Кезінде тек марксизм-ленинизм шеңберінде ғана ойлап, жазсақ, қазір кез-келген концепцияны, түсінікті, терминді, бір сөзбен айтқанда тарихи өткен оқиғаларды объективті зерттеу үшін нақты мүмкіндіктерге қол жеткізіп отырмыз» [173].

Белгілі ғалымның зерттеудің ғылыми-теориялық, методологиялық негізі жаңарды дегеніне біз де қосыламыз, өйткені қазіргі кезде ғылыми танымның интеграциялануына байланысты этникалық үдерістерді зерттеудің методологиялық негізін, пәнаралық байланыстар тұрғысы мен салыстырмалық талдау құрайды. Соған орай этникалық үдерістерді зерттеу барысында біз, қосалқы пәндердің ғылыми әдістерін де қолданамыз.

Этно-тарих этнология, антропология, саясаттану, мәдениеттану, лингвистика сияқты пәндермен байланыста қарастырылады және зерттеудің жалпы ғылыми әдістері: тарихилық, әлеуметтік, жан-жақтылық және т.б. қолданылады. Тарихи әдістер қоғамдық-саяси құбылыстардың дамуын және себеп-салдарлық байланысын анықтауға, ал әлеуметтанулық әдістер этно-

тарихи жағдайға ықпал еткен әлеуметтік факторларды зерттеуге септігін тигізеді [174, p.65-66].

Этно-тарихи дамудағы мәдениеттердің қайта жанданып отыруы мәдениеттің жалпы сипатын бейнелейтін тарихтың іштей тәуелділігі, тарихи үдерістердің жүзеге асуымен анықталады [174, с. 59].

Пәнаралық байланыс тұрғысы түрлі ғылым салалары арасындағы шектеулерді алып тастап, зерттеу тақырыбы аясында тұжырымдар, идеялар, зерттеу әдістемесімен алмасуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пәнаралық байланыстар тұрғысынан, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды кешенді түрде қарастыруға және зерттеу тақырыбы бойынша кең ғылыми кеңістікті құруға болады. Салыстырмалық талдау, жекеленген құбылыстардың арасындағы ұқсастықтарды зерттеудің қағидалар жүйесін қалыптастырып қана қоймай, сондай-ақ олардың арасындағы логикалық байланыстың болуын да анықтауға көмектеседі. Сондықтанда біз этникааралық байланыстарды зерттеуде тарихи тұрғымен қатар, пәнаралық байланыстар тұрғысын да қатар қолданамыз. Тарихи тұрғыда қарастыру, мәселенің зерттеу саласы мен этникалық байланыстарды зерттеудегі пәндік тұрғылардың ерекшеліктерін анықтап береді.

Этникааралық байланыстарды тарихи тұрғыда қарастырғанда назарда ұстайтын мәселе, күрделі қауымдастықтар, яғни, этникалық топтар, халықтар, этностар өз бетінше тікелей байланысқа түсе алмайды. Оларға көрші халықтармен байланыс орнатуға белгілі бір себептер немесе оқиғалар алғышарт жасайды. Сондықтанда оны анықтау үшін, зерттеу барысында тікелей байланыстармен қатар, жанама байланыстарды да (құжаттар, ауыз әдебиеті үлгілері, заттай деректері және т.б.) қарастыру керек. Этникалық бірлестік сияқты үлкен топтарды зерттеудің қиындықтары негізінен этникалық құрамының әр қилы болуына, әр түрлі әлеуметтік қабаттардың болуына және саяси көзқарастарының алшақтығына да байланысты болады. Осыған орай этникаарлық байланыстарды кең мағынада халықтардың әр түрлі салаларда – саясатта, мәдениетте және т.б., ал тар мағынада тұрмыстық, көршілік, достық қарым-қатынасқа түсуі деп қабылдау қажет [175, с.16.].

Белгілі норвегиялық этнолог Фредерик Барттың пікіріне сүйене келе, ресейлік тарихшы-этнолог Н.М. Багновская этникалық үдерістерді зерттеу, этникалық топтар мен этностар өздерінің түйсіктері мен дүниетанымына қарай қандай топтың мүшесі ретінде сезінетіндігіне байланысты қарастырылуы керек деп есептейді [166, с.39]. Бұл пікірге назар аударатын болсақ, онда тайпалар немесе халықтарды, олардың өздерін этникалық шекараның аясында белгілі бір этникалық топтың мүшесі ретінде тануына байланысты зерттеуіміз қажет. Біздің жағдайымызда қоман-қыпшақтарының қауымдастығы полиэтникалық қауымдастық бола тұрып, ерікті түрде қыпшақ атауын алып, бір хандыққа бірігіп, екінші мыңжылдықтың бас кезінде Еуразия аумағында мықты саяси күшке ие болған. Осы тұрғыдан алғанда Ф. Барттың этникалық топтар мен этностардың өздерінің түйсіктері мен дүниетанымына қарай қандай топтың мүшесі ретінде қабылдағанына қарай зерттелуі керек деген пікірімен біз де

келісеміз. Өйткені, Қыпшақ хандығына кірген ру-тайпалардың құрамы толықтай әлі күнге анықталып, нүкте қойылған тақырып емес. Әлі күнге халық арасында «92 баулы қыпшақ» түсінігінің сақталуына байланысты, қыпшақтардың құрамына кем дегенде 92 ру-тайпа кірген болу керек. Жазба деректерде қоман-қыпшақтарының құрамы туралы толық деректің жоқтығынан, хандықтың қол астына біріккен этникалық топтардың құрамын қосымша генетикалық, антропологиялық, археологиялық материалдар негізінде зерттеу қажет. Сондықтан да, біз диссертациямызда ең алдымен қолда бар деректерге сүйене отырып, қоман-қыпшақтары этникалық тобына тән ерекшеліктер, материалдық мәдениет үлгілері, наным-сенімдері, тілі және т.б. бойынша қарастырамыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей қазіргі шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде (ағылшын әлеуметтанушылары Д.Томас, А.Джонс және т.б.) халықтар, этникалық қауымдастықтар арасындағы байланыстар «нәсілдік және этникалық байланыстардың социологиясы» деп аталып, әлеуметтанулық тұрғыда зерттеудің екі: институционалды және топаралық (тұлғааралық) бағыттары қалыптасқан. Институтционалдық деңгейдегі байланыстар, мемлекеттік құрылымдар арасындағы қарым-қатынастар халықтардың мүддесі тұрғысынан алғанда тұлғалық және топтық өзара байланысқа ықпал етуші макроәлеуметтанулық деңгейде қарастырылады.

Белгілі ғалым Н.Э. Масановтың пікірінше, этникалық үдеріс бұл шаруашылық жүргізу мен белгілі бір жағдайда мәдениеттің өміршеңдігін сақтап қалуы негізінде ерекше белгілерін жинақтауға алып келеді, ал бұл өз кезегінде қайталанбас этникалық стереотиптер мен өзіндік танымды қалыптастырып, этносты тарихи-мәдени феномен ретінде анықтап береді. Осының нәтижесінде қоныстанушылар мен олар қоныстанған аймақ (антропогеоценоз) арасында байланыс орнап, шынайы-табиғи және әлеуметтік-экономикалық тиімді теңдік негізінде жұмыс атқаратын ақпараттық алаң қалыптасатын болған. Антропосоциогенездегі ақпарат бірнеше деңгейге бөлінеді, солардың біреуі - этникалық деңгей болып табылады. Бұл этникалық өзіндік танымға жататын мәдени құндылықтар, дәстүрлер, діни-нанымдарды қамтиды да, соның негізінде басқа халықтың емес, нақты сол халықтың құрамына кірумен аяқталады [176, с. 242].

Ғалымның айтып отырған этникалық өзіндік танымға жататын мәдени құндылықтарын қоман-қыпшақтары сақтап қана қойған жоқ, оны XIII ғасырда қоныс аударып келген халықтарға сіңірді. Яғни, жергілікті халықтың материалдық өндіріс жүйесі табиғи-климаттық жағдайларға бейімделгендіктен материалдық мәдениеті, өмір сүру салты, өндіріс тәсілі де сыртқы күштің ықпалына ұшырамай, қайта қоныс аударушылардың ассимиляциялануына ықпал етуші мықты фактор болды. Оған араб ғұламасы, тарихшы, географ әл-Омаридің (1300-1384) «Масалик ал-абсар фи мамалик ал-амсар» (ірі қалалы мемлекеттер жолдарына назар) атты еңбегінде қоман-қыпшақтар елін моңғолдар жаулап алғаннан кейінгі кезеңде олардың қыпшақтармен араласып кеткені туралы жазғаны дәлел бола алады. онда: «... ертеде бұл мемлекет

қыпшақтар елі болды, татарлар оларды жаулап алғаннан кейін, қыпшақтар оларға бағынышты күйге түсті. Кейін олар (татарлар) екіншілерімен (қыпшақтармен) араласып, туыстас болып кетті, сол кезде табиғи және нәсілдік ерекшеліктері жойылып, жергілікті жердің ықпалы үстем болып, олардың бәрі (татарлар) тура бір ру-тайпадан тарағандай дәл қыпшақтардың өзіне айналып кетті. Бұл моңғолдардың (татарлар) қыпшақ жеріне қоныстанып, олармен (қыпшақтармен) некелік қарым-қатынасқа түсуі және осы жерде тұрақтанып тұрып қалуымен байланысты болды», - деп жазылған [120, с. 235]. Көріп тұрғанымыздай қыпшақ даласына кейіннен моңғолдардың келуімен де қоман-қыпшақтарының этникалық сипатын танытатын мәдениеті, салт-дәстүрі, шаруашылығы және тұрмысында түбегейлі өзгерістер болмаған, қайта жаулаушылардың қыпшақтанып кеткені туралы айтылады деректе.

Этногенетикалық үдерістің басты анықтаушы белгісі ол шаруашылық түрі мен заттай өндіріс жүйесін ұйымдастырудан көрінетін үздіксіздік пен сабақтастық болып табылады. Этногенезде үздіксіздіктің сырттай кепілі ретінде тіршілік ету ортасы анықталды. Бұл көшпелілер мен отырықшылардың шаруашылық және мәдениет салаларындағы дағдылары, сабақтастығы мен технологиялық тәсілдерін қамтамасыз етеді [176, с.246]. Дегенмен, көшпелілердің отырықшы көрші халықтармен қарым-қатынасы әр түлі сипатта өрбіген. Өйткені, көшпелілердің өмір сүру салты, мал шаруашылығын жүргізу әдісі ұқсас болғанымен, әр тайпаның өзіндік саяси ұйымы болған және ол көбіне табиғат жағдайына байланысты дамыған. Сондықтанда олардың көрші халықтармен экономикалық байланыс орнатуында ерекшеліктер болған. Жалпы ерекшеліктер ішкі дамуға байланысты емес, сыртқы қарым-қатынасқа байланысты дамыған. Себебі, кез-келген көшпелі халық, тарихтың қай кезеңінде болмасын отырықшы халықтармен тығыз байланысқа түсуге мәжбүр болған. Соған байланысты ортағасырлардағы көшпелі халықтардың этникалық тарихы этнографиялық тұрғыда емес, көшпелілердің отырықшы халықтармен тарихи байланысы тұрғысынан қарастырылуы керек [177, с.3].

Әрине, зерттеу барысында әр бір этникалық топтың өзіндік бір ерекшелігі, айрықша белгісінің (маркері) болатынын естен шығармау керек. Бұл ерекшелік этникалық топтың мәдениетінен, дүниетанымынан, шаруашылығынан көрінеді. Сонымен қатар, бұл ерекшелендіруші маркерлерге физикалық келбеті, географиялық жағдайы, дәстүрі, сенімі, тілі, киімі және тағамы да жатады. Осы арқылы этникалық қауымдастықтың қай топқа жатқызылатынын анықтауға болады. Миграциялық үдерістер этникалық топтардың осы ерекшеліктеріне әсер етіп отырған. Көші-қон үдерісіне түскен этникалық топ өзіндік ерекшеліктерін барынша сақтай отырып, жаңа жағдайға, жаңа ортаға бейімделуге мәжбүр болған. Нәтижесінде этникалық топ көші-қон үдерісі барысында жергілікті халықпен араласып, кей жағдайда рухани мәдениеті өзгеріске ұшыраған кезеңді де басынан өткерген [169, с. 15]. Көші-қон үдерісі этникалық топтың өзіндік ерекшеліктеріне әсер етіп, көшіп келген жердегі жергілікті мәдениеттердің ықпалдастығы жүргенімен, бірақ этникалық топқа тән мәдениет үлгісі түпкілікті жойылып кетпеген. Осы тұрғыдан алғанда,

зерттеу барысында ортағасырлардағы этностар ықпалдастығы аясында дүниеге келген этностардың рухани құндылықтарын анықтауға болады. Мәселен, оған шығыста Солтүстік Алтайдан мен Моңғолия аймақтарынан басталып, батыста сонау Шығыс Еуропаға дейінгі аралықта таралып жатқан қоман-қыпшақтарының «кемпір тастарының» өздері-ақ дәлел бола алады. Қоман-қыпшақтары қандай қиын-қыстау кезең туса да, ата-бабасынан келе жатқан салт-дәстүрін бұзбастан, қалтқысыз орындап, дүниеден өткен батырларына балбал тастардан ескерткіш орнатып отырған.

Тастан жасалған мүсіндердің сипаты алуан түрлі, олар Карпаттан басталып, Ресейдің далалық аймағын қамти отырып, Кавказ, Еділ бойы далаларынан Батыс Сібірге, одан кейін Саян-Алтай өлкесіне, Хангай, Орталық және Шығыс Тянь-шаньға дейінгі аралықта орналасқан [178, с.54]. Ортағасырлық парсы поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі Низамидің (1141-1209) шығармасында осы балбал тастарға жасалатын ерекше құрмет былай сипатталады: «...олардың (балбал тастардың) айналасындағы ағаш жебелер бір орман дерсің, бейне бір судың жағасындағы құрақ секілді... Мұнда келетін барлық қыпшақ жауынгерлері осы тас мүсінге бас иеді. Жолаушылай өтіп бара жатқан кез-келген салт атты немесе жаяу жүргінші бұл тасқа келіп, жақсылық тілеп, тәуәп етпестен жанынан өтпейді. Жауынгер өзінің қорамсағынан жебе алып, тастан жасалған мүсіннің қорамсағына салады, ал бақташы тас мүсіннің жанынан табынды айдап өтетін болса, ол бір қойды құрбандыққа шалатын болған» [179, с.20].

Қытайдағы көне түркі ескерткіштерін зерттеп жүрген ғалым Т.З.Қайыркен мүсінтастарды VII-XIV ғасырлардағы түркі халықтарының тарихына тіке қатысы бар деректер санатына жатқызады. Бұл деректердегі тарихи оқиғалар, атау-терминдердің өзіндік тарихи астарында бірнеше кезеңнің сырлары айтылады, олар түркі тарихына байланысты жайлардан қосымша мәлімет береді [7, б.12].

Тағы да бір деректе де, қоман-қыпшақтарының ұзақ кезеңдік қоныс аударуды басынан өткергеніне қарамастан салт-дәстүрлерін берік ұстағаны, олардың ата дәстүріне деген құрметі орыс жылнамаларында көрініс тапқан, онда: «қазіргі күнге дейін қоман-қыпшақтар ата-басынан келе жатқан заңды (салт-дәстүрді) ұстанады», - деп жазылған [133, с.9].

Осы деректер көші-қон үдерісі барысында қоман-қыпшақтарының өзіндік мәдени ерекшеліктері, дүниетанымы сақталғандығына дәлел бола алады.

Өзбекстан Республикасының академигі, т.ғ.д., профессор Эдвард Ртвеладзенің пікірінше, мемлекеттіліктің дамыған түрінің белгісі жазуы болса, онда өркениетте мемлекетпен бірге пайда болады, өйткені жазу да оның маңызды бір компоненттерінің бірін құрайды. Тарихи өркениеттердің қалыптасуында басты рөлді белгілі бір өркениет түрін жасаушы автохтонды этностар алады. Дегенмен бұл үдерісте белгілі бір себептермен, табиғат жағдайларына, географиялық, саяси, әскери, демографиялық және т.б. байланысты қоныс аударушы халықтардың да үлесі бар. Жалпы адамзаттың

этникалық тарихы бұл бір мәдени ортадан басқа мәдениетке, бір географиялық кеңістіктен келесіге ауысып отырған халықтардың көші-қон үдерісінің тарихы.

Үздіксіз көші-қон үдерісі салдарынан жергілікті халықпен қоныстанушылар арасында мәдениет алмасу еріксіз жүріп, белгілі бір деңгейде автохтондық негізі сақталған субстратты этностардың ассимиляциялануы нәтижесінде жаңа этникалық топтар қалыптасады [180, 26 б.]. Сонымен қатар жаңа территорияға қоныстанушы этностың өзі бұрын қоныстанған аймақтардағы этностардан жинақтаған полиэтникалық белгілерді тасымалдаушы болып табылады.

Кез-келген халықтың мәдени құндылығы - тілі мен жазуының болуы, бұл сол халықтың мәдени жетістігінің көрсеткіші болып табылады. Өйткені сол халықтың тілінде жазылып, ескерткіш ретінде қалдырылған мәдени құндылықтары, ұрпақтарына ата-бабаларының жетістіктері мен ерліктерін жеткізу құралы ретінде қолданылған баға жетпес асыл мұрасы болып табылады.

Орталық Азияны орта ғасырларда қоныстанған халықтар географиялық орналасу жағдайына байланысты әр түрлі мәдениеттер мен әлемдік діндерді қабылдап, олардың таралуына ықпалын тигізген. Солай бола тұра өзіндік жергілікті этникалық, ру-тайпалық мәдени ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысқан.

Қазақстан аумағында халықтардың қалыптасу тарихы мен мәдениетінің тамыры тереңде, төрт мыңжылдық тарихында олар іргелес халықтармен тығыз қарым-қатынасқа түскен. Бұл байланыстар қазақ жерін қоныстанған ру-тайпалардың этно-мәдениеті мен антропологиялық келбетінде көрініс тапқан. Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тілдес халықтар, этникалық топтар арасындағы генетикалық байланыс, сабақтастық үздіксіз жалғасып отырған, бұл бүгінгі таңда әр түрлі ғылым салаларындағы зерттеулерде, соның ішінде генетикалық, антропологиялық зерттеулер нәтижесінде дәлелденіп отыр [181, с.22-23].

Қазіргі кезде этнология ғылымында этникалық тарихтың өзекті тақырыптарының қатарында этникалық өзіндік таным мен этникалық бірегейлік мәселесі болып табылады. Өйткені бұл этникааралық байланыстар, қақтығыстар, этникалық пассионарлық, этникалық топтардың өзіндік тәуелсіз мемлекет құруы сияқты мәселелермен тығыз байланысты. Этникалық өзіндік таным мен этникалық бірегейлік мәселелерін зерттеудің теориялық-методологиялық негізін примордиалистік және конструктивистік аспектілерді қамтитын диалектикалық тұрғыда қарастыру керек деп еспетейді этнологтар. Примордиалистік бағытта, этностарды биологиялық жағынан қандық-туыстық байланыстар негізіндегі қауымдастық ретінде қарастыру қалыптасқан. Тарихи дамуы кезеңіне байланысты оның өзі әлеуметтік-биологиялық және эволюциялық-тарихи бағыттарға бөлінеді. Примордиализмнің бірінші бағыттын американдық генетик Пьер Ван ден Берг, белгілі тарихшы-этнолог Лев Гумилев жақтаған болса, екінші, эволюциялық-тарихи бағыттың өкілдерінен Ю.В. Бромлей, Э. Смитті айтуға болады.

Ван ден Бергтің пікірінше этникалық - бұл адамның генетикалық жағынан жақындығы бойынша туыстық деңгейде анықталуы, яғни этникалық топтар мен этникалық феноменнің қалыптасуында «туыстық жақындығы бойынша іріктелу» шешуші рөл атқарған болып табылады [182, p.19]. Ал, Л.Н. Гумилевтің тұжырымдамасы бойынша этнос – бұл жіктелген типтегі жабық жүйе, ол өзінің қалыптасу барысында бір реттік энергиялық қуат (пассионарлық итермелеу) алады да, оны жұмсап болғаннан кейін, тұрақтылық жағдайына көшеді немесе бөлшектеніп кетеді [183, с.204].

Этникалық өзіндік таным мен этникалық бірегейліктің теориялық-методологиялық негізі примордиалистік тұрғының эволюциялық-тарихи бағыттың негізін қалаушы, ағылшын тарихшысы Энтони Смиттің пікірі бойынша «этнос» деп өзіндік аты, ата-бабалары туралы ортақ аңызы және қоныстану аумағы аясында қалыптасқан өзіндік мәдениеті мен тарихы бар қауымдастықты айтуға болады [184, с.350]. Сонымен қатар, Э.Д. Смит этникалық тарихтың теорияларын зерттей келе өткен тарихында өзінің мемлекеті болған халықтар ғана болашақта тағы да сондай мемлекет құра алады деген қорытынды жасаған [184, с.243].

Эволюциялық-тарихи бағыттың тағы бір өкілі, кеңестік ғалым Ю.В. Бромлей этнос туралы: «...этнос мәдениеттің жеке бір бөлшегі емес, ол тұрақты ерекше белгісі бар айрықша мәдени тұтастық болып табылады»,- деп айтып өткен [185, с.31]. Жоғарыда аталған, примордиалистік тұрғыда этностарды биологиялық жағынан қандық-туыстық байланыстар негізінде қалыптасқан қауымдастық деп зерттеу, қоман-қыпшақтарының ортағасырлардағы басқа да түркі тілдес халықтармен араласып, Қыпшақ хандығының аясында бірігуінің себебін ашуға септігін тигізері сөзсіз. Дегенмен, ортағасырларда түрлі этникалық бірлестіктер түсінігіне әлеуметтік және мәдени құрылым болған этникалық қауымдастықтардың бүгінгі таңда да қазіргі ұлттармен қандық-туыстық байланыстарынан бөлек, кейбір ортақ белгілері бар (ата-бабалары туралы аңыздар, мәдениет элементтері, тілі, наным-сенімі, территориясы және т.б.) екендігін ескеруіміз керек. Мысалы, түркі тілдес халықтар бірнеше ғасырлар өтсе де мәдени құндылықтарын өзгертпей, бірегей қауымдастықтарды құрап, тарихи сабақтастығын жоғалтпай отыр.

Тіпті, жазуы болмаған халықтар ұстанымдары мен өмірлік құндылықтарын ауызша дәстүрлермен және діни жоралғылар негізінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған [186, с.150].

Сонымен қатар, қоғамдық сананың жоғары бөлігі ретінде идеология да этникалық топтардың қалыптасу тарихында маңызды орын алған. Ол белгілі бір әлеуметтік топтың билеушілерімен дайындалып, содан кейін барып халыққа таратылды. Бұл жерде әрдайым интеллектуалдық және құндылықтық күштеу орын алады және ол қарапайым халық пен этно-әлеуметтік топтың билеушілері арасындағы құндылықтықтардың сәйкестілігіне байланысты болады. Этникалық қауымдастықтардың құндылықтары негізінен діни сенімдерінде көрініс тапқан [187, с. 89].

Шығыс Еуропа далаларында бұлғар, хазар, пшенег және оғыздардан кейін беделді болған қоман-қыпшақтарда этникалық қауымдастыққа тән барлық белгілер: тілі, өзіндік мәдениеті, діні, наным-сенімі, дәстүрі болды. IX-XI ғасырларда кимек-қыпшақ конфедерациясына кірген қоман-қыпшақтары ортақ болашақ үшін бірікті. Ағылшын әлеуметтанушысы Б. Андерсонның сөзімен айтар болсақ «ортақ тағдыр» - бұл болашаққа ұжымдық ұмтылыс болып табылды [184, с.10]. Осы ұмтылыс негізінде VIII-XIII ғасырларда Қазақстан аумағында қағанаттар мен хандықтар құрған халықтар шынайы өмірде жойылып кетпеу үшін күреске түсіп отырған. Ол негізінен ортақ тіл, күнделікті өмірдің нормалары, ортақ мәдениет, ортақ саяси институттар – ұлттық (этникалық) мінез-құлық бойынша анықталды. Осы айтылғандар қоман-қыпшақтарының этникалық топ деңгейіне, этникалық қауымдастық сатысына көтерілгендерін дәлелдесе керек.

Кез-келген қоғамның қалыптасуында өзгерістер болса мәдениет ол туралы тез арада хабар береді, ол оның киімі, тілі, өмір сүру салты және т.б. көрініс табады [186, с.152]. Сондықтанда, әлемдік гуманитарлық ғылымдарда XX ғасырдың 70 жылдары мәдениетті қоғамдағы өзгерістерді зерттеу дерегі ретінде қарастыру орын алған.

Ағылшын тарихшысы Эрик Дж. Хобсбаумның пікірінше этникалық тиістілік оңай өзгеріске ұшырайды, сондықтанда этникалық тиістілік теориясынан бас тартып, этникааралық байланыстарды әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастар түрі ретінде қарастыру керек [188, с.338].

Бұл негізінен инструменталистік тұрғыға жақын келеді. Инструменталистік тұрғыны жақтаушылардың көзқарасы бойынша, қоғамдағы адамдар арасындағы теңсіздік әр бір топтағы этникалық бірегейлікті қалыптастыруға негіз болады. Соның негізінде топаралық қатынастардың сипаты анықталып, этникалық топтың бағытталған саяси қызметі жүзеге асады. Осыған орай инструменталистік концепциялар көбіне-көп этникалық теңдікті болдырмау және қалпына келтіруде, этникалықты тиімді құрал ретінде қолданады және әлеуметтік-психологиялық теорияларға сүйенеді.

Сонымен қатар әлемдік ғылымда этникалық тарихты конструктивистік тұрғыда қарастыру да кең етек жайған. Бұл концепцияның ерекшелігі этнос пен этникалық түсінігіне жаңа белгілерді қоспай, қайта оны осы анықталған белгілері бойынша түсіндіру. Мысалы, этникалық бірегейліктің белгісі – бұл шығу тегінің ортақтығы емес, ортақ тарихи тағдыр туралы түсінік, шежіре немесе аңызды қалыптастыру болып табылады [166, с.51].

Этникалық топты әлеуметтік конструкт деп есептейтін ресейдің белгілі тарихшысы, этнолог В.А. Тишковтың пікірінше, конструктивистік тұрғыда этникалық қауым деп ортақ атауы мен мәдениет элементтері бар, шығу тегі мен тарихи жадысы бір, ынтымақтастық сезімі жоғары топ мүшелерін айтуға болады [189, с.17].

Жеке бір этникалық қауымның нақты-тарихи қалыптасуын мәдени дамудың этникалық мазмұнының теориялық тұрғысынан қабылдау, тарихи

философияның маңызды аспектісі ретінде, қоғам туралы кез-келген пәндік білімнің методологиялық негізі бола алады.

Методологиялық негіз ретінде әлеуметтік дамуды теориялық моделдеуде қоғамды органикалық жүйе ретінде қабылдап, қоғамдық қатынастарды өзарарефлексивті, өзараизоморфты және құрылымды қалыптастырушы фактор ретінде этникалық үдерістерді шынайы қарастыруға болады [190, с.46].

Қоғамды бүтін бір жүйе ретінде қарастырмау немесе жоғарыдағы методологиялық принципті елемеу, этникалық үдерістердің өзекті мәселелерін зерттеуде белгілі-бір деңгейде жүйеленбеген, жеке пәндік тар мағынада қарастырылған болып шығады. Сондықтан да біз диссертациялық зерттеуімізде қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен байланысын саралағанда, олардың тарихын түркі дәуірінен ерекшелеп бөліп алмастан, VIII-XIII ғасырларда Еуразия аумағында орын алған саяси оқиғалар, этникалық үдерістер сабақтастығындағы бір жүйе ретінде қарастырамыз.

Осы жоғарыда аталған теориялық ұстанымдарды негізге алатын болсақ, VIII-XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының этникалық тарихы өте күрделі бола түседі. Өйткені әлі күнге қоман-қыпшақтарының этникалық тарихы толықтай зерттеліп болған жоқ, таласты мәселелер де бар. Атап айтқанда, қоман-қыпшақтарының этникалық тарихын қарастырып жүрген ғалымдардың пікірінше, қыпшақтардың құрамына кірген этникалық компоненттер түркілер ғана емес, моңғолдар (қидан, күрлеуіттер) және угорлықтар (мажарлар) да болған [191, с.306].

Бірақ белгілі академик, кимек, қоман, қыпшақ тарихын зерттеуші ғалым Б.Е. Көмеков араб деректеріне сүйеніп, бұл көзқарастың расталмайтын айтады. Ғалымның пікірінше, Дешті-Қыпшақ этнонимдері бойынша араб деректерінде құнды деректер жазылған, соған сәйкес қыпшақ бірлестігіне қыпшақтардан бөлек, түркі тілдес кимек, қоман, оғыз, ертедегі башқұрт, пешенег және түркіленген иран тілдес этникалық қабаттың элементтері де кірген. Яғни, XI-XIII ғасырларда қыпшақ тайпалық бірлестігінің құрамы біркелкі болмаған. Шығыс қыпшақ бірлестігінің құрамы туралы Ахмад ат-Тини ад-Димашки, ал Батыс қыпшақ бірлестігінің тайпалық құрамы жөнінде ан-Нувайри, ибн Халдун мәліметтер жазып қалдырған. Деректердегі мәлімет бойынша Шығыс пен Батыс Қыпшақ хандығының шекарасы Еділ өзенінің бойымен өткен және моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде қыпшақ бірлестігінің құрамында моңғолдық компонент болмаған [192, с.134].

Қоман-қыпшақтарының құрамында XIII ғасырдың бас кезіне дейін моңғолдық топтар болмаған, қыпшақтар өз ішінде батыс, шығыс бірлестіктерге бөлінген, қыпшақ қауымдастығының тайпалық құрамы өте күрделі және онда қыпшақтардан басқа кимектік, қомандық, оғыз, башқұрттық, пешенегтік элементтер болған деген пікірге қосыламыз. Өйткені, қоман-қыпшақтары батысқа көші-қон үдерісі барысында аталған этникалық топтармен тығыз байланысқа түскен және олар уақыт өте келе қыпшақ бірлестігі құрамына енген.

Қыпшақ бірлестігінің құрамына қоман, қаңлы, кимек және басқа да көшпелі түркі тілдес тайпалардың сіңісіп кетуінің басты себебі әскери-саяси жағдайға байланысты және мәдени-шаруашылық тұрмыстарының ұқсастығынан болуы керек.

Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға қоныс аударған түркі халықтарының шығу тегін зерттеген П.Ф. Сумның пікірінше, түркілердің аттарының өзгеріп отыруының себебі, қағанат пен халқының аты негізінен билеуші басымдылыққа ие тайпаның атымен аталған. Скифтер, сарматтар, аландар, ғұндар, хазарлар, ұздар немесе қомандар, татарлар – барлығы тарих сахнасында бірін-бірі алмастырып отырған [193, с.15].

Қыпшақтардың этникалық тарихын қарастырып жүргізген тарихшы С.Ш. Казиев қыпшақтардың құрамына кірген этникалық компоненттер әр түрлі болғанын 1237 жылы жазылған қытай деректерінде жызылғанын, сондай-ақ, қыпшақтардың көшпелі өмір салтын ұстанғанын және антропологиялық келбетінің моңғолдардан бөлек, көк көзді, жирен шашты болғанын айтады. Сонымен қатар ғалымның пікірінше қаңлы, башқұрт, қыпшақтар моңғол шапқыншылығына дейін жеке этникалық топтар болған. Тек қазақ, өзбек, ноғай, башқұрт, қарақалпақ халықтарының негізгі этникалық ядросы қалыптаса бастаған және XV ғасырларда ғана қаңлы-қыпшақ, күрлеуіт-қыпшақ және қытай-қыпшақтар атанып қыпшақ тайпалық бірлестігіне енген деп көрсетеді [191, с.306].

Жалпы, көріп тұрғанымыздай конструктивистік тұрғыда алып қарайтын болсақ, жеке этникалық топтар болып табылатын қауымдар (қоман, кимек, оғыз, қаңлы, қарлұқ, пешенег, ұйғыр, башқұрт және т.б.) шығу тегі мен тарихи жадысының бірлігі, тілдік жақындығы, ынтымақтастық сезімінің жоғары болуы, наным-сенімі мен дүниетанымының ортақтығынан бір «қыпшақ бірлестігі» атауының айналасына топтасқан.

VIII-XIII ғғ. қоман-қыпшақтарының этникалық тарихын пәнаралық тұрғылардың басты тұжырымдамасы бойынша қорытындылайтын болсақ, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысын, отандық және әлемдік ғылыми әдебиеттердегі этникалық топтардың қауымдастықтарға бірігуі мен этникалық дамуының тарихи кезеңдері негізінде олардың көрші халықтармен мәдени, тілдік, діни, салт-дәстүрі бойынша ықпалдастығын, түркі тілдес халықтар тарихының тұтас бір кезеңі ретінде бағалаймыз. Бұл этностың тұтастығы, территориялық жағынан шекаралас болуы, тілдік, экономикалық байланыстары, материалдық және рухани жағынан ұқсастығы арқылы жүзеге асқан. Сондай-ақ, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен байланысының бастауларын ерте кездегі көшпелілердің отырықшы халықтармен байланысы сабақтастығында қарастырып, зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін анықтаған тұста, қай кезеңде де этникалық тарихты зерттеу мен этникалық компоненттерді анықтауда этникалық өзіндік таным, этникалық бірегейлік мәселелері алдыңғы қатарда тұрғанына көз жеткіздік.

Сонымен бірге, зерттеу барысында этникалық тарихты зерттеудегі түйінді түсініктер: «этнос», «этникалық қауымдар», «этникалық үдеріс» терминдеріне

пәнаралық байланыстар тұрғысынан түсіндірме беріліп, мазмұны мен қолданылу аясының кеңдігі қазіргі ғылыми әдебиеттердегі теориялар мен методологиялар негізінде кешенді қарастырылып, толықтырылды. Сонымен қатар, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен байланысын қарастырғанда аталған түсініктер маңызды орын алатыны дәлелденді. Зерттеудің теориялық-методологиялық негізі болып табылатын примордиалистік және конструктивистік тұрғылар бойынша кез-келген этникалық қауымдастықтың дамуында ортақ заңдылықтың болуы анықталды. Яғни, бұл қандай да бір сыртқы фактордың ықпалымен этникалық топтың, бұл жерде сөз әрине қоман-қыпшақтары туралы, өзіндік ерекшеліктері жергілікті жағдайға, жаңа ортаға бейімделіп, мәдениеттер ықпалдастығы белсенді орын алса да, этникалық топ өзіндік ерекшелігін, этникалық маркерін жоғалтпастан, тек өзіне ғана тән мәдениет үлгісін сақтауы болып табылады.

1.2 Қоман-қыпшақтарының батысқа қоныс аударуы және этникалық атауының орныгуы: деректер мен зерттеулерге жаңаша көзқарас

VIII-XIII ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың тарихи мұраларынан бастау алатын қазіргі мәдени игіліктеріміздің қалыптасуы мен даму тарихын білуде қоман-қыпшақтарының көші-қон үдерісі және соның салдары ретінде этникалық атауының, қоныстану аумағының өзгеруі, кеңеюі маңызды орын алады. Өйткені, қоман-қыпшақтарының батыс бағытындағы көші-қон үдерісі жаңа этникалық топтардың тарих сахнасына шығуына алып келді. Ортағасырлық деректерден тарихтың әр кезеңінде түркі тілдес халықтардың этникалық атаулары өзгеріп тұрғанын білеміз. Дәл сол сияқты қоман-қыпшақтарының да этно-тарихын зерттегенде олардың көрші халықтармен тығыз байланысқа түсіп, бір-бірінің тарихына, мәдениетіне ықпал еткенін көруге болады. Осындай этникааралық синтездер нәтижесінде кейіннен қалыптасқан этникалық компоненттер, бүгінгі қазақ, өзбек, башқұрт, татар, бұлғар және т.б. халықтардың құрамына кіріп, олардың жеке ұлт ретінде қалыптасу үдерісінде маңызды орын алған. Кейде этникааралық синтез нәтижесінде халықтың идентификациялық сипатының бір түрден екінші түрге өтуі байқалады. Сондықтанда біз зерттеуіміздің осы тараушасында қоман-қыпшақтарының батысқа қарай көші қон үдерісінде орын алған осындай этникааралық синтездерді қарастырамыз. Тақырыптың мазмұнын ашу үшін алдымызға келесідей міндеттерді қоямыз:

- қоман-қыпшақтарының шығыстан батыс бағытындағы көші-қон үдерісіне ықпал еткен жағдайларды зерттеу;
- қоман-қыпшақтарының шығыстан батысқа миграциясы барысында «қыпшақ», «қоман», «половцы» этнонимдерінің шығу тарихын пәнаралық байланыстар тұрғысында, жазба деректер, генетикалық мәліметтер, халық ауыз әдебиеті үлгілері негізінде анықтау;
- қыпшақ бірлестігіне кірген қоман-қыпшақтарының бастапқы және кейінгі этникалық қоныстану аумағын айқындау.

Осы аталған міндеттерді шешу үшін қоман-қыпшақтарының көші-қон үдерісі мен тарихи жағдайларға байланысты өзіндік этникалық атаулары мен қоныстану аумағының өзгеруі кезеңдерін анықтап, тақырып аясында айтылып жүрген болжамдарды деректермен салыстыра отырып, кешенді зерттеу жүргізуге тырысамыз.

Сондай-ақ, қоман-қыпшақтардың Батыстан Шығысқа қайта оралуы үдерісінде олардың тұрмысына, мәдениетіне, дүниетанымына «батыстың» қаншалықты әсері болғанын зерделеу де маңызды болып тұр. Яғни, Шығыс пен Батыс арасында халықтардың көші-қон үдерісінің қорытындысы ретінде мәдени интеграция жүзеге асқан ба деген ойда аса қызығушылық тудырып отыр.

Кимек, қыпшақ тарихын көп жылдардан бері зерттеп жүрген ғалым, академик Б.Е. Көмеков генеологиялық аңыздарға сүйеніп қоман-қыпшақ этникалық бірлестігі қалыптасуының басты кезеңдері көші-қон үдерісінің негізінде жүзеге асқанын атап көрсетеді:

- татар ақсүйектерінің Ертіс бойына қоныс аударуы;
- жеті тайпа (қыпшақ, қоман, кимек, оғыз, қаңлы, қарлұқ, пешенег, ұйғыр) моңғол жеріндегі ұлы көшпелілер империясының құрамында болып, кейін қоныс аударған;
- кимек, қыпшақ, қомандардың қазақ даласында қоныстануы және батысқа қарай қоныс аударуы.

Орталық Азияның көшпелі халықтарының батысқа қарай қоныс аударуының басты себебін зерттеушілер Солтүстік Қытай жерінде 916 жылы көшпелі қидан тайпалары құрған Ляо мемлекетімен байланыстырады [21, с.43-45].

Бұдан кейінгі кезеңдердегі қоман-қыпшақтарының батысқа қарай көші-қоны, жаңа халықтармен көршілік-шекаралық байланысқа түсуі мәселесі әлі күнге кешенді түрде зерттелмей отыр. Сондықтан да, біз жоғарыда академик Б.Е. Көмековтің ұсынған қоман-қыпшақтарының көші-қон үдерісінің бастапқы кезеңдерін басшылыққа алып, содан кейінгі кезеңдегі олардың батыс бағытындағы қоныс аударуының тарихын, қолда бар деректер мен жаңа ғылыми зерттеулердегі ұстанымдар бойынша қарастыруға тырысамыз.

Қоман-қыпшақтарының этникалық қоныстану аумағының өзгеруі мәселесі де осы күнге дейін арнайы зерттеу нысанына алынып қарастырылмаған, бұлай болуына қоныс аударушылар мен қабылдаушы жергілікті халықтар арасындағы байланыстар туралы эмпирикалық базаның аздығы, кешенді жүйеленген зерттеулердің жоқтығы шектеу болған болуы керек. Бұл өз кезегінде зерттеушілерге ортағасырлардағы этникалық топтардың көші-қон үдерістерінің себептері мен салдарларын толықтай ашуға мүмкіндік бермеген еді.

Қазіргі кезде жарияланған орта ғасырлардағы этникалық байланыстарға арналған зерттеулердегі жаңаша көзқарастар мен ұстанымдар және пәнаралық байланыстар негізінде белгілі жазба деректер қайта түсіндіріліп, қарастырылуда.

Қоман-қыпшақтарының тарихына байланысты жаңа деректер мен зерттеулердің негізінде қыпшақ бірлестігіне кірген этникалық топтарды үшке: қомандар батыста – Днепр өзені мен Карпаттың арасында, половцылар – Еділ мен Днепр аралығында, ал қыпшақтар Ертіс пен Еділ арасындағы далаларды қоныстанған. Батыстағы қомандар одағы Еділ-Орал, Солтүстік Кавказдық және Понтий-Дунайлық топтарға жіктеледі. Қыпшақтар болса Орта Азиялық, Қазақстан жеріндегі және Батыс-Сібірлік деп бөлінеді [194, p.206].

Сонымен қатар, орта ғасырлардағы Еуразияның далалық аумағындағы түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қоман-қыпшақтарының Шығыстан Батысқа көші-қон үдерісі, Шығыс Еуропа елдері мен халықтарының тарихы мен мәдениетіне ықпалының болғанын зерттеуге қызығушылықтың артуы жаңадан ашылып жатқан археологиялық деректер, лингвистикалық мәліметтер, генетикалық сараптамалар нәтижелеріне байланысты да өзекті болып отыр [47, 15 б.]. Осы жағынан алғанда, қарастырылып отырған тақырып маңызды және қазіргі көші-қон үдерісін зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектеріндегі жаңа көзқарастар негізінде, Батыс пен Шығыс ықпалдастығының тарихи бастаулары тұрғысында қайта кешенді қарастыру қажет деп есептейміз. Өйткені, Батыс пен Шығысты өзара жақындастырып, халықтар арасында мәдениеттер алмасуында мәңгілік көпір, мықты дәнекер болып, өркениеттер қорын молайтуға ықпал еткен қоман-қыпшақтарының әлемдік өркениетке қосқан үлесі зор. Сондықтанда біз, табылған археологиялық материалдар, ауызша және жазбаша деректер негізінде қоман-қыпшақтарының батысқа қоныс аударуының саяси, тарихи себептерін аша отырып, этникалық тарихын қарастырамыз.

Көшпелі халықтардың Ұлы даланың шығысынан батысына қарай қоныс аударуы мәселесіне келгенде зерттеушілердің басым көпшілігі, көші-қон үдерісі табиғат апаттары, қуаңшылық, күннің суытуы, су тасқыны сияқты құбылыстармен байланысты болған деп есептейді [86, с.95].

Қоман-қыпшақтарының тарихын географиясыз анықтау мүмкін емес, өйткені олардың қоныстану аумағы біз қарастырып отырған тарихи кезең аралығында бірнеше рет өзгерді. Сонымен қатар физикалық-географиялық жағдай да тұрақты болмады. Климаттың өзгеруі және табиғат апаттары салдарынан адам қоршаған ортаға тәуелді болып, ормандардың орнына иен далалар мен шөл далалар пайда болды. Осындай жағдайларға байланысты адамдар қалыптасқан өмір және шаруашылық жүргізу салтын өзгертуге мәжбүр болып отырған. Бұл әлеуметтік қатынастар мен мәдени байланыстар сипатына әсер етті. Нәтижесінде көшпелілер көрші халықтармен кейде бейбіт, кейде соғыс жағдайында байланысқа түскен [110, с.2-3].

Көші-қон үдерісін бізге дейін зерттеген ғалымдардың аталған пікірімен келісе отырып, оны халықтардың қоныс аударуының бір себебі ретінде қарастырамыз.

Қоман-қыпшақтарының батысқа қоныс аударуы олардың ішкі және сыртқы саяси жағдайын ауырлатты, олар көшіп келген жерлерде табиғи және саяси жағдайларға байланысты келеңсіздіктерге ұшырап отырды. Сондықтанда олардың көрші мемлекеттермен кейде соғыс, кейде одақтастық жағдайында

қарым-қатынас жасауына тура келді. Дегенмен, ортағасырларда көшпелілердің қоныстану аумағын жиі ауыстырып отыруы этно-мәдени интеграциясының маңызды факторларының бірі болды. Көшпелі тайпалардың бұл көші-қон үдерісі, жаңа жерлердегі жергілікті халықтарды өздеріне бағындырып, кейде жергілікті тайпалардың басымдылығын мойындай отырып, жаңа мемлекеттік құрылымдарды қалыптастырғаны белгілі. Еуразияның кең байтақ далаларын игеру үдерісі осы аймақты қоныстанған халықтардың тарихи тағдырын анықтап берген фактор болып табылады. Табиғи-климаттық жағдайының тұрақты болмауы әр түрлі шаруашылық-мәдени типтерді қалыптастырды, соның ішінде көшпелі шаруашылық түрі басымдылыққа ие болған [195, с.53].

Көшпелілерде мал негізгі байлық пен азықтың көзі болғандықтан, олар оған тәуелді болды. Жайылымда шөптің жеткілікті мөлшерде болмауы малдың қырылып, аштықтың басталуына алып келетін болған. Ұлы дала көшпелілерінің көрші халықтармен жүргізген соғыстардан түскен олжасы әскерді қамтамасыз еткенімен, бұқара халықты қамтамасыз ете алмады. Сондықтан да көшпелілер қоныс адаруға бел байлаған кезде өздеріне табиғаты жақын, ұқсас аймақтарды таңдайтын болған [196, б.100].

Сондай-ақ, қоныс аударуға дала тұрғындарының демографиялық жағынан өсуі, қағанаттағы билік үшін ішкі талас-тартыстар, көрші халықтармен қақтығыстары және т.б. факторлар ықпал еткен [67, с.3].

Көші-қон үдерісін дала халқының демографиялық жағынан өсуі тұрғысынан қарастыру, тұрғындардың белгілі-бір аймақта тығыз не сирек орналасуы, олардың тарихы, мәдениеті, демографиялық жағдайы және т.б. анықтауда маңызды болып табылады. Ал, позитивтік тұрғыда көші-қон үдерісінің объективті заңдылығын аша отырып, миграциялық үдерістің этникалық топқа әсерін анықтауға болады. Бұл тұрғының ерекшелігі этникалық топтың өзіндік таңдауының жемісі болып табылуында, яғни бірнеше факторларға (географиялық, экономикалық, саяси) байланысты этникалық топтың өзінің жағдайын жақсарту мақсатында қоныс аударуы орын алады [165, с. 88-89]. Сонымен қалай айтсақ та, қоман-қыпшақтарының орта ғасырлардағы көші-қон үдерісі, Еуразияның кең-байтақ далаларын игеруі, көрші халықтармен байланысқа түсуі, олардың тарихи тағдырын анықтап берген негізгі фактор болды.

Жалпы, тарихтан белгілісі қыпшақ бірлестігіне енген тайпалардың ең алғашқы қоныстанған территориясы Саян-Алтай өңірі, олар осы территорияны қоныстанаған түркі тілдес халықтардан тараған, кейін батысқа қоныс аударған [17, с.453]. Алтай өңірін қоныстанған түркі тілдес халықтардың қатарында қомандар да айтылады, нақтырақ айтсақ қомандар Алтайдың солтүстігіндегі Со аймағын қоныстанған [17, с.279].

Бірінші мыңжылдықтықтың бас кезінде қазіргі Қазақстан аумағына қоныс аударған тайпалардың барлығы шартты түрде Алтай өңірінен тараған деп есептелінеді. Олардың алғашқы қоныстанған аумағы Алтайдың шығысындағы территория, Оңтүстік Сібір, Енесай мен Тынық мұхиты аралығындағы жерлер,

Моңғолия, Манчжурия және қазіргі Қытайдың солтүстігіндегі аймақтар болған [197, с.53; 198, с.42-43].

Қыпшақтанушы ғалым С.М. Ақынжановтың пікірінше, I мыңжылдықтың соңына таман қазақ даласында қыпшақ бірлестігінің қалыптасуы моңғол тілдес этностардың қоныс аударуымен байланысты болған. Атап айтқанда, ғалымның көзқарасы бойынша бастапқы шығу тегі түркілік емес кимек этносаяси бірлестігімен байланысты. Олар протомонғолдық сянби тайпалық одағына кірген, Солтүстік-Шығыс Моңғолия жерінен қоныс аударып келген, сонымен қатар кумоси және уранкай атымен де танымал болған [20, с.289].

Б.Е. Көмеков, С.Ш. Қазиев сияқты қыпшақтанушы ғалымдар бұл көзқараспен келіспейді.

Қоман-қыпшақтарының этникалық тарихы өте күрделі, әлі де зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, біз кимектердің шығу тегі қыпшақтармен байланысты, яғни этникалық бастаулары Сір-енда (Сеянто) қағанатынан басталатынын жоғарыда атап өткендіктен, кимектердің этникалық қатыстылығын түркілік деп есептейміз.

С.М. Ақынжанов араб деректері негізінде қыпшақтардың тайпалық құрамын ірі және кіші топтарға жіктеп көрсеткен, осы жіктеменің ішінде кіші топқа жататын тайпалардың қатарында «куманку» тайпасының да атын атайды [20, с.267].

Осы жіктемеде куманку тайпасының қыпшақ бірлестігіндегі белді тайпалармен қатар аталуының өзі, оның бастапқыда жеке тайпа болғанын дәлелдей түсетіндей.

Оның үстіне, бүгінгі таңда генетикалық зерттеулер деректері түркі тілдес халықтардың арасында таралған қыпшақ, қоман, құман, құманды этнонимдерінің шығу тегінің, генетикалық жағынан жақындығын дәлелдеп отыр.

Генетик-ғалымдар башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, оңтүстік Алтай қыпшақтарын бірнеше гаплотоптарға, өз ішінде оларды ұсақ генетикалық тармақтарға (субкладтар мен кластерлер) бөліп жіктеп зерттей келе, белгілі бір этностар мен этнотерриториялық топтарға біріктіреді. Олар бүгінгі таңда жоғарыда аталған халықтардың құрамындағы қыпшақтардың барлығы бір гаплотоптарға жатқызылмайтынын анықтаған. Тек екі этнос солтүстік алтайлық этникалық топ құмандылар мен қыпшақтар арасында ежелден байланысы болған деп көрсетеді. Құмандылардың бастапқы кездегі аты қоман болған. Генетикалық жағынан туыстығы мен этнонимдердің аталуының нақтылығына байланысты қазақ, башқұрт, қарақалпақ қыпшақтары мен құмандылардың ортағасырлардағы ата бабалары бір қоман-қыпшақ этнонимінен бастау алады. Бұл топтағылардың барлығы генетикалық кластер бойынша R1b-M73 (DYS390=19) деп маркерленген [199, с.299].

Қоман мен құмандылардың жақындығын және олардың қазақ жеріне қоныс аударғаннан кейінгі кезеңдерде наным-сенімін жергілікті халық арасына таратқанын этнографиялық мәліметтер де растайды. Құмандылар да қоман-қыпшақтарының XIII ғасырда христиан дінін қабылдауға мәжбүрленгеніндей

жағдайды бастан өткерген. Құмандылар христиан дінінің православиелік ағымын ресми қабылдаған деп есептелінгенмен, олар өздерінің ата-бабаларынан келе жатқан тәңірге (Үлгенге), суға (Суу ээзи), отқа (От ээзи) табыну дәстүрін сақтап қалған. Әлі күнге Үлгене құмандылардың: қыпшақ, мұндұс, кергіл, тодош, ошы, шапты руларының қорғаушысы саналады. Сондай-ақ, әйелдері орамалын тастамаған, етек-жеңін жауып киім киген, күйеуінің туыстарының атын атамайтын болған [152, с.181-184]. Бір қызығы осы аталған салт-дәстүрлер қазақ қоғамына да жат емес. Яғни, қоман-қыпшақтарының, құмандылардың діни-сенімі, ертедегі дүние танымы қазақ жеріне олардың көші-қон үдерісінің нәтижесінде келуімен байланысты тараған шығар деген ой туады.

Солтүстік алтайлықтарға жататын үш этникалық топтың: құмандылар, шелқандықтар және тубалардың қалыптасуында түркі тайпаларының ықпалы болғанын генетикалық зерттеулер нәтижесі де дәлелдеп отыр [161, с.675]. Негізінен бұл халықтардың қоныстану аумағы Орталық Қазақстан, Оңтүстік Сібір, Башқұртстан, Моңғолия, Тува территорияларын қамтиды [199, с.300]. Осы топқа жататын халықтардың территориялық жағынан орналасуы негізінен орта ғасырларда шын мәнінде тарихта қыпшақтар қоныстанған аймақтармен сәйкес келеді. Қазіргі генетик ғалымдардың мәліметтері, кезіндегі қыпшақтанушы ғалым С.М. Ахинжановтың тарихи-географиялық материалдарға сүйеніп, VIII ғасырларда қыпшақтар қоныстанған Андар аз Кифчак облысы Орталық Қазақстан территориясы болған деген пікірін растай түседі [20, с. 166-168]. Парсылық «Худуд ал-алам» географиялық шығармасын аударған А.А. Ромаскевичтің пікірінше, Андар аз-Кифчак аймағы кимектерге тиесілі және оның халқының кейбір салт-дәстүрлері оғыздардыкіне ұқсас болған. Ал, «Андар аз-Кифчак» - «ішкі қыпшақтар» деген мағына берген [124, с. 211].

Сонымен қатар, «Худуд ал-алам» мен ал-Идрисидің мәліметі бойынша кимек мемлекетінің ядросын он екі тайпа құраған. Солардың қатарында жеке этноним ретінде қомандар да аталады [21, с.45].

Яғни, бұл деректен IX-XI ғасырларда қоман-қыпшақтардың кимектер ықпалына түскен кезінде де, кимек мемлекеті аумағында өздерінің этникалық жеке ішкі қоныстану аймағының болғанын көреміз.

Академик Б.Е. Кумековтың пікірінше Андар аз-Кифчак аймағына Орталық Қазақстанның солтүстік-батыс, батыс аймақтары, Арал теңізінің солтүстігіндегі дала мен Оңтүстік Орал маңы кірген [22, с.65].

Ал-Идрисидің еңбегі мен картасына сәйкес IX-XI ғасырларда Ертіс пен Еділ арасындағы аймақта, Кимек қағанатында үш этносаяси бірлестік кимек, қыпшақ және қомандар болған. Кимектер негізінен Шығыс Қазақстанда, Ертісте және Батыс Алтайда, қыпшақтар Орталық Қазақстанда, қомандар Аралдың солтүстігі мен Оңтүстік Орал тауларына дейінгі аралықтағы даланы қоныстанған [171, с.43]. Олай болса, Андар аз-Кифчак аймағын, IX-XI ғасырларда кимек-қыпшақтармен бірге қоман-қыпшақтары да қоныстанғаны анық.

Сонымен қатар, R1b-M73 (DYS390=19) генетикалық белгісі қоман және қыпшақ этнониміне жатпайтын тубалар, тобыл-ертіс татарларында, томск түркілерінде, тувалықтарда, марий, моңғол, Еділ бойы татарларында, черкестерде, қабардылар, украиндар, ноғайлар, қалмықтар, тянь-шань қырғыздары мен ұйғырларында да кездеседі. Әр түрлі халықтардың құрамындағы осы генетикалық желіге жататын топтарды екі топқа бөлуге болады. Біріншісі, қыпшақ этнонимімен аталып жүрген рулар, ал екіншісі қыпшақтарға жақын саналатын қоман-қыпшақтарынан тараған рулар [199, с.299].

Бұл генетикалық талдау қорытындыларын көріп тұрғанымыздай қоман-қыпшақтары туба, тобыл-ертіс татарлары, томск түркілері, тувалықтар, марийлер, моңғол, Еділ бойы татарлары, черкестер, қабардылар, украиндар, ноғайлар, қалмықтар, тянь-шань қырғыздары мен ұйғырлары көші-қон үдерісі нәтижесінде араласып, генетикалық жағынан қыпшақ бірлестігіне енген халықтарды құраған.

Қоман-қыпшақтарының бастапқы қоныстары Оңтүстік Сібір, Солтүстік Алтай жерінде болған.VIII ғасырдың соңында қыпшақтардың бірнеше тайпалары, соның ішінде қомандар да бар кимектерден бөлініп, солтүстік-батыс Алтай жерінен ығысып, Ертістің батысындағы жерлерге қоныс аударған [21, с.45].

IX ғасырдан бастап қыпшақтар Торғай далалары арқылы батыс бағытында Еділге дейін және оңтүстік-батысқа – Сырдарияның орта ағысына қарай қоныс аудара бастаған. XI ғасырдың орта шенінен бастап Еділдің арғы жағындағы жерлерді бағындырып, батысқа қарай көші-қон үдерісін жалғастырып, орыс жылнамаларында половцы, половцы-команы және мұсылман географтарының еңбектеріндегі қыпшақ атауы кеңінен қолданыла бастаған [200, б.100].

Қоман-қыпшақтарының этникалық қалыптасуы қоныстану аймағының шекарасымен байланысты болған. XI ғасырда кимектер билік жасаған кең-байтақ далада, шығыста Алтай мен Ертістен бастап, батыста Еділ мен Оңтүстік Оралға дейінгі, солтүстікте Құлынды даласынан, оңтүстікте Балхаш көлі мен Жоңғар Алатауына дейінгі аралық ел бөрілі руынан шыққан қыпшақ хандарының билігіне өтеді.

Қыпшақ хандарының билігі әкесінен баласына мұраға қалып отырған. Махмұд Қашқаридің еңбегінде қыпшақ хандары әулетінің алғашқы атасы Абар хан (Табар) деп аталған [201, с.344].

Әскери-әкімшілік жағынан Қыпшақ хандығы көне түрік дәстүрлерін сақтап, екі қанатқа бөлінген. Оң қанаты Ордасымен Жайық өзені бойында, Сарайшық қаласының орнында, сол қанат-ордасымен Сығанақ қаласында тұрған. Оң қанат екіншісінен күштірек болған. Әскери ұйымдар мен әскери-әкімшілік басқару жүйесіне айрықша мән берілген, өйткені олардан көшпелі тұрмыс ерекшелігі толық көрінген және олар көшпелі өмірге мейлінше бейім болған. XI ғасырдың ортасында Еділден ары қарай қоныс аудара бастаған қоман-қыпшақтарының батыстағы бірлестігінде билік тоқсоба және бұржоғлы әулетінің қолында болған [171, с.45].

Ресей ғалымдарының пікірінше, қоман-қыпшақтардың батысқа қарай қозғалуы екі кезеңде жүрген және қыпшақ даласы екіге: Днепрден батысқа қарай - Ақ Кумания, Шығысқа - қарай Қара Кумания деп бөлінген. Бұл жерде Ақ Куманияны, яғни қыпшақ халқының батыс тармағын «сары» халқы қалыптастырды. Орыс жылнамаларында қыпшақтар «половцылар» «саракин» деп те аталады. Бұлай аталуына «сары» мен «құн» сөздерінің қосылуынан тууы да мүмкін, өйткені рустар сары мен кунды бір халық деп таныды. Қазіргі таңда зерттеушілер, әсіресе ресейлік ғалымдар «құн» тайпасы – қыпшақтардың шығыс тармағы, ал «сары» тайпасы - батыс тармағы болған деп есептейді [42, с.151]. Яғни, бұл жерде батыс тармағына жататын сарылар, ол қоман-қыпшақтары болып шығады.

Ескі қыпшақ тіліндегі топонимдер, этнонимдер және этнотопонимдердің түркі ономастикасындағы алатын орнын қарастырған М.Е. Әлімбаев зерттеуінің нәтижесінде Қазақстанның ерте орта ғасырлар тарихына қатысты этногенез, этнология мен түркология мәселелерін зерттеуде этнотопонимдердің дерек ретінде орнын көрсете келе, түркі халықтарының тарихындағы сабақтастықты ашуда маңыздылығын айтады.

М.Е. Әлімбаев қыпшақтанушы С.М. Ақынжанов, этнограф В.А. Туголуков, қытайтанушылар француз П. Пелльо мен кеңестік В.С. Таскиннің пікірлерін қарастыра келе: «қимақ-кимек-кумак – аралас текті, аралас тілді, яғни тілінде хундардың да, дунхулардың да тілдік ерекшеліктері бар этнос. Қазіргі Қазақстан даласына қоныс аудара келіп қыпшақ аталғанға дейінгі кимек-кумак тілі ерекшеліктерінің бірі – жекелік мағынада н, ал көптік мағынада т, ат, ит, ут аффикстерін қолданды. Қазақ халқының құрамындағы қыпшақтар шежіресіндегі қара қыпшақтарды қимақ-кимек, ал сары қыпшақтарды – половецтер»,- деп көрсетеді [49, б.10].

Сонымен қатар ғалымның пікірінше қара қыпшақ атанған қимақтардың негізгі бөлігінен бөлініп Шығыс Европаға қоныс аударып кеткен құмақ аталғандарды, жекелік мағынада құман деп атаған. Яғни, құмақ этнонимінің соңғы «к» дыбысы – көне түркі тілдерінде көптік мағынаны білдіретін қосымша болған. Сонда негізгі тайпалық бірлестіктен бөлініп кеткен құмақтардың бір бөлігіне көптікті білдіретін соңғы «к» қосымшасының орнына жекелік мағынадағы «н» аффиксі қолданылған. Осыдан барып половецтердің құман немесе қоман дейтін екінші атауы пайда болған және құман этнонимінің жекелік мағынаны білдіретіндігін оның құмаут дейтін көпше түрі дәлел болады [49, б.11].

Ежелгі түркілердің танымына, дәстүріне сай қыпшақтарды: шығыстағыларын – көк қыпшақтар, батыстағыларын – құба қыпшақтар, солтүстіктегілерін – қара қыпшақтар, оңтүстіктегілерін – қызыл, ал, орталықтағыларын – сары қыпшақтар деп атаған. Филолог-жазушы Қ. Салғараұлы қыпшақтарды осылай бөліп атау әдеттегі түстікті білдірмеген, бұл түркілердің дүние танымына байланысты пайда болған ұғым деп есептейді. Яғни, түркілер төрт құбыланы: шығысты «көк», батысты «ақ (құба)», солтүстікті «қара», оңтүстікті «қызыл», ал осы төрт құбыланың ортасын «сары»

деп атайтын дәстүр бойынша жіктеген деп жазады [202, б.91]. Жазушының бұл пікірімен келіспесек те, түркілердің дүниетанымындағы түстіктерді түстеу қазақ халқының ауыз әдебиетінде де кездеседі. Сондықтанда мүмкін бұл пікірдің астарында да шындық бар шығар деген ой туындайды.

Еуропалық деректерде, атап айтқанда XIII ғасырда моңғолдардың астанасына саяхат жасаған францискандық монах Гильом де Рубрук жазбаларында қомандардың қоныстанған аумағы сипатталған. Онда «Газариядан шыққаннан кейін шығыс бағытындағы саяхатында оңтүстігінде өзен, ал солтүстігінде не ағашы, не тау-тасы жоқ, шөбі шүйгін кең даламен жүргенін жаза келе, ертеректе мұнда қомандар өздерінің малдарын жайған», - деп жазылған [141, с.94]. Бұл жерде Газария деп А.И. Малеинннің көрсетуінше IX ғасырдан бастап Қырым жері, Хазар халқының атымен аталған [141, с.202].

Г. Рубрук қоман-қыпшақтарының Газариядан Еділге дейінгі аймақта қоныстанғанын айта келе, ары қарай Еділдің Ұлы Бұлғариядан басталып, оңтүстіктегі Сиркан теңізіне құятынын, Иссидордың оны Каспий теңізі деп атайтынын, оның оңтүстігінде Каспий таулары мен Парсы жерінің, шығысында - Мүлигек тауларының, солтүстігіндегі – шөлді далада қазір татарлардың тұратынын, оларға дейін бұл жерде қаңлы атанған қомандардың тұрғанын жазған [141, с. 102].

Гильом де Рубрук қомандар жерімен өтетін саяхатына шығар алдында, соңғы латын императоры II Балдуиннің қомандарға жіберген елшілігінде болған рыцарь Филиппе де Тусимен кездескен. Ф.Туси ақсүйектер отбасынан шыққан, саяси мақсаттар үшін қоман ханшайымына үйленген және қомандар туралы жақсы хабардар болған. Осы Ф. Тусиден саяхатха шығар алдында Г.Рубрук Дешті-Қыпшақ арқылы өтетін жолдар мен ондағы халықтар туралы нақты ақпараттар алған [203, с.16].

Моңғол жеріне саяхат жасаған италяндық миссионер П. Карпини де Днепр, Дон, Волга және Оралды моңғолдардың емес, Қоманияның ірі өзендері деп атайды және жол жазбаларында Қомания елі туралы және «қоман» халқы туралы жазған [141, с.61].

Ал-Идрисидің «Сурат-ал-ард» картасында Бахр ал-Хазар (Каспий теңізі) мен Бухайрат ал-Хваризмнің (Арал теңізі) солтүстігінде Аскасийа тауы көрсетілген. Тауды сипаттағанда оны шығысқа қарай сәл шығыңқырап, солтүстіктен оңтүстікке қарай меридионалды бағытта созылып жатқанын және таудан бірнеше өзендердің ағып жатқаны айтылады. Соның ішінде аса маңыздысы Хазар (Каспий) теңізіне құятын Атиль (Еділ) өзенінің аталуы сипатталып отырған Аскасийа тауы Орал тауы екенін күмән тудырмайды. Осы Аскасийа тауының оңтүстігінде қомандар (Ибн Саидта- куман, Абул-Фидта-каман) қоныстанған [171, с.42].

Аскасийаның оңтүстік-шығысында Тагура (Мұғалжар) тауы көрсетілген, онда қомандардың астанасы-Скманийа (Ибн Саид, Абул-Фид бойынша-Куманийа) бейнеленген. Ортағасырлық шығармалар мәліметтері бойынша Мұғалжар таулары қомандардың негізгі қонысы болғанға ұқсайды. Нарративті деректердің ақпараттары бойынша қомандар Арал теңізі маңы мен Оңтүстік

Орал тауларының арасындағы кеңістікте қоныстанған. Олардың оңтүстігінде оғыздар мен кимектер, батысында пешенегтер, солтүстік-батысында бұлғарлар, солтүстік-шығысында-қыпшақтар орналасқан [171, с.43].

XI ғасырдың ортасында қыпшақтар Еділден батысқа қарай жылжыған кезде қомандардың басым бөлігі қыпшақ бірлестігінің батыстағы авангарды ретінде Шығыс Еуропаның халқымен бірінші болып қақтығысқа түсті. Қомандардың ордасы Днепрдің шығысындағы жерлерде орналасты, сондай-ақ, Днепрден Днестрге дейінгі аралықтағы даланы да қоныстанған. Ал, XI ғасырдың 70-ші жылдарында деректерде қомандардың Дунайға дейін жеткені жазылған [171, с.44].

Орыс жылнамаларында да аталған өзендердің аралығы қоман-қыпшақтарының жері екені айтылады. Онда, «отперлюеве и токсобичи и вся Половецкая земля что же меж Волгою и Днъепромъ пойдоша..»,- деп жазылған [133, с.314.].

Сонымен қатар, Доннның да қыпшақтарға тиесілі екені жылнамада «О Дон, жылдам ағысты Дон өзені, сен тау-тасты жарып, қоман-қыпшақтардың жеріне ағып жатырсың»,- деп жазылған [204, с.102].

Орта ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың этно және глоттогенезінің (яғни, осы этностардың қалыптасу аймағы мен тілінің) ежелгі ошағы Еуразия континентінің шығыс бөлігі-Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірмен, батысында Алтайдан бастап, шығысында Хинганға дейінгі аймақпен тығыз байланысты. Бұл ұлан-ғайыр өлке көршілес мәдениет ошақтарынан алыстамады. Көші-қон үдерісі бірде үдеп, бірде бәсеңдеп Ұлы даланы шарпып тұрды. Ұлы даладағы этногенетикалық үдерістердің айрықша белгісі жылжымалылығында еді, яғни бір территорияда тұрақтап қоныстанып қалмай, үнемі қозғалыс үстінде болуына байланысты болды. Ортағасырлардағы барлық түркі тілдес халықтарға көшпелі өмір сүру салты, мобилділік, қоныстану аумағын оңай ауыстыра алуы, жаңадан құрылып жатқан тайпалық бірлестіктің құрамында жылдам бейімделу қасиеттері тән. Белгілі – бір әулеттің немесе ру-тайпалық топтың белсенділігімен құрылған этно-саяси бірлестіктің аясында ғана бейберекет көші-қон үдерісі бағыт-бағдарлы үдеріске айналып отырған. Тек ауқымды хронологиялық кезеңді алып қарастырғанда ғана көші-қон үдерісінің жалпы заңдылыққа бағынып, түркі тілдес халықтардың шығыстан батысқа қарай бірін-бірі ығыстырғанын байқауға болады [205, с. 91].

Түркітануда қоман-қыпшақ тайпаларының этногенезі өте күрделі және таласты мәселе болып табылады. Бірнеше ру-тайпадан құралған бірлестіктің тарихы ұзақ қалыптасу үдерісін бастан кешірген, бұл үдерістің күрделі кезеңде жүзеге асқанын қыпшақ одағы мен тармақтарының этнонимиялық әр түрлілігі дәлелдейді [78, с.27].

Қоман-қыпшақтарының қыпшақ бірлестігі құрамындағы этникалық топ ретінде танылған кезеңі XI-XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Жалпы қыпшақтардың халықаралық қатынастың жеке субъектісі ретінде танылғаны уақыты көне түркі жазбасында аты алғаш рет аталған кезеңнен басталады. VIII ғасырдың ортасында ұйғыр билеушісі Баян-шор қағанның құрметіне қойылған

ескерткіште қыпшақтардың түркілермен тең дәрежеде билік жүргізгені баяндалған [206, с.82]. Онда: «...түркі-қыпшақтар бізді елу жыл бағындырған кезде» деп жазылған, тарихта 691-742 жылдарда ұйғырлар мен тоғыз-оғыздар шын мәнінде түркілерге бағынышты болған [207, с.153-154].

Қыпшақтардың ата-бабалары Сйе (Се) және Яньто тайпаларынан құралған, теле ұрпақтарының ішіндегі ең мықтысы болған деп атап көрсеткен еді орыс қытайтанушысы Н.Я. Бичурин [135, с.263].

Қыпшақтардың VI-VII ғасырларда бірлесе өмір сүрген Се-Яньто тайпаларының ұрпақтары екендігін және олардың Екінші Шығыс түрік қағанаты билеушілері Қапаған (Мочжо) мен Білге қағанның билік жүргізген кезеңінде билікке қол жеткізіп, басқарушы тайпа ретінде мойындалғанын профессор Т. Омарбеков қытай деректері бойынша дәлелдейді [3, 55 б.]. Яғни, профессор Т.О. Омарбеков қыпшақтар тарихын Телек одағында болған Сір-Енда (Сеяньто) тайпаларынан бастайды. Оның пікірінше, 647 жылы Сір-Енда ұлысын, біріккен ұйғырлар мен Таң әскерлері талқандағаннан кейін, ендалықтар батысқа - Ертіс бойына көшіп кеткен де, сірлер шығыс түріктерінің қоластында қалған. Кейіннен сірлер Шығыс Түрік қағанатында билеуші тайпаға айналған уақытында жаңа қыпшақ атауын алған. Өйткені, жаңа қағанатта өздеріне тағы билік жасай бастаған байырғы сірлерді ұнатпағандықтан, ұйғыр оғыздары оларды қыпшақтар («шіріген ағаштың қабығы») деп атаған [3, б.95-96].

Сірлер 760 жылдан бастап қыпшақ этнонимін қабылдаған [208, б.241].

Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген В.В. Радлов пен профессор Хирт қытай деректерінде жиі кездесетін сеянто бұл сир-тардуш сөзінің транскрипциясы деп есептеген. Олар ғалымдардың пікірінше, Қарақұм даласында қоныстанған, саяси аренада күштері әлсіреген кезеңде Елтеріске қосылған және бұрынғы этникалық атауын жоғалтқан [209, с.316].

Қоман-қыпшақтарының этникалық тарихын зерттеуде жазбаша деректермен қатар халықтың жадында жазулы хаттай сақталып келген аңыздардың да тарихи маңызы зор. Онда халықтың қалыптасу кезеңі, тарихы мен мәдениетінің даму кезеңдерінен жанама ақпараттар толы болады.

Аңыздардың әлеуметтенуі мен оның тарихпен байланысын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, аңызда белгілі-бір дәрежеде тарихи шындық орын алады. Қазіргі кезде тарих ғылымында дерек ретінде автордың баяндауын қабылдайды, соның ішінде ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша айтылып келе жатқан аңыздар да бар. Аңыздар негізінен тарихи болған оқиғаларды халық жадында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ауызша жеткізіп отырады [210, с.101].

Сондай бір тарихи астары бар аңыз бойынша «қыпшақ» атауының шығу тарихы, оның ағашпен байланыстылығы Хиуа ханы, тарихшы Әбілғазының «Түрік шежіресінде» баяндалған. Онда: «Итбарақ елімен соғыста Оғызхан жеңіліс тауып, ұрыс болған жердің бергі жағындағы екі өзеннің жағасына келіп тоқтап, әскерін жинастырып жатқан кезде Оғызханның соғыста қаза тапқан бір бегінің әйелі толғағы келіп, бір іші шіріген үлкен ағаштың қуысына кіріп

босанып, ұл табады. Мұны естіген хан: «Әкесі менің көз алдымда соғыста өлді, қамқоршысы жоқ» деп атын Қыпшақ қойып, өз қамқорлығына алды. Түркі тілінде іші қуыс ағашты қыпшақ дер еді, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын қыпшақ қоюы содан еді. Бұл кезде де іші қуыс ағашты шыпшақ дейді. Қара халық тілі келмегендіктен к-нің орнына ш-айтып кеткен. Бұл баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болғаннан соң көп ел және нөкер беріп, Оғыз ханға жау болған орыс, олақ, мажар, башқыр елдеріне жіберді. Қыпшақ үш жүз жыл Дон мен Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шықты. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс ханның заманына дейін Дон, Еділ, Жайық аталатын бұл үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ еді. Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырды. Сондықтан ол жерді Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) деп атады»,- деп жазылған [153, б.19-20].

Әбілғазының «Түрік шежіресіндегі» қыпшақ атауының шығу туралы аңызда белгілі бір деңгейде тарихи шындық бар, өйткені автордың өзі айтып отырғандай XVII ғасырға дейін халық арасында іші қуыс ағаш шыпшақ аталған. Сондықтан қыпшақ жұрты Оғыз ханның асырап алған баласынан тараған ел болмаған күннің өзінде, қоман-қыпшақтары оғыздарға жат емес, тарихи шығу тамыры, қоныстану аумағы, өмір сүру мен шаруашылық жүргізу салты жақын тайпалар болған.

Келесі бір аңызда, «қыпшақтың» шығу тегі баяндалып қана қоймай, қыпшақ, қарақалпақ, қазақ, қырғыздың да шығу тегі туралы айтылады. Аңыздың желісі бойынша, түсі арқылы жүкті болған патша қызы тәрбиешісі мен күтуші қызметкер қыздарын алып елден жырақ кетеді де. Түзде аңшыға кезігіп, мән-жайын баяндайды да, аңшы қызға үйленіп, қазақ содан тарайды. Ал, аңшының туыстарына тұрмысқа шыққан хан қызының тәрбиешісінен қарақалпақ пен қыпшақ, күтуші қыздан-қырғыз дүниеге келген екен [158, б.71-72].

«Қыпшақ» этнонимі сияқты «қоман» атауының шығу тарихы туралы да нақты дерек жоқ, аңызға сүйенетін болсақ, Алтайдың солтүстігін қоныстанған қу тайпасының атына «жер», «ел» ұғымын білдіретін «бан» немесе «ман» жалғанып, кубан, куман немесе қоман атауы пайда болған екен. Қомандардың шығу тегін белгілі шығыстанушы Н.А. Аристов шамамен 535-558 жылдары «Солтүстік Вей әулетінің тарихында» түркі елшілерінің айтуымен жазылған аңызбен байланыстырады. Аңыз бойынша түркілердің арғы атасы ғұндардың солтүстігіндегі Со ұлысында өмір сүрген. Кейін оның бөріден тараған бір ұрпағы тылсым күшке ие болған екен. Оның екі әйелі, бірі Аспан құдайының қызы, екіншісі қыс жебеушісінің қызы болған. Бірінші әйелінен төрт ұлы болыпты, оның біреуі «аққуға» айналады, келесі ұлы Афу мен Гянь өзендері арасында мемлекет құрады, үшіншісі Шуси өзені маңында хандық құрған, ал төртінші үлкен ұлы Надулуше әкесінің ордасына ие болып Басы-шу-си-ши тауында тұрады. Ол суық кездерде от жағуды үйреніп, елін аман алып қалғаны үшін оны ту-кю деп атап, барлығы жоғары билікті соған тапсырады. Осы аңызда аты аталған Со аймағы Алтайдың солтүстігі болып табылады, өйткені

оның оңтүстігіндегі жерлер ғұндардың иелігіне кірген. Қазіргі Бии өзені мен оған Лебедь (Аққу) өзенінің құяр сағасында екі ру со мен құбанды немесе құманды қоныстанған. Ол аңызда аты аталған Аққу үш ағасы сияқты хандық құрып қу тайпасының негізін қалаған. Кейін осы Алтайдың солтүстігін қоныстанған қу тайпасының атына «жер», «ел» ұғымын білдіретін «бан» немесе «ман» жалғанып, кубан, куман атанды [17, с.2-4].

Қомандардың шығу тегі аққумен байланыстырылғаны сияқты, қомандармен шығу тегі бір деп саналып жүрген құмандылардың арасында да әлі күнге аққу құсымен байланысты аңыздар сақталған. Аңыз бойынша, аспаннан түскен үш аққу құс қыздарға айналады да, суға шомылмақ болып, киімдерін жағалауға тастап суға сүңгіп кеткен кезде бір аңшы бір қыздың киімін жасырып қояды. Судан шыққан қыздар киімді таба алмай, екеуі ғана киініп, аққуға айналып ұшып кетеді. Қалып қойған қыз аңшыға тұрмысқа шығып, құмандылар солардан тараған деген пікір қалыптасқан [151, с.268].

Осы айтылған аңыздар желісінен қоман-қыпшақтары мен құмандылардың шығу тегі бір, тайпалық тотемі аққу болған деген ой түйеміз. Өйткені, аңыз тек тарихи жады ғана емес, ол ақпаратты сақтаушы болып та табылады.

Аңыздармен қатар батырлық жырларында да қоман-қыпшақтары туралы деректер сақталған. Мысалы, белгілі ноғай фольклоры «Қырымның қырық батыры» дастаны мазмұнында монғолдардың қоман-қыпшақ жеріне жаулаушылық жорығына ұландарын қарсы тұруға шақыратын үзінді бар, онда:

«...Куьман уьлке, Кыпшагым, Эр уланлар атлансын!

Карсы шыксын ясанып,Болат куьп пен курсасын

Ол душпаннынъ ян-ягын!»,- деп жырланған [147, с.6].

Автордың жырдың алғашқы жолында Қоман өлкем деп жеке атап айтуының өзі, оның қоман елінен шыққанын және содан кейін «қыпшағым» дегені, онда қыпшақтардың да тұратынын анықтап беріп отыр.

Ресейлік тарихшы, этнолог А.А. Ярлыкапов «Қырымның қырық батыры» поэмасын қарастыра келе, оның моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде ноғайлар арасында емес, қыпшақтардың арасында пайда болған деп көрсетеді. А.А. Ярлыкаповтың мұндай қорытындыға келуіне дастанның мазмұнында Ноғай Ордасының территориясы емес, моңғол шапқыншылығына дейінгі Дешті-Қыпшақтың аумағының суреттелуі себеп болған [148, с.365].

Қалай болғанда да, қоман-қыпшақ этногенезі туралы түркітанушылар әлі күнге бір тоқтамға келе алмай отыр. Мәселе қыпшақ бірлестігіне кірген этнонимдерді жазба деректердің әр түрлі атауында болып тұр. Араб, жалпы мұсылман деректері «қыпшақ, қафшақ» десе, византиялық пен латын деректерінде қыпшақтардың батыс бөлігін «қоман, куманой, куманус, комани», неміс тілді деректерде «фалон, фальвы, валани», венгр-латын хроникалары мен грамоталары «құн, қоман, папочи», армян тілінде «хардеш», орыс жылнамалары «половцы» деп атаған [211, с.120; 20, с.86; 212 , p.41; 213, с.21.].

Этнонимдердің пайда болуы, таралуы туралы ғылыми таласты пікірлер әр түрлі. Оған себеп, ортағасырлық деректерде қоман-қыпшақтарының әр түрлі аталуы, кейде тіпті ортағасырлық тайпалардың тізімінде аталмай қалуы немесе

қайшылықты мәліметтердің орын алуы болып табылады. Бұл сонымен қатар көші-қон бағытын, этникалық қоныстану шекараларын нақты қалпына келтіруде қиындықтар туғызады.

Осыған орай шетелдік зерттеушілер бұл бірлестіктерді нақты бір этникалық немесе мәдени құрылымға жатқызуға болмайды деп көрсетеді. Зерттеушілер Хорварттың пікірін қолдап тілдік және этникалық бірегейлік көшпелілердің өмірінде екінші орын алды, ал бір-біріне жақын орналасқан топтарда аккультурация/ассимиляция маңызды орынға ие болған деп есептейді [42, с.151].

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде «...половцылар (қомандар, қыпшақтар) – түркі тайпаларына жататын халық, бір кездері Орталық Азияның далаларында қоныстанған кездерінде олар пешенегтер мен торктармен бір ел болды. Оңтүстік орыс далаларына пешенегтер мен торктардың ізін ала келді де, кейіннен оларды бұл жерден ығыстырды. XI ғасырдың екінші жартысынан моңғол-татар шапқыншылығына дейінгі кезеңде олар Русь жеріне, әсіресе оңтүстік аймақтарына жорық жасап, мал-мүлікті тонап, адамдарды тұтқынға алып, құлдыққа салды немесе Қырым мен Орталық Азияның еріксіздер базарына апарып сатты», - деп көрсетілген [214, с.354].

Ресей тарихшысы В.Л. Егоровтың көрсетуінше «дикие половцы» атауы орыс жылнамаларында XII ғасырдың ортасына таман пайда болған. Ол бұл атауды белгілі бір ханға немесе тайпалық бірлестікке бағынбаған, жеке көшіп жүрген руларға қатысты қолданған болу керек деп есептейді. Өйткені ғалымның пікірінше, аталған кезеңге дейін қыпшақ бірлестігіне кірген ордалар мен тайпалық одақтар билеуші әулет хандарының атымен аталған, ал ешкімге тәуелді емес көшпелілерді жылнамада осылай атаған болуы мүмкін [69, с.20].

Алғаш рет қомандар тарихын кешенді қарастырып жазған неміс ғалымы-шығыстанушы Йозеф Марквартың пікірінше «половцы» бұл этникалық атау болмаған, сыртқы келбетіне байланысты, «половы» - ақ-сары, саба түсті болуына байланысты аталған дейді. Сондай-ақ, поляктық Галл хроникасындағы «Plauci», чех тілінде «Plawci», венгр тілінде «Palosz», немістерде «Falones, Phalagi, Valvi, Valewen, Valwen» деген атаулар да қомандарға қатысты қолданылған [19, с.10]. Ал, XIII ғасырда аландардың солтүстік-шығысындағы жерлер қыпшақтар даласы деп аталды және «қыпшақ», «половцы», «қоман», «құн» этнонимдері арасында байланыс болмаған деп көрсетеді Й. Маркварт [19, с.42]. Сонда ғалымның көзқарасы бойынша бастапқыдағы қыпшақ тайпаларын, көрші халықтар олардың сырт келбетіне байланысты өз тілдерінде әр түрлі атаған, дегенмен уақыт өте келе XIII ғасырда осы атаулар өзара байланысты емес қыпшақ тайпаларының жекеленген этнонимдеріне айналған.

Халықтың өткен өмірі, саяси-әлеуметтік жағдайы, салт-дәстүрі, тыныс-тіршілігі туралы сыр шертетін қазақ шежірелері де қыпшақтардың половцылардан бөлектігі туралы айтады. Онда: «қыпшақ XI-XII ғасырларда аты шыққан, Еділ мен Жайық дариялары араларын мекен еткен, половцылардан айырылған, алан елімен көршілес болған ру»,- деп жазылған [155, б.74].

Шежіре бұл ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз халықтың өткен тарихын ауызша тарату механизмі екенін ескерсек, онда шежірелерде сақталған ақпарат бойынша Еділ мен Жайықты қоныстанған қыпшақ қауымдастығына кірген халық қомандар болатын. Қоман-құман-құбан этнонимі Алтайдағы құбанды-құманды тайпасының атауында сақталған. Олар Солтүстік Алтайда Қуу, Бии өзендерін қоныстанып отырған халықтар. IX ғасырда басталған көші-қон үдерісі нәтижесінде қомандар Ертіс бойына келіп, одан ары қарай батысқа бет алады. Олардың батысқа қоныс аударуының бір себебі Бетпақ дала бағытында көшу мүмкін емес болатын. Сондықтан олар жайылымдық жерді ендігі кезекте батыстан іздеді. Ал, кимек-қыпшақтардың қол астында қалған қомандардан бір бөлігі бүгінгі Орталық Қазақстан аумағын қоныстанып қала берді де, кейін қазақ халқының Орта жүзін құраған ірі тайпаның бірі Арғындардың құрамына кірген 12 рудың ішінде Қуандық (Құмандық, Құбандық) руы да аталады. Оның бір тармағы Алтайдан таратылады [215, с.12].

Қыпшақ, қоман және половцы этнонимдерінің арақатынасын қарастырған тарихшы-ғалым Е.Ч. Скржинская да орыс жылнамаларындағы «половцы» терминінің пайда болуын қыпшақ-орыс байланыстарының қалыптасу тарихынан іздеу керек деп есептейді және оны қыпшақтардың сыртқы келбетімен байланыстырады. Ол бұл туралы: «половцы» тайпалық атауының этимологиялық шығу тарихы орыстың «половый» («солома») – ақ-сары, ақшыл сөздерінен шығып отыр. «Половцы» - нақты орыс сөзі және орыс адамы үшін сол кезеңде көшпелілермен кездесу тарихи мәнге ие болған. Орыстар мен половцылардың қарым-қатынасы, тұрмысы жылнамаларда айқын көрініс тапқан. Жылнамаларда екі елдің байланысы үнемі үздіксіз күрес, қырғын, қайғылы жағдайда суреттеледі. XI ғасырдың ортасынан XIII ғасырдың ортасына дейінгі кезеңдерде Киев мемлекетінің тарихында половцылар үздіксіз көрініс тауып отырған. Сондықтан да, жұмбақ «половцы» этнонимінің шығуын орыс-половец қарым-қатынасы тарихынан іздеу керек [216, с.255]. Жылнамаларға жасалған салыстырмалы талдаулар нәтижесі «половцы» сөзінің Днепрдің оңтүстік жағалауында пайда болғанын көрсетеді. Днепрдің оң жағалауының, яғни Киев халқы, сол жағалаудағы көшпелілерді «арғы жақтан» - «оного полу» деп атаған. Сол себепті де, бастапқыда «половцы» сөзі «пол» немесе «он-пол» түсінігіне байланысты алынып, бірақ уақыт өте келе «половцы» түсінігі «половый» сын есіміне байланысты қолданылған болуы мүмкін деп есептейді Е.Ч. Скржинская [216, с.276]. Шынында тарихшы-ғалым Е.Ч. Скржинскаяның бұл пікірі, жазба деректердің басым көпшілігінде қоман-қыпшақтардың сырт келбетінің аққұба деп сипатталуымен байланысты болып отыр. Яғни, қыпшақтарды көрші славян халықтары олардың сыртқы өңіне қатысты «половый» деген түсінік қолданған. Әрине ғалымның бұл пікірін толықтай қолдамасақ та, «половцы» атауының шығу тарихының бастауларын қыпшақтардың орыстармен қарым-қатынас орната бастаған кезеңінен іздеу керек деген ойымен келісеміз.

Дегенмен қыпшақтанушы ғалымдардың еңбектерінде әлі күнге неліктен орыс жылнамаларында қыпшақтарды «половцы» деп аталғаны туралы нақты

тұжырым жоқ. Оған орыс жылнамаларында «половецтер» терминінің қолданылуы аясы, оны қомандарды білдіретін нақты бір немесе бүкіл қыпшақ тайпалары бірлестігіне қолданылуы тиіс екендігінің анықталмауы себепті, жазба деректердегі мәліметтерді түсіндірген кезде белгілі бір қиындықтардың тууы да соған байланысты болып тұр. Бұлардың қатарында ортағасырлық Византия деректері де бар. XI ғасырда византиялықтар жазба деректерде солтүстік-шығыстағы көршілерін «қомандар» деп атап, бұл атауды Дешті Қыпшақтың барлық түрік тайпаларына қолданған және ол Византиялық деректерде XIV ғасырға дейін сақталған [139, с.127].

Ал-Идрисидің «Нузхат ал-муштак» шығармасында Қоман (Comani) жеріннің сипаттамасы толық емес. Мәліметтер шығарманың әр жерінде кездеседі, Қоман жері VI-VII климаттың 5-6шы секцияларында көрсетілген. Қоман жері туралы деректер сипатына қарай екіге бөлінеді. Біріншісі, Идрисидің жалпы қомандар туралы жинаған ақпараттарын қамтиды. Екіншісі, қомандардың қалалары туралы нақты ақпараттар [114, с.179]. Ал-Идриси шығармасында қомандар жерін ард ал-Команийа, билад ал-Команийа деп атайды [114, с.180]. Қоман халқы туралы ал-Идрисидің ақпараты мардымсыз, оларды Қомания қаласының тұрғындарының аты ретінде ғана қолданған. Орналасқан аймағына қарай, қара және ақ қомандар Днепр маңы мен Дондағы қыпшақтар бірлестігіне жатқызып, ал сыртқы қомандарды Русьтің көршілері ретінде атаған. Сәйкесінше Қоман жерін сипаттағанда үш бөлікке: Қара, Ақ және Сыртқы Қоман жері деп бөлген [114, с.180].

Қорыта келе, қоман-қыпшақтарының шығыстан батыс бағытындағы көші-қон үдерісіне бірнеше факторлар: географиялық, экономикалық, саяси және т.б. ықпал еткен. Сондықтанда олар өздерінің жағдайын жақсарту мақсатында қоныс аударып отыруға мәжбүр болған. Осындай күрделі кезеңде халықтардың өзінің этникалық бірлігін сақтап қалуы қиын жағдай еді, сол себепті олар туыстық жағынан жақын тайпалармен бірігуге мәжбүр болған. Нәтижесінде Еуразияның далалық аумағында ауқымды көші-қон үдерісі барысында ру-тайпалар араласып жаңа этникалық қауымдар пайда болған. Бірақ ру-тайпалар өзінің бастапқы шығу тегін ұмытпай, тарихи жадысы болып табылатын ауыз әдебиеті үлгілерінде, шежіресінде сақтап қалды.

Қоман-қыпшақтарының Ұлы даланың басқа да түркі тілдес халықтары сияқты қоныс аударуына себеп болған жағдайлары қатарында қағанаттағы билік үшін ішкі талас-тартыстар мен көрші халықтармен қақтығыстары болуы мүмкін. Оның үстіне көшпелілер тұрмысында мал шаруашылығы басымдылыққа ие болғандықтан олар қоныстану аумағын жиі ауыстырып отыруға мәжбүр еді, оған табиғат құбылыстары, құрғақшылық, су тасқыны сияқты апаттарда әсер етіп отырған. Дегенмен де осы көшпелі өмір салты дала халқының тұрмысындағы бірегей шаруашылық-мәдени типтерді қалыптастырып, оны этно-мәдени интеграциясының маңызды бір бөлігіне айналдырды.

Жазба деректер, генетикалық мәліметтер, халық ауыз әдебиеті үлгілері барлығы дерлік қоман-қыпшақтарының шығу тарихын Алтай өңірімен

байланыстырады. Яғни, қыпшақ бірлестігіне кірген қоман-қыпшақтары бастапқыда, VI-VIII ғасырларда Алтайдың солтүстігіндегі Со аймағын қоныстанған. VIII-IX ғасырларда олар бүгінгі Орталық Қазақстан аумағына қоныс аударған. Ал, IX-XI ғасырларда кимек бірлестігінің құрамында болған қоман-қыпшақтары қазіргі батыс Қазақстан аумағын қоныстанып, XI ғасырдың орта шенінде батыс бағытында көші-қон үдерісін жалғастырған және ортағасырлық еуропалықтарға қоман атымен танымал болған.

2 ҰЛЫ ДАЛА АУМАҒЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АЙМАҚТАРДАҒЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚОМАН-ҚЫПШАҚТАРЫМЕН ЭТНО-ТАРИХИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

2.1 Оңтүстік Оралда қоныстанған қоман-қыпшақтарының түркі тілдес халықтармен этникалық байланысқа түсуі

Еуразия далаларындағы көшпелілер ордасының құрылуы, құлауы отырықшы халықтардың этногенетикалық үдерістерінен біршама ерекшеленді. Сондықтанда, отырықшы халықтарға тән этногенез және мәдени дәстүрлердің қалыптасу үдерісін көшпелілерге қатысты толықтай қолдана алмаймыз. Көшпелілерге алыс жерлерге қоныс аудару, жойылып кету немесе құлаған ордалардың негізінде жаңа этникалық қауымдастық қалыптастыру және қоныстану аумақтарының алшақтығына қарамастан, жақын тайпалық атаулардың пайда болуы тән құбылыс болған. Әрине, олардың этникалық тарихын бір жақты, ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамаған деп есептеп, лингвистикалық және генетикалық салыстыру әдістерімен шектелуге болмайды. Дегенмен, отырықшы халықтарға қарағанда көшпелілерде малшаруашылығын дамыту жоғары көрсеткішке ие болған және жайылымдық малшаруашылығы отырықшылықпен үйлесімділікте жүзеге асты. Малшаруашылығының ерекшелігі мен жыл мезгілдерінің ауысымына қарай өнімділікті арттыру мақсатында отырықшы халықтардың кейбір категориялары көшпелі өмірге өтуге мәжбүр болған. Сондықтанда, көшпелі халықтардың этногенезін зерттеуде де, қоныстану аумағы, этнонимдері, тілі, мәдениеті тұрақты болып келетін отырықшы халықтарды зерттеу стереотиптері қолданылады. Сонымен қатар, түркі халықтарының этникалық өзіндік танымы, тарихы, мәдениеті фольклорлық деректерде де кездеседі.

Ерте ортағасырлардағы Ұлы Даланың көшпелі халықтарының басынан өткерген саяси оқиғалары олардың ұрпақтары қоман-қыпшақтарының да тарихында өз ізін қалдырды. Яғни, қоман – қыпшақтарының ұзақ кезеңге созылған қалыптасу тарихы, өз бастауын сонау түркі кезеңінен алады. Күні кешеге дейін түркі халықтарының тарихы мен олар құрған мемлекеттік құрылымдар Ресей-КСРО тарихының құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырылып, түркі халықтары өзінің ұлттық тарихынан ажыратылды. Ал, еліміз егемендікке қол жеткізгелі, болашағымызды өткен тарихымызбен байланыста қарастыруға, бүгінгі қазақ халқының этникалық тарихының бастауларын сонау моңғол жаулаушылығына дейінгі қазақ жерінде болған қағанаттар мен халықтардың тарихымен үздіксіз сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік ашылды. Ол үшін алдымен ортағасырлардағы түркі тілдес халықтардың Алтайдан батыс бағытындағы көші-қон үдерісі кезеңдерін, себебін, қазақ даласында тарих сахнасында бірін-бірі алмастырған қағанаттар құрамына енген тайпалардың этникалық құрамын анықтап, ассимиляцияға ұшыраса себеп-салдарын саралап, қандай тарихи жағдайда біріккенін ашып алу қажет.

Осындай маңызды мәселенің бірі қоман-қыпшақтарының VIII-XI ғасырлар

аралығындағы этникалық тарихы болып табылады. Біз, жоғарыда атап өткеніміздей, қоман-қыпшақтарының қалыптасу тарихы, барлық түркі тілдес халықтардың қалыптасу тарихы сияқты тікелей Алтай өңірімен байланысты. Сондықтанда, қазіргі кезде түркітанушы ғалымдар шартты түрде бүгінгі Қазақстан аумағына орта ғасырларда қоныс аударған тайпалардың шығу тарихын Алтай өңірін қоныстанған түркі тілдес халықтармен байланыста қарастырады.

Венгрияның Лоранд Этвеш университетінің профессоры Иштван Вашари өзінің «Қомандар және татарлар» атты зерттеуінде Марвазидің еңбегіне сүйеніп, қыпшақтар мен қомандар бастапқыда екі халық болған, Хуанхэ өзенінің үлкен қиылысынан шығысқа қарай онғұттармен қатарлас қоныстанған болуы керек деп есептейді. X ғасырдың соңында Қидан басқыншылығы басталған кезде көптеген тайпалар сияқты қомандар да өз қоныстарынан көшуге мәжбүр болған. Қомандар (құндар) Қыпшақ тайпалары қоныстанып отырған оңтүстік-шығыс Сібір мен бүгінгі қазақ даласына XI ғасырда келіп қоныстанған. XI-XII ғасырларда қомандар мен қыпшақтар араласып, ендігі жерде қомандарды қыпшақ тайпасы деп атау тарихта орын алған деп есептейді И. Вашари [28, с.6].

Қыпшақтар қытайлық жылнамаларда ерте кезден тіркелген. Мәселен, Қытайдың тарихи хроникасы «Наньшида» (420-589) б.з.б. I ғасырдан бастап Тарбағатайдан батысқа қарай Каспийге дейінгі даланы қоныстанған халықтар арасында қыпшақтарда (цзюеша, цзиньча) аталған [217, с.18].

Қытайлар қомандардың сыртқы келбетін жирен шашты, көздерінің түсін көгілдір деп сипаттайды және металл өңдеудің шебері болғанын жазған [218, p. 72].

VI-XII ғғ. Еуразияның түркі тілдес халықтары Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказ жерінде мемлекеттік құрылымдар-қағанаттар мен хандықтар құрды. Қытай деректерінде жазылғандай VI ғасырдың орта шенінде Алтай тауларының оңтүстігінен Орталық Азияның далалық аумағына түркі тайпалары қоныс аударып, VIII ғасырға дейін түркі қағанаты ретінде танылып, кең-байтақ өлкені қоныстанып, мықты саяси күшке ие болған.

Қытайдың әулеттік тарихы бойынша қыпшақ бірлестігіне кірген түркі тілдес тайпалар XI ғасырда Ішкі Моңғолиядан Қазақстан, Орал және Еділ маңынан Солтүстік Кавказ және Қаратеңіз жағалауындағы жерлерге, Карпатқа дейінгі аймақта қоныстанған. Хорезмде де қыпшақтар мен қаңлылар көп болған. Бұл кезең тарихта қоман, кимек, қаңлы тайпаларының қыпшақ атымен Еуразия далаларында Алтайдан Дунайға дейінгі аймақта мемлекеттік сипаттағы тұрақты көшпелі бірлестіктерге шоғырланған уақыты ретінде танылған.

Маньчжуриядан Киммериялық Боспорға дейінгі кең алқапта түркі тілдес халықтар қоныстанды. XI-XIII ғасырларда солардың ішінен Қара теңіздің солтүстігіндегі жерлерді қоныстанған қоман-қыпшақтары беделді болды [29, 9 p.].

Орыс жылнамаларында Нұх пайғамбардың ұрпақтары болып келетін халықтардың ата-бабаларын жазғанда, Солтүстік Қаратеңізді Иафеттің ұрпақтары қоныстанғаны және византиялық, антикалық дәстүр бойынша оларды Ұлы Скифтер деп атап көрсетеді. Осы жылнама негізінде жазылған Словен және Русь туралы жазбаларда ортағасырдағы Шығыс Еуропадағы халықтардың ата-бабаларын, ағайынды Словен, Русь, Бұлғар (Еділ бұлғарларының аталары), Қоман (құман-қыпшақтардың аталары), Истер және Хозарды Скифтен тарайтын Иафеттің шөберелері деп жазған [52, с.16].

Орыс жылнамасындағы ақпаратта Қоманның қоман-қыпшақтарының ата-бабасы ғана емес, сондай-ақ оның Шығыс Еуропаны қоныстанған халықтармен туыстығы да айтылып тұр. Әрине, бұл дерек негізделген деп айту өте қиын, бірақ аты аталған халықтардың бірнеше ғасыр бойы осы өлкеде өте тығыз қарым – қатынас жасауының өзі белгілі бір деңгейде оларды жақындастырғаны анық.

Ерте ортағасырлық Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірдің этникалық тарихында екі түркі тілдес көшпелі тайпа маңызды орын алған. Олар ұндар мен динлиндердің мұрагерлері болып табылатын теле мен түркі тайпалары еді. Динлиндер солтүстік және батыс деп екіге бөлінген. Солтүстік динлиндер «аттың тұяғының» болуымен және жүйріктігімен ерекшеленді. Бұл аңыздың таралуы туралы тарихшылар «...солтүстік динлиндер жылқының аяқ терісінен аяқ киім тігіп киетін болған, сондықтанда да оларды солай атаған болу керек»,- деп есептейді [219, с.66].

Қытай жылнамаларында динлиндер, теле деп, кейде солардан тараған ұрпақ ретінде де аталады. Олардың VI ғасырларда қазіргі Моңғолия жерінде және Сібірдің оңтүстігінде, Тыва мен Таулы Алтайға дейінгі жерлерде көшіп-қонып жүргені жазылған [178, с. 38].

VI ғасырда қытай жылнамаларында «теле» аталған тайпалық одақ түркі-моңғолдық «тегрег» сөзі, яғни арба, арбабаға мініп жүретіндер дегеннен шыққаны айтылады [30, с.7].

Теле тайпаларының шығу тегін қарастырып жүрген ғалым А.С. Шабалов динлиндерді, IV ғасырда Байкал маңында өмір сүрген финугорлық немесе самодийлық тайпа болған деп көрсетеді. Р.В. Вяткин мен В.С. Таскин бастаған ғалымдардың динлиндерді түркілерге жатқызуы негізсіз деп есептейді [31, с.10].

«Вэй-ле» мәліметі бойынша динлиндер құрамына кіретін тайпалар ерте кезден-ақ, қаңлылардың солтүстігінде, үйсіндердің батысында, яғни Ертістің маңын қоныстанған [178, с. 50]. «Тан-шуда» Саян-Алтайды қоныстанған динлиндер ұсақ руларға бөлінген және ортақ басшысы болмаған. Сол себептен де олар түркі халықтарына тез сіңісіп кеткен, бірақ жерлеу салттарын сақтап қалған. Оларда қорғандар, тастан қаланған қабірлермен қатар, тас кемпірлерді жасау дәстүрі болған [178, с. 53-54].

Н.А. Аристов алтайлықтар мен телеуіттер өздерін ойрат немесе шу-кісі, ұлан, телес деп атайтынын жазады да, олардың руларының ішінде қоман-қыпшақтарының бар екенін атап өткен [220, с.127]. Сондықтанда, зерттеушілер

қоман-қыпшақтарының шығу тарихын осы аталған теле, телес тайпаларымен байланыста қарастырады [220, с.127].

Н. Аристовтың еңбегінде Би өзенімен Лебеди өзенінің қосылған жерінде Со деп аталатын жоғары-құманды болысының халқы, ал жанында қубанды немесе құманды деп аталатын басқада халықтардың тұратыны жазылған. «Қоман» атауының шығуына байланысты этнографтың жазып алған аңызын алдыңғы тараушада қарастырған болатынбыз. Оған қоса айтарымыз, жергілікті халық құманды руының атын өзен атымен байланыстырады, ертеректе оларды Қу (Аққу) өзенін қоныстанған қу-кісілері, қу-адамдары деп атаған екен [17, с.279].

Ғұндар мен динлиндер туыс тайпалар болған және қоныстану аумақтары бойынша да жақын орналасқан. Кейін осы екі тайпалардан түркі тілдес бірнеше тайпалар бөлініп, жеке қағанаттар құрып, тарих сахнасында өздерінің этникалық атауларымен танымал болған. Халықтың жанды жадысы болып табылатын аңыздар көне түркілер мен қоман-қыпшақтарының этникалық бастауларын осылардан бастап таратады.

Аңыздарда қоман-қыпшақтары солтүстік ғұндардың ұрпақтары, түркілерден таратылады және тайпалық тотемі «қуу» (аққу) болған деп баяндалады. Атап айтқанда, түркілердің ата-бабаларының солтүстік ғұндар болғаны туралы екі аңыз бар. Біріншісі, жаугершілік заманда ғұндардың бір руының он жасар ұлын қасқырдың ұрғашысы аман алып қалып, таудағы үңгірге жасырады. Кейін екеуінен 10 ұл дүниеге келіп, өсіп өніп, таудан түсіп, жужан тайпаларында ұста болады. Солардың ішінде болашақ түркі қағанатының негізін салушы Ашина да болған [219, с.67]. Екінші аңыз бойынша, Солтүстік ғұндардың мемлекет басшысының ағасы қасқырдың ұрғашысынан туылған шаман болған екен. Оның бір баласы қуға(аққу) айналып, қу тайпасының негізін салыпты. Оның ұлы Шуе өзенінің билеушісі болады, ал оның төртінші ұлы Нортұлы-шад Со аймағында тұрған. Нортұлы-шадтың күңнен туған ұлының аты Ашина болыпты, әкесі қайтыс болған соң осы Ашина Ахиен-шад атымен таққа отырады. Осы Ахиен-шадтың Түмен атты немересі түркі қағанатының негізін салушы тарихи тұлға ретінде қытай деректерінде айтылады [220, с.277-278].

Бірінші аңыз бізге өте жақсы танымал түркі қағанатының негізін салушы Ашина тайпасының шығу тарихынан сыр шертсе, екінші аңызда қоман-қыпшақтары тараған қуу тайпасының шығу тарихынан ақпарат алуға болады және ерте тарихы түркі тайларымен жақындығын көрсетеді.

Түркілер мен қоман-қыпшақтардың ата-бабаларының жақындығы туралы шежірелік аңыздың бірі, Со мемлекеті туралы аңыз. Бұл мемлекет Саян-Алтай аймағында болған. Қазіргі кезде «со» атауы солтүстік алтайлықтар құмандылардың бір руының атауы ретінде сақталған. Аңыз бойынша шаманның қуға айналған ұлынан тараған ұрпақ «қуулар» атымен тувалықтар мен солтүстік алтайлықтар арасында тараған. Бүгінде Саян-Алтай тұрғындары – тувалықтар, хакастар, телеуіттер, құмандылар арасында аққу туралы төтемдік таным қалыптасқан [219, с.74].

Аңыздар халықтардың шығу тарихын сақтаушы және ұрпақтан-ұрпаққа сөзбе-сөз жеткізуші тарихи дерек екенін ескерсек, онда VIII ғасырларда қоман-қыпшақтары қоныс аударғанға дейін Саян-Алтай маңын қоныстанған және қуу тайпасы аталған болуы мүмкін.

Мұны сондай-ақ, VIII ғасырларда Солтүстік Алтайды қоныстанған және кейін Ертіс маңына қоныс аударған халықтардың, көші-қон үдерісіне ілеспей сол жерде тұрақтап қалған халықтармен этникалық жақындығын қазіргі кезеңдегі хакас халықтарының этникалық тарихын қарастырып жүрген тарихшы ғалым В.Я. Бутанаев та өз зерттеулерінде атап көрсеткен және оны аңыздардың тарихи дерек ретінде растайтынын алға тартады [32, с.256].

Хакас, қырғыз, қыпшақ тайпаларында құстар – аққу мен қаздың тотем болғаны белгілі [31, с.71].

Қомандардың Алтай маңынан қоныс аударғанын және қоман этнонимінің аққу құсымен байланыстырылатынын генетик ғалымдар да растайды. Олар зерттеу нысанына алынған халықтардың фольклорындағы деректер көп жағдайда шыңдыққа жанасатынын мойындап отыр. Мысалы, ортағасырлық қоман-қыпшақтары ұрпақтарының ДНК сараптамаларының нәтижесі аңыздағы дерекке сәйкес келеді, ол бойынша «қоман» этнонимі «құсқа табынушылар» немесе құстан тарағандар, яғни қу(аққу, құс)+ұрпағы (ман) мағынасын беретінін айтады [33, с.539].

Генетик ғалымдар зерттеулерінде қомандардың бастапқыда Алтайда қоныстанғаны, одан кейін Ертіс бойындағы жерлер мен Орал тауларының оңтүстігіндегі аймақтарда Дешті-Қыпшақтың құрамында болғаны, кейін батысқа қарай ығысып, Дунай Бұлғарлары жеріне дейін жетіп, еуропалық хроникаларда аты қалғанын дәлелдеп отыр [33, с.544; 34, с.98].

Бүгінгі таңда қомандардың ата-қонысында олардың ұрпақтары саналатын құмандылықтар қоныстанып отыр, одан басқа қомандардың R1b-M73 (DYS390=19) кластері қазақтың ішінде қара-қыпшақтарда, башқұрттарда, қарақалпақтардың ырғақлы-қыпшақ, украин және орыс черкастарында, қырым қыпшақтарында, балқар, құмық, құмдық ноғайлар, телеуіттер арасында кездеседі екен. Жалпы, аталған кластер таралуы бойынша Алтайдың сир, қытай деректеріндегі сэ тайпаларымен байланысты. Сирлар бұл ертедегі теле тайпалары. Олар ұйғырлармен соғыста жеңіліп, біразы меркіттер мен телеуіттердің құрамында Сібірде қалса, бір бөлігі батысқа қоныс аударды [33, с.546].

Солтүстік Алтай мен Батыс Сібірдің оңтүстік аудандарындағы сросткин мәдениетін бірінші мыңжылдықтың соңында жергілікті төрт мәдениет: солтүстік-алтайлық, батыс-алтайлық, новосібірлік және кемеровтік құраған және бұл мәдениеттер Ертіс бойы (жоғары Ертіс, Павлодар, Омбы) кимектерінің мәдениетімен ұқсас болған [221, с.133].

Қазіргі Томск облысының аумағында ортағасырларда қоман-қыпшақтарының болғанын генетикалық мәліметтер бойынша анықтаған В.Г. Волковтың пікірінше қоман-қыпшақтарының бір бөлігі Томск облысының территориясына қоныстанып, жергілікті халықтың түркілену үдерісінің

аяқталуына ықпал еткен. Бұл көзқарасты ғалым археологтар Л.М. Плетнева мен Д. Савиновтың Басандай мәдениеті бойынша жасаған тұжырымдары негізінде нақтылай түседі. Бұған Басандай мәдениетіндегі мәйітті жерлеу дәстүрі қыпшақтардың жерлеу дәстүрімен бірдей болуы дәлел бола алады [35, с.71].

Сонымен қатар, бұл территорияда қоман-қыпшақтарының болғандығын археологиялық зерттеулер көрсеткендей қорымға жылқыны немесе жылқының басын жерлеу дәстүрі, құрылыстарда сазды қолдану, әскери жерлеу орындарындағы ұқсастықтар, қару-жарақтары және т.б. дәлелдейді. Кірме компоненттер бойынша анықталғаны кимек-қыпшақ тайпаларының бұл өңірге келген уақыты шамамен XI ғасырдың 30 жылдары болып табылады. Археологиялық деректер нәтижесі бойынша Басандай мәдениетінде түркілік қабаттың болуы мен жергілікті халықтың этникалық тарихына кимек, қыпшақтардың ықпалы болғанынан жаңа этникалық топ, томск татарлары қалыптасқан деген болжам айтады тарихшы О.Б. Беликова [222, с.31].

Осындай археологиялық материалдар Еуразия даласында қоман-қыпшақтары шекаралас көрші халықтармен бір тарих пен бір мәдениет аясында бірігіп, бір өркениетті жасап, мол мұра қалдырғанын дәлелдейді.

Солтүстік Алтай мен Батыс Сібірдің оңтүстік аудандарын қоныстанған тайпалар VIII ғасырларда ұйғырлар тарапынан қуғындауға ұшыраған кезеңде, қоман-қыпшақтары да батыс бағытында қоныс аударып, туыс кимек тайпаларының қасына, Ертістің орта ағысына келіп қоныстанған.

Жаңа территорияда Се-Яньто ұрпақтары бұрынғы саяси жүйе мен мемлекеттік құрылымды басшылыққа алып, Кимек конфедерациясына бағынады. Өйткені қыпшақтардың этникалық құрамы этно-саяси тұрғыдан әр түрлі болды және бұл саяси тұрғыдан бірлестіктің осал жағы олардың бір орталыққа бағынған мықты мемлекет құруына кедергі жасады да, екі жүз жылдай уақыт кимектерге тәуелді күй кешті. Тек XI ғасырда ғана Кимек конфедерациясындағы әскери-саяси билік қыпшақтардың қолына көшті. Нәтижесінде, олар қазіргі Қазақстан аумағында қыпшақ этникалық қауымдастығын қалыптастырды [3, б.57].

Ендігі кезекте қоман-қыпшақтары Дешті Қыпшақта, қыпшақ хандары күш-қуатының артуына байланысты, қыпшақ тайпалық бірлестігінің құрамында дамудың жаңа кезеңіне аяқ басады. Дешті Қыпшақтың батыс бөлігінде қоныстанған қоман-қыпшақтары осы кезеңде билік тізгінін ұстап тұрған әулетпен этникалық жақындығын мойындай отырып, өздерін қыпшақ атымен атағандықтан, жазба деректерде қомандар туралы мәліметтер нақты емес, сондықтан да бүгінгі таңда әлі де болса зерттеушілердің басым көпшілігі еуропалық деректердегі қомандарға қатысты мәліметтерді, Шығыс Дешті-Қыпшақ тұрғындарына да қатысты қолданып келеді.

Сондай деректердің бірі, қомандар даласымен моңғол жеріне саяхат жасаған Г. Рубруктің жазбасы болып табылады, онда ол жергілікті қоман халқы өзін «капчат» деп те атайтынын баяндайды [141, с.94].

IX-X ғасырлардағы түркі халықтарының қоныстануы туралы ақпарат Ибн Хордадбехтің «Китаб ал-Месалик ва-л-Мемалик» шығармасында жазылған.

Онда, «түркілер қоныстанған аумақтағы ең үлкен облыс – тоғызоғыздарға тиесілі және ол Қытай (Син), Тибет және қарлұқтармен шекаралас орналасқан. Одан кейін кимектер, гұздар, жігірлер, пешенегтер, түргештер, азкиши, қыпшақтар, қырғыздар қоныстанған»,- деп жазылған [113, С.144-145]. Бұл кезеңде, яғни VIII-IX ғғ. қоман-қыпшақтар кимектердің батысында өмір сүрген.

Н.А. Аристов осы Ибн Хордадбех көрсеткен түркі тайпаларының орналасу тізімін өзінің еңбегінде қолданады. Н.А. Аристов осы тайпалардың ішіндегі ғұз немесе половецтер, әлде қоман, құмандар пешенегтер сияқты қаңлы және қыпшақ рулары одағына алшын тайпаларының бір бөлігімен кіргенін айтады. Ал, кимектер туралы не қытайлық, не батыстық деректерде айтылмаған және араб деректеріндегі мәліметтердің толық емес, бұлыңғыр болуы себепті олар, яғни кимектер сол қоман болуы мүмкін деген болжам да айтқан [220, с.105].

Біз, этнографтың бұл пікірімен келіспейміз, өйткені алдыңғы тарауда, әл-Идрисидің картасында қоман-қыпшақтарының бір-бірімен шектесетін 6-шы және 7-ші климаттық белдеулерде орналасқанын айтқанбыз. Соған сәйкес Ертіс, Шығыс Қазақстан жері мен Батыс Алтайда қимектер, Орталық Қазақстан жерінде қыпшақтар, Аралдың солтүстігі мен Оңтүстік Орал тауларына дейінгі аймақтарда қыпшақ бірлестігінің батыс тармағын құрайтын қомандар қоныстанған. Сондықтан да бұл үш этникалық атаудың, яғни қыпшақ, кимек, қоманның VIII-IX ғасырларда жекеленген тайпалар аты болғаны анық деп ойлаймыз.

Қалай болғанда да қоман-қыпшақтары Кимек конфедерациясы құрамында болған кезеңде жалпы қыпшақ атауымен аталған кимек, қаңлы, оғыз, қырғыз, шығу тегі мажарлардан таратылатын орманды-далалық угрлар және т.б. түркі тілдес халықтармен тығыз қарым-қатынас орнатқан [121, с,37].

Түркі халықтарының бастапқы Отаны саналатын Өтүкен (моңғол тілінен аударғанда қалың орман деген мағына береді) аймағы қыпшақтардың ата қонысы-Алтайдың шығысында, қазіргі Тува немесе Кемеров облысы жері болған және кез-келген тайпаның батысқа қарай қоныс аударып, басқа этникалық топпен араласуы мен тілдік ықпалдастық нәтижесінде жаңа топтар қалыптасып отырған деп есептейді түркітанушы А.С. Шабалов [31, с.151].

IX-XI ғасырларда Кимек қағанаты мен Қырғыз қағанатының саяси шекарасы батыс және солтүстік Таулы Алтай арқылы өткен кезеңде қоман-қыпшақтары олармен көрші болып қарым-қатынас жасаған. Осы кезеңде қоман-қыпшақтарының мәдениеті алтайлық қырғыздардың мәдениетіне ықпал еткен. Оны қырғыздарда сақталған қоман-қыпшақтарының ою-өрнегінің түрлерінен көруге болады. Ою-өрнектің қоман-қыпшақтарына тиістілігін анықтаған мәдениеттанушы С.В. Ивановтың пікірі бойынша, X-XII ғасырларда қоман-қыпшақтары қандай халықпен көрші тұрып, этникалық құрамына әсер етті, сол халықтың бәрінде олардың ою-өрнегі сақталып, кейінгі кезеңдерде тұрмыстарында көрініс беріп отырған [223, с.70].

Қырғыздардың көрші коныстанғаны туралы ақпаратты араб саяхатшысы ал-Истахридың (850-934) «Китаб масалик ал-мамалик» шығармасынан аламыз,

онда «...хырхыздар тоғыз-оғыздар мен қимақтардың иеліктері, мұхит пен хазлаждар жерінің арасында орналасқан»,-деп көрсетілген [116, с.16].

Қоман-қыпшақтары жаңа жерлерге қоныс аударып, жаңа этникалық қауымдармен араласқанымен, өзіндік этникалық ерекшеліктерін сақтап отырған. Атап өту керек, түркі тілдес тайпалар ұзақ мерзімді қоныс аудару үдерісін басынан өткергенімен, қоныстану аумақтарының алшақтығына қарамастан, туыстық атауларды, сенімін, дәстүрін, мәдениетін сақтап отырған. Өйткені, ата қонысынан белгілі бір себептермен көшіп кеткен түркі тілдес тайпалар үшін салт-дәстүр, шыққан орта, атамекен түсініктері өте киелі болған. Сондықтанда олар шығу тегімен байланысты дәстүрлерді, сенімдерін және басқа да мәдени құндылықтарын барынша сақтауға тырысқан және ол қазіргі кезде табылған археологиялық материалдармен расталып отыр. Бұл тарихи жәдігерлердің қолданыс аясы бірнеше өңірге таралып, мерзімі жағынан бірнеше ғасырларды қамтиды.

Археологиялық ескерткіштердің материалдары Батыс Сібір, Алтайды қоныстанған халықтардың мәдениеті оңтүстігіндегі көрші халықтардың мәдениетімен тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Өйткені, VI-IX ғасырларда Батыс Сібір, Алтай және қазіргі Орталық Қазақстан аумағында түркі тайпаларының екі бағытта қоныс аудару үдерісі жүрген. Орманды-далалы тайпалардан құралған қауым далалық мәдениет пен жергілікті орманды аймақ халықтарының мәдениетінің негізінде жаңа мәдениет қалыптастырып, қазіргі Солтүстік-Шығыс Қазақстан, Павлодар және Тюмен жерлерін қоныстанған. Оларды орманды-далалық угрлар деп атады және олардың шығу тарихы ертедегі мажарлармен байланысты болған [219, с.78].

Бүгінгі венгрлердің шығу тарихы да осы мажарлармен байланыстырылады. Кейін үздіксіз көші-қон үдерісіне түскен олар батысқа, бүгінгі қоныстанып отырған аумағына барып орналасқан. Мажарлармен қоман-қыпшақтарының этникалық қарым-қатынасының бастаулары осы кезден басталған болуы керек.

Кимек бірлестігіне кірген тайпалар оғыздардың солтүстіктегі тайпаларымен тығыз қарым-қатынас жасаған. «Худуд ал-аламда» «Андар-аз Хифчак» аймағының кимектерінің салт-дәстүрі оғыздардыкіне ұқсайтыны айтылған. Қоман-қыпшақ-кимектермен оғыздардың, қарақалпақтардың, қырғыздардың этно-мәдени байланысы орта ғасырлық деректер мен қазақтың ауыз әдебиетінде сақталған [59, с.147].

Рашид ад-Диннің еңбегінде оғыздардың тарихы Оғыз ханнан басталады. Бірақ, оғыздардың шығу тегін Оғыз-ханнан бастау түркітанушы ғалым А.С. Шабаловтың пікірінше қате, «оғыз» атауы тайпаның тотеміне байланысты пайда болған. Оғыз сөзінің архаикалық түрі «оғыр/ұхер» болған. Оғыз-оғыр-ұхер үшеуі де «өгіз» деген мағынаны беретін бір сөзді білдіреді. Сондықтан, оғыз атауы бастапқыда тайпаның төтемдік аты болып, кейіннен эпикалық тұлға Оғыз-ханның атына айналған [31, с.45].

Рашид ад-Диннің еңбегінде соңдай-ақ, қыпшақтардың шығу тегіне де қатысты аңыз бар, онда ертеде Оғыз хан ит-барақ тайпасынан жеңіліп, екі өзен аралығына келіп қоныстанады. Жорықта күйеуі қайтыс болған бір жүкті әйел

шіріген ағаштың қуысына кіріп босанады. Бұл хабарды естіген Оғыз хан әйелді аяп, былай дейді: «Оның күйеуінің қайтыс болғанына байланысты, бұл балаға мен әке боламын». Балаға Қыпшақ деген есім береді. Бұл қабық, яғни түркі тілінде «ортасы шіріген ағаш» деген мағынаны білдіреді. Қыпшақтардың барлығы сол баланың ұрпағы болып табылады деп баяндалған [126, с. 498].

Осы деректе сонымен қатар Оғыз ханның ұрпақтарын таратып жазғанда Рашид ад-Дин оның қол астына енген бауырларының ұрпақтары ретінде қыпшақ, қаңлы, ұйғыр, қарлұқ, қалаш, ағажер тайпаларын атаған [126, с.495].

Оғыздармен бір кезеңде көші-қон үдерісіне түсіп, IX-XI ғасырларда бүгінгі Қазақстанның батыс аумағында қоман-қыпшақтарымен тығыз байланысқа түскен қаңлы тайпасын да айтуға болады.

IX-XI ғасырлар аралығында қаңлылар алдымен Арал бойында оғыздармен қатарласып, кейіннен қоман-қыпшақтарымен етене араласып кетуге мәжбүр болған. Деректерде қомандар мен қаңлылар бір немесе туыс тайпалар ретінде аталады. Мәселен, Г.Рубрук жазбасының бір жерінде Каспий теңізінің солтүстігіндегі шөлді далада татарларға дейін қаңлы атанған қомандар тұрған десе [141, с. 102], келесі бір тұсында қомандармен туыс қаңлылар деп жазған [141, с. 107]. Сондай-ақ моңғолдар жеріне саяхат жасаған П. Карпини де өз жазбаларында қомандар жерінен өтіп кангиттер (қаңлылар) қоныстанған алқапқа шыққанын, яғни қомандар мен қаңлылардың көрші жатқанын айтып, оладың мал шаруашылығымен айналысатынын және шатырларда (киіз үйлерде) тұратынын жазған [141, 63-64 бб.; 224, p.10].

Сырдария мен Оралда қыпшақ хандарының ордалары болған, ал XII ғасырда олар билікті қаңлы тайпасынан шыққан хандармен бөліскен. XIII ғасырда қаңлылар Жайық өзенінің шығысында қоныстанғаны да жазылған [141, с.193].

Қыпшақтардың да үлкен бөлігі қаңлы атанып кеткен. «Сыр бойындағы қаңлылардың қаласына толық иелік ету үшін қыпшақтар өздерін қаңлылармыз деп атаған. Мұндағы мақсат, осы аймақтағы заңды қожайын атану еді. Қалай дегенде де, қаңлы мен қыпшақты ажыратып алу ерте ортағасырларда аса қиын болды. Сондықтан да етене араласып кеткен бұл тайпаларды сипаттағанда кейінгі тарихшылар Қаңлы-Қыпшақ бірлестігі деп жалпылама айта салатын болды», - деп жазады қазақ ру-тайпаларының тарихын зерттеп жүрген белгілі қазақ тарихшысы Т.О. Омарбеков [157, б.6].

Т.О. Омарбеков қаңлылардың рулық құрамын анықтауда қытай жылнамаларына сүйеніп, гаогюйліктердің бабаларын құраған 12 ру мен қаңлыларды құраған 12 арыс елді салыстыра келе, гаогюйлердің бабалары «дили» немесе «теленің» қаңлының өзі болып шығатынын алға тартады [157, б.148].

Ғалымның бұл пікірі, біздің жоғарыда айтып өткен телелердің қоман-қыпшақтарымен ерте кезден-ақ тығыз байланысының болғандығын және қаңлыларға жақындығы барын растай түсетіндей.

Оның үстіне динлиндер құрамына кірген тайпалар ерте кезден-ақ, қаңлылардың солтүстігінде қоныстанған болатын [178, с.50].

XI-XI ғасырлардағы мұсылман деректерінде қаңлы және қыпшақ этнонимдері синоним ретінде қолданылған деген көзқарасты ұстанушылар да бар [225, с.39-40].

Әлі күнге тарих ғылымдарында «қаңлы-қыпшақ» атауының пайда болуына байланысты зерттеушілердің пікірі әр қилы. Деректерде тек «қаңлы», «қыпшақ» атаулары туралы жеке ақпараттар кездеседі. Біріншісі, ортағасырлық парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің шығармасында «қаңлы» этнонимінің шығуы арбаның атымен байланыстырылады. Онда, Оғыз ханның заманында жаулап алынған жерлерден түскен олжаларын алып қайту үшін, оғыздармен туыс тайпалардың бірі арбаны ойлап тапқан. Ол кезеңде «арба» түркі тілінде «қаңқылы» деп аталған, сондықтанда арбаны ойлап тапқан тайпаны қаңқылы, яғни қаңлы деп атаған деп жазылған [126, с.497].

Қазақ шежірешісі Ш. Құдайбердіұлының еңбегінде қаңлы атауының шығуына байланысты: «Қаңлы деген арбалы деген сөз, ұйғыр ішінен қаңлы атанған, бұлар бұрын бек көп ел болған»,- деп жазады. Ал, қыпшақ атауына байланысты: «Қыпшақ. Бұл Қаңлыдан бөлініп, елсіз, бос жерге кеткендіктен қыпшақ атанған. Мағынасы – бос, шөл, елсіз деген сөз. Шыңғысханнан көп бұрын Еділ-Жайық маңына барып, бір патшалы жұрт болып тұрғанда Жошы хан алып қаратқан. Солардың атымен ол жақ Дешті Қыпшақ атанған»,- деп баяндайды [154, б.35].

XI ғ. түркі сөздерінің жинағын құрастырған Махмуд Қашқарида өзінің еңбегінде қаңлы-қыпшақтың жақындығын атап көрсетеді [112, б.27].

Моңғолдар жаулап алған жерлердің аттарын көрсеткен П. Карпини жазбасында да қаңғыт, қоман, бұлғар, оларға жақын буртас, торктар, хазарлар және т.б. айтылады [141, с.51].

Тіпті, қаңлылардың ордасы моңғол шапқыншылығынан кейінгі уақытта да сақталған. Ол туралы, Шыңғысханның мұрагерлерінің жаулаушылық жорықтарын баяндаған парсы тарихшысы Джувейнидің "Тарих-и жаһангушай" (Әлемді жаулаушының тарихы) еңбегінде Сырдың төменгі ағысы, Жентке жақын жерде қыпшақтардың бір бөлігі, қаңлы тайпасының ордасы туралы жазады [125, с.485].

Сондықтанда, осы аталған мәліметтерді ескере келе, XI-XIII ғасырларда қыпшақ бірлестігіне кірген, көрші қоныстанған түркі тілдес қоман-қыпшақтары мен қаңлылар ерте кезден-ақ туыстық байланыста болған болуы керек деп есептейміз. Қаңлылар да қомандар мен кимектер сияқты қыпшақ бірлестігіне кіргенімен, түпкілікті қыпшақ атанып кетпей «қаңлы-қыпшақ» деп аталған. Бұған түркі тайпалары құрамында қаңлы-қыпшақ атауының сақталуы мен Ертістің батысындағы жерлерді қаңлылар мен қыпшақтар елі деп атағаны дәлел бола алады.

Белгілі қыпшақтанушы ғалым Б.Е. Көмековтың пікірінше, қыпшақтардың көрші түрлі этникалық қауымдармен өзара ықпалдастығы олардың этникалық бірлігіне өз әсерін тигізген. Қыпшақтардың саяси күшеюі нәтижесінде кимек, қоман, қаңлы, қарлұқ, оғыз, шігіл, печенег, уран, кай, азкиши және т.б. тайпалар мен этникалық топтар өздерінің бір этносқа жататынын мойындап

қыпшақ этнонимін қабылдап, XI ғасырдан бастап өздерін қыпшақтар деп атай бастаған [2, с.17].

Өздерін қыпшақ деп атаған бұл этникалық топтардың қарым-қатынас тілі де қыпшақ тілі болған. Моңғол жаулауына дейін қыпшақ тілі Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген барлық тайпалар үшін ортақ тіл болып, Ертістен Дунайға дейінгі орасан зор аумақта болған қыпшақ хандықтары өздерінің сыртқы саясатын қыпшақ тілінде жүргізген [226, б.62].

Араб географтары мен тарихшылары әл-Идриси, Ибн Саид, Абу-л-Фида, ад-Димашки еңбектеріндегі мәтіндік және картографиялық материалдарының мәліметтері, Ибн әл-Фурат пен Ибн Тагрибердилердің Дешті-Қыпшақтың шығысында да, батысында да қоман деген жинақтаушы атпен танылған тайпалық топтар болған деген ақпаратын растайды [192].

VIII-XI ғасырларда қоман-қыпшақтары кимек қағанатының билігін мойындаған кезеңде, қағанаттың батыс бөлігін қоныстанғандығын және олардың сол кезеңде оғыздармен көрші болғанын олардың әдет-ғұрыптарының ұқсатығынан да көруге болады. Ахмад ибн-Фадлан (877-960) 921-922 жылдары Еділ Бұлғарлары жеріне саяхат жасаған кезеңде оғыздар даласын басып өтеді де, оғыздардың салт-дәстүрін сипаттап жазады. Оғыздардың бір адамы қайтыс болса, оған үйдің көлеміндей үлкен қабір қазады, содан кейін оған сырт киімін кигізіп, белдігін, садағын тағып, қолына ішіне тағам салынған ағаш ыдысты ұстатып, отырғызып, жанына бар мүлкін қоса жерлейді. Қорымның үстін жауып, киіз үй тәрізді етіп үстіне саздан биік күмбез тұрғызады. Өлген адамның жылқыларын бауыздап, етін жейді. Терісін ағашқа керіп, «бұл оның жұмаққа мініп баратын жылқылары» деп айтады. Егер қайтыс болған адам батыр болса, оны өлтірген адамдарының санына қарай ағаштан мүсін ойып, оның қабіріне қояды, олар оған келесі дүниеде қызмет жасайды деп есептейді Бұл ағаштан жасалған мүсіндер қоман-қыпшақтарының тастан жасалған балбалдарымен бірдей болған [122, с.161-162].

Дәл осыған ұқсас жерлеу салтының қомандарда да болғаны туралы В. Рубрук жазбаларында айтылады, яғни, командар өлген адамға үлкен қорым, ауқатты адамдарға пирамидалар, яғни тік ұшты күмбездер тұрғызады, кей жерлерде кірпіштен салынған мұнаралары да болған. Сонымен қатар, «бетін шығысқа қаратып, белдің орта тұсында екі қолына тостаған ұстап тұрған ескерткіш тастар қояды» - деп жазады [141, с.89].

Зерттеушілердің кейбіреулері балбалдарды тұрғызу дәстүрі келесі өмірде иесіне қызмет жасайды деген түсінікпен байланысты болған десе [227, с.39], келесі бір ғалымдар тобы қайтыс болған адамдардың құрметіне туыстарынан ескерткіш ретінде қойылған деп есептейді [37, с.154]. Қоман-қыпшақтарының жерлеу орындарына мәйіттен басқа, оның тіршілігінде қолданған заттарын қатар жерлеуі және балбал тастардан айналдыра қорған тұрғызуы ата-бабаларынан келе жатқан құрбан шалу дәстүрімен байланысты болған деген көзқарасты ұстанатын ғалымдар да бар [228, p.61].

Мұндай жерлеу дәстүрлері түркі тілдес халықтарда ертеден, Алтайды қоныстанған кезеңінен басталады, мұны табылған археологиялық материалдар дәлелдеп отыр [229, б.5].

Сондай-ақ, XIII ғасырда француз королі Қасиетті IX Людовиктің тарихшысы қомандар жеріне елшілікпен барған Филиппе де Тусидің атақты қоман жауынгерінің жерлеу рәсіміне қатысқанын және оның жанына мықты жылқыларын бірге жерлегенін көргенін жазған [230, с.44].

Осы аталған жерлеу салты өзінің бастауын сонау Алтайдан алып, батыс бағытында көшпелілердің, атап айтқанда қоман-қыпшақтарының батысқа қарай қоныс аударғанында да жойылып кетпей, олардың Қара теңіз жағалауында қоныстанған кезінде де қолданылды және жергілікті халықтардың салтына да ықпал етті. Мәселен, славян халықтарына әсер еткенін, XI-XII ғасырлардағы славян княздарын жерлеу салтынан, мәйіттің жанына тіршілігінде қолданған заттары мен жылқыларын қатар жерлеу дәстүрінен көреміз [37, с.146].

Әл-Якубидің көрсетуінше, IX ғасырда Түркілер елі мен түркі тайпалары қарлұқ, тоғызғұз, түргеш, кимек және ғұздар деп мемлекеттік құрылымдарға бөлінген. Бұл кезеңде қоман, қыпшақтардың кимектердің билігін мойындағаны тарихи шындық болғандықтан, әл-Якубидің деректеріндегі кимектерге қатысты айтылған ақпараттарды қоман-қыпшақтарға да қатысты қабылдауға болады. Әл-Якубидің айтуынша, оларда қоныстар мен бекіністер болмаған, олар киіз үйде тұрған. Киіз үй қабырғаларын бекіту үшін шегенің орнына жануарлардың терісінен жасалған қайыс бауларды қолданған. Сыртын жануарлардың жүнінен жасалған киіздермен жапқан. Әл-Якуби олардың киізді дайындаудың мықты шебері болғанын айта келіп, шеберліктерінің күштілігі сондай, олар одан киім де тігіп кигенін жазған. Сонымен қатар, олардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғанын, соның ішінде әсіресе оларда жылқының көп болғанын, оның сүтін ішіп, етін жегенін айтып өткен. Егіншілік кәсібімен айналыспаған, тек тары өсірген. Сондай-ақ, олар темірдің жетіспеушілігінен жебені сүйектен жасаған [115, с.149-150].

Әл-Якубидің мәліметтері қоман-қыпшақтарының тарихы туралы нақты ақпарат беретін дерек болмағанымен, Түркілер елін қоныстанған халықтар мен мемлекеттердің тұрмыс-тіршілігі бір болғанын атап көрсеткеніне байланысты, қимақтардың билігін мойындаған қоман-қыпшақтардың да өмір сүру салты осыған ұқсас болған деген қорытындыға келеміз.

Сондықтан да, Еуразия аумағындағы мемлекеттердің қоғамдық құрылымының бірлігі, этномәдени туыстығы, саяси ұйымдарының ұқсастығынан, олардың өмір сүрген кезеңін, яғни VIII-XII ғасырларды тұтас бір тарихи-мәдени кезең деп қарастыруға болады [231, с.5].

XI ғасырдың бірінші жартысында бір кездері теле тайпалық бірлестігіне енген түркі тайпаларының ірі топтарының бірі құндар мен қаилар қидандардың тықсыруымен моңғол даласынан батыс бағытында қоныс аударды. Осы қоныс аудару барысында құндар мен қаилардың қыпшақтармен байланысы анықталмағанымен, тайпалардың араласуы негізінде қалыптасқан жаңа бірлестікте екі негізгі топ: құн-қомандар мен шары-қыпшақтар (половцы)

сақталып қалды деп көрсетеді белгілі шығыстанушы, тюрколог С.Г. Кляшторный [197, с.137].

Бірінші мыңжылдықтың соңы екінші мыңжылдықтың бас кезінде Оңтүстік Сібір, Орталық Азия аумағында орын алған саяси оқиғалар аймаққа өз ықпалын тигізді. Солтүстік Қытай жерінде құрылған Ляо мемлекетінің (916-1125) мұрагерлері қидандардың X ғасырдың бас кезінде Орталық Азияның далалық аумақтарына басып кіруі этникалық картаны өзгеріске ұшыратты. Нәтижесінде XI ғасырдың бас кезінде түркі тілдес халықтардың қоныс аудару үдерісі жүрді [232, с.12-13].

Солардың бірі, құндар мен қайлардың қоныс аударуы қыпшақтардың саяси алаңда күш-қуатын арттырды. Олардың қоныс аударуы ғылыми зерттеулерде аз зерттелген мәселе болып табылады.

XII ғасырдың бірінші жартысындағы тайпалардың қоныс аударуын монографиясында арнайы қарастырған белгілі қыпшақтанушы С.М. Ақынжанов болған. Ғалым ал-Марвази, Матвей Эдесский және т.б. ортағасырлық халықтардың қоныс аударуын жазған деректерді салыстыра келе, XI ғасырдың ортасында шығыстан басталған қидандар мен қимақтардың қоныс аударуы қыпшақтарды батысқа қарай ығыстырып, орманды Карпат, Дунайдың темір қақпасы мен Балқан жоталарына дейінгі жерлерді қоныстанған деп жазады [20, с.197].

XI ғасырдағы халықтардың шығыстан батысқа қоныс аударуын Марвази толығырақ сипаттап жазған, оның көрсетуінше құндар Қытай жерінен қытай ханының тықсыруынан және жайылымдық жерлердің тапшылығынан қоныс аударуға мәжбүр болған. Оларды қай деп аталатын халық құдалады. Олар саны және күші жағынан басым болды. Құндар жаңа жерлерінен шарылар жеріне келді, ал шарылар түркмендер жеріне, түркмендер ғұздардың шығысына қоныс аударды да, ғұздар пешенегтер жеріне, Қара теңізге жақын жерге қоныс аударды [123].

Ал-Марвазидың халықтардың қоныс аударуына байланысты дерегін зерттеген В.Ф. Минорский бұл оқиға XI ғасырдың бірінші жартысында орын алған деп есептеген және бұл тұжырым ғылымда орнығып қалған. Ал, С.М. Ақынжанов бұл пікірге сыни тұрғыда қарап, неліктен халықтардың қоныс аударуы Солтүстік Қытайда Ляо мемлекеті құрылған X ғасырдың бас кезінен басталмады, қидандардың жаулаушылық саясатының салдарынан тек XI ғасырда ғана қоныс аударған және Ляо әулетінің ресми «Ляоши» әулеттік тарихында бұл туралы айтылмауының себебінен әлі де нақтылауды қажет ететін мәселе екенін айтып кеткен [20, с.186; 233, с.31]. Әбілғазының «Түркмен шежіресіндегі» түркмендерге жақын көршілері қытай, қаңлы және наймандар шабуыл жасаған деп көрсеткен дерегін талдай келе, XI ғасырда наймандар әлі Жетісу жеріне келмеген еді, ал көші-қон үдерісін бастаған халық Ертіс пен Алтайды қоныстанған халықтар болатын, сондықтанда С.М. Ақынжанов құндар деп қидандарды есептеу керекпіз дейді. Олар шары-қыпшақтар мен қаи-қимақтармен бірігіп түркмендерге басқыншылық жасап, оларды батысқа қарай жылжуға мәжбүрледі деп көрсетеді [20, с.195].

Осы жерде айта кететін мәселе, С.М. Ақынжанов айтып өткеніндей ғылымда халықтардың көші-қон үдерісін Ертіс пен Алтайды қоныстанған халықтар бастаған деген пікір орныққан [20, с.195]. Олай болса, Алтайдан Ертістегі кимектерге қоныс аударып, кейінен қыпшақ, кимектермен бірге түркмендерді қоныстанған аумағынан көшірген тайпа қомандар болып шығады.

Қорыта келе айтарымыз, қыпшақтар мен кимектерге қосылып түркмендерге шабуыл жасаған құндар біз қарастырып отырған қоман-қыпшақтарының дәл өзі болып шығады. Яғни, осы құндарды еуропалықтар қомандар деп бұрмалап атап кеткен болса керек. Оны тараушада мүмкіндігінше қолда бар деректер, аңыздар, генетикалық сараптама мәліметтері мен археологиялық материалдар негізінде анықтап көрсете алдық деп ойлаймыз. Яғни, қоман-қыпшақтары VIII-XI ғасырларда Кимек қағанатының батыс аумағын қоныстанып, қыпшақ, оғыз, қаңлы, шығу тегі мажарлардан таратылатын орманды-далалық угрлармен тығыз қарым-қатынас жасаған. Осы кезең аралығында аталған тайпалар бүгінгі Қазақстанның солтүстігі, орталығы мен батысын қоныстанып, тұтас бір тарихи-мәдени кезеңді бастан өткеріп, қоғамдық құрылымы бір, көшпелі өмір салтын ұстанған бірлестіктер аясында шоғырланған болатын.

2.2 Коман-қыпшақтарының Еділ-Орал аумағындағы халықтардың этно-тарихындағы орны

Еуропа мен Азияның шекарасында орналасқан Еділ-Орал аумағын тарихи кезеңдерде түрлі этникалық топтар қоныстанып, аймақтың тұрақты халқын қалыптастыруда өзіндік із қалдырған этникалық құрылымдар болды. Солардың қатарында Батыс Сібірден қоныс аударған угор тайпалары, Оңтүстік Сібір мен Алтайдан келген түркі тайпалары, Орталық және Батыс Еуропаның славян тайпаларын айтуға болады. Түркі тілдес халықтардың ішінен коман-қыпшақтарының да Еділ бұлғарларымен бірге башқұрт, чуваш халықтарының қалыптасу тарихында өзіндік ықпалы болған.

VIII-XI ғасырларда Оңтүстік Орал аймағында түркілік, үнді-еуропалық, алтайлық, фин-угорлық және т.б. басқа қауымдастықтардың қоныс аударуы нәтижесінде жаңа этникалық топтар қалыптасты. Осы кезеңде Оңтүстік Оралдың таулы-орманды далаларына оңтүстіктен, яғни бүгінгі батыс Қазақстан аумағынан қоныс аударған түркі тайпаларының қатарында коман-қыпшақтары да болды. Қоман-қыпшақтарының нақты қоныс аударған уақытын анықтап беретін деректер сақталмаған. Бірақ қазіргі кезде генетикалық, археологиялық, лингвистикалық және мәдениеттанулық зерттеулер нәтижелері, осы өңірді қоныстанып отырған халықтардың этногенезінде бұлғар, қыпшақ және угор этностарының ықпалдастығы орын алғанын анықтап беріп отыр.

IX ғасырдың соңында оғыздар пешенегтерді Арал маңындағы қоныстарынан Шығыс Еуропаға ығыстырып, Жайық (Орал) пен Жем (Ембі) өзендері бойына қоныстанып, Арал мен Каспий маңындағы жерлерде коман-қыпшақтарымен көрші болады. Еділ-Орал аймағындағы этногенетикалық үдерістер негізінде қоман, қыпшақ, кимек, оғыз, пешенег, башқұрт, бұлғар,

мажар, алан-асс тайпалары өзара байланысқа түскен, этно-мәдени ықпалдастық орын алған.

Қоман-қыпшақтары Еділ-Орал аймағына Орталық Азияның шығысынан басталған түркі халықтарының, қай, құн тайпаларының қоныс аударуына байланысты болған көші-қон үдерісінің нәтижесінде келіп қоныстанған [234, p.72].

XI ғасырдың бірінші жартысында Еділ-Орал өңірінде этно-мәдени ықпалдастық пен біріктірушілік рөлі әскери-саяси күшінің артуына байланысты қыпшақтардың қолында болды [235, с.33].

Географиялық жағынан Орал тауларының оңтүстігіндегі алқапты, Каспий маңындағы жерлерді және Тұранның жазық далаларын қамтитын Арал-Каспий тарихи-мәдени аймағы этногенетикалық және этно-мәдени үдерістердің ошағы болғанын археологиялық материалдар дәлелдеп отыр. Геосаяси жағынан көрші Сарыарқамен қоса ірі тарихи-мәдени ареалдар: Орта Азия, Саян-Алтай таулы өлкесі, Кавказ, Шығыс Еропаны тоғыстырушы сипатын алды. Бұл жерлерде континентальді ауқымдағы байланыстар жүріп, Азия мен Еуропаны байланыстырды. X-XIII ғасырларда бұл аймақтарда оғыз-қыпшақ (Шопан-ата, Сұлтан-әпе, Шақпақ-ата, Қараман-ата) мәдениеті қалыптасты [24].

«Юань ши» (Юань әулетінің ресми хроникасы) және басқа да қытай деректерін қарастыра келе Храпачевский Р.П. құн-қыпшақтар, яғни қомандардың Еділ-Орал аралығындағы жерлерге XI ғасырдың бірінші жартысында қидандардың күшеюі нәтижесінде көшіп келген деп есептейді. Кейін олар Еділ-Орал аралығындағы жерлерде, башқұрттарға жақын орналасып, қыпшақтардың белді тайпаларының біріне айналды. Нәтижесінде башқұрттардың арасында олардың бір бөлігі суун (хъыун)-кыпсак атымен бір руы аталып, шежіресіненде көрініс тапты [38, с.40-41].

«Юань ши» бойынша шығу тегі құн (қоман) Тұтықтың (Юань әулетінің билігі кезінде Қытай әскерінің бас қолбасшысы және Жоғарғы әскери Кеңестің басшысының кеңесшісі болған) шежіресін таратқанда оның ата-бабасы Құн-йаннан басталатынын және ол құн тайпасының негізін қалаушы ретінде сипатталады. Кейін Құн-йан өз еркімен солтүстік-батысқа, XI ғасырдың бас кезінде Еділ-Орал өзендерінің аралығындағы Юйлиболи тауларына қоныс аударады да, жаңа құн/қоман руының негізін қалайды. Оның ұлы Сомонақ, немересі Инасы бәріде қыпшақ тайпалық бірлестігінде атақты билеушілер болған. Храпачевскийдің пікірінше құн/қомандар қоныстанған Еділ-Орал өзендерінің аралығындағы қоныс «Ур-таг балық» болған. Бұл қоныс XII ғасырдағы қомандар туралы деректің авторы ал-Идрисида Тагура деп берілген. Кейін осы ал-Идриси ақпаратын қолданған географтар Абу-л-Фида мен Ибн Саид бұл Тагура тауында ал-Куманияның басты қаласы орналасқанын жазған. Тагура тауындағы қала басжирттар жерімен шекаралас орналасқаны да айтылады. Шежіре бойынша Инасының қартайған шағында құндарға монғолдар шапқыншылық жасайды да, олар Кавказ жеріне, оңтүстік орыс далаларына қарай ығысады. Әсіресе, қоман-қыпшақтарының тағдырына 1235-

1242 жылдардағы Бату бастаған «Қыпшақ жорығы» аса күшті ықпал еткен [38, 18-52].

Жоғарыда айтылған «Юань ши» хроникасындағы Тұтықтың шежіресі бойынша құндардың (қомандардың) шығу тарихын қарастырсақ, онда ол бастауын Құн-йаннан алады және олардың батыстағы қонысы Уртагтың, басқа да ортағасырлық деректер де аталатынын көруге болады.

IX ғасырдың бас кезінде қоман-қыпшақтары келгенге дейін Оңтүстік Оралдың оңтүстік-шығысы мен Аралдың солтүстігі аралығында пешенегтер қоныстанған болатын. Қоман-қыпшақтарының келуімен екі тайпа көрші қоныстанды.

Идриси қомандардың қоныстануына қатысты IX ғасырдың соңы-X ғасырдың басындағы деректер бойынша Каспий және Арал теңіздерінің солтүстік жағында Аскасия (Орал) тауларын орналастырады. Солтүстіктен оңтүстікке қарай ендік бойынша созылып жатқан таулардан бірнеше өзендер, соның ішінде Еділ өзені ағып шығатыны айтылады. Осы Аскасия тауының оңтүстік-шығысына әл-Идриси қомандардың қонысы ал-Қомания қаласын орналастырған [236, б.183].

Кейін, IX ғасырдың ортасында пешенегтер оғыз, кимек, қарлұқтардан құралған одақтан жеңіліс тауып, Еділ мен Жайық өзендері арасындағы жайылымға ығысты. Бірақ XI ғасырдың соңына таман бұл жерден де пешенегтерді оғыздар хазарлармен одақтаса отырып жеңді де, Еділ-Орал аймағын басып алды. Қалыптасқан жағдайда пешенегтердің бір бөлігі оғыздар мек кимек-қыпшақ тайпалық бірлестігіне тәуелділікке түсті де, екінші бөлігі Оңтүстік-Шығыс Еуропа жеріне қоныс аударуға мәжбүр болды [21, с.46; 54, p.9].

Сондай-ақ, XI ғасырдың ортасында қоман-қыпшақтарының батысқа қоныс аударуы Арал, Еділ, Жайық өзендері арасын қоныстанып отырған түркі тілдес тайпалардың этникалық тарихына елеулі өзгерістер алып келді. Қоман-қыпшақтардың екпінімен оғыз тайпалары батысқа, Хазарлар жеріне, түркмен-селжүктері оңтүстікке, Хорезмге, Әзірбайжан жеріне қарай көшті. Олар ол жерде газневидтік сұлтан Масудтың әскерімен қақтығыста жеңіске жетіп, батысқа қарай қоныстарын кеңейтті де, 1071 жылы Манцикерт түбінде византиялық император Роман Диогеннің әскерін талқандап, Кіші Азияға бет алды [43, с.92].

XI ғасырда қоман-қыпшақтар Дағыстан жеріне дейін барды, тарихта «дербент қыпшақтары» аталған олар Баб аль-Абваны (Дербентті) басып алғаннан кейін «Дербент қақпасы» ендігі кезекте «Қомандар қақпасы» аталды. Ал қақпа сақшылары қаңлылар (канклылар) болды [44, p.82].

Қыпшақтардың батысқа қоныс аударуы кезеңінде, кейбір ру-тайпалары Оңтүстік-Батыс Башқұрттар жеріне келіп, жергілікті халықпен араласып, қыпшақ тілдік тобына жататын еділ-орал және қыпшақ-бұлғар қауымдастығы қалыптасты. Осы кезеңдерде бүгінгі башқұрт халқының этникалық сипатына негіз болған этно-мәдени белгілер де орнықты [40, с.184-185].

Қыпшақтарды Еділ-Орал аймағына келуі жергілікті түркі халықтарының этникалық тарихына әсер етіп қана қойған жоқ, ол сонымен қатар фин-угорлық тайпалар мари, мордва және удмурттардың этникалық аумағының тарылуына да әкеліп соқты. Қоман-қыпшақтары олардың да тарихында өзіндік із қалдырды. Мәселен, бастапқыда бұлғарларға тәуелді болған, кейіннен татарларға бағынған удмурттардың атына айналған «odo-mort» этнонимі орта ғасырларда оңтүстік Орал маңындағы түрік тайпаларымен көрші қоныстанған топтарда пайда болған. Орта ғасырларда удмурттық «odo, od» сөзі қоман-қыпшақтардың «ант», ал «mort» сөзі «адам» сөзінің мағынасын берген, яғни «ант берген адам немесе анда болған адам» дегеннен шыққан деген болжам айтады жергілікті халықтың фольклорына сүйеніп ресейлік этнолог Владимир Напольских пен тарихшы Сергей Белых. Осы ақпаратқа сенетін болсақ, онда екінші мыңжылдықтың бас кезінде удмурттықтар мен қоман-қыпшақтары ант беріп одақтастықта болған болып шығады [237, с.284-286]

Ал-Идрисидің еңбегі мен картасы бойынша, IX-XI ғасырларда Кимек қағанаты бірлестігі құрамында Аралдың солтүстігі мен Оңтүстік Орал тауларына дейінгі аралықта қоман-қыпшақтары қоныстанған болатын [171, с.43]. Ал, «басджирттар» Ал-Идрисидің картасында Кама өзені мен Орал тауларының аралығын қоныстанған. Башқұрттар өздерінің тұратын жеріндегі өзендерді Кама, Ақ Еділ, Қара Еділ (Уфа өзені) деп атаған [114, с.89].

Башқұрттардың Мастр және Кастр деген қалаларының болғанын да айтады ал-Идриси. Башқұрттардың негізгі шаруашылығы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болған [114, с.192].

Тарихи және генетикалық ғылыми зерттеулер негізінде шығу тегі угор-мажарлық және түркілік деп танылған башқұрт халқы осы кезеңдер де қалыптасқан деп есептеледі.

IX-X ғасырлардағы араб жазушысы ал Балхи (850-934): «Башджарлар екі тайпаға бөлінеді. Бір тайпа тура Гуэзия шекарасында бұлғарларға жақын қомандар елі маңында қоныстанған. Олар 2000 адамнан құралған, орманмен жақсы қоршалғандықтан оларды ешкім бағындыра алмайды. Олар бұлғарларға бағынады. Екінші тайпа пешенегтермен шекаралас. «Олар мен пешенегтер - түркілер»,-деп жазылған [146, с.170].

Деректерден көріп тұрғанымыздай қомандар мен башқұрттар IX ғасырларда-ақ саяхатшыларға белгілі болған.

Бүгінгі башқұрт жерінде түркілік башқұрт, татар, чуваштармен қатар, фин-угорлық мари, удмурт, мордва, славяндық орыс және т.б. халықтар бірге өмір сүруде. Бұл Еділ-Орал өңірінің көпұлттылығы моделі өзінің тарихи бастауын сонау орта ғасырлардан алады.

Алғаш рет Башгурд жері туралы VIII ғасырда Фазлаллах Рашид-ад-Диннің «Оғыз-нама» еңбегінде айтылады. «Оғыз-нама» дастанында баяндалғандай қуыс ағашта дүниеге келгеніне байланысты қыпшақ деген атау алғаны [127, с. 63] және ағашты қасиет тұтатыны сияқты башқұрттарда да ағашқа табыну дәстүрі бар. Бұл оларға қыпшақтармен келген болуы керек. Башқұрттар жаңа туған нәрестеге арнап сойған малдың сүйегін қасиет тұтып, шамшат (бук)

ағашының жанына көметін болған [238, p.57]. IX-X ғасырлардағы жазбаша деректерде башқұрттар башгирд, башкерд, башджерт, башджарт деп те аталады [239, с.6].

IX-XIII ғасырлардағы башқұрт елі, халқы және олардың дәстүрі туралы араб географтары мен еуропалық саяхатшылар жазып қалдырған. Мәселен, Еділге саяхат жасаған ибн-Фадлан 922 жылы Еділ-Орал аймағын қоныстанған шығу тегі түркілік башқұрт тайпасы мен аль-Башгирд жері туралы жазған [122, 69 с.].

Ибн-Фадланның еңбегінде башқұрттар Орал тауларының етегінде қоныстанған, оңтүстігінде Мұғалжар тауларында оғыздар, Жайық бойында пешенег, батысында Соқ пен Шеремшан өздері бойымен бұлғарлармен көрші болған [39, с.26].

Кейін XI ғасырда, М. Қашқари өзінің «Түркі тілінің сөздігі» еңбегінде башқұрттар алғашқы басты жиырма түркі тайпаларының біріне жататынын және олардың тілі қыпшақ тіліне жақын екенін атап көрсеткен [201, с.69-70]. Ал, Еуропалық саяхатшылар Г.Рубрук пен П. Карпинидің еңбектерінде башқұрттар Паскатир [141, с.107], Баскарт [141, с.42] атымен аталған. П. Карпини паскатир (башқұрт) мен венгрлердің тілі бір деп көрсеткен [141, с.107]. Орал бойындағы башқұрттар мен венгрлер арасында тайпалық жақындық бар, көшпелі халықтардың екпінімен башқұрттардың бір бөлігі батысқа кетті де, Венгрияға барып, қалып қойды, қалған башқұрттар түркілермен және моңғолдармен араласып, өзіндік атын сақтаған жаңа этникалық топты, яғни башқұрттарды қалыптастырды [141, с.190].

Орыс жылнамалары «башқұрт» этнонимінің шығуын қыпшақ ханы Башқұрттың есімімен де байланыстырады, ол Святослав Владимировичтің қайын атасы болған.

Бошкурд, Башкорд немесе Башкард шынымменде XII ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға, қыпшақтардың бір тайпасының ханы. 1151 жылы Юрий Долгорукий мен Изяслав Мстиславович арасындағы соғыста Рут өзені бойында Чернигов князі Владимир қаза табады, оның әйелі қыпшақтарға барып паналап, Башкорд ханға тұрмысқа шығады [239, с.10].

Сонымен қатар, Гардизи еңбегінде айтылған Хазарлардың жоғары шенді қызметінде әскери қолбасшы Башгирд болған. Бүгінгі башқұрттар сол әскери қолбасшының айналасына топтасқан қауымдастықтан өсіп-өнген [239, с.10].

IX-XI ғасырларда башқұрттарды шығыс мажарлар деп атаған. Олар батыстағы мажарлардан бөлек, батыска кеткен жеті мажар тайпалары, ішінде түркі тайпалары да бар, IX ғасырдың соңында Дон мен Құбан жеріне барып Хазар қағанатына тәуелділікке түсіп, кейін Паннонияға барып тұрақтап, Венгрия королдігін құрады.

Шығыс мажарлардың еділ-камалық бұлғарлармен тығыз байланысқанын археологиялық деректер де растайды. Атап айтқанда, Үлкен-Тыған, Тетүштік, Танкеевтік, XII Ізмерлік бұлғарлық қорымдар мажарлық сипатта салынған [239, с.7-8].

Мажар тайпалық одағы Р.Г. Кузеевтің пікірінше батысқа қоныс аударғанға дейін Еділ мен Еділ бұлғарларының оңтүстік-шығысындағы Бүгүлмин қыраты арасындағы жерде қоныстанған болатын. Бұлғарлар мен венгрлер IX ғасырдың бас кезінде қазіргі Башқұртстан жерінде байланысқа түскен. Мажар тайпалары XII-XIII ғасырларға дейін Еділдің солтүстік салалары Үлкен Шеремшан, Қондұрша, Сок өзендері бойын қоныстанған еді [240, с.8].

Ибн Фадлан X ғасырдың бас кезінде Еділ Бұлғарларына саяхат жасағанда осы Үлкен Шеремшан (Джарамсан), Қондұрша (Кинджюлю), Сок (Сух) өзендерін жүзіп өтіп, бұлғар еліне барар жолда оңтүстігіндегі көршілері башқұрттарда болғанын жазған. Ибн-Фадлан башқұрттардың діни-сенімін сипаттағанда оларда екі діни сенімнің болғанын баяндайды. Екі этникалық топ «башқұрт» этнониміне біріккен, бірақ наным-сенімдері екі түрлі. Біріншілері, әлемді табиғат құбылыстарының иелері болып табылатын он екі құдаймен келісе отырып жоғары аспан құдайы басқарады десе, екіншілері жануарларға табынады және әр тайпаның өзінің жеке тотемдік жануары болады деп жазған. Аспан құдайын мойындайтын башқұрттар түркі тілдес халықтар, ал әр түрлі жануарларға табынатын тайпаларды тілі жағынан венгрлерге (мажарларға) жақын оғұр тайпалары деп есептеген [241, с.66].

Мажар, кимек, оғыз, оғыр, пешенег, қоман, қыпшақтардың ықпалымен қалыптасқан башқұрттардың шығу тарихы мен башқұрт этнонимінің пайда болуына байланысты нақты дерек жоқ. Башқұрт этнонимінің таралуы шығыс мажарларымен «баскарт/бажгартпен» байланыстырылады. Белгі лингвист-түркітанушы Н.А. Баскаков «башқұрт» этнонимінің шығу тарихын «башқұрт» және «мажар» этнонимдері байланысының тарихи-лингвистикалық заңдылық тұрғысынан негіздеді, яғни «баджа огур» - оғұрлар (угор) бажасы деген мағына береді деп көрсеткен [242, с.14].

Ибн-Фадлан башқұрттар деп көшпелі оғұр (угор) тайпаларын сипаттаған. Оларды зерттеушілер Ұлы Венгрия халқы деп есептейді. Орал маңына келгенде олар еділ-камалық бұлғарлармен қарым-қатынасқа түскен [243, с.7].

Ресей зерттеушілері Батыс Қазақстан аумағын аталған кезеңде қоныстанған тайпаларды оғұр/оғыздарға жатқызады. Көне түркілердің әскери одақтастары болған халықты қытайлар гаогюйлер («биік арбалар»), ал жужандар «тегрег» («арбалылар») деп атаған. Ал олар өздерін оғұр/оғыз атаған деп жазады [244, с. 89].

Осы кезеңдерде Еділ бойы мен Батыс Қазақстан жерінде шоғырланған оғұр тайпаларының ішінде ең ірілері бұлғарлар болған. Бұлғарлар архаикалық түркі тілінде сөйлеген. Еділ және Дунай бұлғарларының жазба ескерткіштерінде сақталған жазбалар бұлғар тілінің қазіргі чуваш тіліне негіз болған деп көрсетеді белгілі шығыстанушы С.Г. Кляшторный [197, с. 54].

Бұлғарлардың ерте тарихы Орталық Моңғолиядан Солтүстік Қазақстанға дейінгі аумақты қоныстанған теледен шыққан оғыр тайпаларымен байланысты және олардың шығу тегі түркілік, ал тілі түркі тілінің батыс ұндық тобына жатқан. Кейін, олар ұндардың батысқа жорығы кезінде Солтүстік Кавказ,

Дунай маңы, Балқанға дейін барып қоныстанды. Бұлғарлардың Шығыс Еуропада алғаш пайда болуы осы кезеңнен басталады [245, с.95].

Қалай болғанда да, жоғарыда айтылған мәселелерден шығаратын қорытынды оғұрлар көші-қон үдерісі нәтижесінде IX-XI ғасырларда Еділ-Орал аймағында қоныстанып, башқұрт, бұлғар, қоман-қыпшақтарымен байланыс жасаған.

Деректерде оғұрлар оғыз, башқұрт, бұлғарлар деп алмастырылып та айтылып жүр [246, с.174]. Себебі бейбіт кезеңде көшпелі тайпалар бірінің жеріне екіншісі көшіп бара беретін болған. Тайпа арасында орын алып тұрған қақтығыстар олардың қарым-қатынасына ешқандай қиындық тудырмаған. Осындай тығыз байланыс жасағандығынан да кимек, қыпшақ, қоман, башқұрт, бұлғар тайпаларының тұрмысында, тілінде және мәдениетінде ықпалдастықтың белгісі сақталған [21, с.42].

XI ғасырда Рашид ад-Диннің мәліметі бойынша Дешті-Қыпшақтың солтүстігіндегі аймақтарды қоныстанған барлық тайпалар, соның ішінде башқұрларда татарлар деп те аталған. Башқұрт халқының шығу тарихын аңызы мен шежіресі бойынша зерттеген ғалым, этнограф Р.Г. Кузеев башқұрт этнонимінің шығуын «баш» - басты және «кор(т)» – ру, тайпа сөздерінен құралған деген тұжырым жасаған [40, с.448].

«Оғызнама» дастанында башқұрттар мен бұлғарлар Еділ бойында тұратын көрші халық ретінде сипатталады. Башқұрттар тұратын жер дастанда Орал таулары - «Башқұрт таулары» (кухха-и Башкур) деп аталған.

Дастанда башқұрттардың билеушісі Қарашид «Ұлы Балоғыр» бекінісінде тұрған, Оғыз қағанмен соғыста жеңілген. «Балоғыр» түркі тілінде «бес оғыр» деген мағына берген [39, с.22].

Қытайдың Сун әулетінің тарихында башқұрттарды (ба-шу-ки-ли) хсиунг-ну (ғұндардың) ұрпағы деп көрсетеді. Тайпаның түркі тіліндегі аты «төлес» (телес). Көк түріктер дәуірінде башқұрттар төлес тайпаларынан тараған. «Төлестер» Алтай-Ертіс аймағын қоныстанған қыпшақ тайпалары болып табылады. Қытай профессоры Мау-Тсаи Еділ бойында қоныстанған ғұндардан тараған ру, тайпалардың қатарында хазар, ғұздар, пешенег, сабирлер, ибирлер, булғарлар, башқұрлар, аландар айтылады. Гардизи хазарлар мен кимектердің арасында қоныстанған, хазарларға бағынышты башқұрттар мен Истахри шығармасындағы бұлғарларға бағынған башқұрттар Еділ мен Орал тауларының арасын қоныстанған бір халық [39, с.23-25].

Башқұрттардың «Алдар және Зухра» эпосында Алдардың жеті тайпадан тұратын далалық башқұрттардан шыққаны айтылады. Жеті тайпаның ішінде қомандарда аталады [149, с.47].

Башқұрттардың «Ақташ-Ақ тау» аңызында қимақ-қыпшақ тайпаларының қоныс аударған уақыты X ғасыр деп көрсетілсе, «Бабсақ пен Құсақ» аңызы мен юрматтардың шежіресінде қыпшақ тайпалары 1030-1050 жылдардан бастап башқұрт жеріне келе бастағаны айтылады [150, 159].

Башқұрттардың этникалық құрамы, тілі, мәдениетінде пешенег, оғыз, бұлғар, қыпшақ компоненттерінің алатын орны зор. Башқұрт-қыпшақ

байланысы нәтижесінде тілдік байланыс орнаған. Қазіргі кезде башқұрт тілі қыпшақ тілінің бір тармағына жатады. Сонымен қатар, ру-тайпалық этнонимдер, рулық таңбалары материалдық мәдениеті мен фольклорында жақындық бар. «Қыпшақ», «Қаңлы», «Қатай», «Табын», «Мин» этнонимдері жоғарыда аталған халықтардың бәріне белгілі болған. Мысалы, бұлардың бәріне «Алпамыс» эпикалық шығармасы ортақ болып табылады [239, с.16].

XIII ғасырға дейін башқұрттар мажар тіліне жақын өз тілдерін сақтап қалды. Кейін кимек қағанаты құлағаннан кейін билікке қыпшақтардың келуімен Еділ-Орал өңірінде қыпшақ тілі басымдылыққа ие болып, түркі тілдес халықтардың барлығының қарым-қатынас құралына айналды [243, с.8].

Башқұрттарда Алтайдан шыққан тайпалардағыдай шаманизм басым болды, ағаштан немесе киізден идолдар жасап, соған табынған. Шежіресі бойынша 12 тармаққа бөлінетіндіктен 12 құс пен жануарларды тотем ретінде сыйынатын болған [39, с.26].

Башқұрттардың фольклорында олардың ертедегі наным-сенімі, дүние танымы қоман-қыпшақтарының шығу тарихы туралы аңызбен астарлас, екеуінде де қасиетті құс аққуды ерекше қастерлейді [146, с.15-16].

Башқұрттар шежіресі бойынша юрм және юрмат тайпалары өздерінің шығу тегін қомандар сияқты аққу құсымен байланыстырады. Сондай-ақ, башқұрттардың ішінде «елан» (жылан) руы бар, олар XIII ғасырларда қыпшақ бірлестігіне кірген, Чуваш аңыздарында осы жылан тайпасының тотемі аққу болғаны айтылады [150, с.152-154].

Башқұрттардың бурзян тайпасының шығу тарихы да қоман-қыпшақтарымен байланыстырылады. Қыпшақтардың шежіресінде, Қыпшақтың ұлы Хушнэк, оның ұлы Қазанқап, оның ұлы Бұдаби, оның ұлы Қукеш, одан Найман, оның баласы Тырнақ, Тырнақтың ұлы Бұғаби (моңғолдар билігі орнаған кезеңде өмір сүрген). Бұғабидің екі ұлы болған: Ямгуршыби, Кушкарби. Кушкарбиден Илек би, одан Бурзян тарайды. Сондықтанда бүгінгі таңда рудың аты бурзян-қыпшақ деп аталады [150, с.44].

Ибн-Фадлан олардың діни-сеніміндерін баяндағанда тырнаны киелі құс санап табынатынын айтады. Оның таралуы туралы аңыз бойынша ерте кезеңде башқұрттарға жау шапқан кезде, жауларының ту сыртынан тырналар саңқылдап, оларды қорқытып, қашырып жіберген екен. Міне, сол кезеңнен бастап башқұрттар тырнаны тайпаның тотемі етіп алып, ерекше қастерлейтін болған [122, 69 с.].

X-XIII ғасырларда Еділ-Орал аралығын қоныстанған башқұрттардың мәдениетінде қоман-қыпшақтарының ықпалдастығы орын алғанын археологиялық зерттеулер анықтап беріп отыр. Ол алдымен жерлеу салтының ұқсастығынан көрінеді.

Башқұрттар да қайтыс болған адамды жерлеген кезде қоман-қыпшақтары сияқты үстіне қорған тұрғызған. Мәйіттің басын солтүстік, не батысқа қаратып, жанына қару-жарағын, ат әбзелдерін, тамақ салынған ыдыс, жылқының бас сүйегін қоса жерлейтін болған. Ыдыстарының пішіні, өрнектері Ертіс пен Обь өзендері аралығын VIII-IX ғасырларда қоныстанған ортағасырлық тайпалармен

ұқсастығына байланысты, олардың Еділ-Орал аймағына Батыс Сібірдің далалық аймағынан келген деген болжамы расталады. Дәл осындай жерлеу салты IX-X ғасырларда Дунайды қоныстанған мажарларда көрініс табады [247, с.54-55].

VIII-XI ғасырларда Оңтүстік Сібір, Орталық Азияны қоныстанған халықтар қалдырған тас мүсіндер, XI-XIII ғасырларда Еділ-Орал өңірінен, одан әрі қарай батысқа қарай тараған. Оны таратушылар қомандар болған. Бұл тас мүсіндер шығыста Корея мен Бохайдан бастап, батыста Дунай мен Адриат теңізіне дейінгі аралықта қоныстанған ортағасырлық түркі тайпаларының қиын да, қызықты тарихын қалпына келтіруде өте маңызды орын алады [50, с.7].

Сонымен бірге, IX-XII ғасырлардағы башқұрттардың солтүстік-шығысындағы көшпелілер антропологиялық тұрғыдан алғанда Қазақстанның және Оңтүстік Сібірдің көшпелі халықтарымен жақын. X ғасырда Оңтүстік Оралда қоман-қыпшақтардың қоныс аударуымен көккөздік сипаттағы ескерткіштер пайда болады, оны зерттеушілер кимек-қыпшақ бірлестігіне кірген тайпалар алып келді деп есептейді [150, с.148].

XIII ғасырларға қарай Еділ-Орал өңірінде башқұрт, оғыр этномәдениетімен қатар бұлғар мәдениеті де басымдылыққа ие бола бастады. Бірақ аймақтағы этно-мәдени жағдайды анықтаушы рөл жазба, тарихи-этнографиялық деректер мен археологиялық материалдар бойынша қоман-қыпшақтарының қолында болған.

Башқұрт ғалымдары осы кезеңдерге, яғни XI-XIII ғғ. жатқызылатын деректер мен ескерткіштерді қоман-қыпшақтарының мұрасы деп қарастыру, олардың оғыз немесе оғырларға тән екенін жоққа шығармайды. Өйткені бұл кезеңде қыпшақ бірлестігі күрделі этникалық құрылым болды, онда қыпшақтардан басқа оғыр-самодилардың, оғыз-пешенегтердің де компоненттері болған еді [150, с.149].

Қоман-қыпшақтарының Еділ-Орал аймағындағы башқұрт, бұлғар, мажар, оғұр, удмурт, чуваш және т.б. халықтармен қатар қоныстанып, қарым-қатынасқа түскенін археологиялық материалдар, атап айтқанда, әр түрлі этникалық топтарға тиесілі тастан жасалған мүсіндердің көптеп табылуы да дәлелдейді [45, с.210–244; 46, с.23–32].

Кезінде бұлғарлар қоныстанған аумақтың этникалық жағынан әр түрлі болып келгені туралы белгілі тарихшы-археолог ғалым С.А. Плетнева: «Бұлғарлардың көп этностан құралғанын Жоғары Салтыдан табылған Нетайловский қорымынан табылған жерлеу орны қалдықтары куәлік етеді. Бұл жерлеу орны басқа мәдениеттерден өзгешелеу. Мұнда жерленген мәйіттің басы солтүстікке қаратылып, сүйектері «қолдан бұзылып жіктелген», тағы бір жерлеу орындарынан табылған шұңқырларда адам мәйітін өртелген. Келесі бір қабірлерде адам басы батысқа немесе оңтүстік-батысқа бағытталып жерленген, онда адам сүйектері шашылмай дұрыс қойылған. Бұл қабірдің ерекшелігі қабірдің жанында жеке бір орынға жауынгердің қару-жарағы, тұрмысқа қажетті заттары қоса жерленген. Бұл жерлеу салты қай этносқа тән екені анықталмады, бұл бұлғар, хазар не славяндарға тән емес»,-деп көрсетеді [37, с.58-59]. Көріп

тұрғанымыздай бұл мәдениетті жасаушылар жергілікті халық болмаса, онда батысқа қоныс аударған түркілер, қоман-қыпшақтары болуы мүмкін, өйткені ғалымдар ескерткішті шамамен XI ғасырларға жатқызады. Кейіннен осыған ұқсас, XII-XIII ғасырларға жататын жерлеу орындары Алдыңғы Кавказ жерінен де табылды және археологтардың көрсетуінше шығысқа қарай табылуы да мүмкін [37, с.60].

Сонымен, бұл мәдениеттің көшпелілер, қоман-қыпшақтарынікі болуы мүмкін дегеніне бізде қосыламыз, өйткені жоғары да атап көрсеткеніміздей жазба деректер де, археологиялық материалдар да қоман-қыпшақтарының осы кезеңде бұл аймақта башқұрт, бұлғар және т.б. түркі тілдес халықтармен қатар қоныстанғанын атап өткен болатын. Сонымен қатар, жерлеу орындарындағы мәдениеттердің ұқсастығы да дәлел бола алады деп есептейміз.

XI ғасырдың ортасы-XIII ғасырдың бас кезінде Еділ-Орал аймағында қыпшақтар мен бұлғарлардың жақын қоныстанғаны туралы араб тарихшысы Ибн ал-Асирдің (1160-1234) шығармасында да айтылады, онда сонымен қатар Еділ-Орал аймағын қоныстанған қыпшақ бірлестігіне кірген тайпаның бірінің 10 000 түтінін 1043 жылдың күзінде ислам дінін қабылдағаны да жазылған [209, с.100].

Орыс жылнамаларында қоман-қыпшақтары мен бұлғарлар одақтасып орыс княздіктеріне қарсы жорық жасаған, оны Всеволодтың Киев князі Святославқа жазған хатынан білуге болады, онда «Отче и брате, се болгоры соседи наши, народ безбожный, суть вельми богати и сильны, ныне пришед по Волге и Оке, якоже и конми с великим войском многие городы разорили, людей бесчисленно пленили, которым я противиться не могу. Наипаче же, что рязанские князи междо собой братья, имея вражду, друг друга воюют, свои волости разоряют, ко Руской земли, отечестве своем, не радеют. Половцев же призывать не хочу, ибо они с болгары язык и род один, опасался от них измены... Того ради прошу у тебя, да пришлешь мне в помочь достаточное войско, сколько сам заблагорассудишь ...»,-деп жазылған [10, с.128].

Бұлғария мен қомандар жерінде қоныстанған қыпшақ тайпалары туралы мәліметті француз тарихшысы, епископ Жак де Витри (1180-1240) шығармасынан да алуға болады. Онда қоман-қыпшақтарының Бұлғария мен Қомандар жерін қоныстанатыны, бірақ ислам дінін қабылдамағаны туралы ақпарат бар [143, с.222].

XII ғасырда араб саяхатшысы Абу Хамид ал-Гарнати (1080-1170) бұлғар тарихшысы Жақып ибн-Нұғманың «Бұлғар тарихы» кітабында бұлғарлардың шығу тарихы мұсылман ғұламасының есімінен шыққанын айтқан. Аңыз бойынша бұлғарлар ханын мен оның әйелі ауыр сырқатқа душар болып, айыға алмайды. Сол кезде оларға Бухарадан мұсылман-ғұламасы келіп, сырқатынан сауықтыратынын, бірақ олар қайырымына мұсылман дініне мойын ұсынатынын айтады. Хан мен ханшайымы келіседі, кейіннен сырқаттарынан сауыққаннан соң ислам дінін қабылдайды. Бұлғарлар бұл кезде хазарларға тәуелді еді. Хазар ханы ислам дінін қабылдағанына наразы болып, бұлғарларға соғыс ашады, бірақ жеңіліс табады. Бұлғарларға Алла көмектесті, кейін хазар

ханы да келісімге келіп мұсылмандықты қабылдады. Оларда ғұламаны «балар» деп атайды екен, сондықтан ол елді «Балар» деп атаған, кейін араб тіліне ыңғайланып «Бұлғар» аталып кеткен екен [117].

Ал-Гарнати саяхат жасаған XII ғасырдың орта кезінде, Еділдің жағасында, қомандар мен Еділ бұлғарларына жақын жерде Саксин бірлестігі болған. Оғыздар бір уақыт осы Саксин бірлестігіне кірген. Гарнати Саксин қаласының тұрғындары хазар, оғыз, бұлғар және суварлар деп көрсеткен [248, p.180-181].

Ресей тарихшыларының пікірінше, Саксин Дешті-Қыпшақ құрамына кірген. Саксин қомандармен, Еділ бұлғарларымен экономикалық және рухани байланыстар орнатқан. Саксин деп Төменгі Еділ бойындағы қыпшақтарды атаған. Тарихшы-археолог С.А. Плетнева осы кезеңге жататын қыпшақтардың бірнеше «патша қорғандарын» осы Төменгі Еділ бойынан ашып, кейбір қыпшақ тайпаларының да саксин бірлестігіне кіргенін айтады [249, с.116-117].

Ал-Идрисидің картасында бұлғарлар V климаттың 7-ші секциясында, VI климаттың 6-8 секцияларында және VII климаттың 6-шы секциясында орналасқан. Оның шығармасында бұлғар жерін бір күнде жүріп өтуге болатыны және көршілері Русь пен башқұрттар (басджирт) туралы ақпарат жазылған. Ол IX-X ғасырдағы бұлғарлар туралы мәлімет беретін авторлар ал-Истахри мен Ибн Хаукаль ақпаратын қысқартып берген. Өзіне дейінгі авторлардың хабарламасына қосымша бұлғарлардың қалалары мен этнографиялық сипаты туралы толықтыра отырып жазған. «Ал-Бұлғар» бұл қаланың аты. Қаланың жалпы көлемі 12 га болған және қалада кәріз жүйесі мен су құбырлары жүргізілген. Оның тұрғындары мұсылмандар мен христиандар. Оның жанында үйлері ағаштан салынған Сувар қаласы бар. Онда халық қыста қыстап, жаз кезінде киіз үйлерде тұрады [114, с.191].

Ал-Идриси шығармасында бұлғарлардың тағы бір қаласы-Сабын (Сабан) туралы баяндалады. Таудың басында орналасқан бекініс қала, айналасы топырақпен өңделген, ол жерден бұлғарлар мол өнім алады деп жазады [114, с.192].

Орыс жылнамаларында 1184 жылы аталатын бұлғарлар қаласы Сабақұл қоман-қыпшақтарының осы аймақтағы Колобичи тармағымен байланысты болуы мүмкін деп есептейді татар ғалымы Дамир Исхаков. Ғалымның мұндай қорытындыға топонимның бірінші бөлігіндегі «саба» сөзін қыпшақ тіліндегі «оба» сөзімен байланыста қарастыра отырып келеді [41, с.61].

XII ғасырдағы бұлғар қалалары туралы ирандық Наджиб Хамадани (XII ғ.) шығармасында, бұлғарлардың қалалары деп: Йасу, Мерджи, Эрнас, Техшу аталады. Бұны кейін екінші ирандық автор Ахмед ат-Туси (XII ғ.) шығармасында қайталап көрсетеді, онда қалалардың аты:Бассов, Мерха, Ернась, Тахасту деп берілген [250, с.233].

Осы жердегі Техшу бекінісі Еділ Бұлғариясының орталық аймақтарында болған қала. Қаланың аты қоман-қыпшақтарының белді тоқсоба руының атымен байланысты немесе оғыр-мажар тіліндегі «тету» (жәндік) ойконимінен шыққан жергілікті Тетюш қаласымен аттас болуы мүмкін деп есептейді топонимдардың шығу тарихын зерттеп жүрген ресейлік ғалым Н.В. Беленов.

Оғырлардың башқұрт сияқты Еділ бұлғарларының да қалыптасуына ықпал еткенін қазіргі зерттеулер анықтап отыр. Оғырлардың ықпалының болғанын араб-парсы, венгр деректері және археологиялық: Үлкен Тиган және Танкеев қорымдарының материалдары да дәлелдеп отыр [251, с.94].

Еділ бұлғарларының тарихи танымал қалаларының бірі-Биляр қаласы да сауда байланысында маңызды орын алған. Онда ұстаханалар көптеп табылған. Қала туралы алғашқы жазба дерек X ғасырдың 70-ші жылдарына жатады. Ол деректе Венгрияға Бұлар жерінен (terra Bular) мұсылман бұлғарлардың келгені баяндалады. Орыс жылнамаларында қала Ұлы қала атымен танымал болған. 1164 жылы Андрей Боголюбский Еділ Бұлғариясына жорық жасағанда, бұлғар әскери Шеремшан өзені бойындағы Ұлы қалаға шегінгені жазылған. Сондай-ақ, 1183 жылы Всеволод княз бастаған орыс княздерінің одағы бұлғарлардың орталығы Ұлы қала-Билярды он күн бойы қоршап, ала алмаған. Ішкі және сыртқы қалаға бөлінген Биляр ортағасырдағы ірі қалалар қатарына жатқызылған. Қорғанысы өте мықты жасалған, ішкі қала және сыртқы қала әр қайсысы жеке-жеке қорған мен терең ормен сақтандырылған [252, с.10-11].

Биляр XII ғасырдың екінші жартысынан моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде Бұлғарлардың астанасы болған.

Қала маңында металлург-ұсталар мен қатар қыштан ыдыс, құмыра, әйнек, шыны ыдыстар жасайтын ұстаханалар орналасқан. Шамамен шыны, әйнек өндірісі XI-XIII бас кезінде өркендеген және оған Орталық Азиядан коныс аударып келген халықтардың ықпалы болған. Сонымен бірге коныс аударып келген халықтың Еділ бұлғарларының мәдениетіне, наным-сеніміне өзіндік әсерінің болғанын тастан жалған мүсіндер де дәлелдейді.

Сондай-ақ, қалада жүргізілген археологиялық жұмыстар нәтижесінде сыртқы қаланың солтүстік-шығыс бөлігінен X ғасырға жататын киіз үй табылған. Мұндай киіз үйлердің түрі салт-маяцк мәдениеті ескерткіштерінен де табылған [252, с.15-17].

Аталып отырған салт-маяц мәдениетін шығыстан коныс аударып келген көшпелі халықтардың мұрасы деп есептейді археолог ғалым С.А. Плетнева. VIII-XII ғғ. ерте түркі тайпаларының ескерткіштері – бұл тастағы таңбалар, балбал тастар, құлпытастар, руникалық жазбалар, жерлеу орындары мен кешендері. Бұл дархан даланы мекендеген түркі халықтарының мәдени жетістіктерінің ерекшеліктері, болашақ ұрпағына ерте түркі жұртынан аманаты. Тарихи ескерткіштер түркілер мекедеген Еуразияның барлық аумағынан табылады. Солардың ішінде ірісі Салт – маяц мәдениеті. Салт-маяц мәдениеті славяндармен қатар, Сібір және Орта Азия халықтары мәдениетіне де тән, оны көшпелі және жартылай көшпелі түркі тілдес халықтар қалдырған [37, с.146].

XI-XIII ғасырларда Бұлғар жерінде көптеген этникалық топтар болғанын жоғарыда атап өткен едік. Солардың бірі бұлғарларға тәуелді болған удмурттардың дүниетанымы қоман-қыпшақтарының наным-сенімдерімен ұқсас болған.

Сирия шіркеуінің епископы Михаил Бар-Сауман (Сириец, 1123-1199) «Хроника» (XII ғ.) атты еңбегінде түркілер, қомандар Көк Тәңірді

мойындайтынын айтады. Михаил хроникасында қомандардың ерте кезден, әлі күнге дейін аспанға табынатыны, басқа ештеңені қабылдай алмайтыны және сенбейтіні жазылған. Олардан сенімін сұрасаң «Хан Тәңірі», «Көк Тәңірі» деп жауап беретіні жазылған [253].

Удмурттықтардың да сенімі тәңірмен, аспанмен байланысты болған. Барлық түркі халықтарындағы сияқты сенімнің үштік жүйесі: аспан, жер және аспан мен жер арасындағы тіршілік дүниетанымы қалыптасқан. Жоғары тылсым күш иелерін Инмар, Кылдысин, Куазь аттарымен атаған, бұл атаулар діни жоралғыларда бірге қолданылған [254, с.51-52].

Сондай-ақ, бұлғарлардың да ықпалының болғанын, тылсым күш иесінің атауынан байқауға болады. Мысалы, Инмар сөзі удмурттық «ин(м)» (аспан) және бұлғарлық «ар» (адам) сөзінің қосындысынан алынған [255, с.179].

Удмурттардың қоныстанып отырған территориясында түркі-оғырлық тайпалар байлар, еней, гайна және т.б. қоныстанған болатын. Удмурттар бұлғарлардың этногенезінде маңызды орын алған, бұлғарлардың құрамындағы бигерлер осы удмурттардан тараған [256, с.55].

Қарастырылып отырған кезеңде аймақта көрші елдермен сауда байланысы да дұрыс жолға қойылған болатын. Әсіресе сауда байланысын дамытуда өздерінің зергерлік өнімдерімен танымал болған бұлғарлар жетекші орынға шыққан. XII-XIII ғасырдың бас кезінде Еділ Бұлғариясы Солтүстік-Шығыс Еуропадағы Батыс пен Шығыс сауда байланысының орталығына айналады. Сауда жолының бір тармағы болып табылатын Бұлғар-Жүржан жолы осы Еділ мен Оңтүстік Орал маңындағы далалармен өтетін болған [145, 13-14].

Қоман-қыпшақтармен достық қарым-қатынаста болу бұлғарлар үшін өте қажет еді. Басты себеп қоман-қыпшақтар Шығысқа баратын сауда жолының барлығына бақылау жасады. Біраз ғалымдар қыпшақтардың сауда жолын тек бақылап қана қойған жоқ, одан түсетін табыс көзінің молдығын ескере келе керуендердің сақтығын қамтамасыз еткен деген көзқарасты ұстанады. Ресей ғалымдарының пікірінше, қыпшақ хандары саудадан түсетін табыс көзінің молдығын ескеріп, өздерінің аумағынан өтетін барлық сауда жолын бақылап, қолдап, барынша өркендеуіне қызығушылық танытып отырған [42, с.154].

Сондықтанда Шығыспен сауда байланысына тәуелді бұлғарлар сауда жолдарына бақылау орнатқан қыпшақ хандарымен жақындасу жолдарын қарастырып, қыпшақтармен бейбіт қарым-қатынас орнатқан.

Бұл туралы ақпарат орыс жылнамаларында да айтылады. Онда, 1184 жылғы орыс княздерінің қыпшақтармен кезекті соғысы баяндалатын тұста, көпестердің сауда керуені, қарулы қыпшақ тайпаларынан құралған жауынгерлік топтардың жанынан аман-есен өткені жазылған, яғни, қоман-қыпшақтары қандай жағдай болмасын сауда керуеніне тиіспейтін болған. Жоғарыда айтылған пікірді түйіндейтін болсақ, қоман-қыпшақтар көптеген зерттеушілер көрсеткісі келетіндей соғыс құмар, тонаушы емес, қайта керісінше тәртіпті сақтаушы, қамтамасыз етуші ретінде танылып отыр.

Сонымен, VIII-XIII ғасырларда Еділ-Орал аймағын шығу тегі түркілік пешенег, мажар, оғұр, оғыз тайпаларымен қатар қоман-қыпшақтары да

қоныстанып, жергілікті башқұрт,бұлғар халықтарының этникалық тарихына, мәдениетіне, діни-сеніміне, экономикалық дамуына өзіндік әсерін қосқан.

IX-X ғасырлардағы мұсылман деректеріне сүйенсек башқұрттар екі тайпаға бөлініп, бірі қомандармен көрші, екіншілері пешенегтермен шекаралас қоныстанған. Башқұрт тайпаларының батыс бөлігі моңғол шапқыншылығына дейін Еділ Бұлғарларының шығыс провинциясын құраған болатын. Сондықтанда, XI-XIII ғасырларда қоман-қыпшақтары бұлғарлар және башқұрттармен іргелес қоныстанып, тығыз қарым-қатынасқа түскен, кейде орыс княздіктеріне қарсы соғыста одақтас та болған.

Жалпы, XI ғасырдың ортасына дейін қоман-қыпшақтарының аталмыш аймақтағы ықпалы айтарлықтай жоғары болмаған. Тек, XI ғасырдың ортасынан бастап олардың жергілікті халықпен тығыз байланыс орната бастағанын тарихынан, мәдениетінен, тұрмысынан, қалдырған археологиялық жәдігерлерінен көреміз. Нәтижесінде, қомандардың ықпалымен Еділ-Орал аймағында XI ғасырдың соңы - XII ғасырдың бас кезінде қыпшақ тілдік тобына жататын еділ-орал және қыпшақ-бұлғар қауымдастығы қалыптасып, башқұрт халқының этникалық бейнесін беретін этно-мәдени белгілер орнықты.

2.3 Кавказ жеріндегі халықтармен саяси және этникалық байланыстар орнату

XI-XIII ғасырларда Еуразия даласымен шектесіп жатқан барлық халықтар көшпелі қоман-қыпшақтарымен қарым-қатынасқа түсуге мәжбүр болды. Солардың қатарында Кавказ халықтары да бар. Қоман-қыпшақтарының бұл көрші халықтармен байланысы әскери, некелік байланыстағы одақтар, жалдамалы әскерлер және т.б. сипатта көрініс тапты.

Қоман-қыпшақтардың Кавказ жерінде қоныстанғаны және көрші халықтармен байланысы туралы әлі күнге зерттеулер жоқ. Оның басты себебі, бұл кезең туралы жазба деректердің жоқтығы немесе сақталмағандығынан болып отыр. Дегенмен, біз зерттеуімізде ортағасырлық грузин деректеріндегі аздаған мәліметтерді, археологиялық, генетикалық, лингвистикалық және т.б. қосымша ақпарат беретін дерек көздерімен толықтыра отырып, қоман-қыпшақтарының Кавказ жеріндегі ортағасырлық халықтармен байланысын ашуға тырысамыз.

Бұл ең алдымен, XI-XIII ғасырларда қоман-қыпшақтарының Солтүстік Кавказ жерін қоныстанған кезінде жергілікті халықпен орнатқан қарым-қатынасының сипатын ашып берсе, екіншіден қоман-қыпшақтарының балқар, қарашай және құмық халықтарының этногенезіне ықпалын ашып береді.

X-XI ғасырларда Солтүстік Кавказ, яғни, Төменгі Доннан Дербендке дейінгі Алдыңғы Кавказдың жазық далалары «Дешті Қыпшақтың» маңызды бір бөлігі болып табылды. Бұл территория мыңдаған жылдар бойы халықтардың батысқа қоныс аударуында көпір қызметін атқарған десек те болады. Мұнда ғұндардан бастап, авар, бұлғар, хазар, пешенег, оғыз, қоман-қыпшақтарының ізі қалды. Бұл жерде қоман-қыпшақтары алан, адыг, вайнахтармен және Хазар мемлекетінің құрамына кірген халықтармен тығыз байланыс жасады.

Қыпшақтардың Кавказ жеріне келуін кейбір тарихшылар Батыс Түркі қағанатымен байланыстыра қарайды. Мәселен, академик А. Ширалиев қыпшақтардың Әзербайжанға табан тіреуін VIII ғасырмен анықтайды да, әзербайжан тілінің қыпшақ диалектісінің пайда болуының бастауын сол дәуірмен байланыстырады. Ал, грузин жазбаларында алғашқы қоныс аударған қыпшақ тайпаларын «бұнтүріктер», кейін келгендерін «жаңа қыпшақтар» деп атаған деп көрсетеді түркітанушы ғалым С.Ж. Құдасов [66]. Грузин деректерінде бұн-түрік және қыпшақ деп аталатын екі тайпалар IV ғасырларда Құр өзенінің бойында қоныстанған деп жазылған. Негізінен Грузияға келген қыпшақтар XI ғасырдың соңына қарай Дон мен Кубан бойын қоныстанған болатын [257, p. 56].

Сонымен, XI ғасырдың екінші жартысында бір кездері мықты пешенег, оғыз, хазар, бұлғар және алан халықтары қоныстанған территорияда қыпшақ бірлестігінің ықпалы күшейді. Археолог ғалымдардың пікірлерінше, қоныс аударып келген қоман-қыпшақтарының физикалық келбетінің біршама өзгеруіне Хазар қағанаты құрамына кірген халықтардың мәдениеті әсер еткен. Оны осы халықтарға тән жерлеу дәстүрінің қыпшақтардың жерлеу салтында орын алғанынан және антропологиялық келбеттерінің өзгергенінен байқауға болады [245, с.100].

Көшіп келген халықтар мен жергілікті халықтардың арасындағы қарым-қатынас негізінен көп жағдайда жайылымдық жерлер үшін болған қақтығыстармен сипатталады. Тек, қоман-қыпшақтары мен автохтонды халықтар арасында шекара анықталғаннан кейін ғана аймақта әскери-саяси жағдай тұрақтанып, олардың өзара жақын қарым-қатынасы дұрыс жолға қойылды. Көп кешікпей қоман-қыпшақтары Дербенд өткелі мен Дариял шатқалы арқылы Орталық Кавказға кіріп, XII ғасырда мұнда күшті әскери-саяси ықпалға ие болады [58, с.58-59].

1103 жылы орыс княздары қыпшақ тайпалары тарапынан төнген қауіптен қорғану мақсатында Долобск съезін өткізіп, күштерін біріктіріп қарсы шықты. Орыс княздарының біріккен күшінен жеңілген қыпшақтардың бір бөлігі Кавказға бет алды, біразы Еділ мен Донды асып кетті. Кавказда тұрақтаған қыпшақтар Грузия тағына үміткер Давид IV Агмашенебелиге (1089-1125) көмектесіп, селжүктерден Грузия жерін азат етуге көмектеседі. Қыпшақтар ханы қызын Давид IV Құрылысшыға ұзатып, туыстық қарым-қатынас орнатады [159].

Грузиндердің патшасы Давид IV Агмашенебелимен (Агмашенебели деген теңеу грузин тілінен аударғанда «құрылысшы» немесе «қалпына келтіруші» деген мағына береді) некелік туыстық байланыс жасаған Қыпшақ билеушісі Шаруқанның ұлы Атрақ болатын. Селжүктермен соғыс 1118 жылы болған еді [258, с.390].

XII-XIII ғасырларда Грузия тарихында қоман-қыпшақтары мен түркі тайпалары маңызды орын алған. Алғаш рет қыпшақтар XI ғасырдың 60-жылдарында грузин тарихшысы Леонти Мровелидің «Грузин патшаларының тарихы - ата-бабалары және туыстары» (Картлий патшаларының өмірі) атты

шығармасында баяндалады. Шығармада қоман-қыпшақтар «бұн-түріктермен» қатар аталады, бұлар кавказ бұлғарлары болуы керек. Сонымен қатар, қыпшақтар XI ғасырдың аяқ грузин тарихшысы Жуаншердің «Вахтанг Горгасал патшаның өмірі» атты шығармасында да айтылады. Шығарма желісі бойынша қыпшақтар XI ғасырдың соңына таман пешенегтерді батысқа ығыстырады [62, с.116-117].

Грузиндардың патшасы Давид IV Құрылысшы Солтүстік Кавказға, Осетиндер жерін қоныстанып отырған қоман-қыпшақтарға елшілік жібереді. Елшіліктің мақсаты қоман-қыпшақтарын Грузияға, Тифлис әмірлігіне қоныстандырып, селжүктерге қарсы соғыста олардың әскери көмегіне жүгіну болды. Қыпшақтардың ханы Атрақ Давид IV-нің ұсынысын қабылдап, 40 мың қыпшақпен, соның ішінде бес мың таңдаулы жауынгерлерімен Грузияға келіп қоныстанады [259, p.793].

Бүгінгі таңда грузин ғалымдары бұл жерде тек қана қыпшақ жауынгерлерінің саны ғана көрсетілген, оған олардың отбасын қосатын болса, онда олардың саны 225 мыңнан кем болмаған деп есептейді. Давид IV Құрылысшы оларға елдің шығысы, оңтүстік-шығысындағы аймақтарды бөліп берген. Бұл жерлер көшпелі шаруашылықпен айналысуға жарамды болған. Ең негізгісі грузиндер оларды сыртқы жауларынан қорғаныс шебі ретінде орналастырған. Бес мың таңдаулы қыпшақ жауынгерлерінен патшаның жеке гвардиясын жасақтаған [62, с.119].

Давид IV-нің шақыртуымен келген қыпшақ тайпалары Грузия патшалығы мен патшаның саяси дербестігін нығайтуда шешуші рөл атқарды. Солардың көмегімен Грузия патшасы Ширван территориясына жорық жасайды. Осы кезеңнен бастап қоман-қыпшақтар грузин патшалығының әскери ұйымында маңызды рөл атқарған және Давид IV ұйымдастырған барлық жорықтарға қатысқан. Атап айтқанда 1121 жылғы Дидгор тауларында түрік-селжүктермен соғысып, жеңіске жетті. Давид IV-нің 56 мың әскерінің 15 мыңы қыпшақтар болған. Осы құрамда 1122 жылы Тифлиске жорық жасап, өзінің патшалығына қосты. Одан кейін Дманис (Туманис бекінісі) және Аниді өзіне қаратады [260, с.18].

Давид IV Құрылысшы қыпшақтарды тек сыртқы жаулармен күрес барысында ғана қолданған жоқ, ішкі – орталықтандыру саясатына қарсы шыққан грузин билеушілеріне де қарсы қолданды. Атрақ хан Давид IV-нің сарайында ерекше мәртебеге ие болды. Оның ықпалы тек қана қыпшақ жауынгерлерінің күшінің мықтылығына байланысты болған жоқ, сондай-ақ грузин патшасымен туыстық қатынаста болуына да негізделді [51, с.26].

Давид IV Құрылысшы қоныс аударып келген қыпшақтарға олардың малшаруашылығымен айналысатынын ескеріп, қыста Картлис жазықтығында, жазда таулы өлкеге көшетіндей жағдаймен орналастырды. Бұл туралы Давид патшаның тарихшысының шығармасында қысқы қоныстары - «сазамтро», яғни «қысқы тұрақ», ал жазғы тұрақтары – «сазапхуло» деп көрсетілген. Сонымен қатар, бұл деректе Давид патшаның қыпшақтарды Грузия территориясына рулық-тайпалық жіктелісі бойынша орналастырғаны және билік басында

қыпшақ билеушілері қалдырылғаны да айтылады [62, с.121-222].

Қыпшақтардың Грузия жеріндегі ордасы Сунжа өзенінің жағасында орналасқан Сунжа (Севенджа) қаласы болды. Бұл туралы Грузин деректерінде, Андрей Боголюбскийдің ұлы Юрий (1160-1194) әкесі өлгеннен кейін осы қыпшақтардың қаласын паналағаны және кейін Тамара ханшайымға үйленгені жайында жазылған авторы белгісіз XII-XIII ғасырда грузия жерінде жазылған «Патшалардың тарихы мен дәріптелуі» атты шығармадан білеміз [130, с.25].

Орыс жылнамаларында Сунжа қаласының аты Севенц деп көрсетіледі және қоман-қыпшақтардың қоныс аударуымен Хазар мемлекетінің орнында, Еділдің сағасында Саксин бірлестігіаталады [62, с.125].

XI ғасырдың 70-80 жылдары Орталық Кавказда Селжұқтардың билігі түпкілікті орнаған кезде, жергілікті дербес мемлекеттер қатарында тек Грузия және Ширван мемлекеттері ғана қалды. Ал, Солтүстік Кавказ жерлері қоман-қыпшақтарының қол астына өтті. Осындай жағдайда аймақтың этникалық, діни, тілдік, әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайы едәуір өзгеріске ұшыраған болатын [58, с.82].

Қоман-қыпшақтарының бір бөлігі XII ғасырдың бас кезінде Дағыстан жеріне дейін жетіп, сол жерде қоныстанып қалған. 1123 жылы Давид IV Дағыстанға жорық жасаған кезде жергілікті лактар мен «дербенттік қыпшақтарды» жеңгені айтылады. Орта ғасырлық грузиялық деректерде жергілікті лактар деп таулы Дағыстан тұрғындарын атайтын болған [62, с.119].

1125 жылы Давид IV Құрылысшы қайтыс болғаннан кейін Атрақ бастаған қыпшақтар ата қонысына қайта оралды. Орыс жылнамаларында Атрақтың қайта оралуына байланысты оның бауыры Сыршанның ағасының туған жерге оралуын сұрап қыпшақтардың ақыны Оревті аттандырып, туған жердің әуенін жеткізуді тапсырады. Бұл әуен, Атраққа даланың жусанының иісін – кең байтақ далада өткен балалық шағының, ер жеткендегі ерлік даңқын еске түсіруі тиіс еді. Жылнамада Атрақ әуенді естіп, туған жерін сағынғанымен, грузиндер сарайындағы атақ-даңқ, дәулеттен бас тартып, елге қайтқысы келмегені, сол уақытта Орев даланың жусанын Атраққа ұсынғаны айтылады. Жусанның аңқыған иісін татқаннан кейін Атрақ қыпшақ даласына XII ғасырдың 20-жылдарының аяқ кезінде оралған екен. Бірақ қыпшақтардың біраз бөлігі Грузияда қалып қойған. Бұдан кейін III Георгийдің (1156-1184) және Тамара ханшайым (1184-1213) билік жасаған тұста қыпшақтар Грузияға тағы да қоныс аударған. Тіпті Атрақтың ұлы осы Тамара ханшайымның қызметінде болды деген дерек жылнамаларда сақталған [51, с.27].

Селжүктер мемлекетінің тарихын жазған шығыстанушы-тарихшы А.Е. Крымский өзінің еңбегінде қоман-қыпшақтарының Тифлис сарайында ерекше құрметке ие болғанын жазады. Оларды Солтүстік Кавказ және оңтүстік орыс далаларынан келген қыпшақ тайпалары болатын деп көрсетеді. Қыпшақ жауынгерлерінен мықты гвардия ұстап тұру Грузия патшаларын жергілікті ақсүйектерге тәуелділіктен құтқарды [53, с.72-73].

Грузия патшасы Георгии III (1156-1184) билігі кезінде Солтүстік Кавказ жерінен келген қыпшақ тайпаларының бірінен шыққан Құбасардың (Құбасай)

беделі өте күшті болды, ол асқан ержүректілігінің арқасында барлық грузия әскерінің қолбасшысы дәрежесіне дейін жеткен. Ал, Тамар (1166-1213) патшайым болып тұрған кезде қыпшақтардың билеушісі Сүйініш (Сююнч) Тифлис сарайында дәл осындай беделді иеленген. Бүгінгі күні Құра өзені, Шорұқ, Шылдыр көлдерін қоныстанған түркі тілінің қыпшақ тобына жақын тілде сөйлейтін халық сол қомандардың ұпақтары болып табылады. Дондық Құбан жерін қоныстанған қомандар кішігірім қалаларда орналасып, сауда-саттық жасаған [54, p.789].

1177 жылы Георгии III билігі тұсында Грузияда патшалық билікке қарсы бас көтеру, толқулар болды. Оның басында Орбели әулеті тұрды, дәл осы кезде патша қыпшақтардың әскеріне сүйенді, патша өзінің саяси жағдайын күшейту үшін 30 мыңдай қыпшақты «жаңа қыпшақтарды» көшіріп алып келіп, Грузия жеріне қоныстандырды. Біріккен қыпшақ-грузин әскерлерін Құбасар және Құтлұ Арслан сияқты қолбасшылар басқарды. Тамар хан тағына отырған 1184 жылы қыпшақтан шыққан Құтлұ Арслан мемлекеттік кеңес «дарбазидың» жанына тағы бір басқарушы ұйым «каравi» құруды ұсынды. Онда сайланбалы депутаттар қызмет жасайды, яғни, парламентті құруды ұсынды. Бірақ мұны Тамара ханшайым мен гүржүстан ақсүйектері мемлекеттік төңкеріс ретінде қабылдап, Құтлұ Арсланды қамауға алады. Кейін сіңірген еңбегі еленіп қамаудан босатылады. Осы кезеңде Грузияға тағы да қоман-қыпшақтардың жаңа легі келіп қоныстанады. Қыпшақтардың бұл тайпаларын Басбұға Сүйініш бастап келеді [261, p.62-63].

Жалпы, XII-XIII ғасырларда Грузияға 350 мыңдай қыпшақтар қоныс аударған. Негізінен бүгінгі Грузияның азербайжандар тұратын бөлігіне көп қоныстанған [262].

Грузин жылнамаларының көрсетуінше Грузияға қоныс аударып келген қыпшақтар өзінің этникалық ерекшелігін XIY ғасырға дейін сақтаған. Кейін олар грузин және Закавказье халықтарымен араласып кеткен. Қыпшақтардың бұл аймақта болғаны грузиндердің топонимикасында, археологиялық жәдігерлерінде сақталған. Қоман-қыпшақтардың қоныстары грузин жылнамаларында Ақұран, Көкұран және т.б. топонимикалық атаулармен сақталған [62, с.13].

Топонимдар тайпалардың әр кезеңдегі аттарын - этникалық атауларын табуға көмектеседі. Соның ішінде әсіресе этнотопонимдар этникалық құрамды анықтауда тарихи дәлел бола алады. Топоним белгілі бір тарихи оқиғамен байланысты пайда болады және оның шығу тарихы, өткені мен қазіргісі туралы ақпаратты сақтайды [55, с.7]. Осы тұрғыдан алғанда топонимдар өткен кезеңнің ескерткіші ретінде негізгі деректерге көмекші дерек көзі болып табылады.

Топонимдар Грузияның шығысы мен оңтүстігінде көбірек кездеседі. Мысалы, қыпшақтардан тарайтын «жұрт» немесе «шұрт» тайпасының атымен аталған Шұртоба ауылы бар, сондай-ақ, жорған, анжа, сұр, салар және т.б. тайпалық атаулар кездеседі [262].

Қыпшақ тілінде «оба» сөзі негізінен рудың атына тіркелетін болған. «Оба» термині «түбір», яғни шығу тегін білдірген. «Оба» сөзі моңғолдың «обог»,

«овок» сөзімен генетикалық байланысты және ол қандас туыстардың одағы болып есептелген. Оғыздарда да оба қандас туыстардың одағы болған, оның мүшелері өздерінің шығу тегін бір атадан таратқан. Ру-тайпалық құрамында оба тіркесінің болуының өзі Солтүстік Кавказ жеріне келгенге дейін қоман-қыпшақтарының оғыздармен араласқанын білдіреді. Бұл XI ғасырда Арал маңындағы оғыздарды қыпшақтардың ығыстырып, қалған оғыз тайпаларының қыпшақтардың құрамына кіруімен байланысты болуы керек деп есептеген белгілі оғызтанушы ғалым С.Г. Агаджанов [59, с.104].

Ғалымның айтып отырғанымен келісуге болады, өйткені қоман-қыпшақтардың Арал маңында тұрғанда пешенегтер мен оғыздармен қарым-қатынасқа түскені белгілі. Оның үстіне Анна Комнина өзінің «Алексиада» атты еңбегінде қомандар мен пешенегтерді сипаттаған кезде олардың тілі бір, батыстық ерте түркі тілінде сөйлегенін жазады [140, с.98].

Орыс жылнамаларында оңтүстік орыс далалары мен солтүстік кавказ жерін қоныстанған бұлғар, пешенег, қыпшақ тайпаларының ішінде құлоба, қолман (қараман, қоман, найман, чалман және т.б. тайпаларға тән атау) этнонимдары кездеседі [55, с.52]. Арменияның оңтүстігінде ежелгі Әзербайжандық Сюникте 1727 жылға дейін Қоман деген ауыл болған [55, с.55].

Халық ауыз әдебиетінде сақталған дерек бойынша, Кавказ жерінде Қоманмажар мемлекеті болған. Мемлекет астанасы Мажар деп аталған, ол Эльбрус шыңының іргесіндегі Сылынжық өңірінде болған. Ол 1395-1396 жылдарға дейін, Әмір Темір шапқыншылығына дейін өмір сүрген [60, с.119].

Қоман-қыпшақтары Солтүстік-Батыс Кавказ жерін XII-XIII ғасырдың бас кезінде қоныстанған, оны археологиялық материалдар, қорымдар, тастан жасалған мүсіндер дәлелдейді. Қоман-қыпшақтары Құбан маңында шоғырланды. Негізінен орталығы Горькая Балка өзеніне жақын орналасқан Жаңақұбан жерінде болды. Оған қоман-қыпшақтарының қалдырған тас мүсіндерінің көптеп табылуы дәлел болады. Тас мүсіндер қоман-қыпшақтарының қорғандарында тұрғызылған. Әсіресе Бейсұғ, Шелбас, Ея, Сосыка өзендерінің оң және сол жақ жағалауларынан XII ғасырдың соңы-XIII ғасырдың бас кезіне жататын тас мүсіндер табылды [61, с.41].

XII-XIII ғасырларда грузиндер мен қыпшақтар арасында соғыс жағдайы да орын алған. Ол негізінен грузиндермен соғысып жатқан әзірбайжан атабектерінің қыпшақтардан әскери көмек алуымен байланысты болған. Бұл туралы XIII ғасырдағы армян тарихшысы Киракос Гандзакеци (1203-1271) «Армения тарихы» атты шығармасында әзірбайжан және қыпшақ біріккен қолы грузиндермен соғысып, жеңіске жеткенін баяндайды. Шығармада қыпшақтардың Тамар патшайымның ұлы, Грузия патшасы Лаша Георгиден (1213-1222) қоныс сұрап барғанында, оның қарсы болғаны және қыпшақтардың Ганзак қаласының (қазіргі Әзірбайжан территориясында) маңындағы жерлерге қоныстанғаны жазылған. Ал, қалада тұратын армяндар қоман-қыпшақтарды грузиндерден қорғайтын күш ретінде қабылдап, барынша қолдау көрсеткен [131, с.139].

Әзербайжанды түркі тайпалары ертеден қоныстанғаны туралы деректерде жазылған. Бірақ, олардың белсенді қоныс аудара бастаған кезеңі селжүктермен, қыпшақтармен байланысты. Селжүктердің билігі кезінде қоныстана бастаған қыпшақтар Әзербайжанның саяси тарихында маңызды рөл атқарды. Селжүктер мемлекеті XI ғасырдың екінші жартысында орталық билікке ішінара бағынатын кіші сұлтанаттарға және аймақтарды басқаратын атабейліктерге бөлінеді. Уақыт өте келе атабейлер күшейе түсіп, араларында «Мелик», «Сұлтан» атанғандары да болды. Сондай билікке қол жеткізгендер қатарында қоман-қыпшақтардан тараған тайпа өкілдері де болды [261, p.63].

XI–XIII ғасырдың бас кезінде қыпшақ тайпаларының бір бөлігі қазіргі Әзірбайжан территориясында өмір сүрген. Олар әскери құлдар, гулямдар армиясын құраған. Солардың қатарында Әзірбайжанда Илдегиз әулетінің негізін қалаған Шамс ад-Дин де болған [263, с.187].

Шамс ад-Диннің шығу тегі қыпшақ, 1136-1175 жылдары Әзербайжан мемлекетінің Ұлы Атабегі болған, оның ұлдары Жахан Пехлеван мен Қызыл Арслан да беделді Атабектер болған. Ол туралы Ибн ал-Асир «Тарих-ал-камиль» еңбегінде «587 жылдың шағбан айында (1191 жыл, тамыз) Қызыл Арслан (аты оның Осман Илдегиз) қаза болды. Ол Арран, Әзербайжан, Хамадан, Исфахан, Рей және солардың арасындағы жерлердің патшасы болған ағасы Пехлеваннан (1175-1186) кейін билікке келді. Оған Фарс және Хузистан билеушілері бағынды [118, с.127]. Одан кейінгі мұрагерлері Пехлеванның ұлдары Әбубәкір мен Өзбек кезінде Илдегиз әулеті әлсіреп, моңғол шапқыншылығы салдарынан өмір сүруін тоқтатты.

Дәл осылай, шығу тегі қоман-қыпшақтарынан тарайтын, әскери құлдардан қалыптасқан мамлүктер Мысырда да билікке келген, олардың қатарында аса танымал болған Сұлтан Бейбарысты (1260-1277) атауға болады [264, б.67].

Солтүстік Кавказ жерін қоныстанған қоман-қыпшақтары XII ғасырда Дағыстан халқымен, адыгейлермен, аландармен де байланыс жасаған. Жазба деректерде адыгейлерді – касаг деп атаған, шығу тегінің тарихы анықталмаған. X ғасырда византиялық автор Константин Багрянородный Касахия деген жерді Кубань маңында деп көрсетеді. X ғасырдағы араб, парсы деректерінде касаги деген атау кездеседі, Мәселен, Масуди (X ғ.) кашаг десе, авторы белгісіз парсы дерегі Қара теңіз жағалауында алан еліндегі «касек» деген халықты атайды [265, с.19-20].

Сондай-ақ, Солтүстік Кавказдағы осетиндер қабарды мен балқарларды да «қасақ», «кесек» деп атаған. Қабарды, балқарларды бұлай атау қоман-қыпшақтарының Кавказ жерінде қоныстанған кезінен бастау алады деп есептеген академик Ә.Х. Марғұлан [266, б.135].

Бүгінгі таңда қыпшақтардың тарихи отанындағы мұрагерлері қазақтармен XI-XIII ғасырларда Солтүстік Кавказ жерін қоныстанған халықтардың аттас болуының өзі қоман-қыпшақтарының алан, адыгей, қарашай, балқар, қабарды халықтарының этникалық тарихына, тіліне ықпалы болғанын білдіреді.

«Қазіргі осетиндердің «асиаг» атауы түркі тілдес балқарлармен байланыстырылады. Сондықтанда осы терминдердің генетикалық байланысын,

ежелгі және қазіргі этностарға қатысты этникалық қатыстылығын анықтау қажет [265, с.6].

Этностың тілін өзгертуі, өзіне дейінгі этностың мәдени дәстүрлерінен алшақтатпайды. Ежелгі этностың субстрат тілі мен мәдениеті жаңадан қалыптасқан этностың мәдени-тілдік негізінің маңызды (органикалық) бөлігі ретінде қабылданады. Мәселен, қарашай-балқарлар мәдениеті бастауын прототүркілерден алған болса, тілі түркі тобына жатады, бірақ ішінде алан тілінің элементтері бар. Тек этнос түгелдей дерлік жойылған жағдайда ғана ежелгі этнос пен жаңа этнос арасындағы мәдени байланыс жойылады [265, с.7]

Американдық тарихшы-түркітанушы Питер Голденнің пікірінше, қоман-қыпшақтарының тілі армян-қыпшақтарына, қарайымдарға және қарашай-балқарларға әсері болған. Қарайымдарға Қырым жерін қоныстанған кездерінде, ал қарашай-балқарларға Кавказ жерін қоныстанған кезеңде ықпал еткен [267, 382].

Этникалық топтардың байланысын анықтау үшін генетик ғалымдардың зерттеулерін қолдану керек. Популяциялық генетика мәліметтері бойынша түркі халықтарының орта ғасырлардағы этногенезін қарастырып жүрген ғалым Ж.М. Сабитовтың пікірінше, көшпелілер отырықшы халықтармен өзара байланысқа түскен кезінде көшпелілер аймақтың халқына өз аттарын және кейде толықтай тілін таратқан. Бірақ, көшпелілер гаплотипінің (генотипі) аймақ халқының генотипіне әсері аз болған. Мысалы оны осетин, венгр және т.б. халықтардың тарихынан көруге болады. Мұнда халықтың көпшілігі автохтонды болғанымен, этноним мен тіл сырттан келген болып есептеледі [268, с.164-165].

Генетиктердің зерттеулері қоныс аударған халықтардың генотипі автохтонды халықтардың генотипіне әсер етпейді, тек тілі мен этнонимді ғана өзгертеді деп тұр. Олай болса, Кавказ жеріндегі қарашай, балқар, құмық халықтарына қоман-қыпшақтарының ықпалының болғаны анық. Өйткені генетик ғалымдардың тұжырымына сәйкес бұл халықтардың генотипі өзгермеген, тілі сақталған. Сонымен қатар, бұл халықтардың тарихында қоман-қыпшақтарының орны елеулі болғанын тарихи, лингвистикалық зерттеулер мен деректер де растайды.

XIII ғасырдың бас кезінде, атап айтқанда 1222 жылы моңғол әскері Солтүстік Кавказ жеріне шапқыншылық жасағанда аландар мен қыпшақтар одақтасып оларға қарсы шыққан. Моңғол әскері бұл одақты жеңе алмағаннан кейін қыпшақтарға елші жіберіп, өздерінің шығу тегінің жақындығын, ал аландардың алшақтығын, тіпті дінінің бір емес екенін айтып, аландарға көмектеспеуін сұраған. Өз тараптарынан қыпшақтарға тиіспеуге кепілдік беріп, соғыстан түскен олжаны, қаржы, киімді және т.б. заттарды қалағандарынша беретінін уәде етеді. Бірақ моңғол әскері сөзінде тұрмай алдымен жеке қалған аландарды, содан кейін қыпшақтарды бағындырады. Бағынбаған қыпшақтар қашып, тауды паналайды [118, с.142]. Бұл дерек біріншіден, қоман-қыпшақтардың моңғол шапқыншылығы қарсаңында Солтүстік Кавказ далаларында қоныстанғанын, алан және басқада түркі тайпаларының ішінен

беделді, әрі мықты болғанын көрсетеді. Екіншіден, қоман-қыпшақтары Солтүстік Кавказ жерін қоныстанған басқа халықтармен бейбіт қарым-қатынаста болғанын білдіреді. Үшіншіден, тауға кеткен қыпшақ тайпалары қарашай және балқарлардың этногенезіне әсер еткен.

Қоман-қыпшақтары Солтүстік Кавказдың далалық аймағын қоныстанып, таулы Дағыстан халқы мен адыгейлермен жиі қақтығысқа түсіп отырды. Дегенмен, қоман-қыпшақтар тауға жақын орналасқан жергілікті халықпен жақын араласып, нәтижесінде қарашай, балқар және құмық этностары қалыптасқан [269, с.72].

Балқар және қарашайлардың этникалық тарихына қоман-қыпшақтарының ықпалы болғанын XX ғасырдың 20-шы жылдары түркітанушы, академик А. Самойлович ғылыми негіздеген болатын. Ол өзінің «Кавказ и турецкий мир» деген еңбегінде қарашай, балқар, құмық тіліндегі сөздердің XI ғасырда Шығыс Еуропаға келген алғашқы қыпшақ тайпасының тілімен ұқсас болғанын айтады. Сонымен қатар, ғалымның пікірінше, қазіргі балқар тіліндегі сөздердің 70-80 пайызы белгілі «Кодекс Куманикус» сөздігіндегі сөздермен сәйкес келетіндігі де тарихи тұжырым жасауға лингвистикалық дәлел бола алады [56, с.22-23].

Түркі тілінің маманы, профессор Н.А. Баскаков қыпшақ тіліне жататын тілдер тобын үшке: қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-оғыз және қыпшақ-ноғайлық деп бөледі. Құмық, қарашай, балқар тілдері қыпшақ-оғыз тобына жатқызылады [270, с.27].

Балқар, қарашай, құмықтардың этникалық тарихында қоман-қыпшақтарының ықпалы болғанын тілдік деректермен қатар, тарихи деректерде растайды. Жазбаша деректердегі мәліметтер бойынша қоман-қыпшақтарының XI ғасырда пешенегтер мен оғыздарды ығыстырып батысқа қоныс аударғанын алдыңғы тарауларда айтып өткен болатынбыз. Қоман-қыпшақтар қыпшақ бірлестігінің батысында қоныстанғандықтан, олар батысқа қарай қоныс аударғанда жергілікті халықтармен бірінші болып байланысқа түсіп отырған. XI ғасырдың екінші жартысында қоман-қыпшақтары орыс княздіктерін жеңе отырып, Алдыңғы Кавказ жеріне жетті.

XI ғасырда орын алған оғыздар мен түркмендердің жаппай қоныс аударуы селжүктердің және қоман-қыпшақ тайпаларының жорықтарымен байланысты болған. И. Маркварт өзінің атақты командар туралы еңбегінде оғыздар мен қыпшақтардың қақтығысын тереңірек қарастырып, қақтығыс нәтижесінде оғыздардың оңтүстік орыс далалары арқылы Балқан жартыаралына кеткенін айтады. Қоман-қыпшақтарының Солтүстік Қытайдан бастап Шығыс Еуропаға дейінгі аралықта қоныс аударуы түркі халықтарының жаппай қоныс аудару үдерісіне ықпал етті. Бұл үдеріс IX-XII ғасырлар аралығын қамтыған [59, с.38].

Солтүстік Кавказдағы қыпшақтардың оңтүстік шекарасы Армавир-Пятигорск-Қалмақ далалары арқылы өтті [56, с.24].

Құмықтар өздерінің шығу тарихын қоман-қыпшақтарымен байланыстырады да, өздерін қыпшақтардың бір тармағымыз деп есептейді [57, 190-191].

Қыпшақтардың біраз бөлігі моңғол шапқыншылығы салдарынан Шығыс

Анатолияға дейін кетті. Қазіргі кезде Түркияның Ақылкеллек, Ардахан, Арданұш, Қобылан, Нарман, Олту, Олур, Пософ, Тортум, Чылдыр, Шаушат сияқты аймақтарында қыпшақ тілінде сөйлеп, дәстүрін сақтап отырған халықтар бар.

Құмықтарды сол кезеңде «дербенд қыпшақтары» деп атады, олардың Түркияда орналасқанын «Қомұқ», «Құмұқ» деген атпен аталған жеті қоныстың болуы да дәлелдейді [271, p. 84].

XVII ғасырларда түрік саяхатшысы Эвлия Челеби Түркиядағы Никсарға (Ник Хисар-«Мықты бекініс» деген мағына береді) жақын жерде XIII ғасырдың 40-шы жылдары моңғол шапқыншылығы салдарынан қоныс аударып келген қомандардың қонысы Қоман ауылының әлі тұрғанын жазған [272, с. 190]

XIII ғасырдың басында Құбан өзені бойын қоныстанып отырған қоман-қыпшақтар Моңғол шапқыншылығына ұшырағаннан кейін шеркештер мен тұман жұртына қарай көшті. Ол кезде шеркеш деп адыгейлерді атаған[61, с.44]. XIII ғасырда Еуропа саяхатшыларының бірі Плано Карпини (1246) еңбегінде «кергис» деген елді атап өтеді, Бартольдтің пікірінше бұлар «Кергис» емес, «Черкес» болу керек, ғалымның мұндай қорытындыға келуіне еңбекте оңтүстік орыс далалары мен мұсылман елдері шекарасында орын алған оқиғаларды баяндауы себеп болған [273, с.32]. Осы кезеңдерде Қара теңіздің солтүстік-шығыс жағында қоман-қыпшақтарына тән жерлеу орындары пайда болған. XIII-XIV ғасырларда адыгейлердің де жерлеу орындарында қоман-қыпшақтарының дәстүріне тән жылқы әбзелдерін қатар қою осы кезден бастап орын алады. Сонымен қатар, қоман-қыпшақтары қазіргі шешендер мен ингуштар қоныстанып отырған таулы аймаққа дейін барған. Оған таулы аймақтағы қорымдардан табылған қыпшақ тайпаларына тән тоздан жасалған қорамсақ, садақтың сүйек қабы, кеудеге киетін қалқаншалар дәлел болады. Олар бұл аймақтарда 1395 жылғы Темірдің жорығына дейін қоныстанған [61, с.44].

Қыпшақтардың Дон, Алдыңғы Кавказ жерін қоныстануы бойынша зерттеушілер арасында екі көзқарас қалыптасқан. С.В. Гуркин, В.А. Тарабанов, А.В. Гадло бастаған бірінші топ Алдыңғы Кавказ жері Дешті-Қыпшақтың маңызды құрамдас бөлігі болған десе, екінші көзқарасты ұстанушылар (С.Г. Кляшторный, Д.Г. Савинов) Алдыңғы Кавказды қоныстанған қоман-қыпшақтар Қоншақ басқарған Дондық қыпшақтар бірлестігіне кірген деп есептейді [61, с.45].

Қоман-қыпшақтарының тұрмысы көшпелілікке негізделген, олар жаңа жерлерге қоныс аудару, қоныстарын қорғау және азық ретінде пайдалану үшін жылқы өсірген. Әсіресе жылқы оларға әскери жорықтарда аса қажет болған. Қыпшақ бірлестігіне кірген қауымның қайсы ру- тайпаға кіретінін киімі немесе киімнің кейбір бөлшектері, ат әбзелдері және т.б. арқылы анықталатын болған. Соның ішінде киімнің аса маңызды бөлшегі белбеуге аса мән берілген. Археолог ғалымдар табылған белбеулердің ерекшелігіне қарап, белбеулер белгілі бір этно-әлеуметтік топтың мәдени-саяси бейнесін беретін болған деп есептейді [274, 287]. «Белбеу әр кезеңде әр түрлі безендірілді, ондағы

ақпаратты «оқу» арқылы этникалық және әлеуметтік жағынан қай топқа жататынын анықтауға болады [274, 290]. XI-XIII ғасырларда Солтүстік Кавказдан Боспорға дейінгі аралықта қоныстанған қыпшақ тайпаларының бірінде белдік қапсырмасында қыранның басы бейнеленген, осыған ұқсас белдіктер Оңтүстік Сібірден де табылған [275, с.72].

Археолог ғалымдар қоман-қыпшақ дәуіріне жататын материалдарды зерттей келе, көшпелілер атақ-дәрежесіне қарай киінген, олардың белбеулері алтынмен, күміспен және т.б. материалдармен әшекейленген деп көрсетеді. Олардың тайпадағы алатын орнын киіміне, белбеуіне қарап анықтауға болатын деп есептейді зерттеушілер. Археологтардың бұл пікіріне қосылуға болады, олардың киім үлгісі ортағасырлық авторлардың шығармасында да жоғарыда аталғандай сипатталады.

Орталық Азиядан X-XIII ғасырларда Кавказ жеріне жеткен қоман-қыпшақтарының бір бөлігі Әзербайжан мен Грузиядан ары қарай өтіп Армения жеріне тұрақтаған.

Армян тарихшысы Матфей Эдесский (Маттеос Урхаеци-туған жылы белгісіз-1144) шығармасында 1051 жылы жирен шашты «жылан» халқының оғыздар мен пешенегтер жеріне келіп, кейін олармен бірге ары қарай Византияға қарай кеткенін жазған, бұл қомандардың батысқа көші-қон үдерісінің басталған кезеңімен тұспа-тұс келеді [132].

Армения жеріндегі қоман-қыпшақ тайпалары туралы фундаменталды зерттеудің авторы, белгілі түркітанушы Александр Николаевич Гаркавец. Ол өзінің үш томдық «Кыпчакское письменное наследие» [63-65] деп аталатын кітаптарында армян-қыпшақтардың ортағасырлық түркілік мәтіндерін жинақтап, аударма жасады.

Ғалымның пікірінше, арменияда өмір сүрген халықтар батысқа қарай қоныс аударып, қыпшақ тілінің Шығыс Еуропа аймағына таралуына ықпал еткен. Украина қалалары Каменц-Подольск пен Львовта XIV ғасырларда қыпшақ тілінде сөйлеген, жазған, бірақ өздерін армян деп атаған жұмбақ халықтар тұрған. Олар әлемде ең алғаш рет қыпшақ тілінде кітап басып шығарған. Қыпшақ тілді армяндарда өзін-өзі басқару жүйесі, сот билігі, рухани, азаматтық және қылмыстық құқықтары, ратушасы, түрмелері болған. Сонымен қатар, өздерінің сауда, өндіріс орындары, діни мекемелері, мектептері де жұмыс жасаған. Қауымдастық экономикасы жақсы дамыған ел болған. Азаматтарының жан-жақты рухани және экономикалық дамуына қыпшақ тілі мен жазуының болуы үлкен септігін тигізген.

Қыпшақ тіліндегі заңнамалық терминдерді қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда, оның үшке бөлінетініне көз жеткіздік. Бірінші топты алтайлық мазмұнға ие сөздер құрады. Оған айблау-айыптау, ант, ант ішкен, баһа-баға, барыстыру-татуластыру, жәза-жаза, йасах-жасақ және т.б. сөздер жатады. Екінші топқа, араб тіліндегі сөздермен алмасқан терминдер, атап айтқанда оғурлух-ұрлық, өгүт-үгіт, таных-куә, табала-табалау, туснах-кепіл және т.б. сөздерді айтуға болады. Үшіншіге, қыпшақ тіліндегі терминдерді орыс тіліндегі сөздердің алмастыруы. Мысалы, төрәші, жарғышы, би - судья, йергә-норма

және т.б. сөздер қолданылады. Мұның бәрін атап көрсетіп отырғанымыз, қыпшақтардың жазба ескерткіштерінде сақталған сөздер арқылы сол кезеңдегі қоман-қыпшақтарының халықаралық байланыстағы орынының мықты болғанын көрсету [276].

Армян тіліндегі қыпшақтардың жазба ескерткіштерін зерттеп жүрген түркітанушы С.Ж. Құдасовтың пікірінше, қоман-қыпшақтары оңтүстік Кавказ жерін қоныстана бастаған кезеңде армяндардың мемлекеті болмаған. С.Ж. Құдасов: «...армян тарихшыларының еңбектерінде қыпшақтар мен армяндар арасындағы соғыстар жайында деректер кездеспеуіне қарағанда, олар өзара тату тірлік кешкен деп қорытуға болады.

Бүгінгі Армения аумағын мекендеген қыпшақтарға тоқталар болсақ, Давид патша 45 мың үйлі қыпшақты қазіргі Арменияның Дилижан өлкесінен бастау алып, Грузия және Әзербайжан мемлекеттерінің жерімен өтетін Ағыстафа өзенінің аңғарына орналастырғаны мәлім. Өзеннің бұл аңғарында аталған үш ел де шектесіп жатқанымен, негізгі бөлігі Әзербайжанның Қазақ ауданына қарасты. Ағыстафа өзенін бойлап, армян жеріне өтсең Қыпшақ ауылы тұрған Артық ауданы таяқ тастам жер. Армян тарихшысы Т.С. Еремян қыпшақтардың бұл өлкеге қоныстануын Георгий III-ші мен Тамар патшайым билік құрған кезеңмен байланыстырады»,-деп жаза келе, ортағасырлық Кавказдағы Қазақ сұлтандығы тарихын қайта зерделеу керек деп есептейді [66].

Армения жерінде тұрақтаған қыпшақтар экономикалық және әлеуметтік қатынастарға түсіп, аймақтағы сауда байланысының күшеюіне байланысты екі қауымдастықтың арасында ортақ қызығушылықтар пайда болды. Екі халықтың арасында мәдени байланыс орнап, қоман-армян одақтастығынан жақсы әдеби шығармалар дүниеге келді. Мысалы, «Төре бітігі» XVI ғасырда жазылған деп есептелетін түркі тіліндегі шығарма, армян әріптерімен жазылған. Бұл шығарма заңнамалар жинағы ретінде дайындалған, бірақ қыпшақтардың дәстүрлері мен тілдік құрылымы туралы ақпараттардың мол болуымен құнды болып табылады.

Арменияда тұрақтап қалған қоман-қыпшақтары уақыт өте келе жергілікті халықпен етене араласып, екі халықтың арасында мәдени-рухани ықпалдастық жүзеге асты. Оны халық әндерінен, күнделікті тұрмыстағы әдет-ғұрпынан көруге болады [261, p.66].

Сонымен, Кавказ жеріне қоныс аударған қоман-қыпшақтары жергілікті халықтармен әскери, сауда, тілдік, туыстық және т.б. байланыс түрлерін орнатқан. Бастапқыда қоман-қыпшақтары жергілікті халық тарапынан жайылымдық жерлер үшін болған қақтығыстарға тап болды. Бірақ, уақыт өте келе қоныстанушылар мен автохтонды халықтар арасында қоныстану аймағының шекарасы анықталғаннан кейін екі халықтың арасында бейбіт қарым-қатынас орын алды.

X-XI ғасырларда Төменгі Доннан Дербендке дейінгі аралық, Солтүстік Кавказ жері «Дешті Қыпшақтың» маңызды бір бөлігі болып табылды. Ал, XII ғасырда қоман-қыпшақтары Орталық Кавказ жерінде мықты әскери-саяси ықпалды иеленді.

Қоман-қыпшақтарының Кавказ жеріне алғаш келуі грузин тарихшысы Леонти Мровелидің көрсетуінше XI ғасырдың 60-жылдарына жатады. Алғаш келген қоман-қыпшақтарды «бұнтүріктер» деп атаған.

Қорыта келгенде, Леонти Мровели шығармасында қоман-қыпшақтары «бұн-түріктермен» қатар аталатындықтан, біз оларды Кавказ жеріне алғаш келген, қыпшақ бірлестігіне кірген тайпалардың Кавказ жерін қоныс аударуымен байланыстырамыз. Сонда, қоман-қыпшақтары Кавказ жеріне 1060 жылдары бұлғар және қыпшақ бірлестігіне кірген тайпалармен қатар қоныс аударып келген болып шығады. Сондай-ақ, деректер мен зерттеулерді қарастыра келе қоман-қыпшақтары балқар, қарашай және құмық халықтарының қалыптасуына ықпал еткен деген қорытындыға келеміз.

Жалпы, қоман-қыпшақтарының Кавказ жеріне қоныс аударуы бірнеше кезеңнен тұрған. Біріншісі, Леонти Мровелидің көрсетуімен 1060 жылдары келген алғашқы толқын. Екіншісі, 1118 жылы Давид IV Агмашенебелидің шақыртуымен келген қыпшақ тайпалары. Үшіншісі, 1177 жылы Георгии III билігі тұсында, Орбели әулетінің патшалық билікке қарсы шығуы кезеңімен сәйкес келеді. Осы кезеңде патшалықтағы саяси жағдайды тұрақтандыру үшін Георгии III 30 мыңдай қыпшақты көшіріп алып келген және соңғысы 1184-1213 жылдар аралығында, Тамар патшайымның билігі тұсында келген қыпшақ тайпалары. XI-XIII ғасырлар аралығында Кавказ жеріне, соның ішінде бір ғана Грузияға 350 мыңдай қыпшақ тайпалары қоныс аударған.

Сонымен, бастапқыда қыпшақ тайпалары Солтүстік Кавказ жерінде топтасып қоныстанған болатын, кейіннен Әзербайжан, Грузия, Арменияға дейін тараған. Ал, XIII ғасырда моңғолдардың күшеюі мен аймақта саяси ықпалының артуы нәтижесінде қоман-қыпшақтарының біраз бөлігі Түркия және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдеріне қоныс аударуға мәжбүр болған.

3 ҚОМАН-ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ ҚАРА ТЕҢІЗДІҢ ТЕРІСТІГІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫ МЕКЕНДЕГЕН ХАЛЫҚТАР ТАҒДЫРЫНДАҒЫ ОРНЫ

3.1 Русь княздіктерімен қарым-қатынастар: қақтығыстан одақтастыққа ұмтылу

IX-XI ғасырларда оңтүстік орыс далаларын қоныстанған халықтармен қоман-қыпшақтарының қарым-қатынасын, осы екі ерте мемлекеттік құрылымдардың тарихи-саяси, мәдени және экономикалық байланыстарының бір-біріне ықпалдастығы мен бейімделуі негізінде алып зерттеу қажет. Тақырыпты зерттеуде пәнаралық байланыстар мен ғылымдағы жаңа көзқарастарды, жарияланған деректер мен пайымдауларды басшылыққа алып, қоман-қыпшақтарының Русьпен байланысын сонау түркі халықтарының славян халықтарымен қарым-қатынасы тарихымен сабақтастықта қарастырамыз. Өйткені, екі халықтың арасындағы тарихи-саяси, мәдени, экономикалық байланыстар сол кезден орныға бастаған болатын. Сонымен қатар, бірінші мыңжылдықтың соңындағы түркі-славян байланысы мен екінші мыңжылдықтың бас кезіндегі қоман-қыпшақтарының славян халықтарымен байланысына тарихи паралеллдер жіргізіп, ортақ саяси, этникалық, мәдени құндылықтарды анықтау арқылы, қоман-қыпшақтарының Русьпен байланысының шынайы тарихын ашуға болады.

XI ғасырда қоман-қыпшақтарының Қыпшақ хандығының батысында қоныстануы, олардың славян халықтарымен алғашқылардың бірі болып қарым-қатынасқа түсуіне алып келген.

Ресей тарихшылары орыстардың қоман-қыпшақтарымен қарым-қатынасы тарихын археологиялық материалдар мен жылнамалар негізінде төрт кезеңге: XI ғасырдың ортасынан-XII ғасырдың бас кезіне дейінгі - бірінші; келесісі - XII ғасырдың 20-60-шы жылдар аралығы; үшіншісі – XII ғасырдың екінші жартысы және төртіншісі, XII ғасырдың соңынан - моңғол шапқыншылығына дейін (XIII ғ.) деп бөліп қарастыруды ұсынады.

Бірінші кезеңі, қоман-қыпшақтарының орыс княздікеріне сәтті жорықтар жасағанына қарамастан территориясының нақтыланбауы, жаулап алған территорияда уақытша қоныстануымен сипатталады. Екінші кезең, қоман-қыпшақтарының орыс княздіктерімен біріге отырып жорықтарға шығуы. Ал, үшінші кезең орыс княздіктерінің қоман-қыпшақтарға қарсы күресін қамтиды және соңғысы, қоман-қыпшақтарының орыс княздіктерінің құрамында жорықтарға қатысып отыруы мен моңғолдардың билігінің орнауымен аяқталады [277].

Қоман-қыпшақтарының Русьпен қарым-қатынасы көп қырлы болды, тіпті орыс княздіктері өздерінің мемлекетін қалыптастыру барысында көшпелілер империясының құрылымын қолданған. XI ғасырдың аяқ шеніндегі қоман-қыпшақтары мен русьтардың қарым-қатынасын баяндайтын деректер әр түрлі, негізінен орыс жылнамалары басты дерек көзі болып табылады. Жылнамаларда екі елдің қақтығыстары, көрші тайпалармен соғыс жағдайында одақтасқан

жорықтары, некелік одақтары, қыпшақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, сондай-ақ қоғамдық институттары мен шаруашылығы сипатталған [70, 9-10 бб.].

Жылнамалардан сондай-ақ, қоман-қыпшақтарының құрамындағы этникалық топтар, олардың қоныстанған территориясы жөнінде де құнды деректер алуға болады. Мәселен, жылнамада князь Юрий Долгорукийдің Киев князі Изяслав Мстиславовичке қарсы жорығында қыпшақтардың токсоба, отперлюев және т.б. топтарының одақтас болғаны және жылнамаға сәйкес осы кезеңде, яғни 1152 жылы қыпшақтар Еділ мен Днепр аралығындағы жерлерде қоныстанғаны баяндалған [133, с.314; 134, с.48].

Қоман-қыпшақтарының славян халықтарымен байланыстары негізінен саяси, мәдени-рухани, шаруашылық, кейде сауда-саттық негіздерде жүзеге асырылды. IX-XII ғасырлардағы түркі халықтарының батыс бағытындағы көші-қон үдерісі барысында бұлғарлар, пешенегтер, оғыздар, қоман-қыпшақтары тарихтың әр кезеңінде кейде тікелей, кейде жанама түрде славян халықтарымен байланысқа түсіп отырды. Түркі тілдес халықтардың славяндармен алғашқы байланысы туралы белгілі түркітанушы Л.Н. Гумилев: «Русь-Ресейдің түркі әлемімен байланыс орната бастауының бір жарым мыңжылдық тарихы бар, бастапқыда әрине бейбіт қарым-қатынас болмағаны белгілі», - деп жазады [110, с.10].

Алғашында қоман-қыпшақтары 1055 жылы Всеволод Ярославичпен торктарға қарсы бірігу туралы келісімге келеді, бірақ торктарды жеңгеннен кейін шекара мәселесіне байланысты шешімге келе алмай, 1061 жылы қоман-қыпшақтарының ханы Ысқал қақтығыста Всеволодты жеңеді [110, с.193].

Польша тарихшысы Ян Длугоштың (1415-1480) «Польша тарихы» атты хроникасында Ысқал (Ян Длугошта-Секал) мен Всеволод арасындағы шайқас 1058 жылы болған деп көрсетілген, онда осы жылдың екінші ақпанында Секал хан бастаған варвар-дінсіздер Переяславль князі Всеволодпен соғысып, жеңіске жетті және бұл қоман-қыпшақтарының орыстарды алғашқы жеңуі болатын деп жазылған [138, с. 257].

Қоман-қыпшақтарының орыс княздіктерімен қарым-қатынасының тарихы осылай басталған. Көрші қоныстанған екі халықтың арасында соғыспен қатар бейбіт жағдайда, мәдениеттердің алмасуы және әулеттік некелердің болғаны жазба деректерде сақталған.

Қоман-қыпшақтарының орыс княздіктерімен байланысы жылнамаларда хронологиялық тізімде беріледі. Мәселен, Ипат тізімі бойынша (Костромадағы Ипат монастырында табылғаннан соң, осындай атау алған) жылнама екі бағанға бөлініп жазылған, 612 беттен тұрады. Жалпы Ипат жазбасы 1111 жылға дейінгі кезеңді қамтыған «Несторов жазбалары» немесе «Повесть временных лет» деп аталады. Екінші бөлім, 1111-1201 жылдарды қамтитын Киев және Оңтүстік-Батыс Русь жылнамасы. Соңғысы 1201-1292 жылдардағы оқиғалар баяндалатын Галицко-Волын жылнамасы деп аталатын бөлімдерден тұрады. Жылнаманың жинақталған уақыты шамамен XIV ғасырдың аяғы немесе XV ғасырдың бас кезі болып табылады. Айта кету керек, Ипат жылнамасы

Византия жазушыларының аудармасынан жасалған ерте бұлғарлық жазбалардан, жекеленген жергілікті аңыздардан, уағыздардан, оқиғаларға тікелей қатысқан куәгерлер сөздерінен құралған [133, с.9; 134, с.78].

Сонымен, ортағасырлық деректерден белгілісі славяндардың мемлекеттік құрылымға қол жеткізген уақытында иен далада билік қыпшақ бірлестігінің қолында болған. Қоман-қыпшақтары да осы қыпшақ бірлестігі құрамында славян халықтарымен қарым-қатынасқа түскен.

Ортағасырлық қыпшақтар даласының географиясы тұрақты болмады, олардың билігінің күшті, әрі мықты және әскери белсенді болуынан, жылдың қай мезгілінде болмасын көрші мемлекеттер тарапынан жасалатын шапқыншылыққа әркез дайын болуға мәжбүр етті.

Русьтің көшпелілермен тығыз қарым-қатынас орнатуға талпынуының бірнеше себептері болды. Біріншісі көшпелілер мықты әскери және экономикалық күшке ие болып, әлемдік саяси аренада көшбасшы ел қатарынан танылды. Орыс жеріне дамыған мемлекеттер институтының келуіне себепші болған да қыпшақтар. Көшпелілер империясы мен Русь дамудың бір сатысында тұрды. Қыпшақтар мемлекетінің ішкі құрылымы орыс княздіктері үшін жақын әрі түсінікті болды. Бұл өз кезегінде екі мемлекеттің сыртқы саяси құрылымының, титулдарының ұқсас болуынан, мәдени жақын ынтымақтастықта болуынан, ертедегі орыс жерлерінде мемлекеттің қалыптасуындағы көшпелілердің, қыпшақтардың орнын анықтауға байланысты болды [70, с.3].

Ал, Русьтің сыртқы саясатының дамуы тікелей қыпшақтардың сыртқы саясатымен байланысты болды. Екі ғасыр тарихтың төзімен көрші болған қыпшақтар мен орыс княздіктері бірде жауласып, бірде одақтасып бір-біріне үлкен ықпал етті. Екі этностың даму үдерісі тығыз болғандығы сондай бүгінгі таңда бір халықтың тарихына қатысты аспектіні жеке қарастыра алмайсын, міндетті түрде орыстармен, славян халықтарымен тығыз байланыста қарастырамыз. Славяндар шығысқа қоныс аударуды бастарынан өткеріп, кейде басқа халықтармен бірікті, кейде жаңа этникалық топтарды қалыптастырып бөлінді, олар өзіндік этникалық элементтерін жоғалтпай басқа тайпалардың мәдениеттерін қабылдаған кезеңі де болды [73, с.20].

Атап өту керек VIII-X ғасырлардағы славян ескерткіштерінен табылған белдіктің тоғасы, қадасы немесе түймесі, ұш салғышы славяндарға тән киім үлгісіне жатпайды, көршілес, қоныс аударып келген көшпелілер киім үлгісіне ұқсас болған [37, с.219].

Русь өзінің бастауын Киев Русінен алатыны белгілі. IX ғ. Новгородта шығыс славян тайпалары викинг-скандинавтарға бағынып, Рюриков әулетінің княздары билік жүргізе бастады. Киев Русінің негізін орыс жылнамасы бойынша VI ғ. ағайынды Кия, Щек және Хорив қалыптастырды: «Полем же жившемъ ѡсобѣ и володѣющемъ и родъı своими иже и до сеэ братьѣ баху Полане и живаху кождо съ своимъ родомъ и на своихъ мѣстѣхъ владѣюще кождо родомъ своимъ на своихъ мѣстѣ [и] бъıша г братьє єдиному имѧ Кии а другому Щекъ, а третьєму Хори въ [и] сестра ихъ Лъебедь». Бұл кезеңде Днепр

маңындағы халықтар поляне деп аталды [279, p.11]. Яғни, сонау б.з.д. IV ғ. бастап Ұлы дала халықтары скифтер, ғұндар, кейіннен түркілер мен хазарлар әр кезеңде Днепрден өтіп, осы Днепр маңындағы жерлерде болғанын ескерсек, XII ғ. оқиғаларын баяндайтын орыс жылнамаларындағы баяндау тарихи шындыққа жанасады. Яғни, онда орыс жылнамаларындағы половцы атауы халықтың сыртқы сипатына қатысты айтылған дегенімен келісуге болады.

Екі халықтың тарихын зерттеу барысында шешімін таппай отырған мәселелер қатарында қоман-қыпшақтарының славян халықтарымен алғашқы байланысқа түскен уақыты және көрші екі халықтың шекарасына қатысты «байланыс аумағы» терминінің қолданылу аясын айтуға болады. Бұл мәселе біраз уақыттан бері ғылыми ортада пікір талас тудырып келеді, әсіресе мәселенің ғылыми-түсінік беру аппараты мен типологиясы түйінді мәселелер қатарында болып табылады. Шекаралық байланыс аумағын анықтауда ғалымдар табиғи-географиялық жағдайларға, этномәдени және конфессионалдық факторларға барынша көңіл бөлген. Айта кету керек қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен байланысын қарастырғанда байқағанымыз жаңа мемлекеттерді құру және оның шекарасын кеңейтуде саяси-әкімшілік құрылымы да маңызды орынға ие болған.

Киев Русі мен қыпшақтардың қарым-қатынасының бастамасы орыстар мен қыпшақтардың географиялық орналасу аумағының жақын болғандығынан деп есептеген С.М. Соловьевтің пікірінше қыпшақтар орыс княздықтарының бірігуіне, орыстардың бос жатқан жерлерге қоныстануына ықпал еткен. Нәтижесінде, Мәскеу жеріне қоныстану тезірек жүріп, мемлекеттің орталығы Киевтен Мәскеуге көшірілген [12, с.650].

Белгілі түркітанушы Ресей ғалымы С.Г. Кляшторныйдың пікірінше, қыпшақтар 1055 жылы оғыздарды ығыстырып, Киев Русінің оңтүстік шекараларына орныққан және олардың құрамына түркі әулетінен шыққан Ашина (Асень) тайпасымен бірге қаилар (каепичи) және йемектерде (емякове) кірген. Құн-қомандар қыпшақтардың батысында, ал шығыс бөлігінде Екінші Бұлғар хандығының негізін салушы дунайлық қыпшақ әулеті орналасқан. Арал маңындағы Дешті-Қыпшақ тайпаларының құрамы XII ғасырларда қаңлылармен толыққан, яғни олар қыпшақ бірлестігіне кірген, бірақ толықтай сіңіп кетпеген [280, с.25].

Қоман-қыпшақтарының Русьпен байланысы мәселесін қарастырғанда тағы бір ескеретін жайт, бұл қыпшақтарда мемлекет, мәдениет болмаған, олар басқыншы, талқандаушы сияқты пікірлердің орын алуына себеп, зерттеушілердің орыс жылнамаларындағы берілген мәліметтердің байыбына барып жатпастан, әр қилы талдауында болып тұр.

Русь пен қыпшақтардың қарым-қатынасы тарихын зерттегенде деректерге салыстырмалы-сыни тұрғыда талдау жасау арқылы ғана деректердегі мәліметтердің ақиқатын ашуға болады. Мысалы, печенегтер мен рустардың және қыпшақтар мен рустардың алғашқы кездесуін баяндаған жылнамалардағы деректерді алып салыстырып қарастырар болсақ, пешенегтерге қатысты «в лето 6423 (915 г.). Приидоша печенези первое на Рускую землю, и сотворивше мир с

Игорем, идоша к Дунаю» [133, с.26] деген жылнамадағы мәлімет пен қыпшақтарға қатысты жазылған жылнамадағы «(1055 г.)…приходи Болушь с половьци, и створи Всеволодъ миръ с ними…» [133, с.114; 281, с.70] деген жазбалардың мазмұндық мағынасы ұқсас. Бірақ екі халықтың қарым-қатынасын зерттеушілер пешенегтерге қатысты бірінші деректің мазмұнын бейбітшілік қарым-қатынас сипатында көрсетсе, ал екінші қыпшақтарға қатысты жылнама мәтініне жаулаушылық сипатын берген.

Деректің мәтінінен байқап тұрғанымыздай қыпшақтарға қатысты мәліметте олардың Всеволодтың жеріне басқыншылық жасауы туралы айтылып тұрмағаны анық. Екі жылнамада да екі ел басшыларының бейбіт келісімге келгені мәтіннің мазмұнында анық көрініп тұр. Оның үстіне қыпшақ ханы Болуш пен Русь князі арасында соғыс болғаны туралы жылнамада дерек жоқ.

Анығын да, жылнамада 1054 жылы Ұлы Киев князі Ярослав қайтыс болғаннан кейін, 1055 (6365) жылдың жазында билікке Киевте Изяслав, Черниговте Святослав, Переяславлда Всеволод, Владимирде Игорь, Смоленскте Вячеслав келді. Осы жылдың жазында Всеволод торктарға қарсы жорыққа шығып, қыста жеңіске жетті. Осы жылдың, яғни 1055 жылдың жазында қыпшақ ханы Болуш Всеволодқа келіп, бейбітшілік келісімін жасап, қоман-қыпшақтары (половцы) өз беттерінше қайтып кетті деп қана жазылған [133, с.114; 281, с.70].

Қолда бар деректердің кейде дұрыс түсіндірілмеуі, қосымша деректер қорының жеткіліксіздігі, мәліметтерінің салыстырмалы түрде ақпараттық мардымсыздығы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен саяси, этно-тарихи байланысының жалпы заңдылықтарын анықтауда қиындық тудырады. Дегенмен, біз қазіргі кездегі ғылымдағы концептуалды-методологиялық нәтижелер мен оған жеткізетін ізденіс бағытын дұрыс таңдап, фактілерді кешенді зерттей отырып, маңызды болжамдар қалыптастыруымыз қажет. Оны қосымша қазіргі таңда ашылып жатқан археологиялық қазба жәдігерлері негізінде дәлелдеп, екі көрші халықтың ортағасырлық саяси байланыстары тарихын толықтыра аламыз.

Белгілі тарихшы, археолог С.А. Плетневаның пікірінше, 1055 жылғы қыпшақ ханы Болуш пен Русь арасындағы келісім екі жаққа да тиімді болған. Оның үстіне қоман-қыпшақтарының бұл кезеңде орыс жасақтарының жорықтарына төтеп беретіндей күші болмаған. Олар көрші халықпен қақтығысқа түспей, көршілермен бейбіт қарым-қатынаста болып, хандықтағы ішкі және сыртқы жағдайларын шешіп алуды көздеген [282, с.257]. Өйткені, XI ғасырдың орта шенінде оңтүстік орыс далаларында саяси жағдай күрделі болып, бұл жерде қыпшақтарға дейін қоныстанып келген пешенегтер мен оғыздар соғыссыз біріншілікті бергісі келмеген.

Қыпшақ-орыс қақтығыстарын қарастырған ресейлік тарихшы А.А. Инковтың көзқарасы бойынша XI ғасырда қыпшақтарда күшті шабуыл жасайтындай тылда мықты базасы болмады және бұл жерде әлі де болса қыпшақтарға дейін қоныстанған пешенегтер мен оғыздар мықты қарсылық

көрсеткен. Сондықтанда XI ғасырдың орта шенінде қоман-қыпшақтарының рустармен қарым-қатынасы бастапқыда бейбіт келісім түрінде басталған болуы керек [67, с.8-9].

Қоман-қыпшақтарының орыс жерлеріне келесі келуі жылнамада 1061 (6569) жылмен көрсетілген. Оларға Всеволод ақпанның екісінде қарсы шыққанымен, қақтығыста жеңіліп қалады. Қоман-қыпшақтарды Сақал (Сокал) қаған басқарып келген [133, с.115].

Осы кезеңдерде пешенегтер мен оғыздардың Рось өзені бойында тұрақтап қалып, орыс княздарымен бірігіп орыс жерлерін қорғауда олармен одақтас болуы, қыпшақтардың оңтүстік орыс жерлеріне көптеп қоныс аударуына себеп болды. Деректерде 1061-1210 жылдар аралығында қоман-қыпшақтарының оңтүстік орыс далаларына 50 рет қоныс аударып келгені тіркелген [17, с.142].

1068 (6576) жылдың жазында қоман-қыпшақтары орыс жерлеріне тағы да келеді [133, с.118]. Альта маңында біріккен орыс княздіктерінің қолын қыпшақтар тас-талқан етіп жеңді.

1068 жылғы Переяславл маңында Альта өзені бойында орыс дружиналарымен болған соғыста қоман-қыпшақтарын қарт Шаруқан хан басқарды. Жеңілген орыс княздары Изяслав пен Всеволод Киевке қашып кетті [283, p.524].

Шаруқанның қоман-қыпшақтарының ханы болғанын башқұрт тарихшысы-археолог Г.Н. Гарустович Венгриялық ғалым З. Гомбоцтың пікірін талдай келе түркі, қоман, қарашай, балқар тілдерінде «шарқан» - «айдаһар, жылан» деген мағына бергенін, жыланды тайпаның тотемі ретінде қаи (кимек) тайпасымен қатар қомандар да қолданғанын айтады [284, с.106].

1079 (6587) жылдың жазында Всеволод Киев князі болып тұрған кезеңде Тмутаракан князі Святославтің ұлы Роман қоман-қыпшақтармен одақтасып, Всеволодқа қарсы соғыс ашады. Ал, Всеволод болса Переславль маңында қоман-қыпшақтармен бейбітшілік келісімін жасайды да, князь Роман амалсыздан кері шегінуге мәжбүр болған [133, с.143].

Қоман-қыпшақтар тиімді келісімге қол жеткізгеннен соң соғысуды жөн көрмеген. Яғни, бұл деректен көріп тұрғанымыздай, қоман-қыпшақтармен әскери одақтар, бейбітшілік келісімдер жасауға орыс княздері үнемі талпынып отырған. Орыс тарихында жазылып жүргендей қоман-қыпшақтар келісімге берік болмаған немесе князь Романды қыпшақтар қайтар жолда бір нәрсеге келісе алмай өлтірген деген мәліметтер жылнамада кездеспейді.

1092 (6600) жылы қоман-қыпшақтар Василий Ростиславичпен соғысты. 1093 (6601) жылдың көктемінде Святополк Киевте билікте отырған кезде қоман-қыпшақтар елшілер жіберіп, бейбіт келісім жасауға тілек білдірген. Бұны князь Ростислав Всеволодовичте қолдаған. Бірақ Святополк князі айналасындағылармен келіспестен, аздаған дружинасымен елшілерді тұтқынға алып [133, с.152], қыпшақтарға қарсы жорық жасаған. Стугна өзенін жүзіп өтіп қыпшақтармен соғысады, шайқаста Святополк әскері жеңіліс тауып, біразы суға ағып кетеді, солардың қатарында қайтыс болған Киев князі Всеволод Ярославичтің қыпшақ әйелі Анна Половецкаядан туған Ростислав

Всеволодовичте суға кетіп қайтыс болады. Ағасы Владимир Мономах (шешесі бөлек) құтқаруға тырысқанымен, аман алып қала алмаған [133, с.154].

Стугна бойындағы жеңілістен кейін де Святополк қайта қол жинап, жаз айында Желань маңында қыпшақтарға қайта қарсы жорыққа шықты. Бірақ бұл жолы да Святополк жеңіліс тапты. Кейіннен 1094 (6602) жылдың жазында қоман-қыпшақтармен Святополк бейбіт келісім жасап, қыпшақ ханы Тугорханның қызына үйленеді [133, с.157]. Нәтижесінде, осы 1094 жылы князь Святославтың ұлы Олег қыпшақтармен бірігіп, Тмутараканнан Черниговке келіп, Владимир Мономахқа шабуыл жасайды [133, с.157]. Владимир Мономах жеңіліп, Черниговті тастап кетуге мәжбүр болады.

Қоман-қыпшақтарының орыс княздіктерімен әскери қақтығыстары тарихы бір жарым ғасырға созылған. Бұл қақтығыстардың шығу себебі біріншіден, Киев Русі мен қоман-қыпшақтардың солтүстік Қара теңіз жағалауындағы жерлер үшін болса, екіншіден орыс княздіктерінің өзара таққа таласып, ішкі қақтығыстарда қоман-қыпшақтармен одақтасып, оларды өзара соғыстарына қатыстыруына байланысты болды. Қоман-қыпшақтарының солтүстік Қара теңіз жағалауындағы жерлерде алғаш пайда болған күннен бастап орыс княздері, оларды өздерінің жорықтарында одақтас ретінде пайдаланған. Негізінен әскери қақтығыстарды ауқымдылығына байланысты үш кезеңге бөлуге болады: бастапқы кезең - XI ғасырдың екінші жартысындағы әскери қақтығыстар Изяслав, Святослав және Всеволод княздердің есімдерімен байланысты; екінші кезең XII ғасырдың бірінші жартысы-бұл кезең атақты қолбасшы Владимир Мономахтың әскери жорықтарымен байланысты және соңғы үшінші кезеңге - XIII ғасырдың бірінші жартысын қамтитын новгород-северлік князь Игорь Святославичтің жорығын айтуға болады

XI ғасырдың соңы-XII ғасырдың басында қыпшақтардың екі орталығы болды. Бірі Дон маңындағы Шаруқан ханның ордасы, екіншісі Днепр маңындағы Боняктың иелігі. Олар шабуыл жасағанда бірігіп отырды. 1107 жылғы Лубнға шабуылда Шаруқан мен Боняк әскері бірігіп әрекет жасады. 1109 жылы Дон қыпшақтарына Владимир Мономах воевода Дмитрий Иворовичті жіберіп, олар олжалы қайтады. Одан кейін 1111 жылы орыс княздері тағыда Дон қыпшақтарына, Шаруқан қаласына шабуыл жасайды. Қаланы қоныстанған ястар сый-сыяпат алып қарсы алдыларынан шыққаннан кейін қаланы өртемейді, бірақ келесі күні Сугров қаласын өртеп жібереді. Қала Шаруқанның ағасы Сүгрдің иелігі болатын, оның халқы орыс княздіктеріне қарсы тұрды. Қыпшақтар мен орыстардың арасында шешуші шайқас Сал өзені бойында өтті. Қыпшақтар жеңілгенімен Донецк жерін тастап кетпеген. Қайта Донецк жерінен оғыздар мен пешенегтерді, Белая Вежадан орыстарды ығыстырған [61, с.38].

Қыпшақ хандары орыс княздіктерінің ішкі және сыртқы саясатына белсенді араласып отырды. 1099 жылы қыпшақ хандары Боняк пен Алтынопа Волын князі Давид Игорұлына венгрия ханзадасы Коломон әскерін жеңу үшін одақтас болған [159].

Жылнамалардан басқа деректерден де сол кезеңдерде қыпшақ хандарының ықпалы мен беделінің күшті болғандығын көруге болады. Мысалы, 1096 жылы қаза тапқан қыпшақ ханы Тұғыр-хан өзінің жорықтарымен орыс княздіктеріне қорқыныш ұялатып отырған, сол себепті оны орыс фольклорында «Тугарин Змей» атымен атаған [159].

XII ғасырдың соңында Днепр маңында қыпшақ бірлестігіне Қобақ (Кобяк), ал Дон бойындағы қыпшақтар бірлестігіне Қоншақ (Кончак) билік жасаған.

1172 жылы қоман-қыпшақтарында билік Қоншақтың қолында болған. XII ғасырдың жетпісінші жылдары жылнамаға сәйкес көшпелілер даласында оған қарсы келер ешкім болмаған. Орыс жылнамаларында айтылғандай 1185 жылы орыстар Қоншақты түпкілікті жою мақсатында қарсы жорық жасаған, бірақ жорық сәтсіз аяқталған. Сонымен қатар, «Игорь жасағы туралы жырдың» кейіпкері Игорьмен бірге одақтастықта болған, оңтүстік орыс далаларындағы орыс княздіктерінің Киев тағы үшін күрестеріне де қатысқан. Осы қақтығыстардың нәтижесінде Азов маңындағы және Қара теңіз жағалауындағы жерлерден Русь түпкілікті бөлініп кетті [82, p.46-47].

Қоман-қыпшақтарының 1185 жылғы орыстармен қақтығысы тарихын қалпына келтіруде, қоныстану аумағын анықтауда «Игорь жасағы туралы жырдың» маңызы зор. Мәселен, ғалымдар арасында қоман-қыпшақтарының Днепр мен Дунай аралығындағы жерлерді қоныстанды деген көзқараспен келіспейтіндер бар. Олар орыс жылнамаларында 1152 жылдары қомандар қонысы Еділ мен Днепр аралығында болған, 1080 жылдарға дейін Дунай маңында пешенегтердің билігі жүріп тұрған, қоман-қыпшақтары бұл аймаққа пешенегтердің Византиямен соғысу үшін одақтастыққа шақыруымен келіп, соғыс біткеннен кейін қайтатын болған деп есептейді. Дегенмен қомандардың Шығыс Еуропа жерінде бірнеше ордалары болған [80, p.59-62; 81, p.159].

XII ғасырдың соңында Тмутаракан орыстардың қолынан кетті де, Солтүстік Донец пен Донның арасындағы орманды дала «Жабайы дала» («Дикое поле») атанды [133, с.375-383].

Орта ғасыр тарихында шекаралас жатқан мелекеттердің арасында міндетті қақтығыстардың орын алғаны белгілі. Сондықтан да жылнамаларда баяндалатындай қоман-қыпшақтары мен орыс княздіктері арасында соғыс жағдайларының орын алуы заңды құбылыс болған.

Жалпы жылнамаларда қыпшақтардың 1055 жылдан 1080 жылға дейінгі аралықта Русь жеріне төрт рет, яғни 1061, 1068, 1071,1079 жылдарда жорық жасағаны айтылады [133, с.115-143]. Ал, 1080-1090 жылдар аралығындағы жорықтар саны жылнамаға сәйкес тоғыз рет жасалған [133, с.144-146].

Қыпшақтардың орыс княздіктерімен ара қатынасын зерттеп жүрген ғалым А.А. Инковтың пікірінше, қыпшақтар тығыз қоныстанған отырықшы қала халықтарына шабуыл жасамаған. Орыс жылнамалары деректері бойынша қыпшақтардың жорық жасаған уақыты, аймағы, жорық жасау себебін анықтай келе, ол жорықтардың негізінен қыс мезгілінде жасалғанын және оған сол жылдары орын алған табиғат жағдайлары (қыстың суық болуы, қуаңшылық және т.б.) себеп болғанын айтады. Тек, қыпшақтар ғана емес орыс

княздіктерінің тарапынан да шапқыншылық жорықтары жиі болып тұрған [67, с.14-17].

Көрші жатқан екі халықтың арасында саяси байланыстармен қатар сауда байланыстары да орын алған. Ол туралы П.В. Голубовский еңбегінде: «Қақтығыстар екі елдің арасындағы достық қарым-қатынасты бұзбады, сауда байланысы тоқтатылмады... Көшпелілер сауданы соғыстан бөлек қойды және сауданың пайдасын білгенен кейін ешқашан кедергі келтірмеді, қайта қолдап отырды»-деп жазған [13, с.159]. Белгілі түркітанушы ғалым П. Голден халықаралық сауданың көшпелілер өміріндегі орнын Омелян Прицак деректеріне сүйеніп: «Тайпа көсемдері керуен жолымен келетін заттарды сатып алып қана қойған жоқ, саудадан түсетін пайданың белгілі бір бөлігін иеленетіндіктен саудагерлер мен олардың тауарларының қауіпсіздігін қамтамасыз етті»,-деп жазады [285, p.10]. Яғни, көлемді табыс көзі, Қытай мен Жерорта теңізі елдерін байланыстыратын трасса Ұлы Жібек Жолын бақылауда ұстау отырықшы халықтар сияқты көшпелілердің де мемлекеттік мүддесінде алдыңғы орында болды [286, б.74]. Өйткені, көшпелі халықтар үшін де қолдан жасаған қолөнер бұйымдары, ұсталық және зергерлік өнімдерін шет жерлерге шығарудың жолы сауда болды.

Көшпелілердің саудаға шығарған материалдық мәдениетінің сапалылығы славяндар арасында түркі терминдерін қолданғанынан білеміз, оларға: алтын, амбар, аршын, базар, бакалея, балаган, барыш, батман, деньга, караван, лабаз, магарыч; мата атаулары: атлас, бияз, қамқа, кармазин, кумач; әшекей бұйымдар: алмаз, бирюза, жемчуг және т.б. [287, с.241]. Бұл сөздерді славяндар қазіргі кезде де қолданады.

Орыс жылнамаларында қоман-қыпшақтардың жорық барысында аварлық бас киім (шлем-дулыға) кигені туралы деректер сақталған. Бұл аварлық дулығалар деген сөз емес, қоман-қыпшақтарының авар үлгісінде жасаған бас киімдер кигені айтылады. Кейін осындай бас киімдер орыстардың арасында да кең таралды [288, с.593].

Тарих сахнасындағы бір тайпалық бірлестіктің келесі бір тайпамен ауыстырылуы этникалық, саяси, мәдени құрылымына түпкілікті әсер етпеді. Басқа атаумен жаңа елдер қалыптасып, қандай мемлекет орнамасын олардың тарихы, мәдениеті көрші халықтармен тығыз байланысты болды. Бұл мәдени байланыс сонау түркі-славян байланыстарынан бастау алып, қоман-қыпшақтары дәуірінде де өзінің сабақтастығын жоғалтқан жоқ.

Мәдениеттердің ұқсастығына бола түркілердікі немесе славяндардыкі деген бөліниіс бүгінгі өркениеттілік тұрғысынан дұрыс емес. Бұл жерде кім бірінші деген түсінік жоқ, екі халықтың мәдени жетістіктері ғасырлар бойы сабақтастығын жоғалтпастан бірін-бірі толықтырып келе жатыр.

Ерте ортағасырдың соңына таман Еуразия аумағында өмір сүрген қағанаттар мен халықтар мәдениеті түркілік негізін сақтап қалды және мәдениеттер арасында бәлендей айырмашылықтар болмады, тек этникалық белгісін білдіретін аздаған ерекшеліктері болған. Жазба деректер мен археологиялық материалдардың жетіспеушілігінен мәдениеттерге байланысты

этникалық қатыстылықты анықтауда кейбір қиындықтардың туындауы да содан. Дегенмен әр бір этникалық топтың ерекшелігін анықтайтын белгісі бойынша мәдениеттердің қатыстылығын анықтайтын болсақ. Онда қоман-қыпшақтарының заттай мәдениет үлгілеріне екі қолына ыдыс ұстап тұрған балбал тастарды айтуға болады.

Ертіс бойы, Орталық Қазақстан мен Жетісудан табылған екі қолында ыдыс ұстап түрған балбал тастар қимақ және қыпшақтармен байланыстырылады. Бұлар кейін оңтүстік орыс далаларындағы «кемпір тастардың» пайда болуының алғышарты болды, оларды бұл жерлерге орыс жылнамаларында айтылғандай қоман, кимек, қыпшақтар әкелген [289, с.125].

Кейіннен осыған ұқсас бейнелер, идолдар Шығыс славяндардың маңызды атрибуттары болды, көбінде ағаштан жасалған мүсіндер кездеседі. Оған археолог және жазба деректер куәлік етеді. Християндар пұтқа табынушыларды «Не суть бози, но древо», - деп айыптады [278, с.264].

XII ғасырларда славяндардың арасында, нақтырақ вятичтер мен кривичтердің арасында пұтқа табыну салты болғанын Нестордың «Повесть временных лет» атты жылнамасынан: «...Аще кто умряше, творяху тризно над ним, и по семь творяху кладу велику и взъложахут и на кладу, мертвеца сожьжаху, и посемь собравшее кости вложаху в судину малу и поставляху на столпе на путех, еже творять вятичи и ныне...» білеміз [290, с.5]. Осы кезеңдерде славян княздарын жерлеу салтында, мәйіттің жанына жылқыларын қатар жерлеу дәстүрі болған, бұл оларға көшпелілермен келген болу керек [13, 160]. Мұндай жерлеу салты қомандарға тән болатын. Қомандардың жерлеу орындарындағы балбал тастардың қасындағы шұңқырларда жылқы, бұқа, қой сүйектерінің бірге қойылатыны туралы деректерді ортағасырлық саяхатшылар өз еңбектерінде жазып өткен. Мәселен, В.Рубрук командардың өлген адамға үлкен қорым тұрғызып, қорымның үстіне бетін шығысқа қаратып, белдің орта тұсында екі қолына тостаған ұстап тұрған ескерткіш тас қоятынын жазған. Сондай-ақ, ақсүйектеріне пирамидалар, яғни биік күмбездер тұрғызғанын, кей жерлерінен тіптен кірпіштен салынған мұнаралардың тұрғанын көргенін жазады [291, 85 б.].

Шығыс славяндардың Солтүстік-батыс бөлігіндегі халықтарда ерте-орта ғасырда тасқа табыну дәстүрі болған және оның пайда болуы славян этносымен байланысты емес, оны бұл аймаққа түркі тілдес халықтар алып келген болатын деп есептейді ресей ғалымдары[278, с.264].

Қоман-қыпшақтары қоныс аударып барған жерлердің барлығына, яғни шығыста Ертістен бастап, батыста Дунайға дейінгі аймақта өздерінің жерлеу салт-дәстүрін қолданған. Ол туралы, орыс жылнамаларында қоман-қыпшақтарының бабаларынан мұра болып қалған салт-дәстүрін ерекше қастерлейтіні айтылған [133, с.9].

XI ғасырдың екінші жартысында қомандар Днепрдің оң жағындағы Рось өзені маңындағы жерлерде қоныстанды. Бұл жерде олар пешенег, оғыздар, орыстармен аралас өмір сүрді, оны табылған археологиялық материалдар анықтап беріп отыр. Әсіресе, Рось өзені бойында қомандар мен орыстардың

қатар өмір сүргенін жерлеу орындарының жақын, кейде бірге болуы дәлелдеп отыр [292, с.28].

Қоман-қыпшақтары мен орыстарды наным-сенімдерінің ұқсас болуы да жақындатады. Мүмкін бұл жақындық сонау орта ғасырлардан бастау алатын шығар. Қоман-қыпшақтары жұлдыздарды бағдар ретінде қолданып, бағалаған. Ол туралы қыпшақтанушы Б.Е. Көмеков: «қомандар астрологиямен айналысып, жұлдыздардың сілтемелерін қолданып, оларға табынды» - деп көрсетеді [128, с.23].

Қоман-қыпшақтары сияқты славяндарда жұлдызға табынған, олар адам жанын жұлдызбен байланысты деп есептеген. Адам дүниеге келген де аспанда бір жұлдыз пайда болады, қайтыс болғанында жұлдыз ағып түседі деп қабылданған. Славяндардың түсінігінде Жоғарыдағы ғажайып құбылыс Әлемді басқарушы құдайдың ісі, ол адам тағдырына ықпал етуші деп қабылданған. П.Кесарийский славяндардағы Құдайлардың құдайы болғанын: «Ибо они считают, что один из Богов, создатель молнии есть единый владыка всего, и ему приносят в жертву быков и всяких жертвенных животных» - деп жазады [293, с.183].

Байқағанымыздай түркілерден бастау алатын осындай тәңірге, көкке табыну, тотемдерді қастерлеу сияқты наным-сенімдер қоман-қыпшақтарымен келіп, славян сияқты көрші қоныстанған халықтарға да тарағанға ұқсайды.

Сондай-ақ, қоман-қыпшақтары мен орыстардың арасында қандық туыстық орнату дәстүрі де болған. Қыпшақ қолын инемен тесіп, өзіне жолдас болатын русьті таңдайды, ол жарақаттан шыққан қанды татып, қаны мен жаны бір туысқа айналады. Кейде туыстасуда басқа дәстүр де қолданылды. Мыс ыдысқа сусын құйып, екі достасушы жақ бір-біріне адал болу сертімен ыдыстан сусын ішеді, сол арқылы мәңгілік туыстастықты бекітеді [294, с.160].

Қоман-қыпшақтар Қара теңіздің солтүстігіндегі даланы билеп қана қойған жоқ, ондағы халықтардың этникалық құрамы мен мәдениетіне өзгерістер де алып келді. Славяндардың оңтүстігіндегі орманды далада қоман-қыпшақтармен қатар аландар, пешенегтер, торктар, қарақалпақтар да тұрған. XII ғасырда бұл жерде қомандардың Шарукан, Сугров және Балин қалалары болды, қалалар 1111 және 1116 жылдары орыс княздарының жорықтары нәтижесінде жойылды [114, с.104]. Шарухан мен Сугров қыпшақтардың қалалары [294, с.106] болғанын белгілі ғалым П.В. Голубовскийде жазып кеткен.

Сонымен қатар, қыпшақтардың алғашқы аты аталған түркілік жазба ескерткіштерге ұқсас ескерткіштер ертедегі Хазар қағанатының территориясынан - Еділ бойы, Солтүстік Кавказ және Дон бойынан да табылды. Руникалық жазулардың батыстық бұл вариантын ешкім әлі анықтай алған жоқ. Мәдениеттер арасында сабақтастықтың барлығы күмән тудырмайды, бірақ сол батыстық варианттағы руникалық жазбаның кімдерге арналғаны, қандай оқиғаны баяндағаны шешілмейінше түркілік шығыс пен батыс мәдениеттері арасындағы байланыс орнатылмай тұр әзірге.

Этникалық мәдениеттің айнасы ретінде көрінетін тағы бір белгіге киім кию үлгісі жатады. Қыпшақтардың орыстармен мәдени ықпалын зерттеген К.

Валишевский: «XIII ғасырда көшпелілер Русьтің мәдени дамуына кері әсер етпеді, қайта олар өз өркениеттерімен оны дамытты... мәскеуліктер көшпелілер үлгісінде киінді: башмак, азям, армяк, зипун, чебыги, кафтан, очкур, шлык, колпак, клобук, тафья, темляк» - деп жазады [295, с.90].

Византиялықтарға қарсы соғыста славяндар одақтастары қоман-қыпшақтарының қылышын және дөңгелек дулығасын пайдаланғаны да тарихта белгілі [278, с.256 б.].

Қоман-қыпшақтарымен одақтасудың негізін орыс княздері әулеттік некеде деп есептеген. Сондықтанда олар қыпшақ ханшайымдарына үйленуге тырысқан. Мәселен, 1094 жылы киевтік Святополк қыпшақ ханы Тугорқанның қызына үйленген. Келесі бір қыпшақ ханы Асеннің немересіне Владимир Мономах ұлы Юрийді үйлендіреді, сондай-ақ ұлы Андрейге Түрік ханның қызын қалыңдыққа алып береді. 1187 жылы Игорьдің ұлы Владимир Кончактың қызына және 1205 жылы Всеволод Суздальскийдің ұлы Ярослав та Кончактың қызына үйленген [13, с.151]. Некелік одақтар бір жағынан екі елдің арасында бейбіт өмірді қамтамасыз етсе, екінші жағынан сырқы жауларынан қорғануда тиімді болған. Мұндай одақтар екі халықтың арасында жиі жасалып тұрған.

Қоман-қыпшақтарының орыс княздіктерімен одақтастығының ең ірісі - 1223 жылғы моңғол шапқыншылығына қарсы бірігуі болатын. Ол туралы белгілі ортағасырлық жылнамашы Ибн ал-Асир (1160-1233) өзінің «Тарих аль-камиль» атты еңбегінде жазған. Шығармада қыпшақтар елін жаулап алғаннан кейін татарлар (моңғолдар) рустар еліне барғаны және олармен соғысқаны айтылады. Бастапқыда татарлар рустар мен қыпшақтар одағынан сескенгендей шегініп кетеді, ал өздерінің күшіне сенген рустар оларды өкшелей қуа жөнеледі. Біраз күннен кейін татарлар күтпеген жерден қарсы шауып, жан-жақтан бас салып, рустар мен қыпшақтарды жеңеді [118, с.143-144]. Бұл екі жақты одақтастық жеңіске алып келмегені белгілі, бірақ деректен белгілісі жаулаушылық қаупі туған жағдайда екі халық бірігіп, бейбіт келісімге келген. Яғни, екі елдің байланысын қарастырып жүрген зерттеушілердің қоман-қыпшақтарының орыс княздіктерімен қарым-қатынасы тек жаулаушылық сипатта болды деген көзқарастары негізсіз деп ойлаймыз.

Мәдениеттің мәйегі - тіл. Тіл жеткізу, жалғастыру құралы. Тіл-мәдени ықпалдастықтың дәнекері. Түркілік этно-глотогенездің ежелгі ошағы деп Еуразияның Шығысы-Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір-Алтайдан Хинганға дейінгі аймақ танылады. Түркілер мен славяндардың тілінің ерте кездегі байланыстарын ең алғаш зерттеген чех Й. Пайскер түркі тілінің славяндарға ықпалын көрсеткен [77, p.25]. Оның көзқарасы қатал сынға алынып, олай болуы мүмкін емес деген тұжырым жасалды. Әрине, қоман-қыпшақтарының мәдениеті белгілі бір деңгейде славяндарға ықпал еткенін мойындату жазба деректерде анғарылып тұрса да, әлі күнге мойындалмай келеді. Бірақ бүгінгі Украина жерінде қоман - қыпшақтардың көрші халықтармен байланысқа түскенін ешкім жоққа шығара алмайтындықтан, тілдік ықпалдастық жүзеге асты деп сеніммен айтуға болады. Оған славян тілі қолданысында жүрген

қыпшақ сөздері дәлел бола алады және ол сөздердің көптігі сондай ірі зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады.

Орта ғасыр жазба ескерткіштері – түркі халықтарының өткен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс –тіршілігі, дінінің өткен тарихынан мәлімет алуға мүмкіндік беретін асыл мұрасы. Тілдің уақыт өткен сайын дамуы тамырының тереңдігімен де өлшенеді. Шығыс Еуропада қыпшақ факторының пайда болуы мен қалыптасуы нәтижесінде қыпшақ тілінің сөздігі «Кодекс Куманикус» (XIII ғ.) жазылды [2, с.18].

Жазу мәдениетінің орта ғасырлық ерте үлгілерінің бірі-өсиет, нақыл ретінде келетін жазбалар мен атадан балаға қалып отыратын тарихи шежіре кітаптары. Мұндай жазбалар ақсүйектердің киелі мүлкі саналып, ұрпақтарына мирас боп қалып отырған. IX-XII ғасырларда түркі халықтары қоныстанған аумақта екі әдеби тіл қолданыста болған. Біріншісі, парсы, ал екінші түркі әдеби тілі. Түркі әдеби тілінің өзі шығыстық-қарахандық және батыс бұтағы оғыз-қыпшақтық деп бөлінген [296, б.26].

Барлық көшпелі халықтарды батырлыққа, жау жүректілікке, отан сүйгіштікке ауыз әдебиетінің тамаша үлгілері, батырлық жырлары мен дастандары тәрбиелеген. Бүгінгі күні ауыз әдебиетінің сақталған тамаша жазбаша және ауызша нұсқаларынан жырлардың тамыры сонау тереңде жатқанына куә боламыз. Жорықтан шаршап келген кезде қыпшақтар хисса-дастандарды тыңдап, қанаттанады [212, p.210.].

Рустар қыпшақтармен қатар жақын орналасқаннан кейін қыпшақтардың жырлары орыстарға да өтті [13, с.159]. Шынында славяндар өздерінің жазбаша әдебиетінің тамаша туындысы деп санайтын «Слово о полку Игореве» дастаны көшпенділердің ерлік дастандары үлгісінде жазылған.

Түп-тамырын түркі халықтарының тарихи мұраларынан алып, қазіргі тіліміздің пайда болу, өсу, дамуының заңдылықтарын, қалыптасу жолдарын білу үшін ескі түркі жазба ескерткіштерінің тілін жан-жақты зерттеп, қазіргі ана тілімізге қатысы қанша екендігін анықтау қажет. Халқымыздың өткен тарихын, тілін, мәдениетін білуде, атап өткеніміздей, бұл мұралардың маңызы өте жоғары.

Қоман-қыпшақтарының славяндармен байланысы нәтижесінде түркілердің сөздері ерте орыс тіліне сіңіп, төл сөз есебінде қабылданды. Мұны Е.Г. Ковалевская өзінің «История русского литературного языка» атты еңбегінде: «Біздің көрші халықтармен, мемлекеттермен қарым-қатынасымыз ерте кезден басталғанын тіліміздегі кірме сөздерден көре аламыз. X-XII ғасырларда-ақ, ерте орыс тілінде скандинав, фин сөздерімен қатар қыпшақтық, түркілік сөздер қолданыста болған» - деп жазады [68, с.155].

Зерттеушілер тарапынан XII ғасырдың ескерткіші болып табылатын бұл еңбектің тек орыстарға тән екеніне күмән келтіретіндер де бар. Өйткені жырдың стилистикасы мен жазылу тілі ерте орыс шығармаларынан оқшауланып тұр. Оның үстіне зерттеушілердің барлығы ескерткіштің XII ғасырда жазылғанын, онда кездесетін архаикалық түркі сөздердің болуымен дәлелдейді [71, 78]. Яғни, түркі тілінің славяндарға ықпалы болғанын лингвист,

тарихшы ғалымдар мойындап отыр. Мәселен, «Слове о полку Игореве» жырын зерттеген ғалым Н.М.Дылевский жырда кездесетін түркі сөздерін анықтап талдаған, соның бірі «кикахуть» - қыпшақ тіліндегі қиқулау, айқайлауды білдіреді [72, с.203].

Түрік тілін тасушы жадығаттың бірі болып табылатын «Игорь жасағы туралы жырдың» алғашқы нұсқасы сақталмаған. Қазіргі қолда бар нұсқасы 15-16 ғ. басындағы тізімде сақталған, 1795 жылы табылған. А.И. Горшков: «В «Слове» нашли отражение также и характерные для древнерусского языка заимствования из греческого – паполома /шелковая ткань/, оксами /парча/ и тюркизмы - орьтма /покрывало/, японча /плащ/, яруга, оврог, чага /рабыня/, кощей /раб/, харалужный /стольной/ – сияқты бірен - саран сөздерді атаған [297, с.81]. Мәселен, «Пересел в кощеево седло... Под мечи булатные...» деген жолдардан да түркі сөздерін көреміз [298, с.28].

Екі халықтың ертеден ежелден-ақ аралас - құралас болып кеткендігін О. Сулейменов «Аз и я» - деген еңбегінде «Игор жасағы туралы жырдың тілі» атты бөлімінде нақты дәлелдермен келтіреді [74, с.29]. Түркіславистиканың негізін қалаушы О. Сүлейменовтің көрсетуінше, түркі және славян тілдері көне еуразиялық морфологиялық жүйе мен форманттарды сақтаған тілдер қатарына жатады. Түркі және славян тілдерінің арасында генетикалық туыстық болмағанымен, мәдени туыстық бар, олар өзара мәдени туыс әлем болып саналады.«Языги, язычники (жазық дала, яғни, степняки − далалықтар) деген атау «христиан емес» деген христиандық-бағалауыш мәнге ие болған. Дегенмен, кейін «язык» сөзінің өзі орыс тілінде жағымды мән алып, кең қолданыс табады. Язык − 1. Жазық дала. 2. Жаз, жазу, жазба ескерткіштер. Оғыз тілінде язык − хат, жазу, жазба мәтін». Бұдан шығатын қорытынды, отырықшы христиандар далалық көшпенділермен «языги, язычники» деп күресіп, соғысқан, ал язык сөзін қолданыста қалдырған», - деп тұжырымдайды Г.С. Көбденова [75, б.30]. О.Сүлейменовтың «АЗиЯ», «Тарихқа дейінгі түркілер», «Жазу тілі» еңбектерін бір уақытта славистикаға да, түркі тануға да жатқызуға болады. Қазақ қоғамы орта ғасырлардағы түркі халықтары мен славян халықтарының саяси–мәдени байланыстарына қатысты дәлелді деректерді осы еңбектерден алды. Славян тілдеріне енген түркі сөздерін үш категорияға: анық кірме сөздер, тануға болатын сөздер, көзге көріне қоймайтын сөздер деп бөліп қарастырған О.Сүлейменов өзінің еңбектерінде көшпелі халықтардың мәдениеті болуы мүмкін емес деген империялық көзқарастарғы қарсы дәлелді мысалдар келтірген. Ғалым тіл мамандары бір қарағанда көзге түсетін орыс тіліне енген кірме түркі сөздерін есепке алады да, тануға болатын және көзге көріне қоймайтын түркі сөздеріне мән бермейді деп есептейді [299, с.12].

Дәл осындай екі халықтың тілдік байланысын қарастырған Н.Ж. Шаймерденова ерте орыс тіліндегі тюркизмдерді қолданылуы бойынша екіге бөледі. Біріншісі, шығу түбірі жағынан түркілік, бірақ бір мағынаны білдіретіндіктен сол қалпында ежелгі орыс тіліне енген сөздер, оған: баскак, караван, орда, курян, тамга, ям, ярлык және т.б. сөздер жатады. Екіншісі, шығу

түбірі түркілік, орыс тіліне енбеген, белгілі бір ескерткіштер ерекшелігін сипаттау үшін қолданылатын сөздер: абаб, бурметь, емшань, есырь және т.б. Ал кейбір сөздерді этимологиялық негіздемесіз, орыс тіліне енген сөз екенін дәлелдеу қиын. Мысалы оған алмаз, атлас,барсук, кафтан, колчан, богатырь және т.б. сөздерді жатқызады [76, с.21-23]. Н.Ж. Шаймерденова: «Тілдік байланыстар теориясы бойынша екі немесе бірнеше этностардың байланысы негізіндегі екі немесе бірнеше тілдің өзара ықпал етуі. Географиялық, климаттық, әлеуметтік - экономикалық және тұрмыстық жағдайы ұқсас көрші этникалық және тілдік топтардың ұзақ уақыт бойы қарым–қатынасы нәтижесінде материалдық - тұрмыстық мәдениеті ұқсас (баспанасы, еңбек құралы, үй жиһазы, салт - дәстүрі және т.б.) тарихи - этникалық аймақтың қалыптасуына әкелді», - деп жазады [76, с.15].

Қорыта келе айтарымыз, орта ғасырлардағы көші-қон үдерісі барысында қоман-қыпшақтары славян халықтарымен географиялық жағынан шекаралас орналасуына байланысты тығыз қарым-қатынасқа түсуге мәжбүр болған.

Қоман-қыпшақтары мен славян халықтарының арасындағы саяси байланыстар кейде бейбіт, кейде қақтығыстық сипатта өрбіген. Жазба деректердің көрсетуі бойынша тарихтың төзімен көрші болған қыпшақ және славян халықтары соғыс жағдайларында одақ құрған кезеңдері де болған. Қалай болғанда да екі халықтың мәдениеті ғасырлар бойы жалғасқан өзара ықпалдастық нәтижесінде бірін-бірі толықтырып, дамытып отырған.

Қоман-қыпшақтарының славян халықтарымен мәдениетінің тұтастық әсерінің ғылыми әдебиеттер мен зерттеулердегі жағдайы жоғарыдағыдай, жазба деректердің аздығынан анықталмаған мәселелер көп, біз тек ғылымның әр саласында мойындалған нақты деректерді салыстыру арқылы екі халықтың арасындағы мәдени байланыстар тарихына паралелль жүргіздік және екі халықтың арасындағы мәдени ықпалдастық тек бір бағытта шығыстан батысқа қарай ғана емес, батыстан шығыс бағытында да жүргенін анықтадық. Қоман-қыпшақтарының әр кезеңде халықтар мен ұлыстар мәдениетінің жақсы элементтерін бойына сіңіріп, этникалық құндылықтарын сақтай отырып, көрші халықтарға жасаған ықпалын бүгінгі таңда мұра болып қалған жазба және материалдық мәдениетінен көре аламыз.

Сонымен, біз қарастырып отырған кезеңде қоман-қыпшақтары мен славян халықтарының қарым-қатынасы тек қақтығыстық сипатта ғана емес, сондай-ақ, мәдени-рухани, шаруашылық, сауда-саттық және некелік-туыстық байланыстар негізінде өрбіген.

Біз зерттеуімізде қақтығыстың орын алуына тек қоман-қыпшақтарының жорықтары себеп болған деген қалыптасып қалған көзқарастарды жоққа шығару үшін жылнамалардағы орыс княздіктерінің де қоман-қыпшақтарына саны жағынан дәл сондай жорықтар ұйымдастырғанын анықтадық. Келісімге келген жағдайда қоман-қыпшақтары соғыспай, барынша әскери одақтар, бейбітшілік келісімдер жасауға талпынып отырған. Мұның өзі славяндар мен қоман-қыпшақтар қатынастарында бейбіт, түсіністік пиғылдағы қатынастардың

да орын алуына жол ашты. Өкінішке орай, орыстық және кеңестік тарихнама соңғы мәселені назардан шығарып алды.

3.2 Византиямен саяси және экономикалық байланыстардың орнауы

Географиялық орналасуына байланысты ортағасырлық Византия Азиямен шектесетін Еуропаның шеткері аймағы болып табылатындықтан үнемі көшпелі халықтармен қарым-қатынасқа түсуге мәжбүр болды.

XI ғасырдың ортасында қомандар Византия шекарасына жақын келген уақытта, мұнда мемлекеттік дағдарыс жүріп жатқан болатын. Македон әулетінің соңғы өкілінің дүние салуымен, Византияда екі жүз жылдай үздіксіз билеген атақты әулеттің билігі тоқтап, елде ұзаққа созылған азаматтық, әскери қақтығыстар орын алған болатын.

Шығыс Еуропаның табиғи жағдайының оңтайлы болуынан мұнда Еуразияның далалық аймақтарынан кезең-кезеңімен көшпелілер қоныс аударып отырған. Қоныс аударып келген көшпелілер мен жергілікті халықтардың арасында алыс-беріс орнап, сауда байланысы нығайып, әр түрлі шаруашылық-мәдени типтер қалыптасқан. Нәтижесінде, IX-XIII ғасыр аралығында аймаққа түркі тілдес тайпалардың әр түрлі ордаларының қоныс аударып келуімен жергілікті отырықшы халықтар арасында көшпелілер мәдениеті, дәстүрлері тарап, этно-тарихи байланыс орнаған.

Антикалық географиялық таным бойынша Еуропа мен Азия арасындағы шекара Танаис (Дон) өзені бойымен өтетін болған. Ол кезеңде орманды алқап шығыста Каспийге дейін, батыста Азов теңізінің жағалауына дейін жеткен. Орманды және далалық табиғи-географиялық аймаққа бөлінуі де Шығыс Еуропаның тарихи дамуында маңызды рөл атқарған. Еуразиялық мектеп өкілдері осы табиғи шекара «Ұлы даланың отырықшы еуропалық өркениетін ерекшелендірді» деп есептеді. Бірақ, шын мәнінде ерекшелену емес, бұл аймақта бір-бірне ұқсамайтын екі түрлі мәдениеттің ықпалдасуы орын алды [300, с.10].

XII ғасырдың басында Византияның солтүстік шекарасына келіп қоныстанған қомандар туралы Михаил Сириец (1126-1199): «Қомандар түріктердің бір бөлігі болып келеді. Олардың тілі-түркі тілі, бірақ олар Мұсаны және оның пайғамбарларын, не біздің құдайымызды Христосты, не Мұхаммедті білмейді. Қайда барса да олар әйелдерін, балаларын және дүние-мүлкін өздерімен бірге алып жүреді. Олар ағаш арбалармен қорғанады, лагерді айналдыра арбамен қоршап қабырға жасайды да, сонда тұрады».-деп жазған [129, с. 110].

Бүгінгі таңда батыс ғалымдары байланыс аймағындағы тарихи-мәдени ықпалдастықты зерттегенде «шекаралық әдісті» қолданады. Бұл жағдайда зерттеліп отырған аймақ мемлекеттің аумағында ғана емес, нақты қалыптасқан әкімшілік-аумақтық бөлінісі негізінде тарихи оқиғалардың байланысы мен көші-қон үдерістері зерттеледі [300, с.7]. Сондықтанда, бізде қомандардың батысқа көші-қон үдерісін, Византиямен байланысын нақты тарихи оқиғалар негізінде зерттейтін болғандықтан біз де осы әдісті қолдандық.

X ғасырдың екінші жартысында Хазар қағанаты құлағаннан кейін, Киев Русі, Венгрия, Дунай Бұлғариясы аралығындағы жерлерде пешенегтер мен қомандар қоныстанды. Ал, хазарлардың өзі пешенегтер мен қыпшақтардың құрамы кіріп, қалғаны қала мәдениетіне бейімделгендер Киев Русінің құрамына өтті [285, p.243]. Яғни, бірнеше ғасыр Шығыс Еуропаны дүрліктірген, бастапқыда түркілік элементтері басым болған хазарлар түрлі тайпалармен бірігіп, тарих сахнасынан жойылып кетті. Ендігі кезекте бұл аймақта көшпелі халықтар пешенегтер, оғыздар және оларды ығыстырған қоман-қыпшақтарының дәуірі туды. Аймақтағы қомандардың белсенділігі византиялықтар үшін аса қауіпті болды.

Қыпшақ тарихын зерттеуші белгілі ғалым Б.Е. Көмековтің пікірінше, қыпшақ бірлестіктерінің хандары Шығыс Еуропа елдерімен тығыз байланыс орнатқан. Бұлғар, Венгр, Византия билеушілері қыпшақ тайпаларының көмегіне зәру болған, сондай-ақ қыпшақтар Русь, Польша, Германия, Чехия және Литва тарихында да маңызды орын алған [2, с.18]. Мәселен, XI ғ. Византия империясы пешенегтерден төнген қауіптен құтылуы үшін қыпшақтармен одақтас болғанын Анна Комнина «Алексиада» атты тарихи шығармасында жазады [140, с.233], онда императордың қоман-қыпшақ билеушілерімен келісім жасап, пешенегтерге қарсы одақ құрып, жеңіске жеткені баяндалады. Тарихи шығармадағы ақпараттық дерекке сәйкес жеңіске жеткен қомандар әскерінің бас қолбасшылары Тогартак (Тугорхан/Тұғырхан) пен Маниак (Боняк/Бонақ) болатын [301, б.153].

Византия императорының қомандармен келісім жасауын баяндаған француз тарихшысы Жан де Жуанвиль (1224-1317) олардың берген сертіне адал болу үшін келесідей шара орындалған, екі жақтың билеушілер жанындағы ақсүйектерімен бірге күміс ыдысқа қандарын ағызып, оған шарап пен су араластырып ішеді. Бұл дәстүр қомандарда ертеден келе жатқан дәстүр, күміс ыдысқа жиналған қанды суды ішу қандық туыстықты білдірген. Сондай-ақ, қомандар өздерінің және византиялықтардың арасынан итті аралатып өткізіп, қылышпен бөліп тастайды, бұның мағынасы кімде-кім сатқындық жасаса осылай қылышпен бөлшектенетінін білдірген [142, с.118].

XI ғасырдың екінші жартысында қоман-қыпшақтарының қоныс аударуы Шығыс Еуропаның отырықшы және малшаруашылығымен айналысатын халықтарының қоныстану аумақтарының өзгеруіне, Ерте Русь мемлекетінің ыдырауына алып келді [83, с.277]. 1066 жылы Русь князі Всеволод Ярославұлы торктарды (оғыздар) шауып, Византияның батысындағы шекараға дейін тықсырды. Мұнда византиялықтар оларды пешенегтермен бірге талқандады. Византия маңындағы торктар мен пешенегтердің көзін жойғаннан кейін оңтүстік орыс далаларындағы олардың жайылымдарына қомандар иелік етеді. Ал, аман қалған торктар мен пешенегтер орыс княздіктеріне барып бас сауғалады, орыс княздері оларды шекараға Днепрдің оң жақ жағалауындағы Стугна мен Рось өзендерінің аралығындағы жерге қоныстандырды. Орыс княздары қомандардан сақтанудың жолы ретінде оларды сол жерлерге

мәжбүрлеп қоныстандырды. Рось жерінен басқа оларды Переяславл және Чернигов княздіктерінің аумағына да орналастырды [292, с.24].

1070 жылы пешенегтерге қарағанда саны және күші жағынан басым түсетін қоман-қыпшақтар Днепрдің екі жағындағы далаларды қоныстана бастады. Аз уақытта олар Қара теңізге, Дунай Бұлғарларына және Византияға баратын жолды толықтай бағындырды [86, с.94]. Византия империясымен саяси және әскери байланыстар орнатқан түркі тілдес қоман-қыпшақтар Византия жеріне XI ғасырдың соңында қоныстанған [302, p.15].

1078 жылғы Византия тағы үшін Михаил VII, Никифор Вотаниат, Вриений, Никифор Василаки арасындағы күрестер кезеңінде пешенегтер мен қомандардың көмегіне Вриений сүйенді. Адрианополь түбіндегі соғысқа қатысқан қомандар алғаш рет византиялық деректерде осы кезден бастап атала бастайды [84, с.42].

Византия мен Русь қоман-қыпшақтарына қарсы бірде-бір рет одақтасып шайқаспаған. Бірақ, византиялық деректерде Византия мен Русь өзара соғысқанда қомандардың көмегіне жүгініп, олармен әскери одақтастықта болғанын жазған.

Русь княздықтарының пешенегтер мен қомандарға қарсы жорықтары Византия үшін тиімді болды. Византияның Русь княздігінен көмек сұрағаны туралы деректерде көрсетілмеген. Тек бір рет қана, орыс князі Роман Галичский Алексей III тұсында Византияға көмектескен [83, с.357].

Осы кезеңдерде, яғни XII ғасырдың екінші жартысында Дунай маңында қомандармен қатар қоныстанған пешенегтердің саяси аренадағы орны әлсіреп, деректерде олардың Византиямен байланысы туралы ақпараттар да азаяды. Византиялық деректерде Дунай маңындағы пешенгтердің Византияға жасаған соңғы жорығы 1121-1122 жылдармен аяқталады. Бұл кезеңде Византияда василевс Иоанн II Комнин (1118-1143) билік жасап отырған болатын. Византиялықтарға шабуыл жасаған көшпелі тайпалар византиялық деректерде скифтер деп аталған. Екі жақтың арасындағы қақтығысты византиялық тарихшылар Иоанн Киннам (1143-1184) мен Никита Хониат (1155-1213) өз еңбектерінде жазып кеткен [85, с.200].

Византия тарихын зерттеген тарихшы М.М. Фрейденберг пен ортағасырлық Византия деректерін аударып, ғылыми айналымға енгізіп жүрген Ресейлік ғалым М.В. Бибиков және т.б. зерттеушілер 1121 жылы Иоанн II Комнинмен соғысқан, Византияға келген тайпалар қомандар болған деп есептейді [85, с.202]. М.В. Бибиковтың мұндай қорытындыға келуіне француз хронисті Роберт де Кларидің (1198-1204) қомандардың діні туралы жазбалары мен Михаил Сириецтің (1126-1199) еңбектеріндегі «командар» негіз болған [85, с.200].

М. Сириецтің еңбегінің төртінші тарауында, өздерінің соңғы басқыншылық жорықтарының нәтижесінде Парсы, Ассирия, Армения, Сирия, Палестина, Киликия, Египетті қоныстанған түркілер туралы баяндағанда қомандардың гректердің солтүстігінде шекаралас орналасқанын және халықтың атауы қоныстанып отырған Қоман деген жердің атауымен байланысты

шыққанын жазған [129, с. 51].

1121 жылдағы Иоанн II Комнин билігі тұсында Византиямен соғысқан қоман-қыпшақтары болуы әбден мүмкін, өйткені ортағасырлық грузиялық деректерден XI ғасырдың соңында қоман-қыпшақтар пешенегтерді ығыстырып, батысқа қоныс аударып үлгергеніне көз жеткізуге болады [62, с.117].

Сондай-ақ, Анна Комнинаның «Алексиада» атты еңбегінде 1091 жылы византиялықтар мен қомандардың пешенегтерге қарсы соғысқаны айтылады. Яғни, қомандар бұл кезеңде Византия жеріне аяқ басып үлгерген. Сондықтанда, осы аталған деректер негізінде 1121 жылы Византиямен қақтығысқа түскен көшпелілер қатарында пешенегтермен бірге қомандар да болған деп есептейміз.

Византиямен соғысқан пешенегтер ме, әлде қомандар ма, оны нақты анықтауда туындайтын қиындықтың себебінің негізі византиялық деректердегі қоныс аударып келген көшпелілерді және басқа да кірме халықтарды жалпы атпен «скиф» деп атауында болып тұр. Сондықтанда, қомандар тарихына қатысты деректерді оғыздар мен пешенегтерге және т.б. көшпелі халықтарға қатысты мәліметтерді салыстыра отырып анықтау керек. Оны анықтауда бізге жазбаша деректермен қатар, археологиялық, лингвистикалық деректер көмектеседі.

В.Г. Василевскийдің пікірінше, пешенегтер мен қоман-қыпшақтардың қарым-қатынасын қарастырғанда пешенегтер, оғыздар, татарлар және басқа да көшпелілер өзара жақын, олардың жақындығы тілдік негізде анықталады [84, с.15].

Тарихи деректер негізінде орта ғасырлардағы Шығыс Еуропа Қара теңіздің солтүстігімен, Кавказбен, Молдова және Украинамен шектеліп қалмайды, шығыста ол Орал мен Еділден басталады, өйткені тарихи деректер отырықшы және көшпелілер мәдениетінің арасында тығыз байланыс орнағанын анықтап отыр. Археологиялық материалдар ауқымды байланыстардың жүзеге асқанын дәлелдеді, бұдан кейінгі кезеңдерде мұндай байланыстар орын алмаған [300, с.18].

Шығыс Еуропаға қоныс аударған көшпелі тайпалардан құралған пешенегтер одағының шығысындағы көршісі қоман-қыпшақтары, оңтүстік-шығысында оғыздар, ал солтүстігінде Еділ бұлғарлары мен мажарлар болған. Оларды көрші қоныстанғандықтан византиялық деректер қоман, пешенег немесе оғыз деп ажыратып жатпай, жалпы атпен «скиф» деп атаған.

Оның үстіне қомандар бірде оғыздармен, бірде пешенегтермен, кейде орыстармен, кейде Византиямен де одақтастықта болғаны, бейбіт қарым-қатынас жасағаны деректерде тіркелген. Сондықтан мұндай этникалық ықпалдастықтар орта ғасырлардағы Еуразияның далалық бөлігін қоныстанған көшпелі түркі тілдес халықтардың бәріне тән құбылыс болған. Деректерде тайпалардың аттары, қоныстанған орындарының алмасуы да содан болу керек.

Византиялық деректерді қарастыра келе, француз тарихшысы Люсьен Мюссе XI ғасырдың басында қомандар Днепр бойында қоныстанғанын жазады. Ал, 1080 жылдан бастап Карпаттан бастап Балхаш көліне дейінгі аралықта билік жасады деп көрсетеді. Византия үшін қолайсыз көрші, ал Венгрлер үшін

тиімді, мықты одақтас болды. Қомандар Қара теңіз жағалауында мықты болып қала берер ме еді, бірақ 1239 жылғы моңғол шапқыншылығы оларды жойып жіберді. Тұтқынға түскен қомандар Италияға, Египетке құлдыққа сатылды, біраз бөлігі Никей империясы мен Екінші Бұлғария патшалығына, Венгрияға барып паналады [90, с.43].

Қомандар Карпатқа дейінгі жерді өздеріне қаратқан 1080 жылдары, оларға туыс оғыздың бір тайпасынан тараған әмір Чака (Шаха) Бей византиялықтарға тұтқынға түседі де, Никифор III кезінде қызметке алынады. Бірақ, 1081 жылғы төңкеріс нәтижесінде сарайдан алыстатылады. Бірақ, ол сарайдан кеткенімен Смирна мен Эгей теңізінің жағалауындағы және аралдарындағы жерлерді бағындырып, өзін тәуелсіз билеуші, тіпті император ретінде жариялаған.

Осы кезеңдерде, 1087 жылы Челгу бастаған пешенегтер император Алексей I Комнинге (1081—1118) қарсы жорық ұйымдастырды, бірақ сәтсіз болып, Челгу мен 1063-1074жылдары Венгрия королі болған Шаломон қаза табады. [85, с.365].

Венгрияның тарихын жазған сарай маңындағы тарихшысы, шығу тегі италяндық Антонио Бонфини Шаломонды құндардың (қомандардың) одақтасы болған деп атайды. 1083 және 1085 жылдары Шаломон құндардың көмегіне сүйеніп Венгрияға шабуыл жасаған, бірақ ол сәтсіз аяқталып, одан кейін ол Бұлғар жеріне жорық жасағанын жазған. Анна Комнина өзінің шығармасында Шаломон мен оның одақтастарының іс қимылын егжей-тегжейлі баяндап береді. Оның ақпараты бойынша Челгу мен Шаломон бастаған көшпелілер Дунай жерінен шығып, Хариупольді алған. Бірақ, Николай Маврокатаколонның әскері Кул жазығында оларды ойсырата жеңген, көшпелілердің біраз бөлігі осы кезеңде Венгрияға барып паналаған [303, с.84].

Бірақ, Алексей I бұл жеңісін қанағат тұтпай пешенегтерді толықтай күйрету үшін 1088 жылы Дунайға жорық жасайды. Екі жақтың арасындағы қақтығыс Дерстр қаласының маңында болады. Пешенегтер билеушісі Татұш өзіне одақтастыққа қомандарды шақыртқан болатын, оны көрген византиялықтар соғыс алаңын тастап қашады. Бірақ, пешенегтер қомандарға уәделескен соғыс олжасын дұрыс бөлмегендіктен, олардың арасында қақтығыс туады. Бұл туралы Византия ханшайымы Анна Комнина өзінің шығармасында жазған, онда қомандар пешенегтердің әскер басшыларына: «Біз отанымызды тастап, ұзақ жол жүріп, сендерге көмекке келдік. Біз сендермен қиындықты да, жеңісті де бірге көруге уәделесіп келдік. Біз өз міндетімізді орындадық, сондықтан сендер біздерді құр қол қайтара алмайсыңдар. Соғыс алаңына уақытында келдік, ромейлердің соғыспай қашып кеткеніне біздің еш кінәміз жоқ. Сондықтанда соғыс олжасын теңдей бөліп бермесеңдер біз сендердің одақтастарың емес, жауларыңа айналамыз»,- деп талап қойғанын баяндайды [140, с.376].

1080-90 жылдары пешенегтер мен қомандар Төменгі Дунай жазықтығын қоныстанған болатын, олар 1090 жылы Фракияға басып кіреді. 1091 жылы көшпелілер оңтүстікке қарай жылжып, Константинопольге жақындай түседі. Чака Беймен әскери қимылды басқару ісін кеңесу үшін кездеседі. Чака Бей осы

кезеңде қомандарды Византияға қарсы коалицияға қосылуға шақырып, Қырымдағы Херсонды басып алуды ұсынады [86, с.89].

Осындай қиын жағдайда қалған Византия василевсі Алексей I империя астанасын екі жақты шабуылдан аман алып қалу үшін, оларды жеке-жеке жеңуді көздейді де, пешенегтермен келісімге келген болады. Сонымен қатар, бір уақытта қомандарменде келісім жасайды [140, с.206].

Византия императорлары империя шекарасында қоныстанған халықтармен бейбіт қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін әскери қақтығыстарды емес, дипломатиялық жолмен шешуді ұстанатын болған. Византия дипломатиясының мәнісі, күшті әдісі ол көшпелілерді біріне-бірін қарсы қою болды. Яғни, Византияға төніп тұрған жаудың ту сыртынан соққы беретін жауды өз ішінен тауып беріп, империяны соғыс жағдайынан сақтауға тырысатын болған [90, с.178].

Сонымен 1090 жылы пешенегтермен болған соғыста император Алексей I Комнин көшпелілердің көмегіне, яғни Тұғырхан мен Бонақ бастаған 40 мың атты әскерден тұратын қомандармен келісім жасайды. Нәтижесінде, 1091 жылы 29 сәуірде император қомандармен одақтастықта пешенегтерге қарсы Левунион маңындағы соғыста жеңіске жетеді [85, с.365; 87, p.126; 88, p.174].

Бұл, Алексей I Комниннің алғашқы ірі әскери жеңісі болды және бұл жеңісі үшін император қомандарға қарыздар болды. Қомандардың Левунион маңындағы шайқасқа қатысқанының куәлігі ретінде археологиялық жәдігерлер, ат әбзелдері, үзеңгілер, найзалар және т.б. сақталған [89, с.247-248].

Осы кезеңде, Чака Бей 1091 жылы Самос және Родос аралдарын өзіне бағындырады, бірақ аз уақыттан кейін ол Мәрмәр теңізінде Константин Далассиннен жеңіліс табады.

XI ғасырдың соңында Қаратеңіздің солтүстігін қоныстанған тайпалар қатарында пешенегтер, торктар (оғыз), берендейлер, торкмендер және командар (коуман) аталады. Олар ортағасырлық деректердің баяндауынша Русь, Византия, Венгриямен әскери одақтар құрып, олардың өзара жорықтарына қатысып, кейде өздері тікелей соғысып отырған [19, с. 8]. Алексей I таққа отырған кезеңде Азов маңы мен Солтүстік Кавказ жерлерінде билік қомандар мен рустардың қолында болады. Византия билеушісі Алексей I Таман жартыаралындағы Тмутаракан княздігін өзінің иелігіне қосуға талпынды. Өйткені, онда мұнайдың мол қоры болған. Ортағасырларда византиялықтардың ең күшті қаруына айналған мұнай «грек алауының» негізгі құрамы еді. Сонымен қатар, бұл қаруды қамалдарды алуда қолданған. Византия билеушісінің Тмутараканға қызығушылығының артуыда осыған байланысты болған. Сондықтанда, XI-XIII ғғ. княздік бірде византиялықтардың, бірде рустардың, бірде қоман-қыпшақтарының қол астында болды [83, с.290-291].

Алексей I билігінен кейінгі кезеңдерде де византиялықтар қомандарға жорықтар ұйымдастырып тұрған. Ол туралы Византиялық деректерде ақпарат сақталған. Мысалы, 1152 жылы болған византиялықтар мен қомандардың арасындағы қақтығысты айтсақ болады. Ортағасырлық византиялық хроникалардың баяндауынша Мануил I-ші 1151 жылы венгрлерді жеңгеннен

кейін солтүстік Азов далаларында қомандармен соғысқан [85, с. 103].

1095 жылы қомандардың бір бөлігі Византияға жорыққа аттанған кезде, екінші Итлар мен Қитан бастаған бір бөлігі Переяславлге Владимир Мономахқа бейбіт келісім жасау мақсатында келеді. Владимир Мономахпен келісімге келіп, қомандардың дәстүрі бойынша оның ұлы Святославты аманатқа алып қайтпақшы болады. Бірақ, түнде Владимирдің жауынгерлері оның берген антын бұздырып, ұйықтап жатқан Қитан мен Итларды өлтіруге көндіреді. Ертеңіне Святополк пен Владимир басшысыз қалған қомандардың қонысын шауып, алаңсыз жатқан халықты қырып, жояды. Бұдан кейінгі кезеңде де қомандар мен орыс княздіктерінің арасындағы қақтығыстар толастамады. Византия үшін бұл жорықтар тиімді болды [69, с. 193].

1148 жылы қоман-қыпшақтары мен византиялықтар арасында болған соғыстар туралы деректердегі ақпараттарда нақтылық жоқ. Византиялық филолог Иоанн Цецтің ақпараты бойынша (1110-1180) қоман-қыпшақтарының жорықтарының нәтижесінде Дунай бойындағы қала Дристра басып алынса, ал Иоанн Киннам бойынша Тавроскифия, яғни Галицтік Русь жерінде соғыс болған және Византия императоры Мануил Комниннің (1143-1180) билігі тұсында қомандарды жеңіп, оларды өзіне қаратқан кезеңі ретінде осы жыл айтылады. Бұдан кейінгі кезеңдерде Византияға қоман-қыпшақтары Иоанн Киннам мен Никита Хониаттың жазуы бойынша 1152, 1155 және 1160 жылдары сәтті жорықтар жасаған [277].

Византиялық деректерде көшпелі халықтарды бөліп жармай, жалпылай «скиф» деп атаған сияқты, археологиялық деректерде де осы кезеңге жататын ескерткіштерде нақтылық жоқ. Зерттеушілердің бір тобы Қара теңіздің солтүстігінен табылған ескерткіштерді пешенегтердікі деп атаса, келесілер оғыздардыкі деп көрсетеді, үшіншілері, оларды қомандар қалдырған деп есептейді. Әрине, ескерткіштердің қай этникалық топқа тиесілі екенін анықтау қиын. Өйткені оғыз, пешенегтер мен қомандар IX ғасырдан бастап көрші қоныстанған, олардың дәстүрі де, тұрмысы да ұқсас болған. Олар өз ара жайылымдық жер үшін қақтығысқа түсіп отырғанымен, көпшілік жағдайда бейбіт қарым-қатынас жасаған.

XII-XIII ғасырдың бірінші жартысында оңтүстік орыс жерлері мен Византия империясының құрамына кірген Төменгі Дунай маңындағы аймаққа, Екінші Бұлғар патшалығына қараған жерлерге қомандар жиі шабуыл жасап тұрды. Нәтижесінде қомандар басқада көшпелі түркі тайпаларымен қатар Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропа жеріне қоныс аударып келді.Негізінен Қара теңіздің солтүстігі мен Төменгі Дунай маңындағы жерлерге қоныстанды. XII ғасырдың бірінші жартысында византиялық деректерде «скиф» деген атау пешенег-торк одағына қатысты қолданылса, XII ғасырдың екінші жартысынан бастап қомандарға қатысты қолданылды. Осы кезеңде қомандар деректерде Петр, Асень және Калоян ұйымдастырған жорықтарға қатысушылар ретінде аталады [139, с.232].

Қырым мен Азов маңындағы жерлерді өздеріне қаратқаннан кейін қоман-қыпшақтар Днестр мен Серет, Дунайдың төменгі ағысындағы жерлерді

бақылағысы келді. Өйткені, бұл аймақ XI-XII ғасырларда пешенегтер мен қомандарға Балқанға баратын қақпа есебінде болды.

Сондықтанда, қоман-қыпшақтары XII ғасырда Византияның Қаратеңіздегі отар жерлерін қорғап отырған Русьті оңтүстікке қарай тықсырып тастаған болатын. Оның үстіне Русь өзінің бытыраңқылық жағдайында қомандардың басқыншылық жорықтарына күшін жұмсағысы келмеді [83, с.298].

Сөйтіп қомандар XII ғасырдың басында Дунайдың төменгі ағысында, яғни Екінші Бұлғар хандығының солтүстік-шығысындағы жерлерде қоныстанған болатын. Сондықтанда осы кезеңде қомандар алғаш рет Византияға тәуелді Бұлғария жеріне де көптеп қоныс аудара бастайды және патшалықтың тәуелсіздік алуына атсалысады. Екінші Бұлғар хандығының Асен (Асан) әулетінің өкілдері Петр (Феодор), Асень (Иван) және Калоян бастаған бұлғарлардың византиялықтарға қарсы күресінде қомандар одақтастары ретінде саяси тарихында алатын орны зор. Атап айтқанда, қомандардың көмегімен отырықшы бұлғарлар Византияға қарсы шығып, өзінің мемлекеттілігін қалпына келтіріп, шамамен 1185 жылдары Екінші Бұлғар патшалығын құрады.

Екінші Бұлғар патшалығын құрған Асен әулетінің өкілдерінің шығу тегі бұлғар-қомандық болған, сондықтанда қомандар бұлғарлар жерін қоныстанып, олардың Византиядан тәуелсіздігін алуына бар күштерін салған [304, p.801].

1185 жылдан бастап патшалықта шығу тегі қомандармен туыс ағайынды-болярлар Петр (1185-1197) мен Иван Асен I (1185-1196) қатар билік жүргізген, олар қайтыс болғаннан кейін кіші інісі Калоян (1197-1207) билікке келген. Калояннның әйелінің шығу тегі қоман-қыпшақтарынан болған. Калояннан кейін билікке келген Борил да (1207-1218) қоман-қыпшақтарынан шыққан ақсүйек болған. Патшалыққа билікке келген кейінгі хандардың барлығы да шығу тегі жағынан қомандармен байланысты болған [249, с.181].

Борилдан кейін Екінші Бұлғар патшалығында билікке Иван Асен I ұлы Иван Асен II (1218-1241) келеді. Иван Асен II Борилдің билігі кезінде қуғындалып, қомандарға барып паналайды да, кейіннен орыс жерлерінде жасырынып жүрген. Ол билікке келген кезеңде қомандар бұлғар жеріне көп келген. Олар Венгриядан, сондай-ақ басым көпшілігі шығыстан қоныс аударып келген қоман-қыпшақтары болған, оны тастан жасалған мүсіндері дәлелдейді [249, с.182; 305, p.813].

XIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Иоанн Ставракийдің «Слово на чудеса св. Димитрия» атты шығармасында 1230 жылы бұлғар ханы Иван Асен II-нің (1218-1241) Солун маңындағы шайқасында оның одақтастары көшпелі-скифтер, қомандар болғаны айтылған [85, с.309].

Сонымен, Византиялық деректерде қомандар бірде Дунай маңындағы Византияға қарсы көшпелілер коалициясында аталса, бірде Византиямен одақтас ретінде баяндалады. Мысалы, XII ғасырдың 40-70 жылдарында қоман-қыпшақтарының византиялық әскер құрамында болғаны айтылады [85, с. 247].

Қоман-қыпшақтар Орталық Еуропа мемлекеттерінің Византияға қарсы қысқа мерзімді жорықтарына одақтас ретінде қатысып қана қоймаған, сондай-

ақ ұзақ жылдар бойы әскери бірнеше кампанияларға қатысып, ұзақ мерзімді де соғысқа қатысқан. Мәселен, олар венгрия королі Иштван III 1160 жылдардағы Византияға қарсы жорығына қатысқан [85, с. 248].

Византия, Венгрия, Русь, Грузия және т.б. орта ғасырлық мемлекеттерді әскери өнері мен ат үстінде шебер қимылдауға машықтанған қоман-қыпшақтарының атты әскері қызықтырды, соғыс жағдайында олар үлкен сұранысқа ие болды. Қыпшақтардың атты әскері жақсы жасақталды. «Войско почти целиком состояло из конницы. Легкая конница была вооружена луками. Для ближнего боя использовались сабли и копье. Шея знатного кочевника защищалась кольчужной бармицей, а лицо маской или полумаской. Для защиты тела кипчакской знатью большего всего использовалась кольчуга»,-деп сипаттайды қыпшақ әскерінің соғыс қару-жарақтары мен қорғаныс сауытын белгілі ғалым Я.В. Пилипчук [306, с.187].

Орта ғасырларда Қара теңіздің солтүстігіндегі жерлерде көшпелі тайпалар мен отырықшы халықтардың соғысып немесе бітісіп, алысып немесе берісіп, бағынып немесе басым болып байланыстарға түскені жазбаша деректер мен археологиялық материалдарда ішінара сақталған. Археолог И. Князький археологиялық материалдарға сүйене отырып, төменгі Дунай бойын қоныстанған қоман-қыпшақтарының көшпелі мал шаруашылығымен айналысқанын айтады. Олар күз, қыс, көктемде далалық аймақты, ал жазда Карпат тауының Оңтүстігі мен Шығысын қоныстанған [307, с. 16].

Дунай маңындағы далаларды қоныстанғанда да қомандар өздерінің ата-бабаларынан келе жатқан кәсібі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, егіннен тары еккен. Олардың осы кезеңдегі қоныстанған аймағы, тұрмысы, дәстүрі туралы араб саяхатшысы Ибн Баттута (1304-1377) өз еңбегінде жазып қалдырған.

Ибн Баттута Кіші Азия жері арқылы Қара теңіз жағалауындағы портты қала Синопаға 1331 жылы келіп, 1332 жылдың басында кememен XII ғасырда қомандарға тәуелді болған Керчь қаласының маңайындағы жерге келіп түседі. Бұл жер туралы Ибн Баттута: «Біздің келген жеріміз Дешті-Қыпшақ деп аталады. «Дешті» түркі тілінде дала дегенді білдіреді. Жазық дала көкпеңбек алқаптан тұрады, мұнда ағашта, тауда, төбелерде, құрылыстарда жоқ. Дала халқы арбамен қатынайды. Дешті-Қыпшақтың аумағы 6 айлық жолды қамтиды»,-деп баяндайды [119, с.22].

Ол шығармасында қоман-қыпшақтарының мал шаруашылығымен айналысатынын, ең қызығы оларда қарауыл да, бақташы да жоқ екенін атап көрсетеді. Өйткені, оларда ұрлық үшін қатаң жаза қолданылған. Мысалы, бір жылқы ұрлағаны үшін, оның иесіне жылқысын қайтарарда дәл сондай тоғыз жылқы қосып беруі керек болатын. Егер жағдайы келмесе, онда оның балалары алынған. Тіпті өлім жазасын да қолданатын болғанын жазады. Сонымен қатар, Шығыс Еуропа жерінде қоман-қыпшақтарының ата-бабаларынан келе жатқан дәстүрлі тарыдан (дуки) жасалатын тағамын, сусынын сипаттап та жазған. Тарыдан «бурхани» атты тағам және боза әзірлейтінін, қымыз ішетінін,

сондықтанда бұл халықтың күшті, мығым болып келетінін де айтады [120, с.282-284].

Қоман-қыпшақтары да көшпелі басқа да түркі тайпалары сияқты күнделікті тұрмысында түйенің мойнақ көнінен жасалған тостаған қолданған. Сол тостаған кейін рустардың арасына тарап, стакан деген атау алған. Солтүстік Қара теңіз жағалауын қоныстанған кезеңде көшпелілердің осындай қолөнер туындылары көрші халықтарға жақсы таныс болды. Кейін оны қоман-қыпшақтармен XI-XII ғасырларда тығыз байланысқа түскен халықтар қолданды. Мысалы, олардың қолданысында ауыздық - узда, уздок, недоуздок, ысқырма жебе - стрела, сырық - слега, дөрекі төсеніш - дерюга деген атпен айналымға енді [295, с.21].

Византия мен Русьтің арасындағы жерлерді қоныстанған қомандар сонымен қатар XII-XIII ғасырдың басында Батыс пен Шығыстың арасындағы сауда байланысының өркендеуіне септігін тигізді.

Шығыс Еуропа далаларымен өтетін Ұлы Жібек Жолы Жерорта теңізі мен Қытайды байланыстырып, оңтүстік орыс далаларын қоныстанған көшпелі тайпалар үшін де мол табыс көзі болды. XII ғасырларда қоман-қыпшақтарының бақылауына түскен бұл аймақта сауда байланысының үзілмеуіне тайпа билеушілері кепілдік берді. Себебі, тайпа көсемдері сауда-саттық жасап қана қойған жоқ, олар сонымен қатар саудадан түсетін пайданың белгілі бір бөлігін алатын болғандықтан саудагерлердің қауіпсіздін қамтамасыз етті [285, p.10].

Шығыс Еуропа жерінде бұл кезеңде негізгі сауда көзі құлдарды сату болды. Бұған қомандар мен рустардың арасындағы үздіксіз жорықтар себеп болса керек. Соғыста қолға түскен тұтқындарды саудалауда қомандар Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы порттарда, ал орыстар төменгі Дунайдағы ірі сауда орындарын пайдаланған [83, с.292-294].

Қоман-қыпшақтарының византиялық саудагерлер мен Қара теңіз жағалауындағы қалалардың елшілерімен жиі байланысқа түскенінің нәтижесінде қоман-қыпшақтарының қоғамдық өмірінде де өзгерістер орын алды [308, с.48].

Қоман-қыпшақтарының Византия және Русьпен сауда байланысын жасағаны әл-Идриси деректерінде көрініс табады. Онда нақты сауда орталықтары көрсетілмесе де, қалалар мен олардың арасындағы қашықтық көрсетілген. Сауда жолының бір тармағы Қара теңіздің солтүстік жағалауымен өтетін Константинополь-Тмутаракан жолы болғанын жазады [114, с. 46].

X-XIII ғасырларда Шығыс Еуропада сауданың өркендеуі немесе Ұлы Жібек жолындағы сауданың дамуына байланысты француз тарихшысы Фернан Бродельдің пікірінше, сауда байланысына экономикалық тұрғыдан тәуелсіз, өзін-өзі қамтамасыз ете алатын, ішкі байланыстары мен айналымдары негізінде, белгілі-бір деңгейде табиғи бірегейлікті қамтамасыз ете алатын қоғам ғана түсетін болған [309, с.14].

Сондай-ақ, Ф.Бродельдің көзқарасы бойынша сауда керуендерімен тікелей қарым-қатынасты сауда орталықтар ғана емес, шеткері аймақтар да жасаған. Ұлы Жібек жолының орталық қалаларындағы сияқты шалғайдағы аудандарда

да сауда жақсы жүрген, оны тауар айналымының, алыс-берістің жүзеге асырылу механизмінің жолға қойылғанынан білуге болады деп жазады ғалым. Шеткері аймақтарда, шекараларда байланыс орталықтары, яғни, жүкті ауыстырып тиейтін, саудагерлердің тынығатын жерлері болған [309, с.19-21].

Қоман-қыпшақтары сауда байланысынан түсетін табыс көзінің көлемінің жоғары болатынын есептеп, сауда жолының қауіпсіздігін қамтамасыз еткенін жоғары да айтып өттік, олар сонымен қатар шалғайдағы, шекарадағы сауда орталықтарын да бақылап отырған.

Өз кезегінде осы шалғайдағы орталықтар аймақаралық байланыстардың дамуына ықпал еткен. Оған археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер дәлел бола алады. Кейбір тауарлар жергілікті халықтың мәдени және экономикалық байланыстарынан да хабар береді. Солтүстік Қара теңіз жағалауын қоман-қыпшақтары қоныстанған кезеңде Византия, Иран, Қытай және т.б. елдерден әкелінген құнды заттардың табылуынан шығаратын қорытынды, ұзақ мерзімдік өзара байланыстардың нәтижесінде қоман-қыпшақтарда саяси, әлеуметтік-мәдени және экономикалық тармақтар қалыптасқанын көруге болады. Бұл бір жағынан сауда жолының шеткері аймақтарын күшейткен болса, екінші жағынан әлеуметтік-мәдени кеңістіктің дамуына ықпал еткен.

Қоман-қыпшақтарының құрлықтағы және судағы сауда жолын бақылауда ұстағанынан және халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде Шығыс Еуропа жерінде қыпшақ тілін білу қажеттігінен «Кодекс Куманикус» (XIII ғ.) сөздігі жарық көргені баршаға белгілі [2, с.18].

Моңғолдардың жаулап алу жорықтарының нәтижесінде қалыптасқан ұлыстардың бірі-Жошы ұлысында қыпшақ тілі - орда тілі, мемлекеттік тілге айналды. Сол дәуірдегі мәдени мұраның ең көрнектілерінің бірі «Кодекс куманикус» болды [5, б.420].

Қорыта келе айтарымыз, қомандар Византия шекарасына XI ғасырдың ортасынан бастап келе бастайды да, аз уақыттың ішінде, яғни XII ғасырдың бас кезінде қомандар отбасымен, дүние-мүлкімен Византияның солтүстік шекарасын және Дунайдың төменгі ағысы бойын толықтай қоныстанып үлгереді.

Қоман-қыпшақтары Қара теңіздің солтүстігіндегі жерлерге келген кезеңде аймақта Византия, Русь және көшпелі түркі тайпалар одағы-пешенегтер, оғыздар арасында қақтығыстар күшейіп тұрған болатын. Бұл кезеңде қоман-қыпшақтарынан құралған тайпаларды жеке хандар басқарды және олар Византиямен, келесі бір жолында Русьпен, кейде көшпелі түркі тайпаларымен одақтастықта жорыққа қатысып тұрды.

Қоман-қыпшақтарының аймақтағы рөлінің нығаюына байланысты Шығыс Еуропада малшаруашылығымен айналысатын және отырықшы халықтардың қоныстану аумақтары өзгерді. Сондай-ақ, қомандардың қоныс аударып келуінің нәтижесінде Ерте Русь мемлекеттерінде ыдырау үдерісі басталды.

Қомандармен әскери одақтастыққа қол жеткізген Шығыс Еуропаның қай мемлекеті болмасын соғыста жеңіске жетіп отырды. Қомандардың атты әскері

бұл кезеңде өте беделді және үлкен сұранысқа ие болды.

XII ғасырдың соңына таман қоман-қыпшақтары Екінші Бұлғар патшалығының Византиядан тәуелсіздік алып, жаңа патшалық құруына үлкен үлес қосты.

Қара теңіздің солтүстігіндегі жерлерде қоныстанған қоман-қыпшақтары ата кәсіптерімен айналысып, жерлеу дәстүрлерін де сақтаған. Оны табылған археологиялық, этнографиялық материалдар растап отыр.

Қомандар Еуропа мен Азия арасында сауда байланысын қамтамасыз еткен мықты делдалдар болатын, сондықтанда қоман тілі Қаратеңіз жағалауындағы елдерде XIII ғасырда іскерлік қарым-қатынас құралы болған.

Сонымен, қоман-қыпшақтарының аймаққа қоныс аударып келуімен жергілікті отырықшы халықтар арасында көшпелілер мәдениеті, дәстүрлері тарап, аймақ елдерімен саяси, этно-тарихи байланыс орнаған.

3.3 Венгрия королдігінде: қоныс аударудың алғышарттары және нәтижелері

XI ғасырдың екінші жартысынан моңғол шапқыншылығына дейінгі екі жүз жылға таяу уақыт аралығында Шығыс Еуропа елдерінің саяси тарихында қоман-қыпшақтары маңызды орын алғаны тарихта белгілі жайт. Қоман-қыпшақтары XI ғасырдың соңында Византия, Балқан елдеріне жорықтар жасап, Днестр-Карпат және Карпат-Дунай жерлеріне қоныстана бастаған. Бұған дейін қоман-қыпшақтары Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы жерлерде қоныстанып, Тмутаракан княздігін, Азов және Кубань маңындағы жерлерді, Кавказ бен Шығыс Қырымдағы Керч жарты аралындағы орыс иеліктерін өздеріне бағындырған болатын.

Батысқа қоныс аударған қоман-қыпшақтарының тарихын зерттеушілер олардың этникалық тарихын 1230 жылдарға дейінгі кезеңмен шектейді. Өйткені, осы кезеңде моңғолдардың Шығыс Еуропа жерінде билігі орнап, Алтын Орданың құрылуымен көшпелілер этникалық тарихының жаңа кезеңі басталады. Ал, Орталық-Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропаға моңғол шапқыншылығы салдарынан қоныс аударған көшпелілер, соның ішінде қоман-қыпшақтарының тарихы назардан тыс қалып қояды.

Сондықтанда, біз диссертациялық зерттеуімізде осы кезеңге дейін жинақталған деректер мен зерттеулер негізінде қоман-қыпшақтарының Венгрия жеріндегі тарихын пәнаралық байланыстар және этникааралық байланыстар тұрғысынан қарастырып, мәселенің тұйықталған тұстарын анықтауға тырысамыз. Мұндай шешімін таппаған мәселелердің қатарында, қоман-қыпшақтарының Венгрия жеріне алғаш қоныс аударып келу мерзімі, олардың жергілікті халықпен қарым-қатынасының сипаты, жаңа ортаға бейімделу барысындағы өзгерістер және т.б. мәселелерді атауға болады.

Мұсылман деректерінде қыпшақ аталған қауымдастық, батыс деректерінде қоман, ал орыс жылнамаларында половец деп аталғаны туралы ақпарат кең таралғаны белгілі. Бастапқыда қомандар мен қыпшақтар қатар қоныстанған, бірақ екеуі екі бөлек қауымдастық болған. XIII ғасырда қоман-қыпшақ

конфедерациясын құрғаннан кейін ғана бір этникалық топқа біріккен [104, p. 533].

Сонымен қатар, қомандардың кимек, қыпшақ конфедерациясындағы жеке этникалық қауымдастық болғанын деректермен қатар археологиялық материалдар негізінде де анықтауға болады. Сондай ерекше жәдігерлердің қатарынан Венгрия патшасының мөрінде қоман атының бейнеленуі де, олардың қыпшақ бірлестігіндегі өзіндік орынын анықтап береді. Анығырақ айтар болсақ, қоман-қыпшақтарының ханы Қотанның қызы, Венгрия королі Иштван V-нің әйелі, ханшайым Эржебет (Елизавета Куманская) 1272-1277 жылдары королдікте регент болып тұрған кезінде патшалық мөрінде өзінің шығу тегін патшалық дәрежесімен теңдей етіп ерекше атап көрсеткен, онда «Элизабет, Құдайдың қайырымымен Венгрия королевасы және қомандар ханының қызы»,- деп жазылған [105, с.132].

Байқап тұрғанымыздай мөрде қыпшақтар ханы емес, қомандар ханы деп көрсетілген, яғни ханның қызы өзінің тегін қате көрсетуі мүмкін емес деп ойлаймыз.

Тарихи үдерістің әр кезеңінде, әр түрлі географиялық аумақтарда халықтар мен тайпалардың көші-қон үдерісі барысында, бірнеше этникалық компоненттердің қатысуымен орын алған саяси қақтығыстар мен этномәдени байланыстар негізінде жаңа қауымдастықтар пайда болады. Жинақталған археологиялық материалдар Батыс Сібір мен Солтүстік Қазақстан аумағында біздің заманымызға дейінгі кезеңде қалыптасқан прототүрік және оғыр тайпаларының құрамында мажарлардың ата-бабалары болған [235, с.30].

Кейінірек мажар тайпалары басқа да түркі тайпаларымен қатар батыс бағытындағы көші-қон үдерісіне қатысады да, VIII ғасырдың екінші жартысы - IX ғасырдың бас кезінде олар оңтүстік Орал жерлеріне келіп қоныстанған. Дәл осы кезде қоман-қыпшақтары да Оңтүстік Орал жерлерін қоныстанғандығы араб-парсы деректерінде айтылады, олар пешенегтердің шығыс және солтүстіктегі көршілері ретінде сипатталған. Ал, пешенегтер тарихта білетініміздей, VIII-IX ғғ. Сырдың бойы мен Арал маңындағы далаларда қоныстанған болатын. Демек, осы уақытта қоман-қыпшақтары мажар тайпаларымен этно-саяси және этно-мәдени байланыстарға түскені анық [235, с.32].

Венгрлердің шығу тегі түркі тілдес халықтарға жақын болғанын шежірелерінде айтылады. Шежіре бойынша, Нұқ пайғамбардың Хамадан туылған немересі Нимродтың Ғұнор және Мағор деген екі ұлы болған. Олар аңшылық жасап жүріп, бір бұғының соңынан қуып Азов теңізіне дейін келеді. Сол жерде алан патшасы Дулының қыздарын кездестіріп, үйленіп, ұрпақ таратады. Мажарлар мен ғұндардың жақындығын, түркі тайпаларымен байланысын венгр шежіресі осылай бастап жақындатады. Венгрлердің түркілерге жақындығын олардың тілі, көшпелі өмір салтын ұстанғаны дәлелдейді [310, с. 9-10].

Сонымен қатар, Дунай маңын қоныстанған қоман-қыпшақтарының шығу тарихы IX-XI ғасырларда бүгінгі Қазақстанның батыс аймағын қоныстанған

Кимек қағанаты құрамындағы қоман тайпаларымен байланысты екенін генетикалық сараптамалар нәтижелері де растап отыр [199, с. 301-302].

Қоман-қыпшақтары Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы жерлерге көшіп келгенге дейін Арал теңізінің солтүстігіндегі даланы қоныстанған болатын [311, с.119].

839 жылдары мажарлар төменгі Дунай бойына қоныс аударып, 854 жылы пешенегтермен соғысады, ал пешенегтермен болған 889 жылғы қақтығыстан кейін мажарлар Днепр мен Днестр аралығына қоныс аударады. Сонымен қатар, осы кезеңде мажарлардың Дон мен Азов теңізі аралығындағы жерлерде хазарлармен бірге тұрып жатқаны да деректерде тіркелген [312, с. 14].

Сондай-ақ, «Худуд ал-алам» (982) мен парсы тарихшысы Гардизидің (XI ғ.-1061 ж.) «Зайн аль-ахбар» (1050) еңбектерінде IX ғасырдың аяқ кезінде мажар тайпаларының екіге бөлініп, бірі Орал тауларындағы аймақта қалғаны, ал екінші тобының Арал теңізінің солтүстігіндегі Леведияға, кейін Днепр мен Карпаттың арасындағы далаға, яғни, «Ателькузуға» қоныстанғаны жазылған [313, с.69].

Ал, Венгрия тарихшылары қазіргі Молдавия территориясындағы Этулия топонимінің Ателькузумен байланысы бар деп есептейді. Олардың пікірінше топоним «Ателькузу аймағының» Днестр мен Прут өзендерінің аралығында болғанының нақты дәлелі болып табылады [106, с.22].

Шығыс Еуропаға қоныс аударған мажарларды орта ғасырлық деректер де әр түрлі сипатталады. Мәселен, Венгрияға 1026 жылы келген Чанадтық епископ Геллерттің «Рассуждение» трактатында мажарлар «жабайы, дөрекі, қаңғыбас халық» ретінде жазылған болса [312, с. 34]. Келесі бір деректе, мажар тайпалық одағы мықты әскери күшке ие болды деп баяндайды. Батыс Еуропалық хроникалардың көрсетуінше барлық көшпелілер сияқты олар да ат үстінде еркін қимылдайтын болған. Оларды «унгари», «хунгари», «авари», «хунни», «агарени», «турци» деп атаған [312, с. 16].

Андраш Палоци Хорват «Орта ғасырларда Мажарстанда болған Шығыс халықтары печенегтер, оғыздар, кундар және ястар мәдениеті тарихының ескерткіштері» атты еңбегінде X-XIII ғасырларда Шығыс Еуропа далаларынан Мажарстан аумағына келіп қоныстанған, кейін мажар халқының арасына сіңіп кеткен тайпалар мен рулар тарихын және мәдени мұраларын қарастырған. Ғалымның пікірінше орта ғасырларда Венгрияда әр түрлі этникалық топтардан құралған. 1070-1080 жылдары қомандар Днестр мен Төменгі Дунай аралығын қоныстанып, аймақтағы отырықшы елдерге 1061-1210 жылдар аралығында 56 әскери жорықтар жасағаны туралы деректерде айтылады [95, p.283].

Ал, XII-XIII ғасырларда жазылған «Деяние мадьяр (венгров)» анонимінің мәліметтері бойынша мажарлар орта Дунай бойына X ғасырда, Арпадтың басшылығымен көшіп келіп қоныстанған. Бұл жерлерді қоныстанғандардың қатарында бүгінгі румындар мен молдовандардың ата-бабалары валахтар аталады. Валахтарды мажарлар Венгрия жерінен ығыстырған деп көрсетіледі анонимде [312, с. 16].

Қомандар Венгрияда король сарайында аса жоғары дәрежелерді иеленген [105, с.131].

Венгрияны қоныстанған құндардың тарихта төрт атауы: құн, сары, қыпшақ, қоман қолданылған. Құндарды венгриялық ғалым Қоңыр Мандоки қыпшақ деп атаған. Бүгінгі таңда Венгриядағы қоман (құн) жазба ескерткіштерінің негізінде құн-қомандардың басқа түркі тілдес халықтармен туыстық байланысы анықталады. Оның үстіне құндардың жіктелуі де, қоныстану аумақтары да Венгрия жерінде жеке атауларға ие болған және кіші құндар - Кішқұншақта, ал ұлы құндар - Надқұншақта өмір сүруде [97, с.36].

Венгрияның ерте кезден - 1386 жылға дейінгі тарихын ерте венгриялық хроникалар, грамоталар, хаттар, халық ауыз әдебиеті үлгілері негізінде жазылған Янош Туроцидің «Венгрия хроникасында» қоман-қыпшақтар Венгрия жеріне алғаш рет 1070 жылы келді деп жазылған. Хроника мәліметіне сәйкес, қоман-қыпшақтары Мезеш таулы өткелінен өтіп, Пир провинциясын, Венгрияның шекарасындағы Румынияның Бихор қаласына дейінгі жерді басып алған [314].

Венгрия мен қыпшақтардың байланысын қарастырған украиналық ғалым Я.В. Пилипчук Будтық және Дубницк жылнамаларының және Януш Туроцидің хабарламасының негізінде Венгрияға 1070 жылы жорық жасағандар қомандар (құндар) деп көрсетеді [315, с.45].

Днестрден Дунайға дейінгі жерлерді қоныстанған қоман-қыпшақтары 1071 жылы Византия императоры Роман Диогеннің әскерінің құрамында Манцикерттегі селжүктерге қарсы жорыққа қатысқанын Исфаханнан шыққан, Селжүк тарихшысы ал-Бундари (1190-1245) «Зубдат ан-Нусра ва нухбат аль-Усра (1226)» атты шығармасында жазады [99, с.122].

Украина тарихшысы А.Л. Осипянның пікірінше, Қаполшы (Копульч/Копульх) бастаған қоман-қыпшақтары Венгрия королдігіне алғаш рет, экс-король Шаламонның (1063-1074) өтінішімен 1085 жылы шабуыл жасаған. Дәл осы жылы қоман-қыпшақтарымен бірігіп Шаламон Византия иеліктеріне жасалған жорықтарға қатысқан [105, с.131].

1085-1095 жылдар аралығында қоман-қыпшақтары Венгриямен әскери одақтастықта болып Византияға жиі шабуылдар ұйымдастырып тұрған.

XII ғасырдың бас кезінде Венгрия императоры Қара теңізге шығу мақсатында Валахия мен Молдавияға қарсы белсенді соғыстар жүргізген. Ал, бұл жер осы кезеңде Төменгі Дунай бойын қоныстанып отырған қоман-қыпшақтарына қарасты болатын, сондықтан екі ел арасында кейде қақтығыстық жағдай да орын алған [105, с.124].

XII-XIII ғасырларда Балқанға келген қомандар мен татарлар шығыстан емес, көрші аймақтан, Қара теңіз бойындағы далалардан келген болатын деген көзқарасты ұстанады венгрлік ғалым Иштван Вашари [28, p.146.].

Тарихшы И.О. Князькиннің пікірінше, пешенегтердің ханы Татұштың шақыртуымен қомандардың негізгі күшінің алғаш рет Дунай бойына келуі 1088 жыл болып есептеледі [99, с.121]. Пешенегтер қомандардың көмегімен Византия империясына шабуыл жасамақ болған. Пешенегтер мен қомандардың

одақтастығынан сескенген Византия императоры Алексей Комнин пешенегтерді орап кетіп, қомандардың билеушілері Тогартак (Тугорхан/Тұғырхан) пен Маниакпен (Боняк/Бонақ) келісім жасап, қауіптің алдын алады. Ромейлер мен қомандардан жасақталған әскер пешенегтерге тойтарыс беріп қана қоймай, оларды ойсырата жеңеді. Пешенегтерге қарсы соғысқан қоман-қыпшақтарының қолы бес мың жауынгерден құралған болатын. Дәл осы жылда Құрылдың ұлы Қаполшы (Копульх) хан бастаған қомандардың екінші тобы Венгрияға жорық жасаған. Пагантидағы ұрыста Қаполшы қаза табады. Ендігі кезекте венгрлерге қарсы соғыста қоман әскеріне хан Ақұш қолбасшылық жасайды. Бірақ король Ласло Дунай маңында болған соғыста жеңіске жетеді [102, с.327-328].

Византиялық деректерді аударып, зерттеп жүрген ғалым М.В. Бибиковтің пікірінше, Алексей Комнин Тұғырхан мен Бонақ бастаған қомандардың қалың қолымен пешенегтерге қарсы 1090 жылы одақ құрып, 1091 жылы Левунион маңындағы жеңіске жеткен [85, с.365].

Сонымен, жоғарыда аталған деректердің ақпаратынан анықтағанымыз, қоман-қыпшақтарының Венгрия жеріне алғаш келуі туралы деректерде нақтылық жоқ. Шамамен 1070 жылдардан келіп, 1090 жылдарға дейінгі аралықта әскери одақтас ретінде, Венгрия, Византия, селжүктер, пешенегтер арасын болған соғыстарға қатысып тұрған, бірақ түпкілікті қоныс аудармаған болып шығады.

Бірақ, Қасиетті Ласлоны бейнелеген қабырғадағы миниатюрада, 1068 жылы Керлеш шайқасынан кейін қоман-қыпшақтың венгр қызын алып қашып бара жатқан бейнесі суреттелген [95, p.285]. Онда, қоман-қыпшақтары Венгрияға 1070 жылға дейін де келген деп айта аламыз.

Король Ласло билігі (1077-1095) тұсында да Венгрияға қомандар көп қоныс аударған. Кейін олардың біразы Словенияда 30-дан астам ауылдар тұрғызған, ал қалған бір бөлігі Австрия немесе Мороваға өтіп кеткен. Ал, XI ғасырдың соңында оңтүстік Орыс далаларын толық бағындырған олар Молдавия мен Валахияға да биліктерін жүргізді [316, p.741].

1070-1080 жылдары Балқанда пешенегтердің саяси аренада әлі де болса беделді болып тұрған кезеңі еді, сондықтан да деректердегі Византияға жорық жасаған қомандарды (құндар) пешенегтерге жатқызатын ғалымдар да бар. Оның себебін византиялық авторлар тайпа атауларын қателесіп жазған болуы керек деп түсіндіреді. Мәселен, Я.В. Пилипчуктің пікірінше 1085 жылы құндардың көмегімен король Шаломон өзінің тағын қайтарып алуға талпынған, бірақ жеңіліс тапқан соң Бұлғария аумағына шегінген. Кейіннен Алексей Комниннің әскерімен қақтығысқа түсіп, толығымен жеңіс тапқан. Ал, деректерде XI ғасырдың аяқ кезінде Бұлғария жерінде қыпшақтар емес, пешенегтер билік жүргізгені айтылады, осыған орай, ғалым Венгрия жеріне жорық жасаған қоман-қыпшақтары емес пешенегтер деген қорытындыға келген [315, 45].

Пешенегтердің аймақтағы беделінің бұл кезде әлі мықты болып тұрғанына қарамастан, қоман-қыпшақтарының осы кезеңде Венгрия мен Византиямен

соғысқа қатысқаны туралы византиялық деректерде жазылған, сондықтанда, біз Венгрияға жорық жасағандар қоман-қыпшақтары деп есептейміз. Өйткені византиялық деректерде жазылғандай Венгрия тағының мұрагерлері Бела І-нің ұлдары Геза мен Ласло билік басында отырған немере ағасы Шаламонды (1063-1074) биліктен аластату мақсатында елде азамат соғысын ұйымдастырады. Сол кезде король Шаламон королдіктің ішкі жағдайын тұрақтандыру үшін қомандардың көмегіне жүгінген болатын [312, с. 22-23].

Оның үстіне Византиялық деректердің авторлары қомандар мен пешенегтерді шатастыруы мүмкін емес, өйткені олар қомандар (құндар) мен пешенегтермен жақсы таныс болған. Мысалы, сол дәуірдің замандасы, белгілі «Алексиаданың» авторы Анна Комнина өзінің шығармасында екі этникалық топты жеке-жеке ажыратып жазады.

«Суреттелген хроника» (Иллюстрированная хроника) немесе «Веналық суреттелген хроника» деп аталған Венгрияның ерте кезден басталып, 1330 жылға дейінгі тарихы баяндалған деректе, венгрлердің Паннонияға барар жолда пешенегтердің, ақ құндар-қомандар мен қара құндар-оғыздардың, Суздаль, Русь және Киев жерлерін басып өткенін жазады. Бұл деректегі географиялық және этникалық атаулар, XI ғасырдың ортасында жазылған венгриялық қолжазбалардағы этникалық атаулармен және орын алған тарихи оқиғалармен сәйкес келеді.

XI ғасырдың соңында жазылған венгриялық хрониканың авторы 1085 жылы қомандар ханы Қутесктің (Kutesk) Венгрияға және 1091 жылы қомандардың тағы бір ханы Қаполшының Трансильванияға жорық жасағаны туралы баяндайды [137].

Сонымен, XI ғасырдың екінші жартысында қоман-қыпшақтары венгриялық деректердің авторларына жақсы таныс болған. Қомандарды ақ және қара деп бөліп көрсетуі негізінен олардың географиялық қоныстану аймағымен байланысты қолданылған болу керек. Мұндай қорытындыға келуімізге араб географы ал-Идрисидің еңбегінде Ақ және Қара Қомания жерінің бөлініп көрсетілгені дәлел бола алады [114, с.180].

Осы айтылғандарды, яғни венгриялық деректердің мәліметін түйіндер болсақ, онда сол кезеңде өмір сүрген авторлардың еңбектерінде пешенегтер мен қомандарға қатысты деректерде қате кетуі мүмкін емес деп есептейміз.

Француз тарихшысы Р. Гроссе өзінің «Империя степей. История Центральной Азии» атты еңбегінде алғашқыда венгрлердің Азия даласынан қоныс аударған мажарлар болғанын айтады. Кейін осы мажарлар жүріп өткен жолмен Қара теңіздің солтүстігіндегі жерлерге олармен туыс көшпелі тайпалар XI ғасырда пешенегтер/қаңғарлар, XII ғасырда қомандар келген деп көрсетеді [313, с.5].

Қоман-қыпшақтары Венгрияға бұған дейін пешенегтер келген үш бағыт бойынша: біріншісі – Темір қақпа арқылы, екіншісі-Олта, Марош және Самош өзендері бойымен, яғни, Оңтүстік Карпат жерімен, ал үшіншісі-Сирет, Прут және Тиса өзендерінің жоғарғы жағымен қоныс аударып келген [317, с.3].

Француз тарихшысы Люсьен Мюссе византиялық деректер негізінде қоман-қыпшақтарының Венгрияның күшті одақтасы болғанын айтады. Қоман-қыпшақтары әсіресе IV Бела король тұсында Венгрияның орталық бөлігіне, Дунай мен Тисса аралығындағы Альфельдте көп қоныстандырылды [90, с.43].

XIII ғасырдың ортасында қомандар әлі де Дунай бойынан кете қоймаған болатын, олардың сол аймақта тұратыны 1250 жылдары Папа Иннокентий IV-ге король Бела IV-нің жазған хатында айтылады, онда король моңғол әскерінің қомандар қоныстанып отырған Дунай мен бұлғарлар жерін басып өткенін жазған [318, p.261].

Дегенмен, 1236-1242 жылдардағы моңғолдардың Ұлы Батыс жорығы нәтижесінде қомандардың біршама саяси еркіндігі шектелді, біразы бүгінгі Румыния, Молдова жерлеріне қоныстанды. Солтүстік бағытында қоныс аударған қомандар Молдавиядағы Сирет және Валахиядағы Олт өзендерінің батысындағы жерлерді, Бұджақ пен Барағанды қоныстанды [98, с.409].

Қоман-қыпшақтарының батыс бағытындағы көші бүгінгі Молдова, Румыния жеріне дейін жеткенін дәлелдейтін этнонимдер, этнотопонимдер де өте көп. Мәселен, Молдовадағы ауыл, Токсобень топонимін қыпшақтардың тоқсоба тайпасымен байланыстырады. Молдованың Токсобень, Румыниянның Тогазсуфи ауылдары тұрғындарының ата-бабалары Орталық Азия мен Қазақстаннан қоныс аударған, оған дәлел олардың физикалық келбеті мен қанның ДНҚ (дезоксирибонуклеин қышқылы) талдауы болып отыр. Сонымен қатар, Токсобень тұрғындарының шығу тегінің қоман-қыпшақтық екендігін, Токсобен ауылының жанында шығу тегі қыпшақтық Теленеш топонимінің болуын қосымша дәлел ретінде ұсынады Румыни мен Молдовадағы татар-қыпшақ қоныстарын зерттеуші Молдовалық ғалым Юрие Илашку. Ол мұнда көші-қон үдерісі нәтижесінде қыпшақтардың «теле» тайпалары қоныстанды және телелер тоқсобалықтардың қосымша әскери күші болған деп көрсетеді [319].

Молдавия жерінің тұрғындары валахтар IX ғасырда пешенегтердің, ал XI ғасырда Қара теңізден Дунайға дейінгі далаларды қоныстанған қоман-қыпшақтарының шапқыншылығына ұшырады. Қомандар бұл жерде екі орда құрды. Біріншісі – Ақ орда, орталығы Дон өзені бойында болды. Екіншісі – Днепр мен Дунай жеріндегі – Қара орда. Территориялық тиістілігі бойынша Молдавияның далалық аймағы Қара орданың құрамына кірді. Осы аймақтардан олар отырықшы елдер-Киев жеріне, Византияға шабуылдар жасап отырды.

Қоман-қыпшақтарының аймақты қоныстанғанының белгісі ретінде қорғандар мен топонимикалық атаулар сақталған. Мәселен, Қаракөл, Васлуй, Ковурлуй қоныстарын атауға болады. Молдавандардың тілін түпкілікті өзгертпегенмен, біршама әсер еткен. Осы кезеңдерде қомандарға христиандықты қабылдату үшін шамамен 1227 жылдары Қомандардың епископиясын құрады. Онда қомандармен бірге волохтар тұрған. Ол туралы 1234 жылы жазылған рим папасы IX Григорийдің грамотасынан білуге болады, онда «Комания епископтығында қомандармен бірге волохтар тұрады және олар өздерін христиан деп атайды», - деп жазылған [103, с.65-66].

Қомандар Молдова мен Валахия территориясында өздерінің билігін XI ғасырдың соңынан бастап орната бастады да, XII ғасырдың бас кезінде аймақты толығымен өздеріне бағындырды [88, p.176].

Бүгінгі таңда Құмания/Қомания топонимдерін қоман қауымдастықтары өмір сүрген Венгрия, Румыния, Македония, Болгария сияқты елдерден кездестіруге болады. Батыс Сібір мен Қазақстан территориясынан басталған қоман-қыпшақтарының этникалық және тілдік мұраларының ізі Кавказ, Оңтүстік орыс далалары, Таяу Шығыс, Шығыс Еуропа, Венгрия, Балқанның солтүстік бөлігінде сақталған [320, 16-29].

Д.А. Расовский орыс жылнамаларының ақпаратына сүйеніп қоман-қыпшақтары XII ортасында төменгі Дунай далаларында көшіп-қонып жүрген болатын деп көрсеткен [99, 158].

Ал, Румыния тарихшысы П. Дякону болса, византиялық және орыс жылнамалары негізінде қоман-қыпшақтарының XII ғасырдың ортасында, бүгінгі Румыния жеріндегі Олтения (Кіші Валахия) мен Мунтения (Ұлы Валахия) аймақтарын және Молдавия территориясының біраз жерін қоныстанғанын айтады [99, с.121].

Сондай-ақ, Анна Комнина шығармасында, өзін Диогеннің ұлы деп таныстырып жүрген Лев туралы баяндағанда, оны Алексей Комниннің Херсонға жер аударғанын және Левтің сол жерде сауда-саттық жасап, өздеріне қажетті заттарды сатып алуға келетін қомандармен байланыс жасағанын жазады [140, с.163].

Қоман-қыпшақтары батысқа қоныс аударып, Венгрия, Русь, Византия сияқты отырықшы елдермен көрші қоныстанғаннан кейінгі кезеңдерде бей-берекет көшіп жүрмей, бір жерге тұрақтанып, тұрғылықты қыстақтар салып, тұрақты ордаларда (аилдар) қоныстанады. 1118 жылдан 1148 жылдар аралығында Төменгі Дунай бойын қоныстанып отырған қоман-қыпшақтары туралы деректерде ақпарат жоқ. Тек, 1143 жылы Карпат-Дунай жеріндегі қомандар туралы венгриялық деректе айтылады, онда сол кезеңде қомандардың Дакияда қоныстанғаны туралы жазылған. Бірақ, деректе олардың Дакияға қай уақытта, не үшін келгені айтылмаған [99, с.126].

Ортағасырлық Еуропалық деректер көшпелілерді жалпы атпен скифтер, түркілер деп атағаны белгілі, ал этникалық шығу тегі белгілі халықтарды өз аттарымен, яғни хазарлар, бұлғарлар, ғұздар, пешенегтер деп атаған. Дәл сол сияқты еуропалық деректердегі «қомандарда» қыпшақ бірлестігіне кірген халықтың этникалық өзіндік атауы болуы мүмкіндігін жоғарыда атап өткенбіз. Өйткені, XII ғасырда Византиялық филолог Иоанн Цец (1110-1180) «Тарих» атты шығармасында көшпелілерді жалпы атпен «скиф» деп атай келе, өзінің шығармасында 1148 жылғы қомандардың жорығын баяндағанда, оларды «скифтардың бір бөлшегі, Дунай маңындағы қасқырлар» екенін айтады және оларды «жалпы скифтерден» бөлек «скиф-қомандар» деп жазады. Сондай-ақ, 1148 жылы Византия императоры Мануил Комнинмен соғысқан қомандардың Дунай бойындағы маңызды Дристра қаласын басып алғанын да жазған [139, с.127].

Бұдан кейінгі кезеңде 30 жылдай қомандардың басқыншылық жорықтары деректерде тіркелмеген. Дегенмен, қоман-қыпшақтары осы уақытта Бұлғария территориясында, Македония, София, Тырнова, Врац, Видин мен Котель, Вит өзені маңында, Силистра аумағында қоныстанды. 1185-1237 жылдар арасында Дунайдың оңтүстігінде қоныстанған қоман-қыпшақтары бұлғарлардың Византияға қарсы тәуелсіздік күресіне қатысып, Бұлғар мемлекетінің құрылуында маңызды орын алады. Қоман-қыпшақтарының бұлғарларға көмектесуінің негізі II Бұлғар мемлекетінің басында билікте тұрған Асен ханның (1187-1196) шығу тегінің қоман болуы да маңызды рөл атқарған [321, p.725; 322, p.496].

И.Цецтің еңбегінде скифтердің үш түрі: меотиялықтар, кавказдықтар (олармен оғыздар байланысты) және оксиандықтар аталған. Соңғысына Каспий теңізінің арғы жағындағы, яғни бүгінгі қазақ жерін қоныстанған халықтарды жатқызған [139, С.129-130]. Жалпы византиялық деректерде оңтүстік орыс далаларын XII ғасырда қоныстанған тайпаларды «скифтер», «тавроскифтер», «таврлар», «киммериялықтар», «меоттар», «хазарлар» деп атау қалыпты жағдай болған [139, с.131]. Сондай-ақ, И. Цецтің замандасы Никифор Василаки де (1115-1182) «Тавроскифия» жері деп қазіргі Болгария аумағында болған Пловдивтегі Филиппопольді атаған болса, византиялық тарихшы Иоанн Киннам (1143-1184) «Тавр маңындағы скифтер» деп қоман-қыпшақтарын айтқан [85, 126 б,].

Византиялық жазушы Феодор Продрома (1115-1166) «тарихи шығармаларында» Византиялық василевстің қол астындағы халықтарды сипаттағанда, кейбіреулерінің, мәселен галаттардың скиф-қомандармен көрші орналасқанын жазған [139, с.131]. Ал, XIII ғасырда өмір сүрген Бұлғария архиепископы Иаков Болгарский василевс Иоанн Дука Ватацқа (1193-1254) жазған хатында көшпелі-скифтер, қомандарды Дунай маңындағы жаужүрек көшпелілер ретінде сипаттаған [85, с. 290].

1150 жылы Мануилдың Венгриямен арада болған соғысын баяндаған византиялық автор Киннам венгрлердің одақтастары қомандар мен пешенегтер болғанын жазады. Бұдан кейін қомандар 1160 жылы Византияға қарсы Венгрия королі III Иштван (Стефан) әскерінің құрамында Срема, Зевгмина маңындағы соғысқа қатысқан. Мұнан кейінгі жылдарда болған Венгрия мен Византия арасындағы бірнеше соғыстарда да қомандар негізінен Венгрия әскерінің құрамында соғысқан [85, с.247-249].

Ортағасырлық венгриялық «Деяния венгров» дерегінде венгрлер Киевті басып алғаннан кейін рутендер мен қомандардың бір бөлігі оларға қосылып, Паннонияны бағындыруға бірге аттанғаны айтылады. Қоман-қыпшақтарының жеті билеушісі: Ед, Едемен,, Ет, Бенгер, Ертұрдың әкесі-Ошад, Вайта, Алыптолмының әкесі – Кегел барлығы венгрлердің билеушісі Алмошпен (Алмас) одақтасып, көшпелілердің діни-сенімі бойынша ант беріп, серттесіп Паннонияны жаулауға бірге аттанған және сонда отбасыларымен тұрақтап қалған [137].

Қоман-қыпшақтарының сеніміне байланысты достық қарым-қатынас орнатқан кезде, келісімге келуші екі жақтың өкілі сертке адал болу үшін ант су ішіскен. Бұл дәстүр бойынша мыс ыдысқа су құйып, адалдық сертін айтып, ыдыстағы су ішілетін болған, бұл дәстүр түпкілікті жойылып кетпей, моңғол шапқыншылығы жылдарында да сақталып қала берген [294, с.160]. Тек, XIII ғасырда моңғол шапқыншылығының салдарынан көшпелі қоман-қыпшақтарының Шығыс Еуропа жерінде бал-бал тастан ескеткіштер тұрғызу ерекше дәстүрі тоқтаған [310, с. 19].

Тәңірге табынып, бал-бал тастардан қорымдарға ескерткіштер тұрғызған, ант су ішіп анда болған қоман-қыпшақтарын Венгрия королі христиан дініне өткізіп, олардың қоныстанып отырған жерін королдікке қосып алуды көздейді. Осы мақсаттын жүзеге асыру үшін Эстергом архиепископы Робертпен бірге Венгрия королінің өкілін 1227 жылы Қоманияға аттандырады, жолда оларға доминикандықтармен келе жатқан қоман тайпасы ханының баласы Бортц кездеседі де, олар оған христиан дінін қабылдатады [101, с.577].

1227 жылы қоман-қыпшақтарының билеушісі Бористің (Бортц) руластарымен христиан дінін қабылдауына, 1223 жылдың 16 маусымындағы Қалқа өзені бойындағы (қазіргі Донецк жері) моңғолдарға қарсы шыққан қыпшақ-орыс біріккен қолының жеңілуі себеп болған. Моңғол шапқыншылығынан сақтанып, Венгрияға қоныс аударуды және королдің қолдауына ие болуды көздеген қыпшақ бірлестігінің билеушілері христиан дінін қабылдауға мәжбүр болған [105, с.124].

Латын тіліндегі құжаттарда Венгриядағы қоман-қыпшақтар көшпелі халық ретінде сипатталады. Рим папасы қомандарды отырықшылыққа өткізу үшін олар қоныстанған аумақта бекініс, қала салуды ұсынған. Венгрия королдігінің грамоталарында қомандардың шоқынғандығы туралы ақпараттар сақталғанымен, нақты жағдайда қомандар өздерінің дәстүрлі наным-сенімінен бас тартпаған. XIII ғасырдың соңына дейін қомандар шіркеуге ондық салығын төлемеген [323, 46-48].

Венгрия королдігінің қомандармен тығыз байланыс жасауының нәтижесінде, олар моңғолдардың Шығыс Еуропаға шапқыншылық жасағанына дейінгі кезеңдерде көшпелілермен қарым-қатынас жасаудың стандартты моделін қалыптастырды. Олар өзара көмек беру, жаулаушылық кезеңінде одақтастыққа сенім арту үшін бір сенімге өткізуді, христиандықты қабылдатуды көздеді. Бұл қомандар мен Венгрия королдігін жақындатудың тиімді жолы ретінде қарастырылды венгрлер тарапынан [107, с.50].

Бірақ, тарих көрсеткендей бұл әрекеттерінен ештеңе шықпады, қоман-қыпшақтары күштеп енгізілген христиандыққа мойын ұсынбады, өздерінің Тәңірді мойындаумен, соған байланысты наным-сенімдерін жоғалтпаған.

1223 жылғы Қалқа өзені бойындағы Жебе мен Сүбедей нояндар бастаған моңғол әскерімен соғысқа, қоман-қыпшақтарының Тертер әулетінен шыққан Қотан (Котян) хан мен орыс княздары одақтасып қарсы шыққан. Орыс княздарының қатарында Қотан ханның күйеу баласы, Галиц князі Мстислав Удатный (1176-1228) да болған. Қоман-қыпшақтары мен орыс княздіктерінің

біріккен қолы моңғолдардан жеңіліп қалды. 1237 жылы болған моңғолдармен болған соғыста қоман-қыпшақтары тағы да жеңіліс тауып, Қотан хан Венгрия королі IV Белланың көмегіне жүгінеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, Венгрия королінің талабы бойынша Қотан хан да жұртымен бірге христиан дінінің католиктік бағытын қабылдауға мәжбүр болады. Венгрия королі Қотанға жер бөліп беріп, Венгрия жеріне қоныстандырады және Қотанның қызы Эржебет Құнды (Елизавета Куманская) өзінің ұлы V Иштванмен (Стефан) аттастырады. [258, p.390; 324, p.221]. Кейін, 1241 жылы Қотан хан қайтыс болғанына қарамастан Венгрия королі қомандармен одақтастықты сақтап қалу мақсатында 1254 жылы Қотанның қызы Эржебет Құн мен ұлы Иштванды үйлендірген.

Венгрия королі IV Белланың қомандарды өзінің әскерін толықтырып жасақтау мақсатында қабылдағанын ағылшын тарихшысы Матвей (Мэтью) Парижский (1200-1259) өзінің «Ұлы хроника» атты шығармасында жазады. Шығармада «... тіпті мықты жауынгер халық қомандардың өзі оларға (моңғолдарға) қарсы тұра алмады. Жиырма мың қоман христиандарға барып қосылып, олармен одақ құрды»,- деп баяндалады. Моңғолдар билігін мойындамай, батысқа қарай ығысқан қомандар Венгрия королдігін паналаған, ал король IV Белла оларды өзінің әскері ретінде қолдану мақсатында Дунай мен Тисса аралығындағы аймаққа, Темеш, Марош және Кереш өзендері бойындағы далаға қоныстандырған [144].

Моңғол әскері Батудың қолбасшылығымен алдымен, 1236 жылы Еділ Бұлғарларын, 1237 жылы қоман-қыпшақтарды бағындырады.

Германиялық ғалым Людвиг Штайндорфф, ортағасырлық Хорватиялық тарихшы Фома Сплитскийдің (XII ғ.-1268) хроникасына сүйеніп, моңғолдардың жаулап алған халықтардың арасынан әскерінің қатарын толықтырып отырғанын айтады. Сондай-ақ, хроникада жасақталған әскердің қатарында, әсіресе қомандардың көп болғаны және оларды моңғолдар соғысуға мәжбүрлегені де жазылған [325, с.19].

Рашид-ад-Диннің дерегі бойынша Берке ханның 1238 жылғы қоман-қыпшақтарына қарсы жорығы, олардың түпкілікті моңғолдарға бағынуына алып келді. Осы кезеңдерде жоғарыда айтып өткеніміздей, Қотан (Кутан/Котян) бастаған қоман-қыпшақтарының 40 000 түтіні Венгрияға қоныс аударған [313, с.100].

Моңғолдардың Венгрияға жорығы, оларға экономикалық жағынан тиімді болған, жорық жоспарына сәйкес моңғол қолбасшылары бағындыруы керек он бір халықтың тізімінде венгрлерде көрсетілген болатын. Сонымен қатар, Қотан ханның Венгрияда орныгуы сылтау болды. Үгедей хан король IV Беллаға қоман-қыпшақтарының ханы Қотанды қамқорлығына алмау және өзінің тез арада оған бағынуы қажеттігін бұйырып, елшілік жіберген [326].

Бірақ, 1241 жылы Қотан хан мен оның жақтастарын венгр ақсүйектері моңғолдардың жансызы деп айыптап өлтіреді де, қоман-қыпшақтары Венгриядан көшіп кетеді. Моңғол шапқыншылығынан кейін IV Белла 1245 жылы қомандарды қайта шақыртып алады, осы кезден бастап атты қоман әскері венгрия королінің Австрия, Штирия, Моравияға қарсы және т.б. жорықтарына

қатысып отырады.

1279 жылы король Ласло қоман-қыпшақтарына қоныс бөліп беріп, олардан діни сенімдерінен бас тартуды, христиандықты қатаң ұстануды, өздеріне қатысты заң ережелерін бұлжытпай орындауды талап етті. Осыған орай көтеріліс болып, 1282 жылы корол әскерінің көтерілісті күшпен басуының нәтижесінде қоман-қыпшақтары жаппай Венгриядан қоныс аударып кетеді [95, p.284].

Қоман-қыпшақтарының XII-XIII ғасырдың бас кезінде Дунай бойын қоныстанып, отырықшы елдерге жорықтар жасап, көрші халықтармен байланысқа түсуі салдарынан аймақтағы халықаралық қатынастың дамуын екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде, қомандардың жеке жорықтары азайып, олар жергілікті этникалық және саяси ортаға сіңе бастаған. Екінші кезеңде, жеке ұсақ тайпалық шабуылдардың орнына, мерзімі жағынан ұзақ, үлкен аймақтарды қамтыған Дунай және Қара теңіз жалауындағы халықтармен біріккен әскери одақтастықта нәтижелі жеңістерге қол жеткізген [277].

Қоман-қыпшақтары Днестр-Қарпат жерін қоныстанғанда пешенег, торк (оғыз), берендейлермен бірге қоныстанғанын археологиялық ашылымдар дәлелдеп отыр. XI-XII ғасырларға жататын Прут-Днестр өзендерінің орталық бөлігінен табылған, Кишиневтің оңтүстігіндегі Ханскқа жақын жердегі Лимбар жерлеу қорымы қоман-қыпшақтарына тиесілі болып шықты. Сондай-ақ, осы қорымнан қоман-қыпшақтарына тиесілі орындық, үзеңгі табылған. Мәйіттердің қаңқасына жүргізілген антропологиялық зерттеулердің нәтижесінде, олардың XI-XII ғасырларда Днестр-Прут өзендері аралығын қоныстанған қоман-қыпшақтарына тиісті екені анықталған [327, с.19-20].

VIII-XIII ғасырлар аралығында бірнеше ғасырларға созылған қоман-қыпшақтарының мажарлармен этно-саяси қарым-қатынасы моңғолдар дәуірінің қарсаңында мажар тайпаларының қыпшақ бірлестігіне еніп, кейін қазақ халқының Орта жүзді құраған ру-тайпалары, атап айтқанда, қыпшақтар мен арғындардың ішінде мажар руы бар. Қыпшақ бірлестігіне енген тайпалардың құрамы қоман, кимек, пешенег, оғыздардың этнокомпонентінен тұратын өте күрделі болды. Қазақстан аумағында қоныстанған қыпшақтардың ішінде болған негізгі үш этноним Венгриядағы қомандардың тайпалық құрамында бар. Алғашқысы, бұржоғлы, бүгінгі таңда кіші жүздегі беріш руымен салыстыруға болады. Ал, Венгрияда мажар-қомандар бірлестігіндегі «боршол» тайпасын ғалымдар бұршоғлыдан тараған деп есептейді. Айта кету керек, бұржоғлы тайпасы қыпшақ бірлестігінде басқарушы әулеттердің артықшылыққа ие болуына байланысты тоқсоба (тоғызтайпа) мен етиобадан (жеті тайпа) кейінгі үшінші орында алған. Екінші этноним қыпшақ руы - жортан/ жұртан (шортан), ал, Венгриядағы қомандардың құрамында ол-чертан/жертан (шортан) болып кездеседі. Үшіншісі, құманқу (құманлу) тайпасы, ол қазақтың Орта жүзіндегі арғындардың бір ру ретінде танылған қоман руы, ал Венгрия жерінде қоман-қыпшақтарын қалыптастырған тайпа болып табылады [235, с.35-42]. Сондай-ақ, 1239 жылы моңғолдардың қысымынан Венгрияға қоныс аударған қомандардың қатарында: Байоло, кангала, капшаг, табон, тазлар жеке этноним ретінде

аталады, оларды қазақтың байұлы, қаңлы, қыпшақ, табын, таздармен салыстыруға болады [235, с.40].

XIII ғасырдағы деректерде аты аталатын Венгрияны қоныстанған қоман-қыпшақтарының ру-тайпалары: чертан, олас, құр, борчол, құртан, улашевичи, бұршұлы, байандұр, тоқсаба, барақ, коңырұлы [95, p.285].

Моңғол шапқыншылығынан бұрын Дунайдың төменгі сағасы мен Каспий теңізі аралығын мекендеген қоман-қыпшақ конгломераты бірегей болмағаны белгілі. Олардың тарихы Еуразияның қуаң (арид) зонасын мекендеген салт атты көшпелілерге тән сипатта, өзгеріп, түрленіп тұрған. Олар бірде үлкен одаққа біріккен, кейде қайтадан әлсіреген, бір-бірін алмастырып отырған тайпалар одағынан тұрған. Соның бірі қоман тайпалық одағының атауы, ол тарихи кезеңдерде дереккөздерде әрқалай баяндалды. Олардың арасындағы елеулі бөлігі, одақтың атауы ретінде жүрген қоман тайпасының этногенезімен тікелей байланысты. Дешті Қыпшақтың бір кездердегі билеушілерінің батыс бөлігінде өмір сүрген тайпаларын шын мәніндегі қомандар деп санаймыз [96]. Сонымен аталған ру-тайпалар Қазақстандағы қыпшақтардың этникалық қалыптасуында қандай орын алған болса, Венгриядағы қомандардың да этникалық тарихында сондай дәрежеде маңызды орын алған.

Қоман-қыпшақ тайпалары Венгрия жеріндегі халықтарға киім кию үлгісін, қару-жарағын, қонысын, тұрмыста қолданған заттарын және т.б. этникалық ерекшелік мәдени үлгілерін алып келді, жергілікті халықтар арасында таратты [95, p.285-289].

Батысқа қоныс аударып барған қоман-қыпшақтары өздерінің сенімін, дәстүрін сақтап, оларды мажарлардың арасына таратқан. Оны сақталған археологиялық ескерткіштерден көруге болады. Мәселен, XII ғасырларда қоман-қыпшақтары Оңтүсті-Шығыс Еуропа жерлеріне қоныс аударып барған кездерінде күйдірілмеген кірпіштен қорған тұрғызу дәстүрін сақтаған. Бұл қоман-қыпшақтарының кимек-қыпшақ бірлестігінің құрамында болған кезеңінен келе жатқан дәстүрі. Мұндай күйдірілмеген кірпіштен қорған тұрғызу тайпадағы жоғары әлеуметтік жағдайға ие топтарға тән болған. Археологиялық материалдар бұл қорғандарда тұтас жылқы немесе жылқы терісін қоса жерлеу дәстүрі болғанын дәлелдейді. Оны ғалымдар кимек, қыпшақ, қомандардың басқа да түркі халықтарымен араласып кетуімен байланыстырады. Мәселен, Сросткиндік кезеңге тән мұндай пирамида тәрізді пішіндегі шымды кірпіштен тұрғызылған қорғандарды Венгриядағы және Барабин орманды далалы аумағындағы Осинов қорғандарымен ұқсас екенін алға тартады этнограф-тарихшы И.В. Белич [327, с.15- 24].

Шым кесектен үй тұрғызу дәстүрі этнографиялық мәліметтер бойынша қазіргі кезде де кейбір жерлерде біршама өзгеріске ұшыраған күйде сақталған. Қимақ-қыпшақ этно-мәдени ортасынан бастау алған бұл жерлеу дәстүрі Алтайдан басталып, сонау Венгрияға дейінгі аралықта ішінара таралған. Оған осы аралықтағы территорияны қоныстанып отырған түркі тілдес халықтар арасында әлі күнге, орта ғасырларда қолданылған «ишм» сөзінің сол мағынада қолданылатыны дәлел бола алады. Қазақ жерінде де «шым» сөзі қолданыстан

түспеген, әсіресе батыс, орталық аймақтарында пайдаланады. Белгілі тарихшы ғалым, этнолог С.Әжіғалидың көрсетуінше Орталық Қазақстан аймақтарында «шым», «омақ, омақа» терминдері қолданылады. Омақа деп белгі-бір жерде топырақтан, тастан, т.б. үйілген шағын үйіндіні айтады [328, с.110].

Венгрия ғалымдары да XI-XIII ғасырларда Еділден Дунайға дейінгі аралықта қоман-қыпшақтарының келуімен архаикалық дәстүр – қорымдарда жылқыны тұтасымен жерлеу орын алғанын айтады. Қомандарға тән мұндай жерлеу орындарында мәйіттің басы батысқа қарай бағытталған, жерлеу орынының үсті тақтайлармен немесе бөренелермен жабылып, үстіне құммен араласқан тастан үйінді тұрғызған, болмаса үйінді топырақтың үстін таспен көмкеретін болған. Қоман-қыпшақтарының ерекше ескерткіші бұл дүние салғандардың құрметіне қойылатын тастан жасалған мүсіндері, оның қыпшақ тіліндегі атауы «Кодекс Куманикуста»: «sin» (қайтыс болған адамның бейнесі) деп жазылған. Мүсіндерді қабірдің үстіне емес, алаңның ортасына, жеке төбеге, бетін шығысқа қаратып, топтап немесе екеуден орнатқан, айналасын таспен қоршаған, қасында құрбандық шалынған шұңқырларыда болған [95, p.284].

Балқан жері ежелден түрлі мәдениеттер, тілдер және діндердің тоғысқан жері болып табылатыны белгілі. Осы аймақта үнді-еуропалық тілдер тобына жатпайтын жалғыз тіл-түркі тілі болып табылады. Соның ішінде түрлі мәдениеттер мен тілдердің әсеріне ұшырамай өзінің лингвистикалық ерекшелігін сақтап қалған қыпшақ тілдік тобына жататын түркі тілін де айтуға болады. Шығыс Еуропада қоман-қыпшақ тілінде сөйлейтін кіші-қауымдастықтар Польша, Литва, Эстония және Украина жерлерінде өмір сүрсе, қалған басым көпшілігі Венгрия, Болгария, Румыния және Молдова жерлерінде қоныстанған.

Ғылыми әдебиеттерде қыпшақ тілі шығуы мен таралуына байланысты әр түрлі аталады. Мұсылман деректерінде «қыпшақ» деген термин қолданылса, орыс жылнамаларында-половецкий, немістерде- фалон, армяндарда-хардеш, венгрияда-құн/қоман, батысеуропалық басқа елдерде-қоман деген термин пайдаланылады [108, с.110]. Батыстағы қоман-қыпшақтары қыпшақ тілінің бірнеше тармақтары, атап айтқанда, қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-оғыз, қыпшақ-ноғай топтарына жіктелген тілдерде қарым-қатынас жасаған. Олардың арасындағы ерекшеліктерді, фонетикалық құрылымын белгілі лингвист-түркітанушы ғалым Н.А. Баскаков зерттеген [109]. Ғалымның пікірінше, қоман-қыпшақтары сияқты шеткері аймақтарда қоныстанған халықтарға басқарушы тайпаның тілдік жағынан ықпалы басым болмаған. Тайпалар мен халықтардың көрші халықтармен, яғни өзге тілде сөйлейтіндермен тығыз қарым-қатынас жасауы олардың тілінің дамуында маңызды фактор болып табылған [109, с.122].

XI ғасырдың ортасында қоман-қыпшақтарының Шығыс Еуропа жеріне қоныстануына байланысты көрші халықтармен әр түрлі деңгейдегі мәдени, тілдік ықпалдастықтар жүзеге асқан, бірақ бір тілдің екінші тілді жойып жіберуі орын алмаған. Бұған саяси, экономикалық және т.б. жағдайларға байланысты этникалық топтар арасында қарым-қатынастың үзілуі себеп

болған, сондықтан да ықпалдастыққа жаңа түсе бастаған тілдер ендігі кезекте өздерінің ішкі заңдылығы бойынша ары қарай дами берген. Атап өту керек, XI-XIII ғасырларда Еуразияның ұлан-ғайыр аумағында саяси ықпалы күшейген қоман-қыпшақтарының Шығыс Еуропада беделді болуына байланысты қыпшақ тілінің де мәртебесі жоғары болды. Сондықтанда, Венгрия жеріне қоныстанған қоман-қыпшақтарының тіліне еш қауіп төнбеді, қайта жергілікті халық қыпшақ тілінің осы кезеңде халықаралық қарым-қатынас құралына айналғанынан және сауда байланысына қажеттілігінен тілді меңгеруге мүдделі болды.

Сонымен, жоғарыда аталған орта ғасырлардағы венгриялық деректердің негізінде қоман-қыпшақтарының Венгрия жеріне алғаш келуі 1060-шы жылдар деп есептейміз. Деректерге сәйкес қоман-қыпшақтар XI ғасырдың соңында Дунайдың төменгі ағысындағы жерлерде, Пир провинциясында және Румыния мен Венгрияның шекарасындағы жерлерді қоныстанған. Дунайдың төменгі жағын қоныстанған қоман-қыпшақтарының 1061-1210 жылдар аралығында Шығыс Еуропаның отырықшы елдеріне 56 әскери жорықтар жасағаны деректерде тіркелген. Бұдан басқа, қоман-қыпшақтары Венгриямен одақтастықта 1070-1090 жылдарда бірнеше Византияға, селжүктерге, пешенегтерге қарсы соғыстарға қатысқан.

Жалпы, қоман-қыпшақтарының венгрлермен туыстық қарым-қатынасы бірнеше ғасырларды қамтиды. VIII ғ.- IX ғасырдың бас кезінде қоман-қыпшақтары бастапқыда кимек, кейін қыпшақ конфедерациясына кірген кезеңде венгрлердің ата-бабалары мажар тайпаларымен Оңтүстік Орал аумағында көрші қоныстанып, этно-саяси және этно-мәдени байланыстар орнатқан.

Еуропаға қоныс аударған қыпшақтардың алдыңғы авангарды қомандардың жеке этникалық қауымдастық болғанын Венгрия жерінде сақталған топонимдер, археологиялық материалдар, король кеңсесінен табылған сол кезеңге жататын құжаттағы Эржебет патшайымның жеке мөріндегі «қоман» сөзінің жазылуы дәлел бола алады. Атап айтқанда, Венгрия жерінде қомандардың қоныстанғанының дәлелі ретінде Кичикууншаг (Кіші Қоман жері), Надькууншаг мекендерінің (Ұлы Қоман жері) атауы сақталған. Ұлы және Кіші Қоманияның автономиялық аудандары Венгрия жерінде 1848 жылға дейін сақталды. Сондай-ақ, Венгрияның 1272-1277 жылдардағы патшайымы болған Эржебеттің өзінің тегін мөріне ойып жаздыруы, яғни «қомандар ханының қызы» деп атап көрсетуі қомандардың дербес этникалық қауымдастық болғанының бұлтартпас дәлелі бола алады деп ойлаймыз.

XI-XIII ғасырлар аралығында Венгрияға қоныстанған қоман-қыпшақтары жергілікті халықтардың арасында өздерінің дүниетанымын, рухани және жазба мәдениетін, тілін, этникалық киім үлгілерін, қару-жарақ түрлерін және т.б. алып келіп, екі халық арасында ықпалдастықтар орын алған. Бірақ, түпкілікті өзгеру немесе жойылып кету болмаған, әр этникалық қауымдастықтың мәдениеті, тілі өздерінің ішкі заңдылығы бойынша уақыттың төзіне төтеп беріп, ары қарай дами берген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста қарастырылған мәселелер, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысына байланысты төмендегідей қорытындылар жасауға негіз береді.

Қоман-қыпшақтарының қалыптасу тарихын, көші-қон үдерісін және көрші халықтармен байланысын пәнаралық байланыстар тұрғысында қарастыру арқылы ауқымды этно-саяси және этно-географиялық ғылыми зерттеу кеңістігіне ие болдық. Біздің зерттеулеріміз, біз қарастырып отырған тарихи кезеңде қоман-қыпшақтарының этникалық топ даму сатысынан, этникалық қауымдастық деңгейінің алғашқы кезеңдеріне қадам басқандарын дәлелдейді. Мұнда әрине, этникалық үдерістердің қарқынды дамуы шешуші рөл атқарды. Осындай әдіспен қоман-қыпшақтарының VIII-XIII ғасырлардағы Еуразия, Ұлы Дала кеңістігіндегі басқа халықтар мен этно-тарихи байланыстарын зерттеп, оқиғалар мен құбылыстардың арасындағы заңдылықтарды анықтадық.

Тарихи тұрғыда әр түрлі этникалық қауымдастықтардың қарым-қатынастарына нақты тоқталар болсақ, мәселені бір жақты қарастырып, алдыға қойған мақсат-міндетімізді толық аша алмауымыз мүмкін еді. Пәнаралық байланыстар тұрғысында қарастыру арқылы тікелей байланыстармен қатар, заттай деректерді, ауыз әдебиеті үлгілерін, шежірелерді, этнографиялық ақпараттарды пайдалану негізінде генетикалық зерттеулер нәтижелері бойынша жанама байланыстарын да қарастырып, қоман-қыпшақтарының көрші қоныстанған халықтармен әр түрлі деңгейдегі қарым-қатынас орнатқандарына көз жеткіздік. Мәселен, олар түркі тілдес халықтармен туыстық байланыстар жасаған болса, ал отырықшы славяндармен, грузиндермен, венгрлермен, византиялықтармен тиімді әскери одақтар, келісімдер жасап, сауда байланыстарын орната білген.

Тарихи үдерістер барысында объективті және субъективті себептермен қоман-қыпшақтарының VIII-XIII ғасырлар аралығында қоныстану аумақтары бірнеше рет өзгерген. Оған нақты атап айтар болсақ, физикалық-географиялық жағдайдың тұрақты болмауы, табиғат апаттары, климаттың өзгеруі әсер еткен. Осындай жағдайлардан қоман-қыпшақтары жаңадан қоныстанған аймақтарында жергілікті халықтармен кейде соғыс жағдайында болса, кейде одақтастық мәмілеге келіп, қарым-қатынастарға түсіп отырған. Оның үстіне Еуразияның далалық аудандарында табиғи-климаттық жағдайдың тұрақсыздығы салдарынан әр түрлі шаруашылық-мәдени типтер қалыптасып, соның ішінде дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысу жетекші орынға ие болған. Көшпелі қоман-қыпшақтары да мал шаруашылығымен айналысқандықтан, жайылымдық жердің ыңғайымен және орын алған саяси оқиғалардың екпінімен батысқа қоныс аударған. Біз зерттеп отырған тарихи кезеңдегі халықтардың батысқа қоныс аудару үдерісінің жаңа толқыны 916 жылы Солтүстік Қытай территориясында Ляо империясының құрылуы кезеңімен басталады. Бұл мемлекеттің ұйыстырушы негізі манжұр-тұңғыс

тілдестер болғандықтан Орталық Азияда олардан ығысып, батысқа жылжығандар арасында түркі тілдестер көпшілік болды.

Шығыстан төнген қауіпке қарсы тұру үшін шығу тегі бір көшпелі түркі халықтары бірікті. Өйткені жеке қалған жағдайда өзінің этникалық бірегейлігін сақтап қалу оларға қиынға соғатын еді. Сол себептен қоман-қыпшақтары да өзге түркі тілдестер тәрізді Солтүстік Алтайдағы ата қонысынан, Ертіс бойына ауытқап, осындағы кимек-қыпшақ конфедерациясының құрамын толықтырды. Оңтүстікке одан әрі ішкерлей кіруіне Бетпақдала тәрізді табиғи кедергі тосқауыл болған, қоман-қыпшақтары батыс бағытында көші-қон үдерісін Ұлы Дала төсінде жалғастыра берді.

Қоман-қыпшақтарының батыс бағытында қоныс аударуымен түркітілдес халықтар қыпшақтар, кимектер, пешенегтер, оғыздар, қаңлылар, башқұрттар, бұлғарлар, мажарлар және т.б. тайпалар этникалық ортақтық, яғни шығу тегі бойынша туыстығы, мәдени бірегейлігі мен әлеуметтік өзара ықпалдастығы негізінде жаңа қоныстарға қатар қоныстанып, Еуразияның Ертістен Дунайға дейінгі аймағын игеріп, көшпелі мал шаруашылығымен айналыса отырып, тұтас бір мәдени орта қалыптастыра алғанын осы зерттеуімізден көріп отырмыз. Мұндай этно-әлеуметтік және этно-мәдени жақындасу үдерістерін тіптен моңғол шапқыншылығы да жоя алмаған. Егер бүгінгі қазақ тарихының көзімен қарар болсақ, осы бір этникалық қатыстылық, этно-мәдени ықпалдастық сабақтастығын үзбеген қалпында тарихтың әр кезеңінде, әр түрлі аймақтарда қоныстанған түркі тілдес тайпаларды уақыты келгенде Қазақ хандығының аясында біріктіріп, қазақ халқының қалыптасуында да шешуші орын алған. Әрине, бұл айтылғандар Еуразия аумағындағы басқа қыпшақ тілдес халықтарға да қатысты.

Жазба деректер, археологиялық, этнографиялық, материаладар, генетикалық зерттеу нәтижелерінің мәліметтері, халық ауыз әдебиеті үлгілері барлығында қоман-қыпшақтарының бастапқы қоныстанған аумағы Солтүстік Алтайдағы Со аймағы болғанын дәлелдеп отыр. VIII-IX ғасырларда олар бүгінгі Орталық Қазақстан, яғни Ұлы Дала аумағын бетке алып көшіп, нәтижесінде IX-XI ғасырлар да батыс Қазақстан аумағында кимек қағанаты құрамында қыпшақ атымен танымал болған. Осы өңірде қыпшақтардың билікке келуімен, сыртқы және ішкі саяси жағдайларда қалыптасқан ахуалдарға байланысты, XI ғасырдың ортасында қоман-қыпшақтары қыпшақ бірлестігінің алдыңғы авангарды ретінде батысқа қарай алғашқы толқынмен қоныс аударып, Қырым, Кавказ, Оңтүстік орыс далаларына қоныстанған. Дәл осы кезден бастап олар орыс жылнамаларында «половцы», ал батысеуропалық, византиялық деректерде «қоман» атымен атала бастаған.

IX-XI ғасырларда қоман-қыпшақтары Еділ-Орал аймағында Еділ бұлғарлары мен бұлғарлардың шығыс провинциясын құраған башқұрттармен, мажар, оғұр, пешенегтермен саяси, этникалық, сауда-экономикалық өзара байланыстар орнатқан. Аталған кезеңде Еділ-Орал аумағында қоман-қыпшақтарының ықпалы аса күшті болмағанымен, орыс княздіктеріне қарсы күресте аймақтың түркі тілдес халықтарымен әскери одақтарда көрінді.

Осындай байланыстар нәтижесінде XI ғасырдың аяқ кезі-XII ғасырдың басында Еділ-Орал аймағында қоман-қыпшақтарының ықпалымен қыпшақ тілдік тобына жататын еділ-орал және қыпшақ-бұлғар қауымдастығы қалыптасқан.

XI-XIII ғасырларда батысқа ығысқан қоман-қыпшақтары Солтүстік Кавказ жеріне жеткен кезде алдымен алан, адыг, вайнахтармен әртүрлі қарым-қатынастарға барды. Қоман-қыпшақтарының Солтүстік Кавказдың автохтонды халықтарымен арадағы байланысы бастапқыда жайылымдық жерлер үшін болған қақтығыстар этно-әлеуметтік байланыстар түрінде көрінді. Кейіннен көшіп келушілер мен жергілікті халықтар арасында шекара анықталғаннан кейін ғана аймақта саяси жағдай тұрақтанып, аталмыш қарым-қатынастар дұрыс жолға қойылды. Қалай десекте, бұрынан жауынгер көшпелілер қауымдастығында өмір сүрген қоман-қыпшақтарының XII ғасырда Орталық Кавказда әскери-саяси ықпалы күшті болған.

Қоман-қыпшақтарының осы аймақтағы ықпалының шешуші де, мықты болғанын Кавказдың Сылынжық өңірінде астанасы Мажар деп аталған Қоманмажар мемлекетінің 1396 жылға дейін өмір сүргені дәлелдейді.

Дегенмен де, бұрынан автохтонды Хазар қағанатына кірген халықтар мәдениетінің әсерімен осында қоныстанған қоман-қыпшақтарының антропологиялық, физикалық келбеті біршама өзгеріске ұшыраған. Өз кезегінде этнологиядағы өзара ықпалдастық заңдылықтарына сәйкес қоман-қыпшақтары да жергілікті халықтардың, армян-қыпшақтарының, қарайымдар мен қарашай-балқарлардың тілінің қалыптасуына әсер еткен. Тарихи деректер қоман-қыпшақтарының қарайымдарға Қырым жеріне қоныстанған кезеңде, ал қарашай-балқарларға солтүстік Кавказ жерін қоныстанған кезде ықпалы зор болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, құмықтарда өздерінің шығу тегін қоман-қыпшақтарымен байланыстырып, өздерін солардың бір тармағы ретінде көрсететінін айтқан жөн.

Қоман-қыпшақтары орта ғасырларда көші-қон үдерісінің нәтижесінде географиялық жағынан славян халықтарымен шекаралас орналасып, олармен тығыз қарым-қатынастарда болды. Екі халықтың арасындағы саяси байланыстар бірде бейбіт, бірде қақтығыстық сипатта өрбіген болса, кейде ортақ жауға қарсы күресте әскери одақтас ретінде бірігуге де мәжбүр болған. Өзара тиімді ықпалдастық нәтижесінде екі халықтың мәдениетінің бірін-бірі толықтырғаны зерттеу барысында байқалды. Қоман-қыпшақтарының хандары мен орыс княздарының арасында некелік, туыстық байланыстар да орын алған.

Византия шекарасына қоман-қыпшақтары XI ғасырдың ортасында келген болса, ал, XII ғасырда олар Византияның солтүстігіндегі, Дунайдың төменгі ағысы бойындағы жерлерге қоныстанды. Қоман-қыпшақтарының Шығыс Еуропа жеріне келуімен олардың дәстүрлі малшаруашылығымен айналысатын байырғы кәсібі және осындағы отырықшы халықтардың қоныстану аумақтары өзгерді. Қоман-қыпшақтары осында қоныстану арқылы біреулерді ығыстырса, басқаларды біріктірді. Осылайша бірнеше мемлекеттер мен халықтардың саяси жағдайы өзгерді. Атап айтқанда, Киев Русі ыдырады, Екінші Бұлғар патшалығы Византияға тәуелділіктен құтылып, жеке тәуелсіз патшалық ретінде

жарияланды. Сонымен қатар, қоман-қыпшақтары Еуропа мен Азия арасында дәнекерлік атқарып, халықтар арасында сауда байланыстарының дамуына ықпал етті де,ал мұндай да қоман-қыпшақтарының тілі іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде халықаралық тіл беделін иеленді.

Кез-келген халықтың мәдениетінің деңгейін анықтаушы көрсеткіш бұл - халықтың тілі мен жазуы. Осы тұрғыдан алғанда заманының ұлы ескерткіші қоман-қыпшақтарының мәдени құндылығы – «Кодекс куманикус» ұрпағына аманат ретінде қалдырылған баға жетпес асыл мұрасы. Тіл халықты материалдық тұрғыда өзгерте алмаса да, оны рухани тұрғыдан біріктіруде үлкен рөл атқарады. Орта ғасырларда халықаралық қатынаста қоман-қыпшақтарының тілінің байланыс құралына айналуының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Яғни, басқалардың оның тілі мен жазуын мойындауы, оның артықшылықтарын, ұлылығын мойындау болып шықты. Өйткені, тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сол халықтың рухы, болмысы, салт-дәстүрі. Ал, қоман-қыпшақтарының Шығыс Еуропа жеріне келуімен, Кавказ халықтары, атап айтқанда қарашай, балқар, әзірбайжандар, армяндар, сондай-ақ венгрлер қоман-қыпшақтарының тілінде сөйлеп қана қойған жоқ, оны сақтап, кейінгі ұрпақтарға жеткізді, қағаз бетіне түсіріп, кітап та басып шығарды.

Қоман-қыпшақтары Венгрияға 1060-шы жылдары келіп, Дунайдың төменгі ағысындағы, Пир провинциясындағы, Румыния және Венгрия шекарасындағы жерлерде қоныстанды. Біртіндеп олар осы жердің тұрғылықты халықтарына айналды. Өйткені, келгендермен бұрынғы тұрғындардың туыстасу тамырлары тереңде еді.

Қоман-қыпшақтарының венгриямен туыстық қарым-қатынасы, олардың VIII - IX ғасырларда кимек конфедерациясы құрамында, Оңтүстік Орал аумағында венгрлердің ата-бабалары мажар тайпаларымен көрші қоныстанып, этно-саяси және этно-мәдени байланыстарға түскен кезеңінен басталды.

XII-XIII ғасырларда Венгрия королдігіне қоныстанған қоман-қыпшақтары венгрлердің арасына өздерінің дүниетанымын, рухани және жазба мәдениетін, тілін, этникалық киім үлгілерін, қару-жарақ түрлерін ала келіп, екі халық арасында өзара ықпалдастықтар дами түсті. Бірақ, халықтардың бұл байланыстары бейбіт өрбігендіктен олардың түпкілікті өзгеруі немесе жойылып кетуі орын ала қойған жоқ.

Сонымен, қоман-қыпшақтары батыс бағытындағы өздерінің көші-қон үдерісінің нәтижесінде, көрсетілген тарихи кезеңдерде шекаралас орналасқан халықтармен саяси, этникалық, мәдени байланыстарды белсенді орнатып, олардың ортасында көшпелілердің мәдениетін, дәстүрлерін, тілін таратушыларға айналды.

Қорыта келе айтарымыз, диссертациялық жұмысымызда алдымызға қойған мақсат-міндетімізге қол жеткіздік деп есептейміз. Тақырыптың мазмұнын баяндау барысында алынған негізгі тұжырымдар ортағасырлық деректермен қатар, археологиялық, этнографиялық материалдар, лингвистикалық, филологиялық, генетикалық зерттеулер нәтижелерін, ауыз әдебиеті үлгілері мен шежірелік ақпараттардың мол қорын талдау негізінде дәлелденді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кумеков Б.Е. Кипчаковедение-концептуальное научное направление Евразийского масштаба // Сб. мат. международной научной конференции Кипчаки Евразии: история, язык и письменные памятники. – Астана, 2013. – С. 12-21.

2 Кумеков Б.Е. Об этническом составе кипчаков XI-нач.XII вв. по арабским источникам // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. Вып.II. История и археология. Отв. Ред. Б.А. Литвинский, Т.А. Жданко. – М.: Наука, 1990. – С. 118-140.

3 Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны: монография / Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 192 б.

4 Жумагулов К.Т. Проблемы истории германских племен. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 325 с.

5 Дәулетхан Ә. Тарихи зерттеулер. Ежелгі және орта ғасырдағы түркілер. – Астана: Ғылым, 2018. – 456 б.

6 Кайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі Қытай жазбалары: монография. – Астана: Enter Grup, 2014. – 350 с.

7 Хабижанова Г.Б. Қыпшақтар және олардың қазақ халқының қалыптасуындағы рөлі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 2016. – №2(81). – С. 68-73.

8 Анфертьев А.Н. Пролегомены к изучению этнической истории // Этносы и этнические процессы. – М.: Восточная литература, 1993. – С. 62-69.

9 Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-ші басылым. – Алматы: Толағай групп, 2010. – Т.2. – 464 б.

10 Татищев В.Н. История Российская.– Киев: БКДА, 2012. – 1 часть. – 291 с.

11 Карамзин, Н.М. История государства Российского в 12-ти томах. – М.: Наука, 1991. – Т. II-III. – 832 с.

12 Соловьев С.М. История России с древнейших времен. Книга II. – М.: Изд-во социально-экономической литературы, 1960. – 783 с.

13 Голубовский П.В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. Печенеги. История. География. Этнография. Отв. ред. В.Кукушкин. – Москва: изд. Ломоносовъ, 2013. – 192 с.

14 Бартольд В.В. Сочинения. Том I. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. – Москва: Изд-во вост. лит-ры, 1963. – 760 с.

15 Рычков П.И. Топография Оренбургская: То есть: обстоятельное описание Оренбургской губернии / Сочиненное коллежским советником и Императорской Академии наук корреспондентом петром Рычковым. Часть первая. – Санктпетербург: при Императорской Академии наук, 1762. – 263 с.

16 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей Часть третья: Этнографические известия. – С-Пб: Типография Карла Крайя, 1832. – 331 с.

17 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Живая старина. – СПб: тип. С.Н. Худекова, 1896. – 182 с.

18 Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н. Революцияға дейінгі және кеңестік әдебиеттерде қоман-қыпшақтардың зерттелу тарихы: зерттеулердің ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 2017. – №1(84). -38-47 бб.

19 Маркварт Й. О происхождении народа куманов. Перевод А. Немировой. Труды Королевского Научного общества в Геттингене, серия «Философия-история», – Т. XIII, №1. – 134 с.

20 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – А.: Ғылым, 1993. – 327 с.

21 Кумеков Б.Е. Кимакский каганат // История татар Западного Приуралья. Том I. Кочевники Великой степи в Приуралье. Татарские средневековые государства. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. – С. 39-45.

22 Кумеков Б.Е. Государство Кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. – А.-А.: Наука, 1972. – 128 с.

23 Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері.Таңдамалы еңбектер мен мақалалар. – Алматы: Service Press, 2013. – Т. 2. – 496 б.

24 Ажигали С.Е. Очерк культурного наследия Арало-Каспийского региона // Электронное научное издание Альманах Пространство и Время. – 2014. – Т. 5. – Вып. 1. – Часть 2: Пространство и время Каспийского Диалога // http://j-spacetime.com/content/PDF/Tom%205%20Vip%202/2227-9490e-aprovr_e-ast5-1-2.2014.11.pdf 25.03.2017.

25 Қалыш А.Б. Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процесстер. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 254 б.

26 Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы (Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). – Алматы: Білім, 2005. – Т.1. – 304 б.

27 Хабижанова Г.Б. Тюркский фактор в становлении протоказахских племенных образований в IX-XII вв. Дисс.док.ист.наук: 07.00.02 / КазНУ им.аль-Фараби. – Алматы, 2010. – 332 с.

28 Vasary Istvan. Cumans and Tatars: Oriental Military in the Pre-Ottoman Balkans, 1185–1365. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005. – 230 p.

29 Lyublyanovics K. The Socio-Economic Integration of Cumans in Medieval Hungary. An Archaeological Approach. Doctoral Dissertation. – Budapest, 2015. – 675 p.

30 Кляшторный С.Г. Рунические памятники уйгурской эпохи как исторический источник // Проблемы востоковедения. – 2010, №3(49). – С.6-12.

31 Шабалов А.С. Происхождение уйгуров, ойратов (калмыков) и других телэских племен XVIII в. до н.э. – XIV в. н.э.: Историко-ономастическое

исследование по российским и казахстанским материалам. – Иркутск: Изд. ИГТУ, 2014. – 248 с.

32 Бутанаев В.Я. Происхождение и расселение хакасских сеоков // Этническая история народов Южной Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск: Наука, 1993. – С.235-263.

33 Муратов Б.А. Потомки кланов Дешти-Кипчака-куманов и сиров // БЭИП «Суюн». – Май 2016. – Том.3, №5. – С.539-552.

34 Комаров С.Г., Китов Е.П. Новые краниологические данные к вопросу об антропологическом составе тюркского населения степной полосы среднего прииртышья X-XII вв. // Вестник археологии, антропологии и этнографии. 2016, №2(33). – С. 97-111.

35 Волков В.Г.Кыпчакский компонент в составе средневекового населения Кузнецкой котловины и Томского Приобья в контексте генетических данных. // История, экономика и культура средневековых тюрко-татарских государств Западной Сибири: материалы II Всероссийской научной конференции. – Курган: Изд-во Курганского гос.ун-та, 2014. – 148 с.

36 Кызласов Л.Р. О назначении древнетюркских каменных изваяний, изображающих людей // Советская археология. – 1964, №2. С. 27-39.

37 Плетнева С.А. Кочевники южнорусских степей в эпоху средневековья IV-XII века. – Воронеж: ИздВГУ, 2003. – 248 с.

38 Храпачевский Р.П. Половцы-куны в Волго-Уральском междуречье (по данным китайских источников). – М.:ЦИВОИ, 2013. – 125 с.

39 Тоган А.В. История башкир / перевод с турецкого А.М. Юлдашбаева. – Уфа: Китап, 2010. – 352 с.

40 Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. – М.: Наука, 1974. – 570 с.

41 Исхаков Д. О ранних кыпчакских этнонимах среди Волго-Уральских татар (по материалам топонимов и другим данным) // Древнетюркский мир: история и традиции. Материалы одноименной научной конференции. – Казань: Институт истории АН РТ, 2002. – 144 с.

42 Гагин И.А. Волжская Булгария: очерки средневековой дипломатии (X-первая треть XIII вв.). – Рязань: СПб гос ун-т., 2004. – 234 с.

43 Иванов В. Огузы и печенеги в степях Заволжья и Приуралья // История татар Западного Приуралья. Том I. Кочевники Великой степи в Приуралье. Татарские средневековые государства. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. – С. 85-94.

44 Kırzıoğlu M. Fahrettin. Yukarı Kür ve Çoruk Boylarında Kıpçaklar İlk Kıpçaklar, (M. Ö. VIII — M. S. VI. yüzyıl) ve Son Kıpçaklar (1118-1195) ile Ortodoks Kıpçak Atabekler Hükümeti (1267-1578) Ahıska Çıldır Eyaleti Tarihinden. – Ankara: TTK, 1992. – 221 p.

45 Боталов С.Г. Каменные изваяния и жертвенно-поминальные комплексы Урало-Ишимского междуречья // Новое в археологии Южного Урала. – Челябинск: «Рифей», 1996. – С. 210–244.

46 Гарустович Г.Н. Древнетюркское языческое святилище с каменными изваяниями на реке Макан в Башкортостане // Вестник АН РБ. – Уфа, 2005. Т. 10. №2. – С. 23–32.

47 Илюшин А.М. Западные и восточные кипчаки по материалам археологии // Вестник ТГУ. История. – Томск, 2016. №5 (43). – С. 15-19.

48 Шатинова Н.И. Алтайско-кумандинские этнографические параллели // Культура и традиции коренных народов Северного Алтая. – СПб:Издательский дом СПбГУ, 2008. – С.181-185.

49 Әлімбаев М.Е. XIV-XV ғасырлардағы қыпшақ антропонимдері (тарихи-лингвистикалық талдау). Филол.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация автореферaты. – Алматы, 2010. – 25 б.

50 Грач А.Д. Древнетюркские изваяния Тувы. По материалам исследований 1953-1960 гг. – М.:ИВЛ, 1961. – 96 с.

51 Кадырбаев А.Ш. За пределами Великой Степи. – Алматы: Демеу, 1997. – 200 с.

52 Петрухин В.Я. Русь в IX–X веках. От призвания варягов до выбора веры. - 2-е изд., испр. и доп. – М.: ФОРУМ; НЕОЛИТ, 2014. - 464 с.

53 Крымский А. Низами и его современники. – Баку: Элм, 1981. – 491 с.

54 Safran Mustafa. Kuman-Kıpçaklar // Türkler Ansiklopedisi. – Ankara: Yeni Turkiye Yayinlari, 2002. – P.785-792

55 Гейбуллаев Г.А. К этногенезу азербайджанцев (историко-этнографическое исследование).– Баку: Элм, 1991. Т.1. – 552 с.

56 Кумыков Т.Х. О кипчакском и хазарском происхождении карачаевцев и балкарцев // О происхождении балкарцев и карачаевцев. – Нальчик: Кабардино-балкарское книжное издательство, 1960. – С.9-28.

57 Броневский С.М. Новейшие географические и исторические известия о Кавказе. – М.:Тип.С.Селивановского, 1823. Часть I. – 385 с.

58 Рауф А. Гусейн-заде. Кавказ и сельджуки. – Баку: Кавказ, 2010. – 272 с.

59 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии. IX-XIII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 296 с.

60 Бенце И. Мажарлар мен құмандар жайлы аз сөз // Ұлы даланың біртуар ұланы. Мадияр тілінен аударған Б. Хинаят. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008. – 117-120 бб.

61 Зеленский Ю.В. Кипчаки в Подонье и Предкавказье в XI-XIV вв. // Тюркские кочевники Евразии (кимаки, кипчаки, половцы…): Сб. статей. Сер. «Тюркские племена и государства Евразии в древности и в средние века»; вып. 2. – Казань: Изд-во «Ихлас»; Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2013. – С. 37-47.

62 Анчабадзе З.В. Кипчаки Северного Кавказа по данным грузинских летописей XI-XIV вв. // О происхождении балкарцев и карачаевцев. – Нальчик: Кабардино-балкарское книжное издательство, 1960. – С. 113-126.

63 Гаркавец А.Н. Кыпчакские языки: куманский и армяно-кыпчакский. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 224 с.

64 Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие. Том I. Каталог и тексты памятников армянским письмом. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – 1084 с.

65 Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие. Том II. Памятники духовной культуры. – Алматы: KASEAN; БАУР, 2007. – 912 с.

66 Құдасов С.Ж. Қыпшақ бабалар жазбасы Арменияда қайдан жүр? // https://adyrna.kz/ru/post/12073 15.07.2018.

67 Инков А.А. Древняя Русь и кочевники южнорусских степей в X-XIII веках (Русь и половцы). Монография. – М.: Изд-во МГУ, 2007. – 142 с.

68 Ковалевская Е.Г. История русского литературного языка. – М.: Просвещение, 1978. – 155 с.

69 Егоров В.Л. Русь и ее южные соседи в X-XIII веках. Отечественная история, 1994. № 6. – С.184-201.

70 Любчанская Т.В. Средневековые кочевники Восточной Европы и Древняя Русь (Кочевые элементы в генезисе древнерусской государственности). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Ижевск, 2004. – 27 с.

71 Творогов О.В. Слово о полку Игореве // История русской литературы. Русская литература X-первой четверти XVIII века. В 4-х томах. – Ленинград: Наука, 1980. – С.74-86

72 Дылевский Н.М. Лексические и грамматические свидетельства подлинности «Слова о полку Игореве» по старым и новым данным // Слово о полку Игореве -памятник XII века. – М.-Л.: Наука, 1962. – С. 169-254.

73 Рыбаков Б.А. Древние славяне и античный мир // Держава. – М., 1997. №1. – С.19-25.

74 Сулейменов О. Аз и Я. – А.: Еңбек, 1992. – 167 б.

75 Көбденова Г. Сөздің шығу тегі немесе О.Сүлейменовтің «Язык письма» еңбегіндегі этимологиялық тұжырымдар. – Ана тілі. 19-26.03.2015. №11(1269). – 3 с.

76 Шаймерденова Н.Ж. Теория языковых контактов. // Turco-Slavica: Язык, этнос, культура в едином пространстве. – Петропавл: Полиграфия, 2011. - 348 с.

77 Peisker J. Die älteren Beziehungen der Slawen zu Turkotataren und Germanen. – Stuttgart, 1905. – 296 p.

78 Голден П.Б. К вопросу о происхождении племенных названий кипчаков // Сб. мат. международной научной конференции Кипчаки Евразии: история, язык и письменные памятники. – Астана, 2013. – 430.

79 Yucel Mualla Uydu. Ilk Rus yilliklarinin Turk tarihi acisindan onemi // Tarih Boyunca Turk tarihinin kaynaklari semineri. – Istanbul: Edebiyat fakultesi basimevi, 1997. – P. 125-143.

80 Yucel Mualla Uydu. Rus Kaynaklarına Göre: Koman-Kıpçakların Güney Rus Bozkırlarında Yaşadıkları Sahalar // Turk Dunyasi Arastirmalari. – Haziran, 2001. – P.59-68.

81Yucel Mualla Uydu. Komanlar, koman topraklarinin sinirlari. Terc. Mualla Uydu Yucel. – Istanbul:Istanbul universitesi, 2004. – P. 159-190.

82 Kurat A.N. Rusya tarihi: başlangıçtan 1917'ye kadar. – Ankara: TTK, 2014. – 556 p.

83 Литаврин Г.Г. Византия, Болгария, Древняя Русь (IX-начало XII в.). – СПб.: Алетейя, 2000. – 398 с.

84 Васильевский В.Г. Византия и печенеги. – М.: Изд-во Ломоносовъ, 2013. – 192 с.

85 Бибиков М.В. Byzantinorossica: Свод византийских свидетельств о Руси. Том II. Нарративные памятники. – М.: Рукописные памятники Древней Руси, 2009. – 528 с.

86 Слядзь А.Н. Военно-политические проблемы отношений Византии и Руси XI-начала XII веков. Дисс.на соискание ученой степени к.и.н. – СПБ., 2016. – 250 с.

87 Kafesoglu Ibrahim. Sultan Meliksah devrinde Buyuk Selcuklu Imparatorlugu. – Istanbul: Otuken Nesriyat, 2014. – 238 p.

88 Kovács Szilvia. The Cuman campaigns in 1091. Golden Horde review. – 2014, №1(3).– P.174-189.

89 Йотов В. Византия үзеңгілері туралы – Болгариядан табылған заттар мысалында (VII-XII ғғ.) // Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. III т. Орталық Азия көшпеліліріндегі этно-саяси үдерістер, әулеттік басқару және жауынгерлік өнер:монография/ жауапты ред. Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев, М. Ноғайбаева, Г. Хабижанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – Б.239-249.

90 Мюссе Л. Варварские нашествия на Западную Европу: волна вторая. Перевод с французского А.П. Саниной. – СПб.: Евразия, 2006. – 337 с.

91 Drimba V. Etimologii cumane // Omagui lui Alexandru Rosetti. Bucureşti, 1965. – P. 201-203.

92 Diaconu P. À propos de l’invasion Cumane de 1148 // Ètudes byzantines et post-byzantines. Bucarest, 1979. – P.19-27.

93 Голубовский П.В. Половцы в Венгрии. Исторический очерк. – Киев: Тип. Императорскаго Университета Св. Владимира, 1889. – 29 с.

94 Németh D. Dıe Volksname quman und qun // Körösı Csoma Archıvum. Budapest. – 1940. T. 3. – P. 93-107.

95 Pálóczi H.A. Keleti népek a középkori Magyarországon. Besenyők, úzok, kunok és jászok művelődéstörténeti emlékei. – Budapest-Piliscsaba: PPKE BTK Régészeti Tanszék, 2014. – 307 p.

96 Мандоки Қ. Хантошсектік құман-қыпшақтар. Венгр тіл. ауд. Б. Хинаят // https://e-history.kz/kz/publications/view/konir_mandoki_hantoshsektik_kuman kipshaktar__4911 25.02.2019.

97 Торма Й. К вопросу о родственных связях языков венгерских кунов и казахов // Культура кочевников на рубежах веков (XIX-XX, XX-XXI вв.): Проблемы генезиса и трансформации: тезис докладов международной конференции. – Алматы, 1995. – С. 36-41.

98 Спиней В. Господство Золотой Орды в Валахии и Молдавии // Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. – Казань: ИИ им.Ш.Марджани АН РТ, 2016. - С. 403-426.

99 Расовский Д.А. Половцы: Пределы поля половецкого. Анналы института им. Н. П. Кондакова. – Прага, 1937. – Т.IV. – С. 150-168.

100 Князькин И.О. Половцы в Нижнем Подунавье // Вопросы истории, 2000. – №3. – С. 121-128.

101 Пашуто В.Т. Русь. Прибалтика. Папство (Древнейшие государства Восточной Европы). – М.: Русский Фонд Содействия Образованию и науке, 2011. – 688 с.

102 Шушарин В.П. Ранний этап этнической истории венгров. Проблемы этнического самосознания. – М.:РОССПЭН, 1997. – 512 с.

103 Мохов Н.А. Общественно-экономический и политический строй Подунавья в XII-XIV веках. Появление молдавского этноса // Очерки истории формирования молдавского народа. Кишинев:Картя Молдовеняскэ, 1978. – 122 с.

104 Eker Süer, Kasapoolu Hülya. Çengel Kipchak Turkic as a part of the Balkans and Eastem Europe history-geography // Lucrarile simpozionului international cartea. – Romania: Biblioteca Metropolitana Bucuresti, 2009. – pp.531-549.

105 Осипян А.Л. Миграция, адаптация и интеграция кочевников в оседлом обществе: сравнительный анализ перехода половцев к оседлому образу жизни в Галицкой Руси и Венгерском королевстве в XIII-XV вв. // Тюркские кочевники Евразии (кимаки, кипчаки, половцы...) Сб.статей. Серия «Тюркские племена и государства Евразии в древности и средние века»; вып.2. – Казань:Ихлас, 2013. – С.122-174.

106 Юрасов М. Влияние поисков венграми новой родины на освоение восточными славянами междуречья Днестра и Прута // Русин, 2007. - № 2(8). – С. 20-25.

107 Хаутала Р. Королевство Венгрии и куманы в преддверии западного похода монголов // Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. – Казань: ИИ им.Ш.Марджани АН РТ, 2016. - С. 50-58.

108 Чеченов А.А. Половецкий язык // Языки мира. Тюркские языки. – М.: Институт языкознания РАН, 1997. – С. 110-116.

109 Баскаков Н. А. Тюркские языки / Отв. ред. Г.Д. Санжеев. – М.: Изд. восточной литературы, 1960. – 248 с.

110 Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. – Москва: Эксмо, 2006. – 508 с.

111 Абусеитова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв. (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.

112 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани луғат ат-турк»). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.

113 Извлечения из «Китаб ал-Месалик ва-л-Мемалик» Ибн Хордадбеха // Материалы по истории туркмен и Туркмении. Том I. VII-XV вв. Арабские и персидские источники. Под.ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича и А.Ю. Якубовского. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1939. - С.144-146.

114 Коновалова И.Г. Восточная Европа в сочинении ал-Идриси. – М.: изд-во Восточная литература РАН, 1999. – 254 с.

115 Извлечения из «Китаб ал-Булдан» ал-Якуби // Материалы по истории туркмен и Туркмении. Том I. VII-XV вв. Арабские и персидские источники. Под.ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича и А.Ю. Якубовского. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1939. – С.146-150.

116 ал-Истахри «Китаб масалик ал-мамалик» // Материалы по истории кыргызов и Кыргызстана (Извлечения из китайских источников II в. до н.э.-XVIII в.). – Бишкек:ЦИТЦ, 2003. – Том 2. – 260 с.

117 Ал-Гарнати Абу Хамид. Мурибан бад Аджаиб аль-Магриб («Ясное изложение некоторых чудес Магриба») // http://www.vostlit.info/Texts/rus4/Garnati/frametext1.htm. 25.03.2016.

118 Материалы по истории Азербайджана из Тарих-ал-камиль (полного свода истории) Ибн-ал-Асира. – Баку: издательство АзФАН, 1940. – 183 с.

119 Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. – М.: Наука, 1988. – 147 с.

120 Из описания путешествий Ибн Баттуты // СМИЗО. Извлечения из сочинений арабских.– СПб.: Тип. Императорской Академи наук, 1884. – Том I. – С. 278-314.

121 Ибн Баттута. Слово об области хипжаха // Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник I (V в. до н.э. – XVIII в. н.э. Под.ред. проф.С.Д. Асфендиярова и проф. П.А. Кунте). – Алматы: Казахстан, 1997. – 383 с.

122 Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу. Под.ред. И.Ю. Крачковского. – М.-Л.: АН СССР, 1939. – 193 с.

123 Шараф ал-Заман Тахир Марвази. Глава о тюрках: перев. В. Храковского // Труды сектора востоковедения, Том 1. – Алматы: АН КазССР, 1959. http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Marvazi_Tahir/frametext1.htm 25.08.2016.

124 Извлечения из «Худуд ал-алам» - Анонимного персидского географического сочинения // Материалы по истории Туркмен и Туркмени. VII-XV вв. Арабские и персидские источники. Под ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовского. – Москва-Ленинград: изд-во АН СССР, 1939. – Т.I. – С. 209-217.

125 Извлечения из «Тарих-и-джехангуша» Ала-ад-дина Ата-Мелика Джувейни // Материалы по истории Туркмен и Туркмени. VII-XV вв. Арабские и персидские источники. Под ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовского. – Москва-Ленинград: изд-во АН СССР, 1939. – Т.I. – С. 442-449.

126 Извлечения из «Джами ат-Таварих» Рашид ад-дина // Материалы по истории Туркмен и Туркмени. VII-XV вв. Арабские и персидские источники. Под ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовского. – Москва-Ленинград: изд-во АН СССР, 1939. – Т.I. – С. 493-504.

127 Рашид ад-дин Фазлуллах Хамадани. Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы, XIV ғ.). Көп томдық. 1-том. – Астана:Фолиант, 2018. – 596 б.

128 Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. Научно-аналитический обзор. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 42 с.

129 Михаил Сириец и его «Хроника» // Гусейнов Р.А. Сирийские источники XII-XIII вв. Об Азербайджане. – Баку: АН АзССР, 1960. - С.14-52.

130 История и восхваление венценосцев. Пер.К.С.Кекелидзе. – Тбилиси:АН ГрузССР, 1954. – 110 с.

131 Гандзакеци К. История Армении. Пер. с древнеармянского предисловие и примечания Л.А. Ханларян. – М.: Наука, 1976. – 357 с.

132 Эдесский М. Хронография (951-1162 гг.). Перевод Е.А. Гуринова // http://www.vostlit.info/Texts/rus3/Matfei_II/frametext12.htm 19.08.2016.

133 ПСРЛ. Летопись по Ипатскому списку. Издание археографической коммиссии. – СПб.: Печатня В.Головина, 1871. – 616 с.

134 Половцы (кыпчаки) в русских летописях. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2018. – 144 с.

135 Бичурин Н. Я. [Иакинф]. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М-Л.: АН СССР, Институт этнографии им. Миклухо-Маклая, 1950. – 656 с.

136 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. – Алматы: Өнер, 2006. – 344 б.

137 Деяния венгров // http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Gesta_Hungarorum/frametext.htm 22.12.2015.

138 Щавелева Н.И. Древняя Русь в «Польской истории» Яна Длугоша (книги I-IV): Текст, перевод, комментарий / отв.ред. А.В. Назаренко. – М.: Памятники исторической мысли, 2004. – 495 с.

139 Бибиков М.В. Основные этапы военно-политической истории половцев в Причерноморье в XII-первой половине XIII в. // Византийские источники по истории древней Руси и Кавказа. – СПб.: Алетейя, 2001. – С.228-264

140 Анна Комнина. Алексиада. Перевод и комментарий Я.Н. Любарский. – М.:Наука. 1965. – 703 с.

141 Г.Рубрук, П. Карпини Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы: Гылым, 1993. – 245 с.

142 Жуанвиль Жан де. Книга благочестивых речений и добрых деяний нашего святого короля Людовика Пер. со старофранц. Цыбулько Г.Ф., под.ред. Карачинского А.Ю., науч.ред.перевода Малинин Ю.П. – СПб.: Евразия, 2012. – 400 с.

143 Гайтон. Цветник историй земель Востока // Книга странствий / Перевод с латинского и старофранцузского. Н. Горелова. – СПб.: Азбука-классика, 2006. – С. 211–274.

144 Парижский Матвей. Великая хроника // https://profilib.com/chtenie/100296/matvey-parizhskiy-velikaya-khronika-11.php 06.01.2017.

145 Халиков А.Х. Торговые пути Булгарии в IX–XIII веках и их археологическое изучение // Путь из Булгара в Киев. – Казань: КНЦ РАН, 1992. – С. 12–22.

146 Документы и материалы по истории башкирского народа (с древнейших времен до середины XVI в.). Ф.Г. Хисаметдинова, А.В. Псянчин, В.В. Овсянников. – Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2012. – 340 с.

147 Айт десенъиз, айтайым… (Если просите, спою…) / сост. А. И.-М. Сикалиев. – Черкесск: Карачаево-Черкесская областная типография, 1971. – 144 с.

148 Ярлыкапов А.А. Куманы и кипчаки в эпической поэме «Сорок ногайских богатырей» // Тюркологический сборник, 2006. – М.: Вост. лит., 2007. – С.364-366.

149 Башкирский эпос «Алдар и Зухра»: историко-археологические реалии эпохи раннего средневековья // Документы и материалы по истории башкирского народа (с древнейших времен до середины XVI в.). Ф.Г. Хисаметдинова, А.В. Псянчин, В.В. Овсянников. – Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2012. – 340 с.

150 Исянгулов Ш.Н. Предания и легенды «акташского цикла как исторический источник (из истории башкир в домонголский период). – Уфа: Гилем, Башк.энцикл., 2015. – 188 с.

151 Киндикова Н.М. Размышления о куманах и не только о них: общеизвестные и неизвестные факты // Культура и традиции коренных народов Северного Алтая. – СПб:Издательский дом СПбГУ, 2008. – С.267-273.

152 Шатинова Н.И. Алтайско-кумандинские этнографические параллели // Культура и традиции коренных народов Северного Алтая. – СПб:Издательский дом СПбГУ, 2008. – С.181-185.

153 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 206 б.

154 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Сана, 1991. – 80 б.

155 Толыбеков С. Қазақ шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 144 б.

156 Сейдембек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.

157 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Қаңлы. – Алматы: Алаш ТЗО, 2008. – Т.XII. – 732 с.

158 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2012. – Т.84. Шежірелік аңыздар. – 448 б.

159 Сабитов Ж. Кипчаки в XI-XIII веках // https://e-history.kz/ru/contents/view/kipchaki_v_xixiii_vekah 30.10.2017.

160 Муратов Б.А., Суюнов Р.Р. Саки-динлины, аорсы, Ашина и потомки кланов Дешти-Кипчака по данным ДНК-генеалогии // Вестник Академии ДНК-генеалогии, 2014. – №8. – С. 1198-1226.

161 Харьков В.Н., Степанов В.А., Медведева О.Ф., Спиридонова М.Г., Воевода М.И., Тадинова В.Н., Пузырев В.П. Различия структуры генофондов

северных и южных алтайцев по гаплогруппам Y-хромосомы // Генетика, 2007. – Том 43. – №5. – С. 675-687 .

162 Stepan N. The idea of race in science: Great Britain, 1800–1960. – Oxford: Macmillan, 1982. – P.97-99.

163 Thomas J. Time, culture, and identity: An interpretive archaeology. – London: Routledge, London and New York, 1996. – P. 267.

164 Jones A. Archaeological theory and scientific practice. – Cambridge: Cambridge University Press, 2002. – P. 107-117.

165 Арутюнян Ю.В., Дробижева Л.М., Сусоколов А.А. Этносоциология. – М.: Аспект-Пресс, 1998. – 271 с.

166 Багновская Н.М. Северская земля: Историко-этническое формирование и развитие населения в VIII - XVIII вв. Диссер. на соиск. уч.степени д.и.н. – Москва, 2002 – 290 с.

167 Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Кітап палатасы, 2013. – 480 б.

168 Широкогоров С.М. Этнос. Исследование основных принципов изменения этнических и этнографических явлений. В 2-х книгах. Книга вторая. – Владивосток: Изд-во Дальневосточного университета, 2002. - 148 с.

169 Котошева К.К. Этнос как система целостности. – Алматы: Ғылым, 2005. – 288 с.

170 Сагинаева А.Н. Қоман-қыпшақтарының этникалық тарихының мәселелері // Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруы: «Алаш» және «Мәңгілік ел» идеялары: халықаралық ғылыми-теориялық және әдістемелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 153-157 бб.

171 Кумеков Б.Е. Кимеки, кипчаки и куманы по сведениям письменных источников мусульманского круга // Кыргыз тарыхынын актуалдуу маселелери: өтмүшү, азыркысы жана келечеги: Тарыхчы, чыгыш таануучу Анварбек Мокеевдин 70 жылдык юбилейине арналган илимий макалалар жыйнагы. – Бишкек, 2019. – 38-45 бб.

172 Бернштам А.Н. Из итогов археологических работ на Тянь-Шане и Памиро-Алае // Краткие сообщения о докладах и полезных исследованиях института истории материальной культуры имени Н.Я. Марра. – М.-Л.: АН СССР, 1949. – Вып. XXVIII. – С.55-66.

173 Абжанов Х.М. Историческая наука переживает второе рождение // http://e-history.kz/ru/publications/view/2616. 03.04.2017.

174 Schwartz Seth J., Syed M., Tiffany Y., Knight G.P., Umana-Taylor A., Rivas-Drake D., Lee R. Ethnic and Racial Identity in the 21st Century Study Group. Methodological Issues in Ethnic and Racial Identity Research With Ethnic Minority Populations: Theoretical Precision, Measurement Issues, and Research Designs // Child Development, January/February 2014, Volume 85, Number 1. – P. 58–76.

175 Набиуллина А.В. Основные подходы и методология изучения межэтнических отношений // Ученые записки Казанского государственного университета. – 2009. – Том 151, кн.5, ч.1.– С. 15- 21.

176 Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. – Алматы-Москва: Социнвест-Горизонт, 1995. – 320 с.

177 Барфилд Т.Дж. Опасная граница: кочевые империи и Китай (221 г. до н. э. - 1757 г. н. э.) / Пер. Д. В. Рухлядева, В. Б. Кузнецова. – СПб, 2009. – 248 с.

178 Грум-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Ленинград, 1926. – Т.II. – 906 с.

179 Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью, 1893-1894. СПб, 1897. – 189 с.

180 Ртвеладзе Э. Цивилизации, государства, культуры Центральной Азии. Ташкент: ПАТЕНТ ПРЕСС, 2005. – 288 с.

181 Исмагулов О., Исмагулова А. Историко-культурная значимость антропологической реконструкции выдающихся деятелей Казахстана // Қобыланды батыр: аңыздар мен шындықтар тоғысында атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2007. – С.19-26.

182 Van den Berghe P.L. The Ethnic Phenomenon. – Connecticut: Greenwood Press, 1981. – P. 301.

183 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М.: АСТ, 2002. – 557 с.

184 Смит Э. Д. Национализм и модернизм: критический обзор современных теорий наций и национализма. – М.: Праксис, 2004. – 464 с.

184 Смит Э.Д. Национализм и историки // Нации и национализм / Б. Андерсон, О. Бауэр, М. Хрох и др. Пер. с англ. и нем. Л.Е. Переяславцевой, М.С. Панина, М.Б. Гнедовского. – М.: Праксис, 2002. – С. 236-263.

185 Бромлей Ю.В. Этнос и этнография. Научная монография. – М.: Наука, 1973. – 285 с.

186 Геллнер Э. Пришествие национализма. Мифы нации и класса // Нации и национализм / Б. Андерсон, О. Бауэр, М. Хрох и др. Пер. с англ. и нем. Л.Е. Переяславцевой, М.С. Панина, М.Б. Гнедовского. – М.: Праксис, 2002. – С. 146-200.

187 Вебер М. Протестантская этика и дух капитализма // Вебер М. Избранные произведения. – М.: Прогресс, 1990. – С. 61–272.

188 Хобсбаум Э. Дж. Принцип этнической принадлежности и национализм // Нации и национализм / Б. Андерсон, О. Бауэр, М. Хрох и др. Пер. с англ. и нем. Л.Е. Переяславцевой, М.С. Панина, М.Б. Гнедовского. – М.: Праксис, 2002. – С. 332-346.

189 Тишков В.А. Концептуальная эволюция национальной политики России // Исследования по прикладной и неотложной этнологии. Документ №100. – М.: ИЭА РАН, 1996.– 40 с.

190 Фофанов В.П. Всемирная история как рефлексия цивилизаций // Гуманитарные науки в Сибири. – Новосибирск, 1991. – №1. – С. 44-48.

191 Казиев С.Ш. Кипчаки: концепции этнической истории // Тюркские народы. Фрагменты этнических историй (отв.ред. М.Н. Губогло.). – М.: ИЭА РАН, 2014. – 442 с.

192 Кумеков Б.Е. Арабские письменные памятники как источник по этническому составу кипчаков Мамлюкского государства // Проблемы источниковедения, историографии и истории Востока: Материалы международной научной конференции, посвященной 90-летию со дня рождения профессора В.М. Бейлиса. – Луганск: ЛНУ имени Т. Шевченко, 2013. – 262 с.

193 Сум П.Ф. О хазарах. – М., 1886. – 15с.

194 Drobny J. Cumans and Kipchaks: Between Ethnonym and toponym // Zborník filozofickej fakulty univerzity Komenského Ročník. XXXIII – XXXIV. Graecolatina et Orientalia. – Bratislava, 2012. – P. 205-217.

195 Хабижанова Г.Б. Особенности формирования этнокультурной общности народов Евразии // Идель – Алтай: история и традиционная культура народов Евразии. Материалы III Международного форума, посвященного 90-летию доктора филологических наук, профессора С. С. Суразакова / БНУ РА «Научно-исследовательский институт алтаистики им. С.С. Суразакова»; редколлегия: Н.В.Екеев (отв. ред.), Э.В. Енчинов, А.А. Конунов, Н.О. Тадышева, А.Э. Чумакаев, Т.К. Шутина. – Горно-Алтайск: Горно-Алтайская типография, 2015. – С. 53-55.

196 Искакова Г.З. Түркі қағанатының этно-тарихи географиясы (VI ғасырдың ортасы-X ғасыр): философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2015. – 132 б.

197 Кляшторный С.Г. Этнолингвистическая ситуация в Великой Степи в начале I тыс.н.э. // Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004: 2-е изд., исправл. и доп. – С. 53-54.

198 Сагинаева А.Н. VIII-XII ғғ. Еуразияның далалық аймақтарының географиялық келбетінің өзгеруіндегі қыпшақтардың орны // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 2016. – №1(80). – 40-45 бб.

199 Волков В.Г. К вопросу о миграциях и прародине кыпчаков. Генетический аспект // Золотоордынская цивилизация. 2016, №9. – С. 298-308.

200 Сагинаева А.Н. Коман-қыпшақтары мемлекеттік аумағының мұрагері-қазақ хандығы // Қазақ хандығы: тарих, теория және бүгінгі күн: халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 99-102 бб.

201 Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и коментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. – А.: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.

202 Салғараұлы Қ. Ұлы қағанат. – Астана: Фолиант, 2008. – 552 б.

203 Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. Редакция, вступительная статья и примечания Н.П. Шастиной // – М.: ГИГЛ, 1957. 272 с. + карта.

204 Задонщина // Памятники литературы Древней Руси. XIV-серидина XV века. Перевод Л.А. Дмитриева. – М.: Худож.лит., 1981. – С. 96-111.

205 Кляшторный С.Г. Общая концепция этнической истории древнетюркских племен // Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004: 2-е изд., исправл. и доп. – С. 90-54.

206 Ахинжанов С.М. Об этническом составе кипчаков средневекового Казахстана // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата: Наука, 1976. – С. 81-93.

207 Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических памятниках // Türcologica. К восьмидесятилетию академика А.Н. Кононова. – Л.: Наука, 1986. – С.153–164.

208 Мухажанова Т.Н., Әсетілла А.М. «Қыпшақ» этнонимі мен оның шығу тарихы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – Алматы, 2016. – №3 (50). – С.240-244.

209 Бартольд В.В. Кипчаки. Сочинения. Том V. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – Москва: Наука, 1968. – 757 с.

210 Яркеев А.В. Этническая идентичность в дискурсе социального мифа: монография. – Ижевск: УГУ, 2009. – 180 с.

211 Расовский Д.А. Половцы. Черные клобуки: Печенеги, торки и берендеи на Руси и в Венгрии (работы разных лет). – Москва: ЦИВОИ, 2012. – 237с.

212 Kildiroglu M. Kırgızlar ve Kıpçaklar: IX. asrın ikinci yarısından XVI. asra kadar Kırgızlar ve Kıpçakların etno-siyasi ilişkileri. – Ankara: TTK, 2013. – 311 p.

213 Saginayeva A.N. The usage area of the ethno-names of “kypshak, «koman», «polovtsy» // Актуальные вопросы научных исследований: сборник научных трудов по материалам XV Международной научно-практической конференции, г. Иваново, 15 октября 2017 г. – Иваново: ИП Цветков А.А., 2017. – С. 21-24.

214 Энциклопедический словарь. Издатели Ф.А. Брокгауз, И.А. Ефрон. – СПб: Типо-Литография И.А. Ефрона, 1898. – Том XXIV. – 474 с.

215 Инсебаев Т.А. Кыпчакский след: том3./ гл.ред. А. Нухулы. – Павлодар: ПГПИ, 2017. – 286 с.

216 Скржинская Е.Ч. Половцы. Опыт исторического истолкования этникона // Византийский временник. Т.46. – М.: Наука, 1986. – С. 255-276.

217 Кюнер И.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – М.:ИВЛ, 1961. – 587 с.

218 Bretschneider E. Mediaeval researches from Eastern Asiatic sources: fragments towards the knowledge of the geography and history of central and western Asia from the 13th to the 17th century. – London: Kegan Paul, Trench, Trübner & Co. Ltd., 1910. – 344 p.

219 Ципоруха М.И. Покорение Сибири. От Ермака до Беринга. – М.: Вече, 2004. – 400 с.

220 Аристов Н.А. Труды по истории и этническому составу тюрских племен /отв.ред.акад. В.М. Плоских. – Бишкек: Илим, 2003. – 460 с.

221 Беликова О.Б. Среднее Причулымье в X-XIII вв. – Томск: Изд-во Том.гос.ун-та, 1996. – 272 с.

222 Беликова О.Б. Басандайская культура // Народы и культуры Томско-Нарымского Приобья. – Томск: изд-во Томского государственного уни-та, 2001. – С. 30-32.

223 Мокеев А. Этапы этнической истории кыргызского народа во второй половине IX-первой половине XVIII вв. Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Бишкек, 2010. – 263 с.

224 Saginayeva A.N. The role of Kangly in the ethnical history of Koman-Kypshak people // Peoples of Eurasia: history, culture and interaction problems: materials of the VII international scientific conference on April 5–6, 2017. – Prague: Vědecko vydavatelské centrum «Sociosféra-CZ», 2017. – P. 9-12.

225 Кузембаев Н.Е. История изучения кипчакских племен в России (XVIII – XX вв.). Дисс. на соис. уч. степени к.и.н. – Павлодар, 2008. – 168 с.

226 Ноғайбаева М.С. XIII-XV ғғ. алғашқы жартысындағы этнотерриторияның қалыптасуына әсер еткен этносаяси үдерістер және олардың ерекшеліктері // Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. III т. Орталық Азия көшпелілеріндегі этно-саяси үдерістер, әулеттік басқару және жауынгерлік өнер:монография/ жауапты ред. Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев, М. Ноғайбаева, Г. Хабижанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 59-80 бб.

227 Кызласов Л.Р. О назначении древнетюркских каменных изваяний, изображающих людей // Советская археология. – 1964. №2. – С. 27-39.

228 Tobiasz A.G. Monumental Polovtsian Statues in Eastern Europe: the Archaeology, Conservation and Protection. – London: Versita. 2013. – 61 p.

229 Сагинаева А.Н. Қыпшақтардың батысқа көшуі және оның тарихи маңызы // Қазақ тарихы. – 2017. – №8(155). – 4-6 бб.

230 Кузьмина Е.Е. Распространение коневодства и культа коня у ираноязычных племен Средней Азии и других народов Старого света // Средняя Азия в древности и Средневековье (история и культура). Под ред. Б.Г. Гафурова, Б.А. Литвинского. – М.: Наука, 1977. – С. 28-52.

231 Хабижанова Г.Б. Природные ритмы в картине мира кочевников Центральной Азии // Взаймодействие природы и общества в кочевой цивилизации народов Центральной Азии: сборник научных трудов / отв. Ред. Г.Б. Хабижанова. – Алматы: Казахский университет, 2015. – 170 с.

232 Хабижанова Г.Б. Казахские племена в контексте сравнительно-исторического изучения // Вестник КазНУ. Серия историческая. Алматы, 2012. – №1. – С.12-16.

233 Чоротегин Т.К. Этнические ситуации в тюркских регионах Центральной Азии домонгольского времени: По мусульманским источникам IX-XIII вв. – Бишкек: ПП Камекс-Детай ЛТД, 1995. – 72 с.

234 Agajanov S.G. The states of the Oghuz, the Kimek and the Kipchak // History of Civilizations of Central Asia. Vol. IV: The Age of Achievement: AD 750 to the End of the Fifteenth Century, Part One: The Historical, Social and Economic Setting. – Paris: UNESCO Publishing, 1998. – 485 p.

235 Кумеков Б.Е. Казахи и венгры: общие исторические корни // Ұлы даланың біртуар ұланы. Мадияр тілінен аударған Б. Хинаят. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008. – 29-120 бб.

236 Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Йақұттың «Му'джам әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағы – Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 245 б.

237 Белых С. К., Напольских В. В Этноним удмурт: исчерпаны ли альтернативы? // Linguistica Uralica.– Tallinn, 1994, – Т. 30. – №4. – С. 278–288.

238 Kalafat Yaşar. Balkanlardan Uluğ Türkistan'a Türk Halk inançlari. – Ankara: Berikan Yayinlari, 2006. – 455 p.

239 Башкиры: Этническая история и традиционная культура. – Уфа: Башкирская энциклопедия, 2002 – 248 с. с ил.,1 вс. цв.вкл.

240 Кузеев Р.Г. Об историческом соотношении территорий «Великой Венгрии» и древней Башкирии // Этнография Башкирии. – Уфа: Башкирский филиал АН СССР, 1976. – С. 5–11.

241 Расторопов А. Вопросы ранней этнической истории венгров-мадьяр // История татар Западного Приуралья. Том I. Кочевники Великой степи в Приуралье. Татарские средневековые государства. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. – С. 63-71.

242 Баскаков Н.А. О происхождении этнонима башкир // Этническая ономастика. – М.: Наука, 1984. С. 13–18.

243 Миргалеев И., Аксанов А. Введение // История татар Западного Приуралья. Том I. Кочевники Великой степи в Приуралье. Татарские средневековые государства. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. – С. 6-15.

244 Кляшторный С.Г. Сложение древнетюркского союза племен // Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004: 2-е изд., исправл. и доп. – С. 86-90.

245 Хузин Ф.Ш. Болгарскаяя цивилизация Восточной Европы и некоторые проблемы ее изучения // Научный Татарстан. – 2011. – № 3. – С. 92-104.

246 Сагинаева А.Н. VI-XII ғасырдағы түркі және славян халықтары мәдени байланыстарының даму сипаты // Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу мәселелері және теориялық-методологиялық ұстанымдары: халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 172-175 бб.

247 Белавин А., Крыласова Н. Финно-угры в Приуралье // История татар Западного Приуралья. Том I. Кочевники Великой степи в Приуралье. Татарские средневековые государства. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. – С. 51-63.

248 Şeşen R. İslâm Coğrafyacılarına Göre Türkler ve Türk Ülkeleri. – Ankara: TTK, 2001. – 300 p.

249 Плетнева С. А. Половцы. – М.:Наука, 1990. – 210 с.

250 Крачковский И.Ю. Арабская географическая литература / Избранные сочинения. Том IV. – М.: АН СССР, 1957. – 965 с.

251 Беленов Н.В. Булгарские ойконимы у Наджиба Хамадани и Ахмеда ат-Туси и их локализация на территории бывшей Волжской Булгарии // Самарский научный вестник. – 2016. – №3(16). – С. 91-96.

252 Хузин Ф.Ш., Валиулина С.И., Шакиров З.Г. Билярской археологической экспедиции – 50 лет: итоги и проблемы исследования великого города // Археология евразийских степей.– Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2017. – 380 с.: илл

253 Сирийские источники XII-XIII вв. об Азербайджане. Баку: АН АзССР, 1960. Пер. Р. А. Гусейнова // http://www.vostlit.info/texts/rus4/mychel_syr/frameotryv1. 23.04. 2016.

254 Чураков В.С. Удмуртские традиционные верования в свете некоторых лексических реконструкций // ИДНАКАР: методы историко-культурной реконструкции. – 2007. – №1(1). – С.51-64.

255 Атаманов М.Г. Происхождение теонима Инмар «бог» в удмуртском языке // Г. Е. Верещагин и этнокультурное развитие народов Урало-Поволжья. – Ижевск, 2004. – С. 179-180.

256 Набиев Р. К вопросу о соотношении терминов «бьярмия» и «булгария» // Древнетюркский мир: история и традиции. Материалы одноименной научной конференции. – Казань: Институт истории АН РТ, 2002. – 144 с.

257 Gökbel A. Kipçaklar ve Gürcüler // Kipçak türkleri (Siyasi ve dini tarihi). – Istanbul: Ötüken, 2000. – P. 56-60.

258 Korobeinikov D. A broken mirror: the Kıpçak world in the thirteenth century. // The Other Europe in the Middle Ages. Avars, Bulgars, Khazars and Cumans. – Leiden: Brill NV, 2008. – 492 p.

259 Alasania Guili. Gürcistan Kıpçaklari // Türkler Ansiklopedisi. – Ankara: Yeni Turkiye Yayinlari, 2002. – P.793-797.

260 Ибрагимли Халаддин. Азербайджанцы Грузии: историко-этнографический и социально-политический комментарий. – М.: Издательство «Европа», 2006. – 158 с.

261 Cog Mehmet. Ortaçağ’da Kafkasya havzasinda kipçaklar // Karadeniz İncelemeleri Dergisi, 2015. – №19. – p.57-74.

262 Юнусов А. Ахыскинские (месхетинские) турки: дважды депортированный народ // http://www.ahiska-gazeta.com/ru/histories/50/ 18.04.2017.

263 Д’Оссон К. История монголов от Чингиз-хана до Тамерлана. Перевод и предисловие Н. Кузьмина. Т.1. – Иркутск: ОГИЗ, 1937. – 295 с.

264 Жұмағұлов Қ.Т., Абдимомынов Н.Т. Сұлтан Бейбарыс билігі кезеңіндегі Мысырдың сыртқы саясаты (1260-1277) // Отан тарихы, 2015. – №4 (72). – 67-74 бб.

265 Волкова Н.Г. Этнонимы и племенные названия Северного Кавказа. – М.:Наука, 1973. – 208 с.

266 Марғұлан Ә. Тамғалы тас жазуы // Жұлдыз. – 1984. – №1. – 132-146 бб.

267 Golden P.B. Studies on the Peoples and Cultures of the Eurasian Steppes. Bucureşti – Brăila: Editura Academiei Române, Editura Istros a Muzeului Brăilei, 2011. – 424 p.

268 Хайретдинов Д.З. Этнические пласты нижегородских татар // Теория и практика общественного развития. – 2015. – №9. – С. 164-168.

269 Боханов А.Н., Горинов М.М. История России с древнейших времен до конца XX века. В 3-х книгах. Отв. редактор А.Н. Сахаров. – М.:ООО «Издательство АСТ», 2001. - 601 с.

270 Баскаков Н.А. Классификация тюркских языков // Труды Института языкознания.– М.: Наука, 1952. – Т.1. – С. 7-57.

271 Kurat Akdes N. IV-XVIII Yüzyıllarda Karadeniz Küzeyindeki Türk Kavimleri ve Devletleri. – Ankara: Türk tarih kurumu basimevi , 1972. – 511 p.

272 Челеби Э. Книга путешествия. (Извлечения из сочинения турецкого путешественника XVII века). Вып. 3. Земли Закавказья и сопредельных областей Малой Азии и Ирана. – М.:Наука, 1983. – 241 с.

273 Бартольд В.В. Киргизы (Исторический очерк). – Фрунзе: Киргиз-е гос-е изд., 1927. – 57 с.

274 Азбелев П..П. К систематике поясных наборов древнетюркской эпохи. // Жилище и одежда как феномен этнической культуры. Материалы VII Санкт-Петербургских этнографических чтений. – СПб, 2008. – С. 285-290.

275 Амброз А.К. Южные художественные связи населения Верхнего Поднепровья в VI веке. // Древние славяне и их соседи. МИА. – 1970. – №179. – С. 70-75.

276 Гаркавец А.Н. Кыпчакские памятники как источник возрождения юридической терминологии // http://iie.kz/?page_id=396&lang=ru 16.08.2017.

277 Бибиков М.В. Исторический опыт межэтнических отношений на евразийском пространстве // https://www.portal-slovo.ru/philology/37315.php?ELEMENT_ID=37315&SHOWALL_1=1 18.01.2017.

278 Седов В.В. Славяне в древности. – М.: Издательство «Научно-производственное благотворительное общество «Фонд археологии» , 1994. – 344 с.

279 Saginayeva A.N., Khabizhanova G., Kuldibayev Y. Historical and cultural interaction and communication Kuman-Kipchak with neighboring nations in the VIII-XII centuries // Analele Universităţii din Craiova. Istorie/Annals of the University of Craiova. History. Anul XXII, Nr. 1(31) April, 2017. – P. 7-24. http://www.istoriecraiova.ro/wp-content/uploads/2017/04/2017_1_Anale_PDF.pdf 25.08.2018.

280 Кляшторный С.Г. Кипчаки, команы, половцы // Сб. матер.междун. научн.конференции «Кипчаки Евразии: история, язык и писменные памятники», 29-30 май 2013. – Астана, 2013. – С.25-27.

281 ПСРЛ. Лаврентьевская и Троицкая летописи. – СПб.: типография Эдуарда Праца, 1846. – Том I-II. – 294 с.

282 Плетнева С.А. Донские половцы // «Слово о полку Игореве» и его время. – М.: Наука, 1985. – С. 249–281.

283 Yucel Mualla Uydu. Koman-Kıpçakların Tarihinde İgor Destanının Yeri ve Önemi // TTK Belleten Dergisi, Cilt: LXX, 258. – Ağustos, 2006, – P.523-559.

284 Гарустович Г.Н. Почитание змей и легендарного дракона в народных верованиях кыпчакских и других тюркских племен // Урал и просторы Евразиисквозь века и тысячелетия: научные публикации, посвященные 80-летнему юбилею Н.А. Мажитова / отв.ред. А.Н. Султанова. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2013. – С. 105-118.

285 Golden, Peter B. An introduction to the history of the Thrkic peoples: ethnogenesis and state formation in medieval and early modern Eurasia and the Middle East. 1 Peter B. Golden. – Wiesbaden:Harrassowitz, 1992. – 483 p.

286 Сагинаева А.Н., Хабижанова Г.Б., Бабаханова Э.А. XI-XIII ғғ. қыпшақтардың орыс княздіктерімен сауда-экономикалық және мәдени байланыстары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар сериясы. – 2016. – №2 (49). – 74-77 бб.

287 Худяков М.Г. Очерки по истории Казанского ханства.– М.: ИНСАН, 1991. – Изд. 3-е. – 320 с.

288 Дуйчев И.С. Обзор Болгарских работ 1945-1958 гг. По изучению древнерусской литературы и русско-болгарских литературных связей XI-XVII вв. // Труды отдела древнерусской литературы. – М.-Л.: из-во АН СССР, 1960. – Т. XVI. – С.589-603.

289 Зеленский Ю.В. Современный этап в изучении половецких древностей Северо-Западного Кавказа // Трибуна молодого ученого. №3 (58), 2015. С. – 123-127.

290 Повесть временных лет. Перевод. Д.С. Лихачева. – М.-Л.: Изд.АН СССР, 1950. – 404 с.

291 Сагинаева А.Н. Түркі-славян байланысы диалогында мәдениеттердің трансформациялану: археологиялық және жазба деректер негізінде // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2015. – №4 (79). – 82-86 бб.

292 Плетнева С.А. Древности черных клобуков. – М.: Наука, 1973. – 95 с.

293 Свод древнейших письменных известий о славянах. Т. I: (I–VI вв.) / отв. редакторы Л. А. Гиндин (филология), Г. Г. Литаврин (история). – М.Наука, 1994. – 237 с.; Т. II: (VII–IX вв.) / отв. редактор Г. Г. Литаврин. – М.: Наука, 1995. – 510 с.

294 Голубовский П.В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар (История южно-русских степей IX-XIII вв.). – К.: Университ. тип. И. И. Завадского, 1884. – 257 с.

295 Валишевский К. Иван Грозный: Исторический очерк. – М.: Наука, 1993. – 349 с.

296 Сүйіншалиев Х. VIII –XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы:Мектеп, 1989. – 278 б.

297 Горшков А.И. История русского литературного языка. – М.: Высшая школа, 1969. – 81 с.

298 Серегина Н. С. «Слово о полку Игореве» и русская певческая гимнография XII века. – М.: Памятники исторической мысли, 2011. – 400 с.

299 Сагинаева А.Н. Қыпшақтардың материалдық мәдениеті // Қазақ тарихы. – 2015. – №7(138). – 11-13 бб.

300 Агаджанов С.Г. Контактные зоны Восточной Европы: узловые проблемы и задачи изучения // Доклады Института российской истории РАН. 1995-1996 гг. / Российская академия наук, Институт российской истории; отв. ред. А.Н.Сахаров. – М.: ИРИ РАН, 1997. – С. 5-36.

301 Сагинаева А.Н. Коман-қыпшақтарының Шығыс Еуропа халықтарымен байланысы: тарихи шолу // Қазіргі замандағы жаһандану және ықпалдастық жағдайында әлемдік қауымдастық және Қазақстан: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 151-153 бб.

302 Brand Charles M. The Turkish Element in Byzantium. Eleventh-Twelfth Centuries. Dumbarton Oaks Papers. 1989, Vol. 43, - P. 1-25.

303 Пилипчук Я. Печенежская диаспора в Европе XI-XII вв. // Тюркология. – Туркистан, 2018. – №2(88). – С. 80-112.

304 Stoyanov V. Bulgar tarihinde kumanlar (XI-XIV.Yuzyillar) // Türkler Ansiklopedisi. – Ankara: Yeni Turkiye Yayinlari, 2002. – P.798-809.

305 Kayapinar A. Kumanlar ve Ikinci Bulgar Devleti // Türkler Ansiklopedisi. – Ankara: Yeni Turkiye Yayinlari, 2002. – P.810-819.

306 Пилипчук Я.В. Военное искусство кипчаков // Тюркские кочевники Евразии (кимаки, кипчаки, половцы...): Сб.статей. Серия Тюркские племена и государства Евразии в древности и в средние века. Вып. 2. – Казань: Ихлас, 2013. – С.186-204.

307 Князький И.О. Славяне, волохи и кочевники Днестровско-Карпатских земель с середины XII века до нашествия монгола-татар: Автореферат к.и.н. М.: МГПИ им. В.И. Ленина, 1990. – 16 с.

308 Иванов В. Кочевники Восточной Европы в начале XIII века // Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. – Казань: ИИ им.Ш.Марджани АН РТ, 2016. - С. 41-50.

309 Бродель Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм, XV-XVIII вв. / Пер. с франц. Куббеля Л. Е. – М.: Прогресс, 1992. – Т.3: время мира. - 679 с.

310 Турсунов С. Казахстан-Венгрия исторические связи и современное сотрудничество. – Астана: Күлтегін, 2004. – 192 с.

311 Евстигнеев Ю.А. Половцы: кто они? К вопросу об этнической идентичности половцев // Общество. Среда. Развитие. – 2011, №2. – С.119-123.

312 Краткая история Венгрии. – М.: Наука, 1991. – 608 с.

313 Гроссе Р. Империя степей. История Центральной Азии. Перевод с французского Вила Мирзаянова // https://www.bulgari-istoria-2010.com/booksRu/R_Grosse_Istorija_Stepej.pdf 28.07.2015.

314 Turoczi Janos. Scriptores rerum Hungaricarum // http://mek.oszk.hu/08800/08829/08829.pdf 22.01.2017.

315 Пилипчук Я.В. Венгры и Кыпчаки: от противостояния к союзу // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». – Алматы, 2014. – №3(42). – С. 43-50.

316 Gökbel A. Kipçaklar/ Kumanlar // Türkler. Ansiklopedisi. – Ankara: Yeni Turkiye Yayinlari, 2002. – P.729-756.

317 Расовский Д.А. Печенеги, торки и берендеи на Руси и в Угрии // Сб. Статьей по археологии и византиноведению, издаваемый Институтом им. Н. П. Кондакова.– Прага, 1993. – Т.VI. – С. 3-21.

318 Hurmuzaki Eudoxiu de. Documente privitoare la istoria românilor. 1199-1345. – Bucureşti: C.Göbl, 1887. – 701 p.

319 Илашку Ю., Акмолла Г. Искали следы кипчаков, нашли могилы казахских солдат // http://e-history.kz/ru/publications/view/3448. 10.10.2017.

320 Golden P. The Turkic Peoples: A Historical Sketch. The Turkic Languages (Eds. Lars Johanson, Eva A. Csatô). – London and New York Routledge, 2006. – P.16-29.

321 Yucel Mualla Uydu. Balkanlar'Daki Türk Boylarının (Peçenek, Uz, Koman) Sosyo-Kültürel Değişimlerinde Osmanlının Rolü // Balkanlarda İslam Medeniyeti, Uluslar arası Üçüncü Sempozyum. – Romanya, 1-5 Kasım 2006. – Vol.1. – P.714-739.

322 Yucel M.U. Kuman/Kipçaklar // Ortak Türk tarihi. – Ankara: Yeni Türkiye Stratejik arastirma merkezi, 2019. – P.479-528.

323 Шушарин В.П. Свидетельства письменных памятников королевства Венгрии об этническом составе населения Восточного Прикарпатья первой половины XIII века // История СССР. №2. – М.: Институт истории АН СССР, 1978. – №2. – С.44-89.

324 Yücel M.U. 1224 Kalka Meydan Muharebesinin Rövanşı: 1380 Kulikova Meydan Muharebesi Ve Bu Muharebenin Rus Tarihi Açısından Önemi. Prof. Dr. Gülçin Çandarlıoğlu Armağanı. – İstanbul, Dogu kutuphanesi, 2008. – P.219-251.

325 Штайндорфф Л. Чужая война: военные походы монголов в 1237-1242 гг. в хронике Фомы архидиакона Сплитского. Пер. с нем.Е.Титова // Древняя Русь. Вопросы медиевистики. – 2008. – №4 (октябрь-декабрь). – С.18-29.

326 Жұмағұлов Қ.Т., Абдимомынов Н.Т. Моңғолдардың Шығыс және Орталық Еуропаға жорықтары (1241-1242) // http://edu.e-history.kz/ru/publications/ view/217 25.03.2017.

327 Белич И.В. Цымги-Тура. К вопросу о происхождении и значении раннего имени г.Тюмень // Тюркологический сборник. 2007-2008: история и культура тюркских народов России и сопредельных стран / ред.кол. С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов, В.В. Трепавлов. – Восточная литература РАН, 2009. – 423 с.

328 Ажигали С.Е. Образ юрты в архитектуре // Интеграция археологических и этнографических исследований: сборник научных трудов / Ин-т археологии им. А. Х. Маргулана. Отв. ред.: Н. А. Томилов, М. Л. Бережнова, М. А. Корусенко и др. – Алматы- Омск: Наука, 2004. – С. 110-111.